

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ» КеАҚ

ҚАЗАҚСТАН ОТБАСЫЛАРЫ

ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ

Астана
2024

УДК 316.36
ББК 60.561.5
Қ18

«Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасы / О. Т. Бейсенбаев, О. В. Николаева, А. Т. Дюсенова, О. Ж. Төремұрат, А. Б. Иманқұл, А. Б. Куанышбаева, Г. Т. Илеуова, А. З. Сағынбаева, А. Н. Родионов, С. А. Калиева, А. Д. Макатова, Б. К. Ермекбаева. – Астана қ.: Indesign studio, 2024. – 360 б.

Рецензенттер:

А. А. Инджиголян – Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ саясаттану және әлеуметтану кафедрасының ассистент профессоры, ә.ғ.к.

Н. О. Байғабылов – Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтану кафедрасының доценті, PhD

С. А. Ермаханова – ҚСЗИ Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің басшысы, ә.ғ.к.

А. Е. Ибраева – Астана халықаралық университеті, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD

У. Е. Кудиярова – «M.S. Narikbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti» АҚ, Құқық Жоғары Мектебінің Teaching Professor, з.ғ.к.

«Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша әзірленді. Баяндамада отбасы саясаты, заңнамалар және мемлекеттік шаралардың кешенді талдауы ұсынылды, сондай-ақ осы саладағы проблемалар мен жетістіктерге шолу жасалды. Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы және қазақстандықтардың отбасын жоспарлау, репродуктивті мінез-құлқы, некелесу және ажырасу мәселесі қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының неке-отбасы қарым-қатынасындағы құндылықтар, медианы қолдандудың заманауи тәжірибелері, аддиктивті бұзылыстар және оның отбасының қарым-қатынасына ықпал етуіне талдау жасалды. Қазақстан отбасыларының материалдық және әлеуметтік жағдайы зерделенді. Баяндамада Қазақстан Республикасының отбасы саясатын жетілдіру үшін практикалық ұсыныстар берілді. Баяндама әлеуметтанулық зерттеулер, ресми статистика, заңнамаға және халықаралық тәжірибелердің талдау дерегіне негізделген.

Басылым мүдделі мемлекеттік органдарға, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдарға, ғылыми қауымдастық өкілдеріне, Отбасын қолдау орталықтарына, дағдарыс орталықтарына, отбасы институты және отбасы саясаты саласындағы өзге де ұйымдарға, сондай-ақ жалпы жұртшылыққа арналған.

Национальный доклад «Казахстанские семьи» подготовлен по заказу Министерства культуры и информации Республики Казахстан. В докладе представлен комплексный анализ семейной политики, законодательства и государственных мер, а также обзор проблем и достижений в данной сфере. Рассмотрены социально-демографические характеристики казахстанских семей и вопросы семейного планирования, репродуктивного поведения, брачности и разводимости казахстанцев. Вместе с тем проанализированы семейно-брачные отношения в Республике Казахстан в контексте ценностей, современных практик медиапотребления, а также аддитивные расстройства и их влияние на семейные отношения. Изучено материальное и социальное положение казахстанских семей. В докладе представлены практические рекомендации для совершенствования семейной политики в Республике Казахстан. В основу доклада легли данные социологического исследования, официальной статистики, анализ законодательства и международного опыта.

Издание предназначено для заинтересованных государственных органов, неправительственных и общественных организаций, представителей научного сообщества, Центров поддержки семей, кризисных центров, иных организаций в сфере института семьи и семейной политики, а также для широкой общественности.

The National report “Kazakhstan Families” was commissioned by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan. The report presents a comprehensive analysis of family policy, legislation and government measures, as well as an overview of the challenges and achievements in this domain. The socio-demographic characteristics of Kazakhstani families and issues pertaining to family planning, reproductive behavior, marriages and divorces among Kazakhstani citizens are examined. Furthermore, the report examines family and marriage relations in the Republic of Kazakhstan in the context of values, contemporary media consumption practices, and the impact of addictive disorders on family dynamics. The material and social situation of Kazakhstani families has been the subject of study. The report provides practical recommendations for the improvement of family policy in the Republic of Kazakhstan. The report is based on data derived from social research, official statistics, an analysis of legislation and international practices.

The publication is intended for interested state bodies, non-governmental and public organizations, representatives of the scientific community, Family Support Centers, Crisis Centers, and other organizations that involved in family institutions and family policy, as well as the general public.

УДК 316.36
ББК 60.561.5

ISBN 978-601-08-4674-6

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
I ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОТБАСЫ САЯСАТЫ	7
1.1. Қазақстан Республикасындағы отбасы саясаты: заңнама және мемлекеттік шаралар талдауы	7
1.2. Қазақстанның отбасы саясаты саласындағы проблемалары мен жетістіктеріне шолу	20
II ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	28
2.1. Заманауи Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық портреті	28
2.2. Отбасын жоспарлау процесі және халықтың репродуктивті мінез-құлқы талдауы	37
2.3. Қазақстандықтардың некеге тұру және ажырасу көрсеткіштері талдауы	50
III ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НЕКЕ-ОТБАСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ	57
3.1. Неке-отбасы қарым-қатынастарын және отбасыішілік рөлдік құрылымды құндылық ретінде қабылдауы	57
3.2. Медиатұтынудың заманауи практикасы контексіндегі неке-отбасы қарым-қатынастары	66
3.3. Отбасы қарым-қатынастары және аддиктивті бұзылыстар	77
IV ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	87
4.1. Қазақстан отбасыларының материалдық жағдайы	87
4.2. Қазақстан отбасыларының әлеуметтік жағдайы	100
ҚОРЫТЫНДЫ	109
ҰСЫНЫСТАР	116
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	118

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АӘК	атаулы әлеуметтік көмек
АӘҚ	арнаулы әлеуметтік қызметтер
АӘҚКО	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы
АИТВ	адамның иммун тапшылығы вирусы
АКТ	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АЕК	айлық есептік көрсеткіш
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰДБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы
ДДСҰ	Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы
ЕТКД	ең төменгі күнкөріс деңгейі
ЖАО	жергілікті атқарушы органдар
ЖІС	жатыршілік спираль
КММ	коммуналдық мемлекеттік мекеме
ҚҚДИ	«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР ЕХӘҚМ	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚР МАМ	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚР СЖРА ҰСБ	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
ҚР ЦДИАӨМ	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
НҚА	нормативтік құқықтық акт
ОҚО	Отбасын қолдау орталықтары
ОМО	орталық мемлекеттік органдар
ОЦК	Отбасының цифрлық картасы
РМК	республикалық мемлекеттік кәсіпорын
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ТЖК	туудың жалпы коэффициенті
ҮЕҰ	үкіметтік емес ұйым
ХС	халық санағы
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЮНИСЕФ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры
СЕДАВ	Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция
Графикалық қысқартулар	
млрд	миллиард
млн	миллион

КІРІСПЕ

■ Отбасы әлеуметтік институт бола отырып, қоғамға жан-жақты әсер етеді, әлеуметтік бағыттар мен көзқарастарды, моральдық нормаларды дамытуға, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне қатысады¹. Отбасының әлеуметтік институт ретіндегі рөлі оның репродуктивті, тәрбиелік, экономикалық, тұрмыстық, рекреациялық функцияларымен анықталады. Отбасы адами капиталды, адамгершілік нормалары мен мінез-құлық үлгілерін ұдайы өндіру сияқты маңызды әлеуметтік міндеттерді орындайды.

Мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті – Қазақстан отбасыларының жайлы және бақуатты өмір сүруі үшін барынша қолайлы жағдай жасау. Мемлекет әртүрлі шарттар мен жағдайларды ескере отырып, отбасы саясатын іске асыруға кешенді түрде қарайды. Мемлекет басшысы әлеуметтік мемлекет қағидаттарын ұстана отырып, «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан отбасыларын қолдау құралдарын жетілдіру қажеттігін баса айтып, келесі жылдың басынан «әлеуметтік әмиян» тетігін енгізу² туралы Үкіметке тапсырма берді. Президент Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орықтыра беруіміз қажет» деп атап көрсетті³.

Мемлекеттік отбасы саясатын айқындайтын негізгі нормативтік құқықтық акт – Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы⁴. Тұжырымдамада ерлер мен әйелдердің тең серіктестігіне негізделген неке-отбасы қатынастарын қалыптастыру, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту жөніндегі міндеттерін тең бөлу арқылы отбасы институтын нығайту негізгі мақсаттарының бірі болып табылатын Іс-шаралар жоспары қамтылған. Сонымен қатар 2023 жылы интеграцияланған ақпараттық жүйелер арқылы Қазақстан отбасыларының (олардың өтінішпен жүгінудісіз) әлеуметтік портретін, сондай-ақ олардың қаржылық, әлеуметтік жағдайын, табысын, өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатын құрайтын Отбасының цифрлық картасы енгізілді. Карта қазақстандықтарға уәкілетті органдарға хабарласпай-ақ әлеуметтік көмек – жәрдемақылар мен төлемдерді алуға мүмкіндік береді. Келесі жылдан бастап Отбасының цифрлық картасы мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлерін қамтитын болады. Оған қоса осы жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы №256-НҚ бұйрығымен Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілді⁵, ережесі әзірленді.

Алайда бүгінде мемлекеттік отбасы саясаты бірқатар сын-қатерге кездесуде: бірінші некеге тұрудың орташа жасының ұлғаюуы, әйелдің бірінші баланы туғандағы орташа жасының ұлғаюуы және соның салдарынан туу деңгейінің төмендеуі, некенің балама түрлерінің көбеюі, құндылықтардың өзгеруі.

Мәселен, 2023 жылы ерлер арасында алғашқы некеге тұрудың орташа жасы 27,8 жасты, әйелдер арасында – 25,2 жасты құрады⁶. 2014 жылы ерлер арасында бұл көрсеткіш 27,1 жасты, әйелдер арасында – 24,6 жасты құраған⁷. Бірінші баланы туудың орташа жасының артуы да осымен байланысты. Осы кезеңде ол 25-тен⁸ 29,7 жасқа дейін⁹ өсті. Сонымен қатар ажырасу саны бес жыл қатарынан – 2019 жылғы 59 796-дан 2023 жылы 40 227-ге дейін азайып келеді.

Домино эффектісі сияқты Қазақстанда неке-отбасы қатынасындағы өзгерістер басқаларын қалыптастыруға әкеледі. Кейбір ықтимал себептерге урбанизация, жаһандану және индивидуализация жатады. Бұл процестердің әрқайсысы күні бүгінге дейін орын алуға, сондықтан қазақстандықтардың өмір сүру салтына, оның ішінде олардың неке-отбасы және репродуктивті мінез-құлқына әсер етуді жалғастыруда.

Отбасы саясатының тиімділігі үшін проблемалық аспектілерді, негізгі тәуекелдер мен қиындықтарды уақтылы анықтау және оларды азайту үшін тиісті шараларды қабылдау маңызды. Осылайша отбасын қоғамның негізі ретінде зерттеу қазіргі қарқынды өзгерістер жағдайында аса өзекті.

Ұлттық баяндаманың мақсаты – Қазақстандағы отбасы институтының негізгі проблемалық аспектілері мен үрдістеріне талдау жасау, мемлекеттік отбасы саясатын одан әрі жетілдіру үшін практикалық ұсыныстар әзірлеу. Осы мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер орындалды:

- Қазақстандағы отбасы саясаты саласындағы проблемалар мен жетістіктерге шолу;
- проблемалық мәселелерді шешу кезінде заңнамадағы олқылықтарды талдау;

¹ Аглиуллин Д. Р. Семья как важнейший социальный институт // Экономика и социум. 2016. №11-1 (30). / URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/semya-kak-vazhneyshiy-sotsialnyy-institut-1>.

² Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы / URL: <https://www.akorda.kz/ru/postanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-spravedlivyy-kazhstan-zakon-i-poryadok-ekonomicheskyy-rost-obshchestvennyy-optimizm-285014>

³ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі / URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystupenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretetm-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116>

⁴ «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы

⁵ «Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 256-НҚ бұйрығы

⁶ 2023 жылғы некелесу мен ажырасу / URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/na-1000-brakov-prikhoditsya-333-razvoda/>

⁷ Алғашқы рет некеге тұрған ер адамның орташа жасы / URL: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=300>

⁸ Бірінші бала туудың орташа жасы / URL: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=34>

⁹ 2023 жылы туу көрсеткіші туралы / URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/o-rozhdaemosti-v-2023-godu/>



- отбасын жоспарлау мәселелерін зерттеу;
- отбасындағы қарым-қатынасқа БАҚ пен әлеуметтік желілердің ықпалын қарастыру;
- отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа экономикалық факторлардың әсерін талдау;
- әлеуметтік-экономикалық жағдай контекстінде отбасылардың жағдайын зерттеу;
- отбасы саясатына жұмсалатын мемлекеттік шығындардың тиімділігін талдау.

Зерттеу объектісі – республиканың барлық өңірлеріндегі қалалық және ауылдық жердегі Қазақстан отбасылары. Зерттеу пәні – Қазақстан отбасылары өмірінің экономикалық, әлеуметтік, мәдени жақтары, олардың қалыптасуындағы мемлекеттің маңызы.

Зерттеудің жаңашылдығы мынада:

- қазіргі Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық портретін тұжырымдау;
- неке-отбасы қатынастарын медиатұтыну және аддиктивті бұзылыстар контекстінде қарастыру;
- неке-отбасы қарым-қатынастары және отбасыишілік рөлдік құрылымды құндылық ретінде қабылдауды жас топтары, жынысы және этникалық тиесілігі контекстінде зерттеу;
- Қазақстан отбасыларының экономикалық жағдайын және оның отбасылық қатынастарға әсерін кешенді талдау.

Зерттеу гипотезалары:

- Қазақстан отбасыларының рөлдерді дәстүрлі бөлуі басым;
- Қазақстан отбасыларының проблемалары арасында әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелер басым;
- жаһандану процесінің ықпалына қарамастан, Қазақстан отбасыларының жергілікті ерекшеліктері бар;
- ата-ана болу әлеуетін іске асырудағы кедергілердің ішінде институционалдық сипаттағы мәселелер (денсаулық сақтаудың, мектепке дейінгі тәрбиенің, негізгі және қосымша білім берудің сапасы мен қолжетімділігі, инфрақұрылымды дамыту: балабақшалардың, медициналық қызметтердің және ауру диагнозын қоюдың қолжетімділігі) басым;
- медиатұтынудың заманауи тәжірибесі және технологияның дамуы отбасындағы қарым-қатынасқа оң әсер етеді, кез келген кедергілерді жояды және кез келген уақытта, кез келген жерде қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік бере отырып сонымен қатар теріс әсер етеді, тәуелділікті тудырады және шынайы әлемді виртуалды әлеммен алмастырады.

Ұлттық баяндаманы дайындау шеңберінде 3000 адам іріктеп алынған жаппай сауалнама, 40 тереңдетілген және 10 сарапшылық сұхбат жүргізілді, сондай-ақ ҚР СЖРА ҰСБ, ОМО және ЖАО деректері пайдаланылды. Зерттеу барысында Қазақстанның барлық өңірлері тұрғындары қамтылды. Сарапшы ретінде мінез-құлық маманы, Отбасын қолдау орталығының маманы, отбасы саласында маманданған әлеуметтанушы, психолог, оқытушылар, профессорлар, қоғамдық қор директоры, медиатор, заңгер тартылды. Нормативтік база ретінде Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекс¹⁰, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі¹¹, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII Заңы¹², Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары¹³ қолданылды.

Ұлттық баяндама кіріспеден, төрт тараудан, қорытынды мен ұсыныстардан тұрады.

Бірінші тарауда Қазақстандағы мемлекеттік отбасылық саясаттың құқықтық, әлеуметтік және экономикалық аспектілері, оның тиімділігі мен оны халыққа жеткізу мәселелері талданады. Сонымен қатар отбасы саясаты саласындағы Қазақстан және шетел тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасалды.

Екінші тарауда қазіргі Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық портреті беріліп, отбасын жоспарлау процесі және қазақстандықтардың репродуктивті денсаулығы зерттеліп, некелесу мен ажырасу деңгейі, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың арақатынасы анықталады.

Үшінші тарауда неке-отбасы қатынастары әртүрлі ұрпақтар құндылықтары контекстінде, бір немесе бірнеше отбасы мүшелерінің медиатұтыну және аддиктивті бұзылыстар контекстінде қарастырылады.

Төртінші тарауда Қазақстан отбасыларының қаржылық және әлеуметтік жағдайы, оның ішінде қарыз жүктемесі, сатып алу қабілеті, қаржы жинақтары қарастырылады.

Сонымен қатар ұлттық баяндамада соңғы бірнеше жылдағы Қазақстан отбасыларының жай-күйіне талдау жасалып, мемлекеттік отбасы саясатын одан әрі дамыту бойынша практикалық ұсыныстар әзірленді.

«Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік отбасы саясатын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

¹⁰ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518>

¹¹ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>

¹² «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII Заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000072>

¹³ «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 547 бұйрығы / URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32424862

I ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОТБАСЫ САЯСАТЫ

■ Бұл тарауда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік отбасы саясатын іске асырудың заңнамасы мен тәжірибесі, соңғы жаңашылдықтары, сондай-ақ негізгі механизмдері талданады. Мемлекеттік отбасы саясатын жүзеге асырудағы заманауи трендтер, проблемалар мен жетістіктер, институционалдық міндеттер зерттеледі. Сонымен қатар стратегиялық құжаттар мен бағдарламалар, енгізілген жүйелер мен механизмдер, статистикалық көрсеткіштер динамикасы және халықаралық тәжірибе қарастырылады.

1.1. Қазақстан Республикасындағы отбасы саясаты: заңнама және мемлекеттік шаралар талдауы

Мемлекеттік отбасы саясаты отбасылық өмірдің әртүрлі аспектілерін қамтитын заңдармен, нормативтік құқықтық актілермен және мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ отбасыларға мемлекеттік көмек көрсету тетіктерімен реттеледі. Төменде отбасы саясатының заңнамалық негіздеріне, оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарына, сондай-ақ әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға жеңілдіктер мен көмек көрсету шаралары талдауы берілген.

Қазақстандағы отбасы саясатының заңнамалық және заңға тәуелді актілері

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді, ол Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінен, Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңынан, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы және заңдарды іске асыру процесі егжей-тегжейлі сипатталатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидалары¹⁴ сияқты заңға тәуелді нормативтік актілерден тұрады.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі¹⁵ – неке-отбасы қатынастарын реттейтін негізгі заң. Ол некенің, отбасының, ана мен әке болудың және балалық шақтың құқықтық негіздерін, ерлі-зайыптылардың, ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды, сондай-ақ бала асырап алу мен қорғаншылықты реттейді. Ер мен әйелдің неке (ерлі-зайыптылық) одағының еріктілігі қағидаларына негізделі отырып, неке, отбасы, ана мен әке болу және балалық шақ мемлекеттің қорғауында болатыны заңда нақты анықталған; отбасындағы ерлі-зайыптылардың құқықтарының теңдігі; отбасылық істерге кез келген адамның өз еркімен араласуына жол берілмеуі; отбасылық мәселелерді өзара келісім бойынша шешу; балалардың отбасында тәрбиеленуіне басымдық беру, олардың әл-ауқаты мен дамуына қамқорлық көрсету; отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын, осы құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету; барлық отбасы мүшелерінің салауатты өмір салтын сақтауын қолдау; неке және отбасы, әке, ана және бала институтын нығайтуға негізделген дәстүрлі отбасы құндылықтарын қорғау, сақтау, нығайту және насихаттау; сондай-ақ балаларды жалпыадамзаттық, ұлттық, дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарды құрметтеу рухында адамгершілік-рухани тәрбиелеуді елдің заңнамалары мен Конституцияға сәйкес қамтамасыз ету.

Осы Кодекс ата-ананың, балалардың және ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттеріне кепілдік береді. Онда некедегі ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған ережелер бар. Бұл гендерлік теңдік саласының ұлттық саясаты негізін құрайтын Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңында белгіленген мақсаттарға сәйкес келеді.

Сонымен қатар Кодекс балаларды көптеген аспектілерде қорғап және халықаралық деңгейде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау стандарттарын қабылдап, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы және Қазақстан 1998 жылы ратификациялаған Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция (CEDAW) сияқты халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Бұл Кодекс еліміздегі неке-отбасы қатынастарын реттеудің маңызды құралы болып табылады және халықаралық стандарттарға сәйкес отбасының барлық мүшелерін құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді.

Отбасы саясатына кешенді ықпал ететін келесі екі іргелі заңнамалық акт – отбасыларды материалдық жағынан да, құқықтық жағынан да қамтамасыз ететін ҚР Әлеуметтік кодексі және ҚР Еңбек кодексі.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қызметкерлердің құқықтарын қамтамасыз етуге, оның ішінде отбасы құндылықтарын қолдауға және отбасылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған. Кодексте келесі тетіктер көзделген: ата-аналар мен басқа да отбасы мүшелері үшін бала күтімін

¹⁴ «Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 Қаулысы URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000382>

¹⁵ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518>



немесе тәуелді адамдарға күтім жасайтын икемді еңбек жағдайларын белгілеу; жүктілік және бала күтімі кезеңінде еңбек құқықтарын реттеу; жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы отбасылық қолдауға ықпал ететін әлеуметтік әріптестікті қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі – халықты әлеуметтік қолдау тетіктерін, оның ішінде отбасы саясатын реттейтін іргелі нормативтік құқықтық акт. Оны қабылдау отбасыларды әлеуметтік қолдау мен әлеуметтік қорғауға қатысты заңнамадағы негізгі өзгерістердің бірі болып табылады. Келесі бөлімде бұл заңнамалық акт толығырақ талқыланады.

2009 жылдың 8 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңы – ерлер мен әйелдердің қоғамдық өмірдегі барлық салаларда, оның ішінде неке-отбасы қатынастарында тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды құжат. Ол қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларындағы гендерлік теңдік мәселелерін реттейді және ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің сақталуын бақылау тетіктерін белгілейді. Отбасында әділетті және тең құқықты қарым-қатынастарды қамтамасыз етуде, яғни шешім қабылдауда, балаларды тәрбиелеуде және үй шаруашылығының міндеттерін бөлісуде отбасының барлық мүшелерінің тең құқықтарын қамтуда отбасы саясатын нығайту тұрғысынан маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар Заң ерлі-зайыптыларды, балаларды құқықтық қорғауды күшейтеді, оларды жынысына байланысты кемсітушіліктен, мысалы, мүлікті бөлу, балаларға қамқорлық жасау құқығын және отбасылық өмірдің басқа аспектілерін қорғайды. Жұмысқа орналасу, мансаптық өсу және білім алу құқығы да заңмен бекітілген, ерлі-зайыптылардың еңбекке және қоғамдық өмірге тең қатысуын қолдайды. Отбасы саясатын нығайтатын заң тетіктері ретінде отбасы қатынастарындағы гендерлік теңдік туралы хабардарлықты арттыру бойынша білім беру бағдарламалары, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардағы гендерлік квоталар, отбасындағы әйелдердің құқықтық мәртебесін нығайту, әйелдердің экономикалық тәуелсіздігіне жәрдемдесу, сондай-ақ гендерлік стереотиптерді азайту және теңдік пен сыйластыққа негізделген отбасы құндылықтарын дамытуды атап өтуге болады.

Заңға тәуелді актілер жоғарыда аталған кодекстер мен заңдарда көзделген нормаларды егжей-тегжейлі нақтылайды, олардың тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді. Заңға тәуелді актілер заңнамадағы өзгерістер мен мемлекеттік отбасы саясаты тәжірибесін жетілдіруді ескере отырып, үнемі жаңартылып отырады. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің заңға тәуелді актілері негізінен аз қамтылған отбасыларға, сондай-ақ қиын жағдайға тап болған отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетуді реттеуге бағытталған отбасылардың мүдделері мен құқықтарын қорғауға қатысты мәселелердің кең ауқымын реттейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 256 қаулысы отбасыларға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін, көмек алуға құқығы бар азаматтардың санаттарын, тиісті рәсімдерді айқындайды және аз қамтылған отбасыларды қолдауға бағытталған. Осы саладағы заңнамалар мен заңға тәуелді актілер әлеуметтік көмектің атаулы сипатқа ие болуын және оның шын мұқтаж адамдарға көрсетілуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Алдыңғы Ұлттық баяндама жарияланған сәттен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілеріне маңызды өзгерістер енгізілді, олар келесі бөлімде талқыланады.

2023-24 жж. заңнамадағы жаңашылдықтар

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекс қоғамдағы және заңнамалық тәжірибедегі өзгерістерге сәйкес тұрақты түрде түзетіліп отырады. Мәселен, 2022 жылы Кодекске некені тіркеу мерзіміне қатысты өзгерістер енгізіліп, ол бір айдан күнтізбелік 15 күнге дейін қысқарды. Себебі, көптеген ерлі-зайыптылар үшін бір айлық мерзім ұзақ болып саналды, бұл бірқатар қолайсыздықтар туғызды, мысалы, мерзімді қысқарту үшін қосымша құжаттарды тіркеу қажет. Некені тіркеу мерзімін бір күнге дейін қысқартуға болады. Яғни, дәлелді себептер (жүктілік, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа да ерекше жағдайлар) болған жағдайда медициналық мекемелерден, жұмыс немесе оқу орындарынан анықтамалармен, тиісті құжаттармен расталса, некені өтініш берген күні тіркеуге де болады ¹⁶.

2023 жылы мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша заңнамаға енгізілген өзгерістер күшіне енді, оған сәйкес жастардың жасы 35 жасқа дейін ұлғайтылды ¹⁷. Жастың ұлғаюы жастарға мемлекеттік қолдаудың барлық қолданыстағы шараларын (мысалы, жас отбасыларға жәрдемақы алу, жеңілдетілген несие алу, жас отбасылардың, азаматтардың мемлекеттік саясатқа қатысуы және т.б.) кеңінен пайдалануға толық мүмкіндік береді ¹⁸.

2024 жылғы 15 сәуірде әйелдер мен балалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша қоғамның наразылығын ескере отырып, Заң қабылданды ¹⁹, ол әртүрлі нормативтік-құқықтық актілерге 70-тен астам түзетулерді қамтиды. Жоғарыда аталған Кодекске отбасы және неке заңнамасының қағидаттарына қатысты өзгерістер енгізілді. 2-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы тармақшалармен толықтырылды:

¹⁶ «Некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу тәртібін өзгерту». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми сайты / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/press/article/details/128508?lang=kk>

¹⁷ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 168-VII ҚРЗ / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000168#z92>

¹⁸ Жастар туралы заң күшіне енді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/514123?lang=ru>

¹⁹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII Заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000072>

9) неке және отбасы, әке болу, ана мен бала институтын нығайтуға негізделген дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету;

10) балаларды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде жалпыадамзаттық, ұлттық, дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарды құрметтеу рухында адамгершілік және рухани жағынан тәрбиелеуді қамтамасыз ету.

Сонымен қатар Заңнама Отбасын қолдау орталықтарын және «111» байланыс орталығын құру, қалыптастыру мәселелерімен толықтырылды.

Қазақстандағы отбасы-тұрмыстық қатынастарды реттеуге қатысты қосымша түзетулер енгізілді. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы²⁰ отбасының құқықтарын қорғайтын және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құқықтық құжат болып табылады және неке-отбасы қатынастарын реттеу тұрғысынан зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасын құқықтық қорғауды күшейтуде маңызды рөл атқарады. Бұл Заң тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әртүрлі нысандарын, соның ішінде физикалық, психологиялық, сексуалдық және экономикалық түрлерін нақты анықтайды, бұл әртүрлі жағдайларда жәбірленушілерге қажетті құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге және сәйкесінше құқықтық орта шеңберінде туындайтын зорлық-зомбылық оқиғаларына жауап беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл құжат осындай зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын айқындайды, білім беру бағдарламалары мен ақпараттық тетіктердің маңыздылығына назар аударады, сол арқылы қоғамдағы зорлық-зомбылық туралы түсінікті өзгертуге, зорлық-зомбылыққа жол беретін көзқарастардың таралуын азайтуға, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастарда жауапкершілік пен құрметті арттыруға бағытталған. 2024 жылғы 15 сәуірде Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының шеңберінде Қылмыстық кодекстің 3 бабы кәмілетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар санатын айқындайтын тармақпен толықтырылды. Түзетулерде қамаққа алу кәмілетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған әйелдерге, жас баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға тағайындалмайтыны және жазаны ауыстыру ретінде қолданылмайтыны қарастырылған. Осылайша әйелдер мен кәмілетке толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресті күшейтумен қатар, құқық қорғау органдарының қызметінде де әділеттілікті нығайту, жалпыадамзаттық құндылықтарды тану және құрметтеу сияқты қажетті ізгілендіру жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ заңнамаға енгізілген өзгертулерде өз-өзін өлтіруді насихаттағаны үшін 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе дәл сол мөлшерде түзету жұмыстарына жазаланатыны да қарастырылған. 16 жасқа толмаған адамға қатысты сексуалдық сипаттағы ұсыныстармен әдепсіз әрекеттер жасағаны үшін 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде түзету жұмыстарына тарту түріндегі жаза тағайындау; немесе 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алып жазалау.

Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресте мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралар жайында қазақстандық қоғам толық хабардар емес. 2024 жылы ҚҚДИ жүргізген сауалнама сұрақтарына берілген жауаптарда²¹, ел бойынша респонденттердің орташа есеппен 6%-ы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайына тап болғанын атап өтті. Кейбір өңірлерде бұл сұраққа «Иә» деп жауап бергендердің пайызы жоғары болды. Мәселен, Маңғыстау облысында – 38%, Қарағанды облысында – 14%. Сонымен қатар 2024 жылы жүргізілген сауалнамада сол өңірлердегі респонденттердің 50% және 45% сәйкесінше тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсететін дағдарыс орталықтарының бар екенін ешқашан естімегендерін айтты. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейі мен дағдарыс жағдайында көмек алу мүмкіндігі туралы ақпараттың болмауының сәйкестігі осы бағыттағы жұмыстарды («Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндама ұсынымдарын ескере отырып²²) жалғастыру қажеттігін көрсетеді.

Әлемдегі 15-49 жас аралығындағы әйелдердің орта есеппен 27%-ы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қандай да бір түрін бастан кешіретінін әлемдік тәжірибе көрсетеді. Өмір бойы тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген қазақстандықтардың нақты үлесі сауалнамаға сәйкес 6%-дан жоғары және бұл мәселенің кейбір бөлігі жасырын күйде қалып отыр деп болжауға болады.

2024 жылғы сауалнама көрсеткендей²³ респонденттердің айтарлықтай бөлігі мемлекет пен қоғамның отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудегі бірлескен ісінің ілгерілеуіне әлі де күмәнмен қарайды. Респонденттердің 29,2%-ы жағдай жақсарды («айтарлықтай жақсарды» және «жақсарған сияқты»

²⁰ Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000214>


²¹ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

²² «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндама, 2023 ж. / URL: <https://ru.kipd.kz/article/natsionalnyy-doklad-o-protivodeystvii-semeyno-bytovomu-nasiliiyu-v-respublike-kazakhstan>

²³ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



жауаптарының жиынтығы) және 25,7%-ы жағдай нашарлады («нашарлаған сияқты» және «айтарлықтай нашарлады» жауаптарының жиынтығы) деп есептесе, 36,4%-ы ештеңе өзгермегенін айтты. 36% ештеңе өзгермегеніне сенімді (1.1.1-сурет). Осы деректер отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасын жеңу бойынша күш-жігердің нәтижесі бар екеніне қоғамды сендіру үшін қабылданған шаралар әлі жеткіліксіз екенін көрсетеді. 2023 жылғы ұлттық баяндама аясында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен салыстыру кезінде біршама ілгерілеу байқалатынын атап өту маңызды²⁴. Мәселен, өткен жылы респонденттердің дәл осы сұраққа жауаптары келесіні көрсетті – 27%-ы елімізде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың азаю жағдайы жақсарды деп есептейді, көрсеткіш 2,2%-ға (27%-дан 29,2%-ға) өскен.



1.1.1-сурет. Респонденттердің пікірі бойынша соңғы 2 жылдағы Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жағдай, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын құқықтық қорғауды күшейте отырып жаңартылған қазақстандық заңнама бірінші кезекте отбасы мүшелерінің, соның ішінде әйелдер, балалар және қарт адамдар үшін қауіпсіз ортаны құруға бағытталған. Заң даулар мен жанжалдарды шешуге, зорлық-зомбылықтың алдын алуға және отбасы институтын нығайтуға жағдай жасауды көздейді. Бұл ретте зорлық-зомбылықтан құқықтық қорғау туралы халықтың хабардарлығын арттыру, зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету, осы Заң шараларын іс жүзінде қолдану, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді одан әрі жетілдіру, ең қиыны, зорлық-зомбылық туралы қоғамның көзқарасын өзгерту мемлекет үшін басты міндет болып қала береді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу проблемасы күрделі және ведомствоаралық кешенді көзқарас пен өзара іс-қимылды қажет етеді. Осындай өзара «көлденең» іс-қимылды қамтамасыз ету үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі ерекше шиеленісе түскен коронавирустық пандемия кезінде Швейцарияда жасалғандай, ведомствоаралық үйлестіру құрылымдары әртүрлі елдерде құрылуда. Бүкіл әлемде жасөспірімдермен, әсіресе ұлдармен және жас жігіттермен жұмыс істеуге негізделген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бастамаларының мысалдары бар. Мұндай бағдарламалар мен табысты тәжірибелерді Қазақстанда зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысына бейімдеп, енгізуге болады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша халықаралық тәжірибе мысалы

Австралияда ұлттық стратегияға сәйкес федералды, штат және аумақ үкіметтері бірлесіп қаржыландыратын «Stop it at the Start» (Басталған кезде тоқтат) науқаны жүргізіледі. Науқан адамдар зорлық-зомбылық циклі кішкентай ұл мен қыздың бала кезіндегі сенімдері мен пікірлерінен бастау алатынын көбінесе түсінбейтінін көрсеткен зерттеулерге негізделген. Осыны ескере отырып, ата-аналарға, отбасы мүшелеріне, мұғалімдерге, жаттықтырушыларға, жұмыс берушілерге және басқа да үлгі тұтатын адамдарға өздерінің сенімдерін қайта қарауға және жастармен сыйластық туралы әңгімелесуге көмектесуді мақсат етеді. Науқан нәтижесінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әйелдерді сыйламаудан басталады деп есептейтіндердің пайызы артты.

Дереккөз: ЭЫДҰ 2021²⁵

2023 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне де өзгерістер енгізілді. Осылайша 2023 жылғы 20 сәуірдегі²⁶ Заңға сәйкес бірлескен жұмысқа қатысты норма толықтырылды²⁷. Бұл ереже денсаулығына не-

²⁴ «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндама, 2023 ж. / URL: <https://ru.kipd.kz/article/natsionalnyy-doklad-o-protivodeystvii-semeyno-bytovomu-nasiliyu-v-respublike-kazakhstan>

²⁵ ЭЫДҰ (2021), OECD (2021), *Eliminating Gender-based Violence: Governance and Survivor/Victim-centred Approaches*, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/42121347-en>. <https://www.oecd-ilibrary.org/docserver/42121347-en.pdf?expires=1727922874&id=id&accname=guest&checksum=F5D60ED436A2E902AF8C907CA71E1262>

²⁶ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 226-VII ҚРЗ Заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000226>

²⁷ Жұмыс берушінің актілеріне және бірнеше жұмыскердің еңбек шарттарына сәйкес, жұмысшылар жұмыс уақытында бір жұмыс берушімен бір еңбек функциясын (белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс) бірлесіп орындау мақсатында Еңбек міндеттерін орындау.



эпидемиологиялық талаптар³¹ санитариялық қағидаларына және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына сәйкес «Өрт қауіпсіздігі қағидаларында»³² қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс;

– көрсетілетін қызметті алушылар объектіде 4 сағаттан артық болған жағдайларда тамақтандыру объектілеріне сәйкес санитарлық ережелерді сақтау;

– көрсетілетін қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз ететін материалдық-техникалық жарақтандырылуы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №230 бұйрығымен³³ бекітілген «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларына» сәйкес келуі тиіс;

– АӘҚКО кадрлық құрамы, қызметкерлердің біліктілік деңгейі, қызметкерлердің штаттық кестесі халықты әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің бекітілген кәсіби стандарттарына сәйкес келуі тиіс.

ҚР ЕХӘҚМ дерегі бойынша 2024 жылдың 1 жарты жылдығының қорытындысына сәйкес 800-ден астам АӘҚ ұйымы 117,6 мыңнан астам АӘҚ мұқтаж адамды қамтыды. Бәсекеге қабілетті ортаны құру және қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 13 мыңнан астам адамды қамтитын 184 ҰЕҰ баламалы негізде АӘҚ көрсетуде (2023 жылы 193 ҰЕҰ, 2022 жылы 182 ҰЕҰ, 2021 жылы 183 ҰЕҰ, 2020 жылы 164 ҰЕҰ, 2019 жылы – 181 ҰЕҰ). Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылға дейін еліміздің 12 аймағында (Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жетісу, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстары, Алматы, Астана, Шымкент қалалары) мүгедектігі бар адамдар үшін жаңа ірі оңалту орталықтарын салу бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2023 жылы Семей және Тараз қалаларында әрқайсысы 150 орындық (150 төсектік) екі оңалту орталығы пайдалануға берілді. Биыл Түркістан облысындағы оңалту орталығы пайдалануға берілген.

Қазақстан заңнамалық базаны жетілдіру, қолдаудың жаңа құралдарын енгізу және халықаралық стандарттарды бейімдеу арқылы отбасы саясатын белсенді дамытуда. Қазақстан Республикасындағы отбасы саясатын анықтайтын – «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» N 223-IV Заңы, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» N 214-IV Заңына негізделген заңдар мен заңға тәуелді актілер және көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көмекті, сондай-ақ тұрғын үйді қолдау тетіктерін реттейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары сияқты нормативтік актілер отбасы құқықтары мен мүдделерін қорғауды арттыруға бағытталған дамуы көрсетуде. Мысалы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекске 2022 жылы енгізілген өзгерістер (некені тіркеу мерзімін қысқарту) мемлекеттің заңнамалық базаны азаматтардың ағымдағы қажеттіліктеріне бейімдеуге ұмтылысын дәлелдейді; 2024 жылғы «111» байланыс орталығы мен Отбасын қолдау орталықтарын құруды қоса алғанда жаңа нормаларды енгізу отбасы құқықтары мен мүдделерін құқықтық қорғауға және отбасыларға практикалық көмек көрсетуге баса назар аударылғанын көрсетеді. Заңнаманың жалпы үрдісі нормаларды ізгілендіруге (мысалы, жас балалары бар әйелдерді қамауға алмау) және әлеуметтік көмектің қолжетімділігін кеңейтуге (отбасылардың көбірек санаттарын қамту үшін жастардың жасын 35 жасқа дейін ұлғайту) бағытталған. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдау Үкіметтің нормативтік құқықтық актілерімен белсенді түрде реттеледі, бұл мемлекеттік саясаттағы әлеуметтік қамсыздандырудың басымдылығын көрсетеді.

Осылайша заңнама дәстүрлі отбасы құндылықтарын да, заманауи сын-қатерлерді де ескеретін неғұрлым инклюзивті құқықтық ортаны құру бағытында дамып келеді. Дегенмен азаматтар арасында түсіндіру жұмыстарының жүргізілмеуі, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары тиімділігін арттыру сияқты шешімін таппаған мәселелер әлі де бар. Заңнамалық бастамаларды табысты іске асыру халықты ақпараттандыру, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру және ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту бойынша одан әрі жұмысты талап етеді.

Стратегиялық құжаттар және отбасы саясаты бағдарламалары

Заңнамамен қамтамасыз етілген және бекітілген мемлекеттік отбасы саясатын іске асырудың мақсаттары, тетіктері мен бағыттары Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен айқындалады. Қазақстандағы отбасы саясатының стратегиялық құжаттары отбасы мен балалардың құқықтарын қорғау, отбасылардың осал санаттарын қолдау, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Қазіргі уақытта сарапшылар атап өткен негізгі жетістіктер – тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейінің төмендеуі, әйелдердің экономикалық және саяси өмірге қатысуының артуы және Қазақстанның отбасы саясаты саласындағы күш-жігерінің халықаралық деңгейде мойындалуы. Бұл ретте заңнаманы жетілдіру және 2030 жылға дейінгі мақсаттарға қол жеткізу үшін жоспарланған іс-шараларды іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда. Төменде жергілікті және шетел сарапшылары атап өткен негізгі стратегиялық құжаттарға, оларды іске асыру тетіктеріне, сондай-ақ тиімділігі талдауы ұсынылған.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы³⁴ – отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған кең ауқымды шараларды қамтитын іргелі құжат болып табылады. Бұл Стратегия Қазақстан әйелдерінің сапалы білім алуы, жақсы жұмыс орындарында еңбек етуі және еркін болуы үшін жағдай жасау шараларын бекітеді. Әйелдердің ел өміріндегі рөлін арттыру үшін осы бағыттағы бірқатар негізгі шаралар:

³¹ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелді.

³² Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелді.

³³ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32875 болып тіркелді.

³⁴ Қазақстан – 2050 Стратегиясы / URL: <https://primeminister.kz/assets/media/strategiya-kazakhstan-2050.pdf>

– елдегі гендерлік кемсітушілікті жою және ерлермен қатар әйелдердің гендерлік теңдігі мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету; әйелдерді мемлекеттік және қоғамдық басқаруға белсенді тарту, әсіресе өңірлердегі жергілікті деңгейде әйелдерге бизнес ашуға және жүргізуге қолайлы жағдай жасау;

– жетім балаларды асырап алуды ынталандыру және отбасы үлгісіндегі балалар үйлерін салу, әрбір баланың құқығын қорғау, жастарды отбасы құндылығы мен ажырасудың зияндылығы рухында тәрбиелеу;

– жалғызбасты аналарды қолдау және алимент төлемегені үшін жазаны күшейту;

– ана мен баланы қорғау саласындағы, сондай-ақ отбасы мен неке саласындағы заңнаманы қайта қарау, ана мен балаға қарсы бағытталған ең кіші қылмыстар үшін, сондай-ақ осы саладағы заңнаманы бұзғаны үшін жазаны қатайту;

– жеңілдетілген салық салу, медициналық-әлеуметтік қызмет көрсету, еңбек нарығында жаңа мүмкіндіктер беру және т.б. осы сияқты материалдық және материалдық емес ынталандыруды қамтитын шаралар кешені арқылы тууды ынталандыру және көп балалы отбасыларды қолдау жүйесін реформалау.

Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы³⁵ (бұдан әрі – Тұжырымдама) отбасының әл-ауқаты саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындайды және отбасын қолдауға, демографиялық жағдайды жақсартуға және отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған нақты бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеуге негіз болады. Тұжырымдамада бекітілген отбасы саясаты саласындағы негізгі тәсілдер 1.1.2-суретте көрсетілген.



1.1.2-сурет. Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының негізгі тәсілдері

Дереккөз: Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы³⁶

Осы Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі бағдары ретінде келесі индикаторлар белгіленді және мониторингке жатады:

– 2030 жылға қарай тіркелген некенің жалпы санына қатысты бұзылған некенің үлесі – 33%;

– репродуктивті жастағы 1000 әйелге шаққанда жүктілікті жасанды үзудің коэффициенті 2030 жылға қарай 12,0-ді құрайды;

– 2030 жылға қарай әйелдерге қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің саны 50%-ға төмендейді;

– 2030 жылға қарай балаларға қатысты тіркелген тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің саны да 50%-ға төмендейді³⁷.

Осы Тұжырымдаманың негізгі жетістіктері – институционалдық базаны құру, «Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасын әзірлеу, отбасы соттарын іске қосу, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту, тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейінің төмендеуі, әйелдердің экономикалық және саяси өмірге қатысуының артуы, сондай-ақ Қазақстанның отбасы саясаты саласындағы күш-жігерін халықаралық деңгейде мойындау.

Тұжырымдама аясында іске асырылып жатқан отбасы саясатының жетістіктері әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа төзбеушіліктің артып келе жатқанын көрсетеді. 2023 жылы елде тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарлау және қылмыстық істерді қозғау процесін жеңілдету үшін заңнамаға өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде 2023 жылдың қазан айында ішкі істер органдарында тіркеген тұрмыстық қылмыстардың саны 50 462-ге жетіп, 2022 жылмен салыстырғанда 67,5%-ға өсті.

ЮНИСЕФ 2023 жылғы есебінде³⁸ балалар мен отбасылардың жағдайын жақсартуда Қазақстан айтарлықтай жетістіктерге жеткенін атап өтеді. Мәселен, шалғай елді мекендердегі тұрғындарды медициналық тексеруден өткізу және көмек көрсету мақсатында қолға алынған «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы отбасыларға медициналық, психологиялық және заңгерлік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін

³⁵ «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы / URL: <https://zakon.uchet.kz/rus/docs/U1600000384>

³⁶ Сол жерде

³⁷ Сол жерде

³⁸ Қазақстандағы БҰҰ-ның Балалар Қорының (ЮНИСЕФ) 2023 жылғы есебі / URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/en/reports/country-office-annual-report-2023-unicef-kazakhstan>



табысты жобалардың біріне айналды. ЮНИСЕФ, сондай-ақ жастардың репродуктивті денсаулығын одан әрі жақсартудың және олардың әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлық қызметтердің балаларға тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Биыл қабылданған тағы бір стратегиялық құжат – 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары³⁹. Анықталған басым бағыттардың бірі – ана мен бала өлімін азайту бойынша кешенді шаралар қабылдау. Ана өлімін азайту үшін бірқатар жүйелі шаралар: жүкті әйелдерді ерте есепке алу мониторингін күшейту, ауыр дертке шалдыққан жүкті және босанған әйелдерге көпсалалы мамандандырылған медициналық көмек көрсету, жетекші перинаталдық орталықтардың базасында консультативтік-диагностикалық орталықтарды дамыту, перзентханалардың төсек-орын сыйымдылығы, контрацепцияның заманауи әдістерін енгізу және тарату, қауіпсіз абортқа қолжетімділікті қамтамасыз ету іске асырылатын болады.

Халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау, атап айтқанда отбасын жоспарлау мәдениетін дамыту, оның ішінде, жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен күресу және алдын алу, жүктілікке дейінгі дайындық және фертильді жастағы әйелдердің денсаулығын жақсарту, заманауи контрацепция құралдарын қолдану сияқты профилактикалық жұмыстар күшейтілетін болады.

Нәресте өлімі деңгейін төмендету үшін пренаталдық диагностика жүйесін жетілдіру және заманауи тиімді перинаталды технологияларды қолдануды кеңейту жоспарлануда.

Жүктілік кезеңіндегі және босанудағы асқынудың, түсік тастаудың алдын алу, заманауи перинаталдық орталықтарды салу, жұмыс істеп тұрған орталықтарды заманауи медициналық жабдықтармен жарақтандыру, сондай-ақ кадрлармен қамтамасыз ету есебінен босану ұйымдарының инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасады.

Осы жоспарға сәйкес отбасы тәрбиесі қағидаттарын ұстанатын және балаларын балабақшаға бергісі келмейтін ата-аналар үшін мектепке дейінгі ұйымдар жанындағы консультативтік пункттер желісі ұлғайтылады, балалар клубтары, академиялар, ойын-сауық орталықтары желісі кеңейтіледі, балалардың ерте әлеуметтенуі дамиды.

Стратегиялық құжаттарды іске асыру тетіктері мемлекеттік қаржыландыру, әлеуметтік бағдарламаларды құру, қоғамдық ұйымдармен серіктестік пен білім беру бастамаларын енгізу бойынша кең ауқымды шараларды қамтиды. Осы стратегияларды тиімді іске асыру отбасы мен жалпы қоғамның үйлесімді дамуы үшін жағдай жасауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев отбасы саясатын нығайту мен отбасы құқықтарын қорғаудың маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында әйелдер мен балаларды қорғауды жақсарту бойынша шараларды күшейту, сондай-ақ халықтың барлық санаттары үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру қажеттігін, Қазақстан-2050 стратегиясының мақсаттарына неғұрлым тиімді қол жеткізу үшін бағдарламаларды іске асыру тетігіндегі әлеуметтік қызметтерді қайта қарау және жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Осылайша Қазақстанда отбасы саясатын жүзеге асыруды қолдайтын және бағыт-бағдарын белгілейтін стратегиялық және бағдарламалық құжаттар жүйесі қалыптасқан. Азаматтардың отбасы саясаты саласындағы негізгі құжаттарды білуінде олқылықтар бар. Осылайша, әлеуметтік зерттеу деректері⁴⁰ қазақстандықтардың Тұжырымдама ережелерімен жеткілікті хабардар еместігін көрсетеді. Бұл құжатпен респонденттердің 7,6%-ы ғана таныс екенін айтты (1.1.3-сурет).



1.1.3-сурет. Отбасылық және гендерлік саясат саласындағы нормативтік құжаттар туралы хабардар болуы, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

³⁹ «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2400000611>

⁴⁰ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Жалпы қолданыстағы қолдау шаралары, стратегиялық құжаттар ережелерінің бар екені туралы халықтың хабардардығының жеткіліксіз болуы азаматтардың мемлекет ұсынып отырған шараларды толық пайдалану мүмкіндігін шектейді, цифрлық арналар, оқу орындары, консультациялар, орталықтар арқылы ақпараттық науқанды күшейту қажет, әсіресе, өңірлер көмектесе алады.

Мемлекеттік отбасы саясатын іске асырудың негізгі тетіктері мен тәжірибелері

Отбасы саясаты саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік отбасы саясатын іске асырудың негіздері мен бағыттарын белгілейді, отбасыларды құқықтық қорғауды, әлеуметтік қолдауды және отбасындағы келеңсіз құбылыстардың алдын алуды қамтамасыз етеді. Оларды жүзеге асыру әртүрлі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың үйлестірілген күш-жігерін, сондай-ақ халықтың хабардарлығы мен қатысуын талап етеді. Бұл бөлімде Қазақстан Республикасындағы отбасы саясатын іс жүзінде жүзеге асыру мәселелері талқыланады.

Отбасы саясатын іске асыруды үйлестіруде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, өңірлерде – тиісті консультативтік-кеңесші органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың құрылымында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі – Жастар және отбасы істері комитеті маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда бала тууды ынталандыруға және отбасында балаларды тәрбиелеуге жәрдемдесуге, сондай-ақ көпбалалы аналардың беделі мен атағын арттыруға бағытталған мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдер жүйесін ұсыну арқылы балалы отбасыларды қолдаудың ұлттық моделі құрылды.

Қазақстанда балалары бар отбасыларға республикалық бюджет қаражаты есебінен мынадай жәрдемақылар төленеді: 1) бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы, 2) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы, 3) кәмелетке толмаған өзімен бірге тұратын 4 және одан көп баласы бар көп балалы отбасыларға жәрдемақы, 4) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын 1 және 2-дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған, «Батыр ана» атағын алған көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы; 5) мүгедектігі бар бала (мүгедектігі бар балалар) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) берілетін жәрдемақы.

Сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдердің келесі екі түрі төленеді: жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем, сондай-ақ бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем.

2024 жылы 3,4 млн отбасына 1 трлн. 660 млрд теңге көлемінде әлеуметтік төлемдер қарастырылған, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 20%-ға артық. 2024 жылы жүктілігі мен босануына байланысты табысынан айырылған жағдайда жұмыс істейтін әйелдерге тағайындалатын біржолғы жәрдемақыны 273 мыңнан астам ана алады.

2024 жылдың басынан бастап балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылардың барлық көлемі 7%-ға индекстелді. Сонымен:

– бала туылғаннан кейінгі біржолғы жәрдемақы мөлшері бір, екі, үш балалы болғанда 140 296 теңгені (38 АЕК), төрт және одан да көп балалы болғанда 232 596 теңгені құрайды;

– бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы мөлшері – бір балалыға – 5,76 АЕК – 21 266 теңге, екі балаға – 6,81 АЕК – 25 143 теңге, үш балаға – 7,85 АЕК – 28 982 теңге, төрт және одан көп балаға – 8,90 АЕК – 32 859 теңге.

Қиын жағдайда қалған балаларды анықтауда және оларға қолдау көрсетуде әлеуметтік қызметтер маңызды рөл атқарады. Бұл қызметтер балалардың қорғалуы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін оларға маңызды қамқорлық пен қолдау көрсетеді. Осылайша әлеуметтік қызметкерлер отбасыларға тұрақты түрде барады, проблемаларды анықтайды және уақытша баспана, азық-түлік және медициналық көмек сияқты қажетті ресурстарды қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда балалар мамандандырылған мекемелерге жіберіледі. Қорғаншылық және қамқоршылық мекемелерінің дамуы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті қамқорлық пен қолдауды алуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге көмектеседі. Осы механизм негізінде қорғаншылық органдары белгіленген нормалардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, әлеуетті қорғаншыларды бағалайды. Қамқоршыларға қаржылық қолдау көрсетіліп, бала тәрбиесіне қатысты кеңестер беріледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мұқтаж отбасылардың барлығына қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау, білім беру және тұрғын үй саласында тегін немесе субсидияланатын қызметтерді көрсетуге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіреді. Бұл шаралар аз қамтылған отбасылардың қажетті қызметтер мен қолдауларға қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.

Осылайша елімізде жүргізіліп жатқан отбасы саясатының негізінде көпбалалы және аз қамтылған отбасылар өздерінің материалдық жағдайын жақсартуға бағытталған қосымша әлеуметтік төлемдер мен субсидияларды алуға құқылы. Бұл шаралар көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың жағдайын жақсартуға, оларға материалдық қолдау көрсетуге ықпал етеді.



Әлеуметтік тұрғын үй, тұрғын үй бағдарламалары – әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды және көпбалалы отбасыларды жеңілдетілген мөлшерлеме бойынша қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге, соның ішінде әлеуметтік пәтерлер мен жалдау субсидияларын беруге бағытталған отбасы саясатының тағы бір бағыты⁴¹. Бұл бағдарламалар әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың сапалы баспанаға қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы олардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға көмектеседі. Бұны жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдары мұқтаж отбасыларды іріктеп, оларға үй жалдау үшін субсидиялар береді немесе әлеуметтік баспанамен қамтамасыз етеді. Бағдарламалар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Тұрмысы төмен отбасыларға коммуналдық төлемдерге субсидиялар беріледі, бұл үй шаруашылықтарының қаржылық жүктемесін азайтуға септігін тигізеді. Осы субсидиялар электр энергиясы, су, газ және жылу шығындарының бір бөлігін өтейді⁴². Тұрғын үй көмегі – аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) меншіктегі немесе мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған жалғыз тұрғынжайды не оның бір бөлігін күтіп-ұстауға арналған шығыстар мен осы Заңда айқындалған тәртіппен жергілікті өкілді органдар осы мақсаттарға белгілеген аз қамтылған отбасылар (азаматтар) шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі арасындағы айырманы өтеу үшін жергілікті бюджеттен берілетін төлем.

Қазақстан тәжірибесін халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, қазіргі уақытта әлемде мемлекеттік отбасы саясатын жүзеге асырудың ең тиімді шаралары туралы үнемі мазмұнды пікірталас жүріп жатқанын атап өткен жөн. Жалпы бұл күрделі пікірталасты екі баламалы бағыт түрінде қарауға болады: отбасылардың кейіннен еркін сатып алуы үшін оларға ақшалай төлемдер жүйесін дамыту немесе отбасын қолдау және балаларды дамыту бойынша мемлекеттік немесе мемлекеттен қаржыландырылатын қызметтерді дамыту (отбасы саясатының ақшалай және ақшалай емес тәсілдері).

Ақшалай төлемдерден басқа, отбасыларға әлеуметтік институт ретінде табысты жұмыс істеуге және отбасының барлық мүшелерінің, әсіресе балалардың үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге көмектесетін қызметтер кешені қажет. Тұрмысы төмен отбасылар, жанжал жағдайындағы отбасылар және басқа да осал отбасылар бұл қызмет түріне аса мұқтаж. Қаржылық жағдайы жоғары отбасылар қажетті қызметтерді нарықтық бағамен сатып ала алады, ал осал жағдайдағы отбасылар қоғамның көмегіне мұқтаж.

Отбасылардың кедейлігін төмендетудегі ақшалай көмек немесе қызметтердің тиімділігін өзара салыстыруда халықаралық тәжірибе қарама-қайшы нәтижелер көрсетеді. Бұл көп жағдайда елдің контексіне және мәдениетіне байланысты (1.1.1-кесте). Дегенмен қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларға ақшалай көмек пен қызмет көрсетудің үйлесімі кедейлікті жеңілдетеді және ұзақ мерзімді перспективада балалардың дамуы үшін оң нәтиже береді деп қорытынды жасауға болады⁴³.

1.1.1-кесте. Әртүрлі елдердегі отбасыларға арналған қолдау қызметтерінің нұсқалары

Ел	Отбасыларға арналған қызметтер
Швейцария, Италияның кейбір муниципалитеттері (Рим, Милан)	Ата-аналардың қатысуымен ерте жастағы балаларды дамыту орталықтары (балаларды әлеуметтендіру және ата-аналарға кәсіби мамандар тарапынан қолдау көрсету алаңы)
Ұлыбритания	Ата-ананы қолдау бағдарламалары. Келесі мақсатты бағдарламаларды қамтуы мүмкін: 1) мінез-құлық проблемаларын басқару; 2) ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту және олардың өзара әрекеттесу сапасын арттыру; 3) отбасылық күйзеліспен күресу стратегиялары; 4) ата-ананың эмоционалды және коммуникативті дағдыларының тиімділігін арттыру; 5) отбасындағы жанжалдарды реттеу; 6) ата-ана болу дағдыларын тұрақты дамыту.
АҚШ және басқа да бірқатар елдер	Медбикелер, әлеуметтік қызметкерлер сияқты кәсіби мамандардың отбасыларға, әсіресе осал жағдайдағы отбасыларға (кәмелетке толмаған аналар, кедейлік шегінен төмен тұратын отбасылар, басқа әлеуметтік қолдаусыз бірінші баласы бар жас отбасылар және т.б.) үйлеріне бару бағдарламалары. Үйге бару – өте қымбат бағдарлама. Дегенмен ұзақ мерзімді перспективада олар мемлекеттік шығындарды азайтады, өйткені олар баланың мектепті бітіру, 20 жасқа дейін аман жүру, нашақорлық пен басқа да тәуелділіктен аулақ болу және ана денсаулығын жақсарту ықтималдығын арттырады.

⁴¹ «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы / URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000094_

⁴² «Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 желтоқсанда № 33763 болып тіркелді / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033763>

⁴³ Förster, M. and G. Verbist (2012), «Money or Kindergarten? Distributive Effects of Cash Versus In-Kind Family Transfers for Young Children», OECD Social, Employment and Migration Working Papers, No. 135, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/5k92vxbgpmnt-en>.

Ел	Отбасыларға арналған қызметтер
Бельгия	«Ата-ана орталығы» бағдарламасы: кәсіби қызметкерлер, әлеуметтік жұмыс, психология және соған байланысты салалардағы мамандар ата-аналарға ақпараттық дәрістер, сабақтар, үйге бару, брошюралар арқылы консультативтік көмек көрсетеді.
Швеция	«Барлық балалар назарда» бағдарламасы: Бағдарламаның мақсаты – ата-аналарды жақсы ата-ана болу, балалармен қарым-қатынасты жақсарту және балалардың мінез-құлық проблемаларын азайту үшін қажетті құралдармен қамтамасыз ету. Бағдарлама 3 жастан 12 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары үшін төрт сессиядан тұрады. Сеанстар отбасылық үйге бару, рөлдік ойындар және көрнекі оқыту құралдарын қамтиды. Бағдарлама қызметкерлері – әлеуметтік жұмыс және білім беру саласында базалық білімі бар дайындалған мамандар.
Аустралия, Канада, АҚШ, Жаңа Зеландия	«Ата-ана мұғалім ретінде» бағдарламасы ата-аналарға балаларын үйде дамытуға көмектеседі, бұл олардың балаларының болашақта білім беру жүйесіндегі жетістіктерін жақсартады.

Дереккөз: Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының есебі ⁴⁴

Осылайша Қазақстанда мұқтаж отбасыларға ақшалай төлемдерді жоғары сапалы ақшалай емес қызметтермен толықтыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Қазақстанда әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар тегін медициналық көмекке, оның ішінде профилактикалық және емдік қызметтерге құқылы. Бұл шаралар осал отбасыларға қажетті күтімді алуға, денсаулығын сақтауға көмектеседі және тегін қызмет көрсету, профилактикалық тексерулерді ұйымдастыру, тұрақты негізде медициналық көмек көрсету үшін қаржы алатын мемлекеттік емханалар мен ауруханалар арқылы жұмыс істейді. Сондай-ақ мүгедек балаларды оңалту қызметтерін көрсетуге, соның ішінде емдік дене шынықтыру, логопедтік және психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған арнайы бағдарламалар мен орталықтар бар, олар балалардың өмір сапасын жақсартуға және тәуелсіздік дағдыларын дамытуға негізделген⁴⁵. Атап айтқанда жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін жұмыс орындарының квотасы мен тегін гранттар қарастырылған.

Әлеуметтік осал отбасылар санатына қарай баспана сатып алуда, балаларының білім алуы үшін білім гранттарын алуда және балаларының мектеп, университетте оқуы кезінде қаржылық қолдау көрсетуде мемлекет көмегіне сене алады.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары мен жастары мемлекеттік қолдаудан басқа, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен ірі донор кәсіпорындардың қаражатын Қазақстан халқының игілігіне пайдалануға құрылған «Қазақстан халқына» қоры бизнесінің қолдауы арқылы да қол жеткізе алады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары мен дағдарыс жағдайындағы отбасылар үшін уақытша баспана, медициналық және психологиялық көмек ала алатын дағдарыс орталықтары жұмыс істейді. Әлеуметтік қызметтер қиындықтарға тап болған отбасыларға бала тәрбиелеу, қаржылық жоспарлау және заңгерлік көмек бойынша кеңестер беріп қолдау көрсетеді. Бұл қызметтер отбасыларға психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектеседі және эмоционалдық әл-ауқатқа ықпал етеді. Психологиялық орталықтар мен дағдарыс қызметтері отбасылық мәселелерді шешуді кешенді түрде жүзеге асыру үшін әлеуметтік қызметтермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2023 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 4 409 адамға, оның ішінде ата-аналарымен бірге қабылданған 2 808 балаға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілді. 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған 3 955 адамға, оның ішінде ата-аналарымен бірге қабылданған 2 724 балаға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілді⁴⁶. ҚР ЕХӘҚМ мәліметінше, бүгінде елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 46 дағдарыс орталығы, оның ішінде 19-ы мемлекеттік секторда, 27-сі мемлекеттік әлеуметтік қызмет аясында жұмыс істейді⁴⁷. Өкінішке орай Абай, Алматы, Атырау, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан, Жетісу облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында бір дағдарыс орталығы бар, бұл облыстан шалғай аудан тұрғындары үшін арнаулы әлеуметтік қызметке қол жеткізуді қиындатады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына АӘҚ беретін барлық үкіметтік емес ұйымдар, әлеуметтік қорғау, ішкі істер, білім беру және денсаулық сақтау органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсететін дағдарыс орталықтары туралы ақпарат бар екенін атап өткен жөн. Тұрмыстық

⁴⁴ Acquah, D. and O. Thévenon (2020), "Delivering evidencebased services for all vulnerable families", OECD Social, Employment and Migration Working Papers, No. 243, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/1bb808f2-en>.

⁴⁵ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/166253?lang=ru>

⁴⁶ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты ҚКДИ сұранысы бойынша, қараша, 2024 жыл.

⁴⁷ Сол жерде.



зорлық-зомбылық құрбандарының қауіпсіздігіне байланысты дағдарыс орталықтарының деректері (мекен-жайлары) жалпыға қолжетімді ақпарат ретінде (БАҚ арқылы) жарияланбайды.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі шеңберінде 2023 жылы Қазақстан 19,7 млн адамды қамтитын «Отбасының цифрлық картасы»⁴⁸ – ақпаратты басқару жүйесін енгізді. Ол отбасының мониторингін күшейтуге, әлеуметтік қорғау құралдарына қолжетімділікті жеңілдетуге және азаматтарды олардың құқықтары туралы белсенді ақпараттандыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда отбасыларға түрлі өмірлік жағдайларды шешуде жан-жақты қолдау шараларын көрсету үшін 48 Отбасын қолдау орталығы (КММ нысанында) жұмыс істейді. 2025-2027 жылдар ішінде орталықтар санын 208-ге дейін жеткізу жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидаларын⁴⁹ әзірледі, оған сәйкес Министрлік ОҚО қызметін үйлестіруді және әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді. Осы қағидаларға сәйкес мынадай қызметтерді атқару көзделеді:

1) мемлекеттік отбасы саясатының шараларын, оның ішінде некені және отбасыны сақтау, отбасылық жанжалдарды шешу жөніндегі шараларды іске асыру;

2) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың қолдауымен, оның ішінде интеграцияланған модель арқылы қолдаумен қамтуы жөніндегі жұмысты үйлестіру;

3) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) әлеуметтік, заңдық және психологиялық қолдау көрсетуге жәрдемдесу;

4) тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға бір айға дейінгі мерзімге уақытша тұру мүмкіндігін беру арқылы қолдау көрсету;

5) мемлекеттік отбасы саясатының бағыттары мен шаралары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы;

6) жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен, волонтерлермен, консультативтік-кеңесші органдармен мемлекеттік отбасы саясатын іске асыру, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7) мемлекеттік отбасы саясатының тенденцияларына мониторинг және талдау;

8) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның үйлестіруімен, өз құзыреті шегінде білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары қатысқан кезде өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобильдік топтардың жұмысын ұйымдастыру;

9) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша өзге де шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асыру.

Сонымен қатар министрлік жанынан құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар, сондай-ақ ҰЕҰ кіретін ОҚО қызметін жетілдіру жөніндегі Жұмыс тобы құрылғанын атап өткен жөн. Жұмыс тобының отырыстарында ОҚО қызметін жергілікті жерлерде ұйымдастыру мәселелері, оның ішінде мобильді топтар мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмін қалыптастыру талқыланады.

Қазіргі уақытта ОҚО тиімділігін жүйелі түрде қорытындылау қиын, себебі олар құрылғалы бері көп уақыт өткен жоқ. 2024 жылдың шілдесіндегі ҚҚДИ сауалына аймақтардан келген ақпаратқа сәйкес, орталықтар өздерінің бірнеше ай ғана қызметінде сұранысқа ие екенін көрсеткен. Мысалы, 2024 жылдың мамыр-шілде айлары аралығында ШҚО ОҚО-ға 348 отбасы хабарласып, келесі қызметтерді алғанын хабарлады: түсіндіру жұмыстары – 105, психологиялық кеңес, қолдау – 21, Мансап орталығы арқылы жұмысқа орналасуға көмек – 37, аудандық жұмыспен қамту бөлімдері арқылы материалдық көмек алу үшін құжаттарды жинауға көмек – 13, цифрлық платформа арқылы тұрғын үй кезегіне қою үшін ақпараттық құжаттаманы жинауға – 9, мүмкіндігі шектеулі баланы мектепке дейінгі мекемеге жеңілдікпен тіркеуге жәрдемдесу – 2.

Мемлекеттік кәсіптік оқыту және қайта даярлау бағдарламалары осал санаттағы отбасы мүшелеріне еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды алуға және жұмыс табуға көмектеседі. Бұл механизмді жүзеге асыру үшін Мансап орталықтары қолданыстағы курстар мен оқыту, бос жұмыс орындары мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат береді, оқытуды ұйымдастырады және курстарды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналастыруға қолдау көрсетеді, жұмыспен қамту мәселелері бойынша кеңестер береді, жергілікті жұмыс берушілермен тығыз байланыста жұмыс істейді, жәрмеңкелер өткізеді және түйіндеме жазу мен сұхбат дайындау қызметтерін ұсынады. Бұл шаралар осал санаттағы отбасына жұмыс тауып, экономикалық жағдайын жақсартуға сеп болады.

2024 жылғы жаңалық «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы болды, оның шеңберінде 2006 жылы және одан кейін туылған Қазақстан азаматтарының барлығына жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы беріледі. Бұл ретте табыс есепті жылдың алдындағы он сегіз жылдың орташа есебімен алынады. Есепті жыл үшін барлық балалар бірдей сомада алады. Балалар 18 жасқа толғанға

⁴⁸ «Отбасының цифрлық картасы: технология арқылы қоғамды өзгерту / URL: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/stories/cifrovaya-karta-semi-menyaya-obshchestvo-cherez-tehnologii>

⁴⁹ «Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 256-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 14 маусымда № 34499 болып тіркелді / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034499>

дейін бұл қаражат мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есептелетін болады. Балалар 18 жасқа толған жылы қаражат мақсатты жинақ шотына аударылады және 18 жасқа толған соң ересектер жинақтарды екі мақсатқа – тұрғын үй жағдайын жақсарту және оқу ақысын төлеу үшін пайдалану құқығына ие болады⁵⁰.

Отбасыға көрсетілетін қолдау түрлерінің Қазақстан қоғамының қазіргі сұраныстарына қаншалықты сәйкес келетіні жөнінде сұрақ қойылуы қажет. 2024 жылы Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, мемлекеттен отбасыларға ең көп қажеттілік тудыратын қолдау: тұрғын үй алу мәселесі (60,9%), жұмысқа орналасу (52,8%), отбасындағы ауыр науқастар мен мүгедектігі бар адамдарға қамқорлық көрсетуге көмек (29,9%), сапалы медициналық қызмет алу (29,8%), аса кедейлік жағдайы (25,1%) және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған қарсы күрес мәселелері (17,9%). Осы сұрақтарға жауап берген респонденттер ауызбіршілік танытқан, респонденттердің жынысы, жасы, біліміне байланысты жауаптары аздап ерекшеленеді (1.1.4-сурет).




1.1.4-сурет. Мемлекет отбасыларға қандай көмек көрсетуі керек?, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж

Жалпы мемлекеттің отбасын қолдау жұмысының бағыттары қоғам сұранысына сәйкес келеді деп айтуға болады. Сонымен бірге дағдарыс жағдайында мемлекеттің қандай шаралар қабылдап жатқанын және қандай көмек алуға болатынын қоғам үнемі біле бермейді (1.1.5-сурет).

⁵⁰ «Ұлттық қор – балаларға» / URL: <https://kids-info.enpf.kz/>



1.1.5-сурет. Қазақстандықтардың отбасын қолдау саласындағы шаралар туралы хабардар болуы, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж

Азаматтар отбасыларға көмек көрсетуге бағытталған тұрғын үй саясаты шаралары, мысалы «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасы, сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы туралы жеткілікті ақпаратқа ие емес. Сондай-ақ отбасыларға көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек туралы ақпараттың аздығы байқалады. Керісінше, бала туу бойынша біржолғы жәрдемақы, жүктілік және босану бойынша әлеуметтік төлем, 1,5 жасқа дейінгі балаға күтімі бойынша әлеуметтік төлем, көпбалалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы, жүктілік және босану бойынша демалыс, бала 3 жасқа толғанша бала күтімі бойынша ақысыз демалыс сияқты қолдау шараларымен азаматтар жақсы таныс. Бұл қолдау шаралары адамдардың басым көпшілігінің өмірінде жиі қолданыста және кейбіреулері БАҚ және интернетте кеңінен талқыланған (мысалы, көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы) болуы мүмкін. Отбасыларды мемлекеттік қолдау механизмдері туралы хабардарлықты арттыру шараларын қабылдау қажет. Осы мәселе бойынша мүдделі мемлекеттік органдар үшін нақты ұсыныстар осы баяндаманың келесі бөлімдерінде берілген.

1.2. Қазақстанның отбасы саясаты саласындағы проблемалары мен жетістіктеріне шолу

Жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстан отбасы саясатын жүзеге асыру үшін заңнамалық және бағдарламалық-стратегиялық негізді табысты қалыптастырды, отбасыларға мемлекеттік қолдау көрсету және осал отбасыларды қорғау бойынша нақты шаралар қабылдануда. Жалпы, қазақстандық отбасы саясаты әлемдегі озық мемлекеттік отбасы саясаты тәжірибесіне сәйкес екенін атап өткен жөн. Ол уақыт талаптары мен қоғам сұранысына сай өзгеріп, жеткілікті түрде қарқынды дамуда. Сонымен қатар мемлекеттік отбасы саясатын жүзеге асырудың тиімділігін арттыру және отбасының дамуына байланысты заманауи үрдістерге алдын ала әрекет ету бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бұл туралы осы бөлімде сөз қозғалады.

Соңғы 10 жыл ішінде отбасы саясаты саласындағы Қазақстанның кейбір жетістіктерін атап өтуге болады.

Еңбек кодексінде жүкті әйелдерге және 3 жасқа дейінгі баласы бар аналарға толық емес жұмыс күніне мүмкіндік беретін норма заңнамалық тұрғыда бекітілді.

Бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұзартылды.

Заңнамалық түрде балаға, мүгедектігі бар отбасы мүшесіне немесе зейнеткерлік жасқа жеткен адамға күтім жасаған уақытты, сондай-ақ 3 жасқа дейінгі бала күтімін жүзеге асыратын аналардың еңбек өтіліне есептеу нормасы бекітілді.

Отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында екі жаңа мереке енгізілді: Мамыр айының екінші жексенбісінде атап өтілетін Аналар күні және маусым айының үшінші жексенбісінде тойланатын Әкелер күні⁵¹.

⁵¹ Отбасыларды қолдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/791697?directionId=1956>

Соңғы бес жыл ішінде елде ажырасулар санының тұрақты түрде төмендеуі байқалуда.

2023 жылдың қараша айында ел халқының саны 20 миллион адамға жетті. Отбасы – Қазақстанның тұрақты демографиялық дамуының негізі. Осыған байланысты мемлекет үшін отбасы институтының қолайлы дамуына жағдай жасау, лайықты өмір сүру мен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету маңызды, осылайша жоғары туу көрсеткіші адам капиталының сапасына әсер етпеуі тиіс. Қазіргі демографиялық үрдістер бәсекелестік артықшылықтарға айналуы қажет.

Елде жыл сайын республикалық, облыстық және қалалық деңгейде Әкелер форумы өткізіледі. Оның мақсаты – әке институтын дамытуда жаңа тәсілдерді қалыптастыру және насихаттау, отбасы құндылықтарын нығайту және өскелең ұрпақты тәрбиелеу⁵².


Қазақстан Республикасындағы отбасы саясатын жүзеге асырудың институционалдық міндеттері

2023 жылы ҚҚДИ дайындаған «Отбасы институтын нығайту, әйелдердің, балалардың құқықтарын қорғау, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды нығайтумен айналысатын мемлекеттік органдар қызметінің функционалдық талдауы» баяндамасында мемлекеттік отбасылық саясатты жүзеге асырудағы келесі мәселелер атап өтілді:

- 1) Мемлекеттік органдардың ведомствоаралық және ішкі ведомстволық өзара іс-қимылындағы қиындықтар, бұл НҚА-да өзара іс-қимылдың нақты регламентінің болмауымен байланысты, соның ішінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы;
- 2) Мемлекеттік органдардың күш-жігерін үйлестірудің қиындығы немесе жеткіліксіздігі;
- 3) Отбасыларды қолдауда кешенді тәсілдің жеткіліксіздігі;
- 4) Кадр тапшылығы және отбасы саясаты саласындағы аналитикалық дағдылардың жеткіліксіз деңгейі⁵³.

Ведомствоаралық үйлестіру мәселесі халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, келесі бөлімдерде толығырақ қарастырылатын болады.

Сондай-ақ қазақстандықтардың отбасы саясатын іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметі туралы жеткілікті деңгейде хабардар еместігін атап өткен жөн (1.2.1-сурет).



1.2.1-сурет. Отбасы саясаты саласындағы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметі туралы хабарлар болу, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж

⁵² 2023 жылдың қорытындысы: отбасылық құндылықтарды нығайту және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу басым бағыт болып қала береді / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/680565?lang=kk>


⁵³ «Отбасы институтын нығайту, әйелдердің, балалардың құқықтарын қорғау, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды нығайтумен айналысатын мемлекеттік органдар қызметінің функционалдық талдауы» ҚҚДИ тадау баяндамасы, 2023 ж.



Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалық әкімдіктердің білім басқармаларының қорғаншылық және қамқоршылық бөлімшелерінің қызметі және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсететін дағдарыс орталықтары туралы қазақстандықтардың хабардар болу деңгейі жоғары. Алайда бұл ұйымдарға қатысты респонденттердің кем дегенде үштен бірі «мен ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» деген жауапты таңдады, бұл осы саладағы ақпараттық жұмысты жалғастыру қажеттігін көрсетеді⁵⁴.

2024 жылы ҚҚДИ жүргізген сауалнама шеңберінде респонденттердің 4-тен 7%-ға дейіні өздерінің әртүрлі дағдарыс жағдайларында болғанын айтты, атап айтқанда: тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында – 6%, балаларға, қарттарға, ауыр науқас отбасы мүшелеріне негізгі өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ете алмау жағдайында – 7%, балаларды мектепке апара алмау жағдайында – 4%, отбасы мүшелеріне, балаларға, қарттарға, науқастарға, мүгедектерге күтім жасауға ешкімнің болмауы жағдайында – 6%. Мұндай жағдайларда респонденттердің көпшілігі туыстары мен достарынан көмек сұраған (42%) немесе ешқайда жүгінбеген (32%). Көмек сұрағандардың 19%-ы жергілікті атқарушы органдарға, 8%-ы жеке ұйымдарға жүгінген⁵⁵. Бұл нәтижелер дағдарыс жағдайына тап болған адамдардың көмек сұрап туыстарына, достарына және таныстарына жүгінуді жөн көретінін көрсетеді.

Дағдарыс жағдайында респонденттердің көмекке жүгінбеу себептері 1.2.2-суретте көрсетілген. Респонденттердің көмекке жүгінбеуінің негізгі себебі көмекке жүгінудің тиімділігіне, көмек алу мүмкіндігіне деген сенімінің төмендігі болды (35,6%). Көптеген респондент қандай да бір көмек алуға болатынын білмеген (28,2%). Респонденттердің 11,4%-ын көмекке жүгінуден бюрократиялық қиындықтарға тап болғысы келмеуі және растайтын құжаттарды ұсыну қажеттігі тоқтатқан.



1.2.2-сурет. Дағдарыс жағдайында көмекке жүгінбеу себептері, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.


Сарапшылар сұхбатында отбасы саясатының түрлі салаларындағы қазақстандық мамандар, бір жағынан, халықпен ақпараттық жұмыс жүргізу қажеттілігі, отбасы саясаты саласындағы адамдардың хабардарлығын арттыру мәселесін көтерсе, екінші жағынан, сарапшылар отбасы саясаты шараларын жүзеге асыру тиімділігінің жеткіліксіздігі мәселесін көтерді, сонымен қатар қабылданатын шаралардың ауқымы мен көлемін кеңейту қажеттілігі (қосымша әлеуметтік тұрғын үй, отбасын қолдау орталықтарын бұдан да арттыру және т.б.) талқыланды⁵⁶.

Отбасы саясатын жүзеге асырудың институционалдық жүйесіне азаматтардың сенімін арттыру және хабардарлық деңгейін көтеру үшін отбасы саясаты туралы негізгі ақпарат көздеріне халық назарын аудару қажет (1.2.3-сурет).

⁵⁴ Сол жерде.

⁵⁵ Сол жерде.

⁵⁶ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



1.2.3-сурет. Қазақстандықтар отбасы саясаты саласындағы мемлекеттік шаралар туралы көбінесе қандай дереккөзден біледі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Осылайша, отбасы саясатын жүзеге асыру барысында азаматтарды мемлекеттік отбасы саясаты туралы хабардар ету мәселесінде интернеттің, әсіресе әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің өсіп келе жатқан рөлін ескерген жөн. Қазіргі заманғы жаппай коммуникация үрдістеріне сүйене отырып, мемлекет ресми ақпаратты таратудың тиімділігіне және дер кезінде теріске шығару арқылы жалған ақпаратпен күресуге баса назар аударуы керек. Сонымен қатар, теледидар сияқты дәстүрлі БАҚ аға ұрпақ үшін өзекті болып қала береді, сондықтан жұмысты интернет көздерімен және теледидармен біріктіру қажет. Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар, мәдениет ошақтары, оқу орындары арқылы азаматтармен тікелей байланысуға болады.

Қазақстан Республикасындағы отбасы саясатында ескерілуі тиіс заманауи трендтер

Қазақстан Республикасындағы отбасы саясаты бұрыннан алға қойылған өзге де міндеттерді шешіп, осал санаттағы отбасыларды тиімді қолдап қана қоймай, сонымен қатар Қазақстанда ғана емес, әлемде де байқалатын үлкен әлеуметтік-экономикалық және демографиялық трендтерге уақтылы бейімделуі керек. Белгілі бір дәрежеде отбасы саясатындағы өзгерістер превентивті сипатта болуы тиіс. Бұл бөлімде біз жақын болашақта Қазақстан отбасыларының өмірінде жетекші рөл атқаратын кейбір трендтерді қарастырамыз.


Отбасының демографиялық құрылымының, өмір сүру ұзақтығының, некеге тұру және ажырасу көрсеткіштерінің өзгеруі

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей⁵⁷, некелескен ерлі-зайыптыларға қарағанда, некеден тыс бірге тұратын жұптар; ата-анасының екеуі де бар отбасылармен салыстырғанда, ата-анасының біреуі ғана жұмыс істейтін толық емес отбасылар, ажырасқан әйелдер және ата-анасынан бөлек тұратын жастар кедейлік қаупіне көбірек ұшырайды. Осылайша дәстүрлі отбасы өз мүшелерін кедейлік қаупінен едәуір қорғайды. Алайда одан әрі урбанизация және экономика мен әлеуметтік өмірдегі өзгерістерге байланысты отбасы құрылымы өзгеруде, сондықтан отбасы саясаты дәстүрлі ата-анасының екеуі де бар отбасы мен олардың балаларын қолдауға ғана емес, сонымен қатар толық емес отбасындағы балаларды да қорғауға дайын болуы керек.

Отбасы құрылымын әртараптандырудың әлемдік үрдісін де ескеру қажет. Ұзақ мерзімді отбасы саясатында ата-анасының екеуі де бар және олардың балаларынан тұратын нуклеарлы отбасын ғана емес, сондай-ақ балалары жоқ отбасыларды, толық емес отбасыларды, бір немесе бірнеше баласы бар толық емес отбасыларды да ескеру қажет.

Соңғы 25 жылдағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасында өмір сүру ұзақтығының біртіндеп артуы (1.2.4-сурет) отбасы саясатында аға ұрпақтың қажеттіліктерін ескеруді талап етеді. Өмір сүру ұзақтығының артуы салдарының бірі аға ұрпақтың еңбек нарығында ұзағырақ болу мүмкіндігіне әкелді. Бұдан балаларды тәрбиелеуде атасы мен әжесінің көмегі қысқарып, оларды мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу қызметінің қосымша түрлеріне, сондай-ақ мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен қадағалау түрлі үйірмелерге апару қажеттіліктерін одан әрі арттырды (мектепте ұзартылған күн тобы, қосымшаларға, үйірмелерге, клубтарға т.б. қатысу).

⁵⁷ OECD (2011), *The Future of Families to 2030*, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/9789264168367-en>.



1.2.4-сурет. Қазақстан Республикасы халқының туу кезіндегі өмір сүру ұзақтығы

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда еңбекке қабілетті жастағы балалы әйелдер еңбек нарығында қалуға талпынуда. Экономикадағы өзгерістер білікті мамандардың бала туу себебінен еңбек нарығынан кетпеуін талап етеді. Сондықтан баланың ерте жастағы тәрбиесіне зиян келмейдіндей етіп, отбасыларға жұмыс істеу және бала күтімімен айналысу мүмкіндігін жасау қажет.

Отбасы құрылымындағы және экономикадағы өзгерістер баланың ерте жастағы тәрбиесіне қатысты отбасыларға арналған қызметтерге көп назар аударуды талап етеді. Эстонияның отбасыларға қызмет көрсету тәжірибесі төменде ұсынылған.

Эстонияның демографиялық жағдайдағы балалы отбасыларға қолдау көрсету тәжірибесі

Мақсат – әйелдердің еңбек нарығына белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, отбасын қолдау. Бұл екі жақты міндетке қол жеткізу мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- 1) бала туылғаннан кейін ата-аналардың икемді жұмыс кестесіне қол жеткізуі;
- 2) ата-анасы жұмысқа қайтып оралған және жүктілігі және босануы бойынша демалыс мүмкіндігін пайдаланбаған жағдайда да балалар жәрдемақысын сақтау (жәрдемақы мөлшері жалақыға пропорционалды түрде азайтылады, бірақ жалпы алғанда жәрдемақы сақталады). Осылайша, ата-аналардың, әсіресе аналардың еңбек нарығына мүмкіндігінше тезірек оралуы;
- 3) 7 жасқа дейінгі эстониялық балалардың 93%-ы балабақша мен бөбекжай жүйесіне тартылған;
- 4) мектептерде «ұзартылған күн» сабақтары қарастырылған, онда балалар мектептен кейін қалып, хоббимен айналыса алады немесе үй тапсырмасын орындай алады. Елдегі балалардың 20%-ы осындай іс-шараларға тартылған;
- 5) бала күтіміне байланысты әке демалысы ынталандырылады. Әкенің де, ананың да бала тууына байланысты демалыстар мен жәрдемақыларға тең құқықтары бар. Бұл отбасы мүшелерінің арасында отбасы міндеттерінің жүктемесін икемді түрде қайта бөлуге көмектеседі;
- 6) ұзақ мерзімді күтімді қажет ететін отбасы мүшелері оны мемлекеттік ұйымдар арқылы үйде күтіммен ұштастыра отырып ала алады. Ол сондай-ақ әйелдерді қарт адамдар мен еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне күтім жасаумен байланысты үй жұмыстарынан ішінара босату арқылы еңбек нарығында ұстауға көмектеседі.

Дереккөз: ЭЫДҰ есебі, 2022⁵⁸

Екінші демографиялық ауысу жағдайында туу деңгейін қолдауға бірқатар шаралар бағытталуы мүмкін. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, туу көрсеткішін қолдауға арналған барлық шаралар бірдей тиімді емес. Мысалы, ақшалай төлемдер арқылы отбасыларға тууды қолдаудағы Польшаның тәжірибесі екіұшты нәтижелер берді.

Польшаның отбасыларға ақшалай төлемдер арқылы тууды қолдау тәжірибесі

2016 жылы Польша үкіметі «Отбасы 500+» деп аталатын балалар жәрдемақысын енгізді. Бұл шараны енгізудегі мақсат туу көрсеткішін арттыру және балалар кедейлігін азайту болды. Төлем әрбір екінші және одан кейінгі бала үшін әмбебап болып табылады, төлем отбасының кірісіне қарай есептеледі. Бұл бағдарлама елдің отбасылық саясатқа жұмсайтын шығынын екі есе арттырып, Польшаны Еуропалық Одақтағы отбасыларға ең көп ақшалай төлемдер жасайтын елдердің біріне айналдырды.

⁵⁸ OECD (2022), "A summary view of support for families with very young children in Estonia", in *The Economic Case for More Gender Equality in Estonia*, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/ccf517d3-en>.

«Отбасы 500+» бағдарламасы бойынша төлем екінші және одан кейінгі балалар үшін шартсыз, балалар 18 жасқа толғанға дейін ай сайын төленеді. Бірінші бала үшін төлем отбасының әрбір мүшесіне айына 800 злотыдан немесе мүгедек балалары бар отбасыларға 1 200 злотыдан аспайтын отбасыларға төленеді. Басқа мемлекеттік бағдарламалар бойынша төлемдер мен басқа да преференциялар сақталады.

«Отбасы 500+» бағдарламасы бойынша төлем Польшадағы ең төменгі жалақының 1/3 бөлігін құрайды. Әмбебап қамтудың арқасында бұған дейін атаулы мемлекеттік қолдау бағдарламаларының бенефициарлары болған 1 млн отбасымен салыстырғанда 2,74 млн отбасына (2018 жылғы деректер) қолжетімді. Сонымен қатар ол әрбір бенефициарға бұрын берілген төлемдер сомасынан 5 есе асып түседі.

Сондай-ақ ерте оқыту мен білім беру қызметтеріне мемлекеттік шығындар салыстырмалы түрде аз болып қала береді. Балабақшалар мен бөбекжайлардан басқа, заң осы саладағы балалар клубтары, «күндізгі күтім көрсетушілер» және күтушілер сияқты қызмет түрлерін белгілейді. 2016 жылға қарай елдегі алты жасқа дейінгі балалардың 80%-ға жуығы ерте оқыту және білім беру қызметтерін алушылар болды. Дегенмен ЭЫДҰ сарапшыларының пікірінше, білім деңгейі төмен отбасылардағы жас балалар үшін қызметтерге қолжетімділік төмен болып қала береді. Әсіресе, ауылдық жерлерде бұл саладағы мемлекеттік білім беру қызметтеріне қол жеткізу қиын. Нәтижесінде отбасылар ең кедей отбасылар үшін қолжетімсіз қызмет көрсету үшін жеке жеткізушілерге сенуге мәжбүр.

Жүргізілген статистикалық зерттеулер Польшада «Отбасы 500+» бағдарламасын жүзеге асырудың салдары анық емес екенін көрсетеді. Бір жағынан, бағдарлама балалар арасындағы кедейшілік қаупін 3%-ға төмендетті, бұл айтарлықтай жетістік. Сонымен бірге ол жалпы кедейшілік деңгейін аздап төмендетті, бірақ бағдарламаның бала тууға әсерін ұзақ мерзімді перспективада ғана бағалауға болады. Бағдарламаның жағымсыз әсерлерінің бірі ретінде кейбір әйелдердің еңбек нарығынан кетуін айтуға болады. Бұл әсер негізінен табысы төмен, көбінесе шағын қалалардан келген жас әйелдерге әсер етті. Балабақша мен бөбекжай қызметтерінің жеткіліксіздігін ескере отырып, бағдарлама бойынша төлем алатын кейбір әйелдер үйде отырып, балаларын жалғыз бағуды ұйғарды. Осылайша, бағдарлама аз қамтылған отбасылардың табысын айтарлықтай көтере алмады, өйткені ол бір мезгілде әйелдердің ақылы жұмыстан алатын табысын жоғалтуға әкелді.

Дереккөз: ЭЫДҰ сарапшы есебі, 2018⁵⁹

Польша тәжірибесіне қарама-қарсы, біз Норвегиядағы жағдайды байқай аламыз, мұнда туу көрсеткішін қолдауға бағытталған шаралар отбасы мүшелеріне ақшалай көмек көрсетуден ата-аналар үшін икемді жұмыс кестесін енгізуге және отбасыларға бала күтімі қызметтерін қолжетімді етуге ауысты.

Норвегияның балалы отбасыларды және жұмыс істейтін ата-аналарды қолдау тәжірибесі

Норвегияның отбасы саясаты тек бала тууды ынталандыруға бағытталған емес. Оның мақсаты – баланың екі ата-анасының кәсіби және отбасылық міндеттері арасындағы теңгерімге қол жеткізу, сондай-ақ баланың ерте жастан дамуына және отбасының жалпы әл-ауқатына ықпал ететін экономикалық және әлеуметтік жағдайларды ынталандыру. Осыған байланысты саясат келесі шараларға бағытталған:

1) баланың туылуына байланысты жеткілікті үлкен ақы төленетін демалыс. Әйелдер үшін бұл туғанға дейін 3 апта, ата-ананың екеуі үшін – туғаннан кейін 19 аптаға дейін. Жалпы алғанда әке мен ана 100% жалақымен 49 аптаға дейін немесе 80% жалақымен 59 аптаға дейін, ең көбі алты еселенген негізгі сақтандыру төлеміне дейін ақылы еңбек демалысына шыға алады. Зерттеулер көрсеткендей, ерлердің бала күтіміне байланысты демалысқа шығуын ынталандыру отбасында төленбейтін үй шаруашылығының міндеттерін тең бөлуге әкеледі;

2) бала емізетін аналарға – жұмыс берушінің қаражаты есебінен күніне бір сағат тамақтандыруға арналған үзіліс;

3) балалардың кең ауқымы бар қолжетімді балабақшалар мен бөбекжайлар. Мемлекеттік (муниципалдық) және жекеменшік балабақшаларға балалардың шамамен бірдей саны барады. Жеке балабақшаға бару құны 80% муниципалитет өтейді, сондықтан жеке және муниципалды балабақшалар барлық отбасыларға бірдей қолжетімді;

4) ата-аналар жұмыс кезінде мектеп жасындағы баласына алаңдамауы үшін мектепте, әсіресе бастауыш сыныпта қосымша сабақтар.

Норвегияның отбасы саясаты бірте-бірте балалы отбасыларға қолма-қол ақша төлеу үлгісінен тегін немесе кеңінен қолжетімді қызметтер көрсету үлгісіне (балабақшалар мен бөбекжайлар сияқты) көшуде. Осылайша 2022 жылдың 1 тамызынан бастап елімізде ата-анаға қолма-қол ақша төлеу бала балабақшаға келгенде тоқтатылады. Бұл өзгеріс мемлекеттік шығындарды 2022 жылы 10 миллион долларға және 2023 жылы 15 миллион долларға қысқартты.

Балабақшалардағы білім сапасы біліктілік талаптарымен қамтамасыз етіледі, оған сәйкес қызметкерлер мен балалардың арақатынасы үш жасқа дейінгі үш балаға бір қызметкер немесе үш жастан асқан алты балаға бір қызметкер болуы тиіс.

Дереккөз: ЭЫДҰ есебі, 2023⁶⁰

Осылайша мемлекет өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайларда отбасыларды қолдай алады, бірақ мұндай қолдау әдістеріне аса сақтықпен қарау қажет. ЭЫДҰ елдерінің тәжіри-

⁵⁹ Magda, I., Kietczewska, A., & Brandt, N. (2018). The "family 500+" child allowance and female labour supply in Poland. 2018 OECD Economic Survey of Poland

⁶⁰ OECD (2023), Exploring Norway's Fertility, Work, and Family Policy Trends, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/f0c7bddf-en>



бесі жұмыс кестесінің икемділігін қамтамасыз ету, балабақшалар мен балалары бар ата-аналарға арналған басқа да қызметтерді дамыту сияқты монетарлық емес шаралардың жоғары тиімділігін көрсетеді. Қазақстан Республикасы осы бағытта қадамдар жасап жатыр, алайда орта және ұзақ мерзімді перспективада ең жоғары нәтиже беретін шаралар туралы халықаралық тәжірибені ескеру қажет, бұл бюджет қаражатын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Цифрландырудың отбасындағы қарым-қатынасқа және бала тәрбиесіне әсері

АКТ дамуы отбасыға бірнеше бағытта әсер етеді. Біріншіден, АКТ дамуының негізінде еңбекке қабілетті жастағы көптеген ата-аналар балаларымен үйде отырып, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды. Бұл тренд пандемия кезінде қарқынды дамыды және сол уақыттан бері адамдардың көбі өз жұмыс орындарына оралса да, қашықтан жұмыс істеудің карантинге дейінгі деңгейіне толықтай қайта келуді күту қиын. Отбасылар тұрғысынан қарағанда, еңбек ұйымының әртүрлі формаларын, соның ішінде үйден жұмыс істеу мүмкіндігін икемді қолдану оң әсерін тигізіп, жұмыс істейтін ересектерге балалармен қарым-қатынас жасауға және қартайған, күтімді қажет ететін отбасы мүшелеріне күтім көрсетуге көмектеседі.

Ата-аналар мен білім беру ұйымдары арасында тығыз байланыс орнату, сондай-ақ ата-аналарды цифрлық дәуірде балалармен өзара әрекеттесу үшін қажетті ақпарат пен кеңестер беру арқылы АКТ-ны дамыту ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеуге тартуды жеңілдетеді. Көптеген зерттеулер ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысуы балалардың академиялық жетістіктеріне және әлеуметтік өмірге бейімделуіне оң әсерін тигізетінін көрсетеді⁶¹.

Екіншіден, әлеуметтік желілердің таралуы, бір жағынан, бөлек тұратын туыстар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетсе, екінші жағынан, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасының азайып бір-бірінен алыстауына әкелуі мүмкін, себебі олар үйде отырып, көптеген әртүрлі адамдармен байланыс орната алады. Үйде физикалық түрде болу енді отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасауды білдірмейді. Қазіргі уақытта адам біріктірілген әлеуметтік кеңістікте (физикалық және цифрлық) өмір сүреді және тез өзгеретін әлеуметтік ортаға бейімделуі керек. Цифрландыру қаупіне, әсіресе, балалар бейім тұрады.

Мемлекеттік отбасы саясаты отбасы үшін, әсіресе отбасындағы балалар үшін цифрлық дәуірдің қиындықтарына жауап бере алады және жауап беруге тиіс. Бұл ата-аналармен тәрбие жұмысын, цифрлық дәуірдегі отбасының рөлі мен функцияларын қайта қарауды ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесін ата-аналармен байланыста және өзара әрекеттесуде кеңінен тартуды талап етеді.

Цифрландыру жағдайында балалы отбасыларды қорғауға және қолдауға бағытталған мемлекеттік отбасы саясатының әлеуетті шаралары мыналарды қамтуы мүмкін:

- 1) цифрлық қызметтерді көрсетуге қатысты салалық нормативтік құқықтық актілерде балаларды қорғаудың ескерілуін қамтамасыз ету;
- 2) балаларды қорғау бойынша білім беру жүйесінің міндеттерін нақтылау;
- 3) балалардың цифрлық сауатсыздық пен цифрлық тәуелділікті жеңуі үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес бағдарламаларды енгізу;
- 4) ата-аналарға цифрлық қауіпсіздік және цифрлық қолайлылық бойынша кеңестер мен нұсқаулар беру;
- 5) балалардың цифрлық қолайлылығын қамтамасыз етуге отбасыларды тарту үшін цифрлық технологияларды пайдалану;
- 6) осал санаттағы балаларды анықтап, оларға цифрлық қолайлылық және цифрлық теңсіздікті жеңу мәселелері бойынша арнайы көмек көрсету⁶².

Отбасы саясатын жүзеге асыруға кәсіпорындар мен басқа да жеке сектор субъектілерін тарту қажеттілігі

Егер мемлекеттік саясат отбасылық, кәсіби және жеке өмірдің үйлесімін тікелей қолдаса ол отбасыға қолайлы саясат деп есептелуі мүмкін. Мұндай саясат кәсіпорындар мен ұйымдар деңгейінде ұлттық деңгейдегі реттеуші құжаттарды орындау негізінде, сондай-ақ осы кәсіпорындардың өздерінің бастамасымен, ішкі корпоративтік құжаттарға сүйене отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

1.2.1-кесте. Кәсіпорындардағы отбасыға қолайлы саясат бағыттары

Саясат бағыты	Осы саясатты іске асыру нұсқалары
Жұмыс икемділігін арттыру	<ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыс күнінің икемді басталу және/немесе аяқталу уақыты; 2) жұмыс уақытының бірдей санын сақтай отырып, аптадағы жұмыс күндерінің санын, мысалы бестен төртке дейін қысқарту; 3) жұмыс уақытын апталар бойынша емес, ұзағырақ кезеңдерге, мысалы, жыл бойына есептеу; 4) жұмыс уақытын дербес анықтау (қызметкер жұмыс уақытын өзі белгілейді); 5) үйден жұмыс.

⁶¹ OECD (2023), *Empowering Young Children in the Digital Age, Starting Strong*, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/50967622-en>

⁶² Сол жерде.

Қызметкерлерді толық емес жұмыс күніне ауыстыру	1) толық емес жұмыс уақыты (аптасына 30 сағаттан аз); 2) оқу жылындағы жұмыс; 3) уақытша толық емес жұмыс күні; 4) бірте-бірте зейнетке шығу (зейнет жасына дейінгі жұмыс уақытын біртіндеп қысқарту).
Қызметкерлердің отбасылық себептерге байланысты демалысы	1) жұмыс берушінің есебінен қосымша ақы төленетін бала күтімі демалысы (швед тәжірибесі); 2) отбасылық жағдайларға байланысты демалыстың басқа түрлері.
Компания көрсететін қызметтер	1) ұйымдар жанындағы балабақшалар мен бөбекжайлар; 2) Балалардың балабақшалар мен бөбекжайларда болуын төлеу үшін қызметкерлерге ақшалай төлемдер

Дереккөз: Chang, 2020⁶³

Мемлекеттік саясат кәсіпорындар мен ұйымдарды қызметкерлердің отбасыларына қолайлы саясат енгізуге ынталандырады. 2019 жылы Еуропалық парламент жұмыс пен өмір балансын қамтамасыз ету туралы, яғни ата-аналар мен балаларға қамқорлық жасайтын, сондай-ақ күтімді қажет ететін отбасы мүшелеріне көмек көрсететін қызметкерлерге жұмыс берушілерден икемді жұмыс кестесін талап ету құқығын беретін директива қабылдады.

Икемді жұмыс кестесі жұмыс берушілерге негізсіз жүктеме болмайды. Бұл тақырып бойынша жүргізілген көптеген зерттеулер көрсеткендей⁶⁴, отбасына қолайлы саясатты енгізу кәсіпорындарда қызметкерлердің ұйымға немесе кәсіпорынға деген адалдығына, жұмысқа қанағаттануына және компанияға деген беріктігіне оң әсер етеді, сондай-ақ кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде, мұндай әсерлер кәсіпорындардың жаңа қызметкерлерді іздеуге және жалдауға жұмсайтын шығындарын азайтады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы отбасы саясаты отбасының тұрақты және үйлесімді дамуы үшін жағдай жасауға бағытталғанын атап өткен жөн. Заңдар мен нормативтік құқықтық актілер отбасының барлық мүшелерінің құқықтарын қорғаудың құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді, ал түрлі бағдарламалар мен қолдау шаралары осал отбасылардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі. Мемлекеттік отбасы саясатын одан әрі дамыту қабылданатын шаралардың тиімділігіне тұрақты мониторинг пен талдауды, сондай-ақ өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуді талап етеді.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік отбасы саясаты жалпы әлемдік тәжірибеге сәйкес белсенді дамып келеді. Осылайша, ата-аналарды жұмыспен қамту жағдайларының икемділігін арттыру, сондай-ақ отбасы мүшелерін, ең алдымен әйелдер мен балаларды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау үшін заңнамалық негіздер құрылуда.

Отбасы саясатын одан әрі дамытудың негізгі бағыттары: ананы, әкені және баланы қолдауды күшейту, оның ішінде медициналық көмек пен білім беру қызметін жетілдіру; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін қорғаншылық және қамқоршылық мекемелерін дамыту; көп балалы және аз қамтылған отбасыларға арналған әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігін арттыру; әлеуметтік осал санаттағы отбасы мүшелерін кәсіптік оқыту және жұмысқа орналастыру бағдарламаларын кеңейту; психологиялық көмек пен қолдау көрсету шараларын күшейту.

Бұл ретте жетекші әлемдік тәжірибеге сәйкес, монетарлық шаралардан сапалы қызметтер ұсынуға және отбасылық міндеттерді, ең алдымен ата-ананың балаларды тәрбиелеу міндетін экономиканың өнімді жұмысына тиімді үйлестіру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған саясатқа біртіндеп ауысу қажет.

Мемлекеттік отбасы саясаты жеке сектордың кәсіпорындарымен және ұйымдарымен (жұмыс берушілер), азаматтық қоғам құрылымдарымен тығыз серіктестікте жүзеге асырылуы тиіс. Отбасылардың мұң-мұқтажын өздері тыңдап, олармен тиімді екі жақты байланыс орнату қажет.

Қазақстан Республикасының отбасы саясаты заманауи сын-қатерлерге жауап беруге және отбасы мен балаларды дамытудың жаңа трендтеріне сәйкес келуі керек. Мұндай трендтер – отбасы құрылымындағы демографиялық өзгерістер, баланың ерте дамуына инвестиция салудың артуы, АКТ дамуы және оның отбасы мен балаға әсері, сондай-ақ кәсіпорындарды отбасылық саясатты жүзеге асыруға тарту қажеттілігі.

⁶³ Chung, H. (2020). Company-level family policies: who has access to it and what are some of its outcomes? *ThePalgraveHandbookofFamilyPolicy*, 535-573.

⁶⁴ Masuda, A. D., Poelmans, S. A., Allen, T. D., Spector, P. E., Lapiere, L. M., Cooper, C. L., ... & Lu, L. (2012). Flexible work arrangements availability and their relationship with work-to-family conflict, job satisfaction, and turnover intentions: A comparison of three country clusters. *Applied Psychology*, 61(1), 1–29;
Moen, P., Kelly, E. L., Lee, S.-R., Oakes, J. M., Fan, W., Bray, J. & Buxton, O. (2017). Can a flexibility/support initiative reduce turnover intentions and exits? Results from the work, family, and health network. *Social Problems*, 64 (1), 53–85;
Moen, P., Kelly, E. L., Fan, W., Lee, S.-R., Almeida, D., Kossek, E. E., & Buxton, O. M. (2016). Does a flexibility/support organizational initiative improve hightech employees' well-being? Evidence from the work, family, and health network. *American Sociological Review*, 81(1), 134–164.

II ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

■ Бұл тараудың мақсаты – қазіргі Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық портретін қалыптастыру және отбасын жоспарлау, сондай-ақ Қазақстан халқының репродуктивті мінез-құлқы мен денсаулығын талдау.

Осы мақсатқа жету үшін облыстар бойынша отбасылардағы бала саны, отбасылық жағдай, отбасылардың саны мен көлемі, балалы болуды жоспарлап отырған әйелдердің саны бойынша халық санағының нәтижелеріне талдау жүргізілді. Сондай-ақ 2019 жылдан бастап деректер қолда бар кезеңге (2023-2024 жж.) дейін көп балалы және толық емес отбасылар бойынша медициналық-демографиялық көрсеткіштердің серпіні, бала туудың, ана мен бала өлімінің, некеге тұру мен ажырасудың көрсеткіштері талданды. Әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша халық санағының деректері бұрынғы шекаралар бойынша қалыптастырылды, өйткені өзгерістер 2022 жылы халық санағы өткізілгеннен кейін болған.

Халықтың репродуктивті мінез-құлқы түсік жасау, контрацептивтерді қолдану және басқа да статистикалық көрсеткіштер бойынша да, осы баяндама аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша да бағаланды.

2.1. Заманауи Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық портреті

Қазақстан тұрғындары «отбасы» және «неке» ұғымдарын нақты ажыратады. ҚҚДИ жүргізген сауалнаманың нәтижелері бойынша ⁶⁵, Қазақстан халқы үшін отбасы ең алдымен бақыт пен махаббат (44,9%), ұрпақты болу (41,7%) және өмірдің мәні (40,7%) сияқты ұғымдармен байланысты. Бұл ретте респонденттердің 23%-ы отбасы – жауапкершілік пен міндеттемелер, ал 16,7%-ы – біздің қоғамның негізі деп санайды. Респонденттер жауаптарының өңірлік корреляциясы отбасының мәнін түсіну бойынша алғашқы үш анықтаманың негізгісі отбасы мағынасы екенін көрсетеді. Сонымен бірге, Қазақстанның шығыс өңірінің тұрғындары (Абай және Шығыс Қазақстан облыстары) отбасын, ең алдымен, ұрпақ жалғасы ретінде, ал Ұлытау өңірінің тұрғындары жауапкершілік, міндеттемелер ретінде қарастырады. Респонденттердің 7,1%-ы үшін отбасы – жалғыздықтан құтқару. Бұл ретте облыс тұрғындарының арасында осы анықтама бойынша жауаптардың ең аз үлесін Ақмола (0,8%) және Қарағанды (1,1%) облыстарының тұрғындары, ең көп бөлігін Түркістан (15,6%) және Қостанай облыстарының (13,9%) тұрғындары көрсетті (2.1.1-кесте).

2.1.1-кесте. «Сіз үшін отбасы нені білдіреді?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

	Ұрпақ жалғасы	Бақыт, махаббат	Өмірдің мәні	Біздің қоғамның негізі	Жауапкершілік, міндеттемелер	Жалғыздықтан құтқару	Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы	Қорған	Жауап беру қиын
Қазақстан Республикасы	41,7	44,9	40,7	16,7	23,0	7,1	23,2	0,0	0,4
Абай	24,7	66,0	47,4	29,9	36,1	9,3	8,2	0,0	1,0
Ақмола	48,5	43,1	17,7	6,9	3,8	0,8	9,2	0,0	5,4
Ақтөбе	64,0	38,8	62,6	12,2	17,3	2,2	16,5	0,0	0,7
Алматы	26,1	27,0	24,8	13,5	18,0	2,7	46,8	0,5	0,0
Атырау	49,0	45,9	72,4	25,5	31,6	9,2	5,1	0,0	0,0
БҚО	38,5	49,5	45,9	12,8	25,7	4,6	19,3	0,0	0,0
Жамбыл	31,8	27,7	31,8	22,0	16,8	10,4	37,6	0,0	0,0
Жетісу	29,8	40,4	48,1	11,5	14,4	4,8	26,0	0,0	0,0
Қарағанды	41,5	44,7	41,0	16,0	20,7	1,1	17,6	0,0	0,5

⁶⁵ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



	Отбасын құру мақсатында ерлі-зайыптының одағы	Қатынастарды заңдастырғысы келетін тұлғалардың өзара келісімі	Екі адамның ортақ тұрмысы мен жалпы отбасы бюджеті	Материалдық кедергілерді жөнү тәсілі	Неке-отбасы қатынастарын заңдастыру	Бала туу үшін қажетті шарт	Махаббат	Мен тұрмыс құрмағаным, жауап бере алмаймын	Аллаға адал отбасы	Миссия, балалар, дені сау қоғам	Бақыт	Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы	Жауап беру қиын
Павлодар	56,3	25,4	12,7	0,8	3,2	0,8	0,8	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
СҚО	61,3	20,4	10,8	1,1	5,4	1,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Түркістан	59,1	14,1	8,3	3,3	14,9	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,4
Ұлытау	82,4	2,9	11,8	0,0	2,9	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
ШҚО	69,0	16,7	9,5	0,0	4,8	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Астана қ.	49,5	31,0	14,3	1,9	2,4	0,5	0,0	0,5	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Алматы қ.	57,3	16,3	11,2	1,1	10,3	2,9	0,0	0,0	0,0	0,3	0,0	0,6	0,0
Шымкент қ.	52,8	17,2	6,7	1,2	15,3	3,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	3,7	0,0

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Некеге тұрудің маңызды себептері ретінде келесі жауаптар аталды: «Махаббат» – 59,9%, «Көзқарастар мен қызығушылықтар ортақтығы» – 17%, «Баланың дүниеге келуі» – 10,7%, «Ата-анадан тәуелсіз болу» – 5,5%, «Материалдық жағдайды жақсарту» – 5% және «Жоспарланбаған жүктілік» – 1,2%. Сонымен қатар «Бақыт», «Балаларды тәрбиелеу», «Отбасын құруға ұмтылу», «Құрмет», «Әдет» және «Өзара сенім» сияқты себептер тек екі респондент тарапынан таңдалған (2.1.1-сурет).




2.1.1-сурет. «Сіздің ойыңызша, некеге тұрудың маңызды себебі неде?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Респонденттердің тұрғылықты жеріне байланысты, «Ата-анадан тәуелсіз болу» сияқты себеп қала тұрғындары үшін ауыл тұрғындарына қарағанда маңыздырақ. Ал «Материалдық жағдайды жақсарту», керісінше, ауыл тұрғындары үшін маңыздырақ. Жоспарланбаған жүктілік себебінен қала тұрғындары арасында некеге тұру деңгейі ауыл тұрғындарына қарағанда аз ғана айырмашылыққа ие (тиісінше 1,3 % және 1,2 %).

Халық санағының нәтижелері. Халық санағы – бұл халықтың отбасы және неке жағдайы туралы ақпарат жинау үшін халықты толық сауалнамадан өткізетін бірегей ақпарат көзі. Сонымен қатар отбасылардың негізгі әлеуметтік-экономикалық және демографиялық сипаттамалары, оның ішінде құрамы мен мөлшері анықталады.

Неке жағдайы бойынша халық саны. 2021 жылғы халық санағының деректері бойынша 1,9 млн ер адам (30,4 %) және 1,8 млн әйел (25,7 %) ешқашан некеде болмаған. Некеде тұрғандар саны 4,0 млн ер адам және 4,2 млн әйелді құрайды (63,1 % және 58,9 %). Олардың ішінде 393 мың ер адам (6,1 %) және 460,2 мың әйел (6,5 %) үйленсе де, некесін тіркемеген немесе мүлдем некелеспестен бірге тұрады. Бұл көрсеткішті Қазақстанның мемлекеттік статистика органдары алғаш рет анықтады. Тұл қалған ерлер саны әйелдерге қарағанда 4,5 есе аз (тиісінше 130,1 мың және 595,3 мың адам), олардың үлесі ерлер арасында 2%-ды, ал әйелдер арасында 8,4%-ды құрайды. Бұл, ең алдымен, егде жастағы ерлер арасындағы өлім-жітімнің жоғары болуымен байланысты. 287,3 мың ер адам (4,5 %) және 494,3 мың әйел (7%) некесін бұзған немесе ажырасқан (2.1.2-сурет).



2.1.2-сурет. 2021 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша некедегі халық саны, %

Дереккөз: ҚР ХС 2021 жылғы қорытындылары. «Неке және отбасы» статистикалық жинағы


Елдімекен бөлігінде некеде ешқашан болмаған әйелдер мен ерлер саны қалада ауылдық жерлерге қарағанда жоғары. Осындай жағдай некеде тұрғандар арасында да байқалады. Сонымен қатар тұл және ажырасқан ер адамдар саны қалада көбірек. Ауылға қарағанда қалада неке де жиі бұзылады. Ерлер арасында некесіз бірге тұру жағдайы ауылдық жерлерде көбірек болса, қалалық жерлерде әйелдер арасында жиі кездеседі (2.1.3-кесте).

2.1.3-кесте. Елдімекен түрі және жынысы бөлігіндегі неке жағдайы бойынша халық саны, адам

	Бүкіл халық		Қала халқы		Ауыл халқы	
	ер	әйел	ер	әйел	ер	әйел
Ешқашан үйленбеген	1 959 771	1 826 062	1 113 406	1 167 090	846 365	658 972
Үйленген	4 067 682	4 180 934	2 494 223	2 669 518	1 573 459	1 511 416
оның ішінде көрсетілген:						
тіркелген некеде тұрады	3 674 693	3 720 757	2 310 135	2 383 686	1 364 558	1 337 071
тіркелмеген некеде тұрады	392 989	460 177	184 088	285 832	208 901	174 345
Тұл, жесір	130 172	595 280	72 606	360 912	57 566	234 368
Неке бұзылды	287 354	494 328	180 444	344 218	106 910	150 110
оның ішінде көрсетілген:						
Ресми түрде ажырасқан	286 591	493 209	179 973	343 503	106 618	149 706
Ажырасқан	763	1 119	471	715	292	404

Дереккөз: ҚР ХС 2021 жылғы қорытындылары. «Неке және отбасы» статистикалық жинағы.

Неке жағдайы бойынша жыныс-жас пирамидасы (халықтың 15 жастан асқан бөлігі) дерегі барлық жас топтарында некеде ешқашан болмаған адамдардың бар екенін көрсетеді, ал бірге тұру 15 жастан басталады. 2021 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша 15 жасында тіркелмеген некеде тұратындар саны 82 ер адам мен 131 әйелді құрады. 16–17 жас аралығында тіркелген некеде 149 ер адам мен 655 әйел тұрады, ал некесіз бірге тұратындар саны – 399 ер адам мен 2 498 әйел. Кейінгі жас топтарында бірге тұратын ерлер мен әйелдер саны арифметикалық прогрессия бойынша артады. Ажырасқандар негізінен 25–50 жас аралығындағы адамдар болса, жесірлер 50 жастан асқан топта көбірек кездеседі (2.1.3-сурет).



2.1.3-сурет. 2021 жылғы халық санағының нәтижелеріне сәйкес жынысы бөлігіндегі неке жағдайы бойынша халық саны, адам

Дереккөз: ҚР ХС 2021 жылғы қорытындылары. «Неке және отбасы» статистикалық жинағы.

Отбасының мөлшері мен құрамы. Неке жағдайы бойынша халық құрамымен қатар, ХС – отбасының мөлшері мен құрамын анықтайтын жалғыз ақпарат көзі. 2009–2021 жылдар аралығындағы санақаралық кезеңде Қазақстанда отбасы саны 38,7%-ға өсіп, 5 578 947 бірлікті құрады (2009 жылғы санақ нәтижесі бойынша – 4 022 411 бірлік). Отбасы санының өсуіне қарамастан, орташа отбасы мөлшері 2009 жылғы 3,5 адамнан 2021 жылы 3,2 адамға дейін азайды. Еліміздің барлық өңірлерінде отбасы санының өсуі байқалады, бірақ қарқындылығы әртүрлі, алайда отбасы мөлшері азайып келеді.

Отбасы санының ең көп өсуі Астана қаласында (2,5 есе), Алматы қаласында (80,1%-ға), Маңғыстау облысында (76,7%-ға) және Шымкент қаласында (76,4%-ға) тіркелді. Ең аз өсу Солтүстік Қазақстан облысында (3,5%-ға), Шығыс Қазақстан облысында (ескі шекара бойынша – 12,5%-ға), Қарағанды облысында (12,7%-ға) және Қостанай облысында (14,2%-ға) байқалды. Атырау облысынан басқа барлық өңірлерде отбасы саны азайды (2.1.4-кесте).


2.1.4-кесте. Отбасының саны және орташа мөлшері, бірлік

	Отбасы саны		Отбасының орташа мөлшері	
	2009	2021	2009	2021
Қазақстан Республикасы	4 022 411	5 578 947	3,5	3,2
Ақмола	200 712	247 327	3,2	2,9
Ақтөбе	185 907	259 771	3,5	3,3
Алматы	418 896	637 019	3,7	3,3
Атырау	122 096	170 031	3,8	3,8
БҚО	157 561	200 307	3,4	3,2
Жамбыл	249 255	336 207	3,7	3,4
Қарағанды	361 962	407 798	3,2	3,1
Қостанай	240 138	274 339	3,1	2,8
Қызылорда	159 631	189 964	4,0	4,2
Маңғыстау	112 129	197 766	3,9	3,6
Павлодар	204 217	236 933	3,1	3,0
СҚО	170 543	176 538	3,0	2,8

	Отбасы саны		Отбасының орташа мөлшері	
	2009	2021	2009	2021
Түркістан	387 887	508 434	4,2	4,0
ШҚО	380 954	428 731	3,1	2,8
Нұр-Сұлтан (Астана) қ.	144 207	365 741	3,1	3,0
Алматы қ.	351 818	633 675	3,1	2,9
Шымкент қ.	174 498	308 366	3,7	3,3

Дереккөз: ҚР ХС 2021 жылғы қорытындылары. «Неке және отбасы» статистикалық жинағы

2021 жылғы ХС дерегі көрсеткендей, отбасылардың 41,3%-ы екі адамнан, 27,6%-ы үш адамнан, 14,8%-ы төрт адамнан, 8,1%-ы бес адамнан, 4,5%-ы алты адамнан және 3,7%-ы жеті немесе одан да көп адамнан тұрады (2.1.4-сурет).



2.1.4-сурет. Көлемі бойынша отбасы саны, бірлік

Дереккөз: ҚР ХС 2021 жылғы қорытындылары. «Неке және отбасы» статистикалық жинағы

2021 жылғы халық санағының мәліметі бойынша Қазақстанда 3 633 869 балалы отбасы тіркелген. Олардың ішінде 2 млн отбасы (55,8%) – 1 баласы бар, 885 мың отбасы (24,4%) – 2 баласы бар, 404,5 мың отбасы (11,1%) – 3 баласы бар, 212 мың отбасы (5,8%) – 4 баласы бар. Қалғандары – 5 және одан да көп баласы бар отбасылар – 105 мыңды (2,9%) құрайды, бұл 4 баласы бар отбасылар санынан екі есе аз. Сәйкесінше 4 және одан да көп баласы бар көп балалы отбасылар саны 317 мыңнан аспайды, бұл жалпы отбасы санының 8,7%-ын құрайды. Көпбалалы отбасылардың ең үлкен үлесі Түркістан облысына тиесілі – 71,8 мың отбасы немесе барлық көп балалы отбасылардың 22,6%-ы, Алматы облысы (ескі әкімшілік шекаралар бойынша) – 36,1 мың отбасы немесе 11,4%-ы, және Жамбыл облысы – 27,6 мың отбасы немесе 8,7%-ы (2.1.5-кесте). Бұл көрсеткіштер аталған өңірлерде халықтың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұратынымен, халықтың жас тұрғындарының көптігімен (жоғары туу көрсеткіші мен репродуктивті жастағы әйелдердің шоғырлануы) және дәстүрлі репродуктивті ұстанымдармен байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде негізінен қазақтар мен басқа да азия этностарының (өзбектер, тәжіктер, дүнгендер, ұйғырлар, күрдтер және түріктер) ең көп үлесі тұратынын ескеру қажет. Бұл этностар үшін көпбалалы болу мәдениеттің бір бөлігі болып табылады, ал отбасы мен балалар ерекше құндылыққа ие. Көпбалалы болуға тән негізгі қауіптер – қаржылық қиындықтар, әйел-аналар үшін жоғары медициналық тәуекелдер – акушерлік қиындықтар (мерзімінен бұрын босану және жүктілік кезіндегі асқынулар) және эмоционалдық шаршау. Сонымен қатар, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар көбінесе аз қамтылған отбасыларда білім мен медициналық қызметтерге қолжетімділік қиындықтарына кездеседі. Әрине, көп балалы отбасылар мемлекет тарапынан ерекше назар аударуды қажет етеді, және олардың өмір сүру мәселелері бойынша жеке зерттеулер жүргізу қажет.

2.1.5-кесте. Бала саны бойынша отбасыладың өңірлік бөліністегі саны

	Отбасы саны	Бала саны			
		1 бала	2 бала	3 бала	4 немесе одан да көп бала
Қазақстан Республикасы	3 633 869	2 027 110	885 043	404 558	317 158
Ақмола	136 095	80 385	35 537	13 742	6 431



	Отбасы саны	Бала саны			
		1 бала	2 бала	3 бала	4 немесе одан да көп бала
Ақтөбе	177 962	99 149	43 644	21 366	13 803
Алматы	424 054	232 009	105 013	50 908	36 124
Атырау	127 008	59 351	31 896	17 923	17 838
БҚО	123 485	72 056	29 874	13 853	7 702
Жамбыл	237 209	123 851	54 957	30 829	27 572
Қарағанды	234 901	140 551	57 870	23 920	12 560
Қостанай	133 944	83 545	34 624	10 972	4 803
Қызылорда	145 302	60 424	35 683	23 645	25 550
Маңғыстау	152 115	75 599	35 177	19 674	21 665
Павлодар	129 532	81 461	30 664	11 353	6 054
СҚО	85 551	53 944	22 592	6 551	2 464
Түркістан	411 762	186 551	102 085	51 298	71 828
ШҚО	219 062	125 659	58 311	23 172	11 920
Нұр-Сұлтан (Астана) қ.	249 790	154 415	59 123	23 493	12 759
Алматы қ.	408 185	265 819	90 403	35 782	16 181
Шымкент қ.	237 912	132 341	57 590	26 077	21 904

Дереккөз: ҚР ХС 2021 жылғы қорытындылары. «Неке және отбасы» статистикалық жинағы

2009–2021 жылдар аралығындағы санақаралық кезеңде отбасы санының өсуімен қатар, қалалық және ауылдық жерлерде үй шаруашылықтарының санының артуы байқалды. Жалпы өсім 28%-ды құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 33,7%, ауылдық жерлерде – 17,9%. Үй шаруашылықтарының жалпы саны 5,6 млн-ды құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 3,7 млн, ауылдық жерлерде – 1,9 млн. Қазақстанның қазіргі статистикасында нуклеарлық немесе кеңейтілген, сондай-ақ жалғызбасты отбасылар сияқты отбасы түрлері туралы мәліметтер жоқ. Алайда, халық санағы нуклеарлық, жалғызбасты (балалардың әкесі немесе анасы бар), кеңейтілген және құрама үй шаруашылықтарын бағалауға мүмкіндік береді. **Нуклеарлық үй шаруашылығы** – бұл балаларымен немесе баласыз бір ерлі-зайыпты жұптан немесе некеде тұрмайтын балалары бар ата-ананың бірінен тұратын үй шаруашылығы. **Кеңейтілген үй шаруашылығы** – бұл бір нуклеарлық отбасы мен туыстық байланыстағы адамдардан; екі немесе одан да көп туыстық байланыстағы нуклеарлық отбасылардан; екі немесе одан да көп туыстық байланыстағы нуклеарлық отбасылар мен басқа да туыстық байланыстағы адамдардан; туыстық байланыстағы, бірақ ешқандай нуклеарлық отбасы құрмаған адамдардан тұратын үй шаруашылығы. **Құрама үй шаруашылығы** – бұл құрамында туыстық байланысы жоқ адамдар бар үй шаруашылығы ⁶⁶.

Үй шаруашылықтарының жалпы санының өсуімен қатар, **жалғызбасты нуклеарлық үй шаруашылықтарының (отбасылардың), яғни баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған аналар мен әкелердің** саны да артты. 2021 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша, жалғызбасты үй шаруашылықтарының (отбасылардың) саны 780,2 мыңды құрады, ал 2009 жылғы санақта бұл көрсеткіш 520 мың болған. Өсім 260 мың жалғызбасты үй шаруашылығын немесе 50%-ды құрады. Балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған аналар басқаратын жалғызбасты нуклеарлық үй шаруашылықтарының саны балалар тек әкесімен тұратын үй шаруашылықтарына қарағанда 6 есе көп (676,2 мың ана басқаратын үй шаруашылығы және 104 мың әке басқаратын үй шаруашылығы). Жалғызбасты үй шаруашылықтарының 72,3%-ы (563,8 мың) қалалық жерлерге, ал 27,7%-ы (216,4 мың) ауылдық жерлерге тиесілі (2.1.6-кесте).

2.1.6-кесте. Үй шаруашылықтарының түрлері бойынша саны

	Үй шаруашылықтарының саны					
	жалпы		қалалық		ауылдық	
	2009	2021	2009	2021	2009	2021
Барлық үй шаруашылықтары	4 391 759	5 619 605	2 787 825	3 728 612	1 603 934	1 890 993
оның ішінде:						
бір адамнан тұрады	639 890	864 950	508 801	710 773	131 089	154 177
Нуклеарлық	2 321 978	3 005 835	1 441 107	1 917 940	880 871	1 087 895

⁶⁶ Қазақстан Республикасының 2021 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары / «Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтары» статистикалық жинағы – Астана, 2023 / URL: <https://stat.gov.kz/ru/national/2021/>

	Үй шаруашылықтарының саны					
	жалпы		қалалық		ауылдық	
	2009	2021	2009	2021	2009	2021
оның ішінде:						
балалары бар және балалары жоқ ерлі-зайыптылар	1 800 992	2 225 682	1 077 441	1 354 137	723 551	871 545
балалы аналар	452 730	676 253	319 311	490 393	133 419	185 860
балалары бар әке	68 256	103 900	44 355	73 410	23 901	30 490
кеңейтілген	1 311 265	1 564 837	743 028	951 191	568 237	613 646
Құрама	118 626	183 983	94 889	148 708	23 737	35 275

Дереккөз: ҚР ҰХС 2021 жылғы қорытындылары. «Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтары» статистикалық жинағы

Санақаралық кезеңде келесі мәліметтер тіркелді:

Нуклеарлық үй шаруашылықтарының саны 3 млн бірлікті құрады, бұл кеңейтілген үй шаруашылықтарының санынан (1,5 млн) екі есе көп. Кеңейтілген үй шаруашылықтарының саны санақаралық кезеңде 29,5%-ға артты.

Кеңейтілген үй шаруашылықтары 2009 жылмен салыстырғанда 19,3%-ға өсті. Егер 2009 жылы нуклеарлық үй шаруашылықтары жалпы үй шаруашылықтарының 52,9%-ын, ал кеңейтілгендері 29,9%-ын құраса, 2021 жылы нуклеарлық үй шаруашылықтарының үлесі 53,5%-ға дейін өсіп, кеңейтілген үй шаруашылықтарының үлесі 27,8%-ға дейін төмендеді.

Балалары анасымен бірге тұратын **жалғызбасты нуклеарлық үй шаруашылықтарының** саны 223,5 мың бірлікке немесе 49,5%-ға артты. Оның ішінде қалалық жерлерде – 171,1 мың үй шаруашылығы (53,6%-ға), ауылдық жерлерде – 52,4 мың үй шаруашылығына (39,3%-ға) өсті. Балалары әкесімен бірге тұратын үй шаруашылықтарының саны 35,6 мыңға (52,2%-ға) артты, оның ішінде қалалық жерлерде – 29 мың (65,5%-ға), ауылдық жерлерде – 6,5 мың (27,6%-ға).

Нуклеарлық үй шаруашылықтары үлесінің айтарлықтай өсуі және кеңейтілген үй шаруашылықтары үлесінің төмендеуі ауылдық жерлерде ерекше байқалады (тиісінше 2,6 және 2,9 пайыздық тармаққа). Жалғызбасты нуклеарлық үй шаруашылықтарының ең үлкен үлесі Алматы қаласында – жалпы санның 15%-ы, Алматы облысында (ескі әкімшілік шекаралар бойынша) – 11,1%, Шығыс Қазақстан облысында – 9,3% және Қарағанды облысында – 8,9% тіркелген (2.1.6-кесте). ҚҚДИ «Қазақстандағы жалғызбасты отбасылар» зерттеуінің ⁶⁷ нәтижелері бойынша, жалғызбасты отбасылардың негізгі қалыптасу факторлары немесе себептері: ажырасулар, тіркелмеген некелер мен некесіз балалардың болуы, ата-ананың біреуінің қайтыс болуы немесе жесір қалуы және ата-ананың біреуінің (көбінесе әйелдердің) жалғыз болуды саналы түрде таңдауы.

Сарапшылық сұхбат қорытындысы Қазақстанда отбасы мен неке институты ұзақ уақыт бойы трансформация кезеңінде екенін көрсетті. Бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы дәстүрлі неке қатынастары мен отбасындағы үлгілер өзгеруде. Жаһандану бұқаралық ақпарат құралдары, теледидар және әлеуметтік желілер арқылы адамдардың санасына әсер етеді. Бұл процеске халықтың, әсіресе жастардың көші-қон мүмкіндіктері де ықпал етеді. Халықтың санасы мен дүниетанымының өзгеруі Қазақстандағы отбасы институтының трансформациясына әсер етуде. Бұл ретте, Қазақстанның феномені ретінде қоғамның тұтынушылық сипаты сақталып отыр, және көп балалы болуға ұмтылыс жоқ. Осыған байланысты балалар құндылығы төмендеуде.

Сондай-ақ сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда балалардың құндылығы жоғары отбасылар немесе балаларға бағытталған отбасылар қалыптасуда. Бала күтуші институты жақсы дамып келеді, ал тұрмыстық мәселелер (мысалы, тамақ дайындау, тазалау және шаруашылық жүргізу) отбасынан тыс аутсорсингке берілуде. Бұл қызметтерді отбасына мүше емес адамдар атқарады. Гендерлік шекаралар да біртіндеп жойылып, шаруашылық және тұрмыстық міндеттер тең бөлінуде.

Отбасы құрылымында сарапшылар нуклеарлық және көп балалы отбасылар санының артуын атап өтеді, ал кеңейтілген отбасылар, сарапшылардың айтуынша, ауылдық жерлерге, әсіресе елдің оңтүстік өңірлеріне тән. Сонымен қатар отбасы қатынастарында жоғары буынның рөлі өзгеруде, бұл туралы «Қазақстандық отбасылар – 2022» ұлттық баяндамасында да айтылған. Биылғы жылы жүргізілген сарапшылық сұхбаттарда әжелердің немерелерімен уақытты аз өткізу үрдісі байқалады.

«Менің құрдастарымның көпшілігі әже болды немесе болады. Әжелер немерелерінің тәрбиесіне араласпайтынын айтады. Бұрын бұл міндетті болатын. Қазір әжелер санаторийге барғым келеді дейді. Балалар өздері қалай болса, солай жасасын. Мұндай сөздерді естимін. Бұрын бұл мінез-құлық сипаттамасы емес еді. Бұл либералды батыс қоғамдарына тән нәрсе. Менің ойымша, бұл тұтынушылық қоғамның әсері, ол біршама қалыптасқан». (Әлеуметтанушы, Қарағанды қ.)

Өңірлік ерекшеліктерге келетін болсақ, олар оңтүстік, батыс, солтүстік-шығыс өңірлер мен мегаполистер арасында айқын көрінеді, мысалы, Астана мен Алматы қалалары. Елдің үш мегаполисінің бірі – Шымкент

⁶⁷ «Қазақстандағы жалғызбасты отбасылар» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2023 ж.



қаласында дәстүрлі отбасы құрылымының өзгермегендігі байқалады, ол көп балалы болу және гендерлік рөлдердің айқын бөлінуімен сипатталады (бұл жалпы оңтүстік және батыс өңірлерге тән).

Сонымен қатар Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінде «батыс немесе еуропаланған», мұнда гендерлік теңдіктің айқын белгілері көрініс табатын отбасылық дәстүрлер көбірек байқалады.

Сарапшылардың айтуынша жаңа неке түрі – «қонақ неке» пайда болды (guest marriage – қонақ неке: ресми тіркелген неке; жұбайлар бөлек тұрады және аптасына 2-3 рет кездеседі, олардың бөлек тұруы жанжалдасулармен немесе өзара келіспеушіліктермен байланысты емес)⁶⁸. Қонақ неке жұбайлардың әртүрлі қалаларда немесе елдерде тұруынан немесе біреуінің вахталық әдіспен жұмыс істеуінен туындайды. Сонымен қатар сарапшылар тағы бір кең таралған құбылыс ретінде жұбайы өзінен айтарлықтай үлкен болатын некелердің көбеюін атап өтеді. Сарапшылар бұл үрдіс болашақта «трендке» айналып, туу деңгейіне ықпал етеді және бұл елдің демографиялық дамуына теріс әсер етуі мүмкін деп санайды.

Сарапшылардың пікірінше, жастар арасында отбасылық өмірге деген көзқарас өзгеріп, қаржылық тәуелсіздік пен тұрақтылыққа басымдық берілуде. Ал ата-аналар қыздарын тұрмысқа шыққанға дейін өзінің баспанасы болуын қамтамасыз етуге тырысады.

«Жастар арасында бұл, бәлкім, ең алдымен мансапқа деген назар. Көптеген жастар жақсы білім алып, мансап құрып, отбасын құрмай тұрып, қаржылық тәуелсіз және тұрақты болғысы келеді. Жастар тәуелсіз болуды қалайды. Мысалы, қыздарға ата-анасы үй сатып алып беруге тырысады, сонда ол өз үйіне ие болады. Қазір осындай үрдіс бар. Тең құқықты қатынастар. Міндеттерді тең бөлу және т.б.». (Оқытушы, Астана қ.)

Нәтижесінде, біз Қазақстан отбасыларының келесі портретін көреміз:

Жоғары буын қатысуының төмендеуі: нуклеарлық отбасылар санының артуымен бірге жоғары буынның кіші ұрпақты тәрбиелеуге қатысуы азайып, тұрмыстық міндеттерді бөлуде гендерлік рөлдер жойылуда.

Отбасы мөлшерінің өзгеруі: Қазақстан отбасыларының саны артқанымен, олардың орташа мөлшері 2009 жылы 3,5 адамнан 2021 жылы 3,2 адамға дейін қысқарды.

Отбасылар санының өсуі: санақаралық кезеңде (2009–2021 жж.) Қазақстанда отбасы саны 38,7%-ға артты.

Туу мен отбасы құрылымы: отбасылардың жартысынан көбі бір баласы бар, ал көп балалы отбасылар 10%-дан аз. Көп балалы отбасылар негізінен оңтүстік өңірлерде шоғырланған.

Жалғызбасты үй шаруашылықтарының өсуі: жалғызбасты үй шаруашылықтарының саны 50%-ға артты, олардың басым бөлігін әйелдер басқарады. Бұл отбасылар айтарлықтай қысым мен стигматизацияға ұшырайды.

Қоғамның саналы отбасы құруға және байсалды ата-ана болуға деген сұранысы: сапалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттер неғұрлым жас болса, отбасы құру және балаларды жоспарлау мәселелеріне соғұрлым саналы түрде қарайды. Көптеген сұхбатқа қатысушылар неке қиюға дайындалудың қажеттілігін түсінеді.

«Отбасы» және «неке» түсініктерінің айырмашылығы: отбасы махаббат және бақытпен байланысты болса, неке отбасы құру және қатынастарды заңдастырумен байланысты. Неке қию ата-аналардан бөліну және материалдық жағдайды жақсарту құралы ретінде қарастырылады.

Некеге тұрудың негізгі себептері: көптеген респонденттер үшін некеге тұрудың негізгі себептері – эмоциялық факторлар: махаббат – 59,9%, көзқарастар мен қызығушылықтардың ортақтығы – 17%, бұл кейіннен некенің тұрақтылығына оң әсер етуі мүмкін.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың бірге тұруы: кәмелетке толмағандардың 15 жастан бастап, әсіресе қыздар арасында бірге тұруы әлеуметтік және медициналық қауіптерге әкеледі. Бұл мәселені шешу үшін кешенді тәсіл қажет.

Отбасылық өмірдегі жаңа үрдістер: балаларға бағытталған отбасылардың дамуы, бала күтушілер институты мен тұрмыстық міндеттерді аутсорсингке беру отбасы ішіндегі қатынастар мен рөлдерді қайта бөлу процесін көрсетеді.

Неке-отбасы қатынастарындағы трансформация жалғызбасты үй шаруашылықтары санының артуымен және жаңа неке түрінің пайда болуымен сипатталады – қонақ неке, бұл негізінен жұбайлардың әртүрлі қалаларда/елдерде тұруымен немесе біреуінің вахталық әдіспен жұмыс істеуімен байланысты. Сарапшылық сұхбат көрсеткендей нуклеарлы отбасылардың көбеюімен бірге жоғары буынның кіші ұрпақты тәрбиелеуге қатысуы азайып, тұрмыстық міндеттер мен шаруашылық жүргізуде гендерлік рөлдер жойылуда. Сонымен қатар балаларды тәрбиелеуге бала күтушілерді тарту және тұрмыстық мәселелерді аутсорсингке беру (клининг компаниялары мен басқа да қызметтерді пайдалану) кеңінен таралуда.

Санақаралық кезеңде отбасы құрылымы (2009–2021 жылдар) Қазақстан отбасыларының саны артқанымен, олардың орташа мөлшері 3,5 адамнан 3,2 адамға дейін қысқарды. Туу көрсеткіші 2023 жылға дейін өскеніне қарамастан, Қазақстандағы отбасылардың жартысынан көбінің бір баласы бар. Көпбалалы отбасылар жалпы отбасы санының 10%-дан азын құрайды. Көпбалалы отбасылар көбінесе Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде, мысалы Түркістан және Жамбыл облыстарында шоғырланған. Сонымен қатар кеңейтілген отбасылар/үй шаруашылықтары Қазақстанда нуклеарлық отбасылардан екі есе аз.

⁶⁸ Collins English Dictionary / URL: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/wedding-guest>

Бүгінгі таңда Қазақстан отбасылары жеке тұлғалыққа бет бұруда. Қазіргі уақытта Қазақстан үшін жартылай нуклеаризация тән – заманауи үрдістер нуклеарлық отбасылардың артуына әкеліп соқты, бірақ дәстүрлі негіздер әлі де берік.

2.2. Отбасын жоспарлау процесі және халықтың репродуктивті мінез-құлқы талдауы

Отбасын жоспарлау – халықтың репродуктивті мінез-құлқының негізгі құрамдас бөлігі. «Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасын дайындау аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша 10,7% респондент үшін балалардың тууы некеге тұрудың негізгі себебі болып табылады.


ДДСҰ мәліметтері бойынша «әлемде 1,9 млрд репродуктивті жастағы (15–49 жас) әйел бар, олардың 1,1 млрд отбасын жоспарлау қызметтеріне мұқтаж. Олардың 874 млн заманауи контрацепция әдістерін қолданады, ал 164 млн контрацептивтерге қолжетімділігі жоқ»⁶⁹.

Тұрақты даму мақсаттарының үшінші мақсаты – «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық мәселелерін дамытуға бағытталған, оның мақсатты көрсеткіштеріне халықтың репродуктивті денсаулығы мен өлім-жітім деңгейі, мысалы ана өлімінің коэффициенті, нәресте өлімінің, бес жасқа дейінгі балалардың өлім-жітім, неонатальды өлім-жітім деңгейі, жаңа АИТВ-инфекцияларының саны және басқа да көрсеткіштер кіреді.

Қазақстанда отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық мәселелері – тек денсаулық сақтау жүйесін дамыту ғана емес, сонымен қатар қоғамдық дамудың маңызды мәселелерінің бірі. Осы жылдың 24-28 маусым аралығында ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен алғаш рет Халықтың репродуктивті денсаулығын қорғауға арналған апталық өткізілді. Бұл іс-шараның өткізілуі қажеттілігіне негіз болған факторлар қатарында жасөспірімдердің жыныстық өмірінің ерте басталуына, жоспарланбаған жүктілікті алдын алу әдістеріне және жасөспірімдер арасында жыныстық жолмен берілетін инфекциялар мен жаңа АИТВ-инфекцияларының таралу деңгейінің артуына қатысты ақпараттандырылу деңгейінің төмендігі болды⁷⁰.

Репродуктивті жүйе ауруларының алдын алудың маңызды шараларының бірі – репродуктивті денсаулықты қорғау саласындағы мамандардың тексерулерінен уақытылы өту. Өткен жылы репродуктивті жастағы әйелдер саны 1,2%-ға артты.

Осы зерттеу аясында ҚҚДИ жүргізген әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері репродуктивті денсаулық саласындағы мамандардың қызметтерін пайдалану деңгейінің төмендегенін көрсетеді. Биылғы жылы респонденттердің тек 39,5%-ы осы қызметтерді пайдаланған (2022 ж. – 44,8%⁷¹). Қалалық жерлерде – 39,6%, ауылдық жерлерде – 39,2%. Бұл қызметтерді пайдаланбаған респонденттердің үлесі 59,8%-ды құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 59,6%, ауылдық жерлерде – 60,1%. Жауап беруге қиналғандар саны 0,7%. Қызметтерге қанағаттанушылық Лайкерт шкаласы бойынша 3,85 баллды құрады, бұл орташа деңгейден жоғары, бірақ жеткілік түрде жоғары емес екенін көрсетеді. Сонымен қатар ауылдық жерлерде қанағаттанушылық қалалық жерлерге қарағанда жоғары. Маңғыстау облысында респонденттердің 66%-ы және Ақтөбе облысында респонденттердің 63,3%-ы репродуктивті денсаулық қызметтерін пайдаланған, ал Ақтөбе облысы респонденттерінің 22,4%-ы және Астана қаласы респонденттерінің 25,2%-ы мамандарға жүгінген (2.2.1-сурет).



2.2.1-сурет. «Соңғы 5 жылда репродуктивті денсаулық сақтау саласында қандай да бір қызметтерді пайдаландыңыз ба?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

⁶⁹ Всемирная организация здравоохранения. Планирование семьи: контрацепция / URL: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/family-planning-contraception>

⁷⁰ Охрана репродуктивного здоровья населения. / URL: <https://ultcom.kz/tpost/b18vrelxo1-ohrana-reproduktivnogo-zdorovya-naseleni>


⁷¹ «Қазақстандық отбасылар - 2022» ұлттық баяндамасы. ҚҚДИ – Астана, 2022.



Репродуктивті денсаулықты қорғау қызметтерін пайдалану деңгейінің төмендеуі тек қызметтерді пайдаланушыларға ғана емес, сонымен қатар олардың теріс салдары баланың денсаулығы мен дамуы анысының денсаулығына тікелей байланысты болғандықтан жаңа туған нәрестелер мен балалар арасында аутизмдунды аурулардың таралуы, бедеулік, нәресте мен ана өлімінің көбеюі және басқа да себептерге әсер етуі мүмкін.

Қазақстан отбасылары репродуктивті денсаулық саласындағы мамандардың қызметтеріне жиі жүгінбегеніне қарамастан, 73,5% респонденттер бала тууды жоспарлаудың қажеттігін қолдайды, 20,1%-ы бұл қажеттілікті сезінбейді, ал қалғандары жауап беруге қиналды. Қалалық жерлерде респонденттердің 77%-ы жүктілікті жоспарлау және балаларды жоспарлау қажет деп санайды, ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш 67,3%-ды құрайды. 2022 жылғы алдыңғы сауалнама нәтижелерімен салыстырғанда жоспарлау деңгейі өзгермеген.

Абай облысынан 99%, Ұлытау облысынан 97,1%, Қостанай облысынан 87,5%, Ақтөбе облысынан 82% және Алматы қаласынан 83,7% респонденттер бала тууды жоспарлаудың маңыздылығын атап өткен. Ақтөбе облысынан басқа осы аймақтарда туу көрсеткіші төмен деңгейде қалып отыр.



2.2.2-сурет. «Сіздің ойыңызша, бала тууды жоспарлау қажет пе, әлде қажет емес пе?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Көптеген респонденттер жүктілікті жоспарлау қажет деп санаса да, тек респонденттердің 17%-ы жүктілікті әрқашан үнемі жоспарлап, медициналық тексеруден өтеді. Бірінші баланы жоспарлап, жұбайымен/серіктесімен бірге медициналық тексеруден өткендер үлесі – 16,8%, медициналық тексеруден өтуді жоспарлайтындар – 10,2%. Жалпы саналы және жоспарланған жүктілік респонденттердің 44%-на тән, ал 30,5%-ының жүктілік кезінде медициналық тексеруден өту қажеттілігі туралы түсініктері болмаған. Респонденттердің 24%-ы балалы болуды жоспарламайды (жалпы, сауалнама жүргізілген уақытта бала жоспарламаған), бірақ бұл «чайлдфри» (childfree) құбылысы емес, өйткені бұл тек бірінші балаға ғана қатысты емес, жалпы жағдайға байланысты. Өңірлер бөлінісінде медициналық тексеруден ең көп өткен немесе өтуді жоспарлап отырған респонденттер Ұлытау облысында (82,4%), Абай облысында (79,4%), Жетісу облысында (68,3%) және Астана қаласында (63,3%) тіркелген. Балалы болуды жоспарламайтын респонденттер саны Ақмола облысында – 46,2%, Жамбыл облысында – 44,5% (2.2.1-кесте).


2.2.1-кесте. «Сіз және сіздің жұбайыңыз (жұбайыңыз) жүктілікті жоспарлау кезінде медициналық тексеруден өтті ме?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

	Иә, біз жүктілікті үнемі жоспарлаймыз	Тек бірінші баланы жоспарлаған болатынбыз	Жоқ, бірақ жақын арада жоспарламаймын	Жоқ, бұл жайлы білмеймін	Жоқ, балалы болуды жоспарламаймын	Үйленбеген/тұрмыс құрмаған	Жауап беру қиын
Қазақстан Республикасы	17,0	16,8	10,2	30,5	24,0	0,1	1,3
Абай	36,1	24,7	18,6	17,5	3,1	0,0	0,0
Ақмола	13,1	9,2	14,6	16,2	46,2	0,0	0,8
Ақтөбе	30,9	16,5	10,8	5,0	32,4	1,4	2,9
Алматы	9,9	19,4	4,5	35,1	29,7	0,5	0,9
Атырау	14,3	15,3	5,1	49,0	15,3	0,0	1,0
БҚО	14,7	17,4	9,2	41,3	17,4	0,0	0,0
Жамбыл	4,0	6,9	5,8	37,0	44,5	0,0	1,7
Жетісу	18,3	38,5	11,5	15,4	16,3	0,0	0,0
Қарағанды	20,2	4,8	14,4	41,5	19,1	0,0	0,0
Қостанай	18,8	16,7	9,0	38,9	16,7	0,0	0,0

	Иә, біз жүктілікті үнемі жоспарлаймыз	Тек бірінші баланы жоспарлаған болатынбыз	Жоқ, бірақ жақын арада жоспарламаймын	Жоқ, бұл жайлы білмеймін	Жоқ, балалы болуды жоспарламаймын	Үйленбеген/тұрмыс құрмаған	Жауап беру қиын
Қызылорда	7,8	12,9	10,3	33,6	35,3	0,0	0,0
Маңғыстау	10,7	15,5	17,5	23,3	28,2	0,0	4,9
Павлодар	8,7	18,3	14,3	30,2	28,6	0,0	0,0
СҚО	11,8	15,1	5,4	45,2	22,6	0,0	0,0
Түркістан	24,6	14,1	8,0	37,3	12,3	0,0	3,6
Ұлытау	41,2	23,5	17,6	8,8	8,8	0,0	0,0
ШҚО	19,0	11,9	10,3	24,6	33,3	0,8	0,0
Астана қ.	14,3	37,6	11,4	22,4	13,8	0,0	0,5
Алматы қ.	18,6	12,0	9,2	29,8	29,5	0,0	0,6
Шымкент қ.	17,2	20,2	9,8	33,1	12,9	0,0	6,7

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Респонденттердің 47%-ы репродуктивті жүйені медициналық тексеруден өту үшін мемлекеттік медициналық ұйымдарға, 29,8%-ы мемлекеттік және жеке клиникаларға, 17,8%-ы жеке клиникаларға, 1%-ы шетелдік емханаларға барған.



2.2.3-сурет. «Сіздің ойыңызша, ана денсаулығын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік саясат жеткілікті тиімді ме?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Репродуктивті денсаулықты, ана болу және баланы қорғау бойынша мемлекет тарапынан қабылданған шаралар ерекше маңызға ие. Респонденттердің 57,5%-ы мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан ана болу және баланы қорғау саясатының жеткілікті тиімді екенін атап өтті. 17,3% респондент бұл саясаттың толық тиімді екенін, ал 26,5%-ы оның тиімсіз екенін көрсетті. 5,5% респондент толық қанағаттанбағандықтарын айтты. Ауылдық жерлерде жүргізіліп жатқан саясатқа қанағаттанушылық деңгейі қалалық жерлерге қарағанда 12,4 пайыздық тармаққа жоғары болды, ол 65,5%-ды құрады, ал қалада қанағаттанбаушылық деңгейі жоғары. Өңірлер бөлінісінде ана болуды және баланы қорғау саясатына ең жоғары қанағаттанбаушылық Маңғыстау облысында (52,4%), Қарағанды облысында (53,2%), Батыс Қазақстан облысында (37,6%) және Ақмола облысында (35,4%) тіркелді (2.2.3-сурет).

Ана болу және баланы қорғау саясатына қанағаттанудың орташа деңгейден жоғары болуы осы саясатты іске асыру бойынша қабылданған шаралар нәрсесте өлімінің 2019 жылғы 1000 тірі туылғанға шаққанда 8,31-ден 2023 жылғы бірінші жартыжылдықта 7,69-ға дейін төмендеуіне ықпал етуімен байланысты болуы мүмкін. 2024 жылы бұл көрсеткіш 1000 тірі туғандарға шаққанда 7,74 құрады. Сонымен қатар туу деңгейі ең жоғары жыл ковид жылы болды, дегенмен 2021 жылы нәрсесте өлімінің ең жоғары көрсеткіші тіркелді.

Нәрсесте өлімінің негізгі себептері (2024 жылдың бірінші жартыжылдығына сәйкес деректер бойынша):

- перинаталды кезеңде пайда болатын жағдайлар – 44%
- туа біткен аномалиялар – 17%
- дене мүшелерінің аурулары – 10%
- инфекциялық және паразитарлық аурулар – 10%⁷²

⁷² ҚР СЖРА ҰСБ дерегі: «2024 жылғы қаңтар-маусымдағы Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы» статистикалық жинағы / URL: www.stat.gov.kz.



БҚО-дан басқа Қазақстанның қалған өңірлерінде мемлекет тарапынан ана болу және баланы қорғау саясатының тиімді еместігін сезінетін тұрғындар арасында нәресте өлімінің деңгейі төмен. 2019–2023 жылдар аралығында, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Павлодар Жетісу облыстары, әсіресе Атырау облысында, сондай-ақ Астана қаласында нәресте өлімі деңгейінің төмендегені байқалды. 2023 жылы ең жоғары көрсеткіштер тіркелген облыстар: Ақтөбе, Алматы, Қостанай, Қызылорда, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары. Сонымен қатар Солтүстік Қазақстан облысында соңғы жылдары халықтың табиғи азаюы байқалады, бұл аймақтың туу көрсеткіші ең төмен деңгейде (ТЖК – 1,9). Солтүстік Қазақстан облысындағы респонденттердің 45%-ының жүктілікке дайындық және медициналық тексеруден өту қажеттілігі туралы түсініктері жоқ, бұл облыстағы нәресте өлімінің жоғары деңгейін түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы көрсеткіштер аналар денсаулығының нашарлығымен байланысты болуы мүмкін.

2.2.2-кесте. 1000 тірі туылғандарға шаққанда облыстар бойынша нәресте өлімі көрсеткішінің динамикасы

	2019	2020	2021	2022	2023	2024 ж. 6 айы
Қазақстан Республикасы	8,31	7,69	8,38	7,76	7,69	7,74
Абай	7,10	6,93	7,84	5,17	6,32	9,86
Ақмола	7,36	6,51	5,40	5,54	6,42	6,03
Ақтөбе	8,55	8,40	10,21	8,50	9,47	11,54
Алматы	7,13	7,75	7,08	9,31	8,65	9,65
Атырау	11,19	9,20	8,82	8,06	8,16	7,86
БҚО	7,09	9,18	7,64	8,44	8,36	7,67
Жамбыл	8,91	6,67	7,30	7,22	7,95	8,62
Жетісу	8,00	7,00	7,44	6,66	8,40	8,56
Қарағанды	8,44	7,97	8,61	7,81	6,04	6,21
Қостанай	9,57	10,40	10,73	11,16	9,10	10,83
Қызылорда	9,21	10,64	9,44	9,40	8,45	8,29
Маңғыстау	9,08	8,07	9,05	8,00	8,31	7,13
Павлодар	6,83	5,78	6,81	7,43	7,55	8,81
СҚО	9,61	8,86	10,26	11,04	8,61	6,61
Түркістан	8,48	7,05	7,62	8,16	8,04	7,85
Ұлытау	8,16	10,24	9,26	8,29	6,50	10,04
ШҚО	9,59	7,94	7,68	7,83	7,82	6,07
Астана қ.	6,00	5,20	7,61	5,29	6,03	4,87
Алматы қ.	7,91	7,54	10,41	5,03	5,99	6,28
Шымкент қ.	9,53	8,02	9,42	7,36	7,76	6,34

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстандағы ана өлімі коэффициентінің динамикасы 2019–2023 жылдар аралығында және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында көрсеткендей, ең жоғары ана өлімі көрсеткіштері беби-бум жылдары (2020–2022) – COVID-19 пандемиясы кезеңінде тіркелгенін көрсетті. Ковидтен кейінгі кезеңде, 2022 жылдан бастап, ана өлімінің көрсеткіші төмендей бастады, тіпті ковидке дейінгі кезеңмен салыстырғанда төмен болды, ал 2023 жылы ол 100 мың тірі туылғанға шаққанда 11,4 құрады (2022 жылмен салыстырғанда 33%-ға төмендеу). 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында да ана өлімінің коэффициенті 100 мың тірі туылғанға 11,4 болды. Ана өлімінің төмендеуі туу көрсеткішінің төмендеуімен тығыз байланысты, себебі 2023 жылы туу деңгейі 2022 жылмен салыстырғанда 3%-дан астамға төмендеді. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Абай, Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында ана өлімі тіркелмеген. Ана өлімінің ең жоғары деңгейі Ұлытау және Қостанай облыстарында байқалады, мұнда көрсеткіш республикалық деңгейден 4 есе жоғары (2.2.3-кесте).

2.2.3-кесте. Өңірлер бойынша 100 000 тірі туылғандарға шаққандағы ана өлімі коэффициентінің динамикасы (тұрғылықты жері бойынша жүкті әйелдердің, босанатын әйелдердің және босанған әйелдердің қайтыс болу санына байланысты)

	2019	2020	2021	2022	2023	2024 ж. 6 айы
Қазақстан Республикасы	13,7	36,5	44,7	17,0	11,4	11,3
Абай			0,0	29,0	41,9	0,0
Ақмола	17,2	25,5	40,5	17,7	28,7	0,0
Ақтөбе	4,9	70,3	53,9	14,7	10,2	32,8
Алматы	25,4	30,4	51,9	10,5	3,7	13,1
Атырау	17,8	50,6	110,0	40,9	24,3	0,0
БҚО	7,6	21,9	63,3	23,8	0	17,5
Жамбыл	11,8	28,9	27,8	11,8	16,3	17,6
Жетісу			0,0	30,7	16,3	52,3
Қарағанды	39,5	51,5	50,5	22,2	5,9	12,7
Қостанай	26,6	94,4	54,2	19,2	20,8	43,8
Қызылорда	5,3	56	43,0	29,2	10,3	0,0
Маңғыстау	4,9	36,8	38,8	13,9	9,6	0,0
Павлодар	0	25,7	26,1	37,3	0	0,0
СҚО	0	76,7	49,6	0,0	19,1	0,0
Түркістан	9,3	16,3	23,1	5,2	3,7	8,0
Ұлытау			0,0	101,5	27,1	48,2
ШҚО	23,4	45	71,2	10,1	33,9	0,0
Астана қ.	3,3	19,2	14,9	15,0	9,1	6,6
Алматы қ.	15,4	23	53,8	10,0	16,3	9,7
Шымкент қ.	7,1	53,3	44,9	16,1	0	6,8

Дереккөз: ҚР ДМ

Қазақстанда 2023 жылы ана мен нәресте өлімінің төмендеуіне қарамастан, 5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімі 1,5%-ға артты, бұл көрсеткіш 1000 туылғанға шаққанда 10,03 құрады. 2023 жылы 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің ең жоғары көрсеткіші келесі облыстарда тіркелді: Ақтөбе облысы (11,56), Солтүстік Қазақстан облысы (11,52), Қызылорда облысы (11,39), Алматы облысы (11,25), Түркістан облысы (11,08), Жетісу облысы (11,26). Ең төменгі көрсеткіштер Алматы (7,75) және Астана (7,55) қалаларында тіркелді. 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда балалар өлімінің ең жоғары өсуі Ақмола облысы мен Алматы қаласында байқалды, ал ең үлкен төмендеу Қостанай облысында тіркелді (2.2.4-кесте).

2.2.4-кесте. Өңірлер бойынша 1000 тірі туылғанға шаққандағы 5 жасқа дейінгі бала өлімінің динамикасы

	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	10,52	9,28	9,90	9,88	10,03
Абай	9,23	7,92	8,84	7,66	8,06
Ақмола	8,48	8,56	6,62	6,92	8,53
Ақтөбе	10,30	9,44	11,47	10,93	11,56
Алматы	9,24	9,14	8,45	12,04	11,25
Атырау	12,90	10,22	10,37	10,26	10,58
БҚО	8,61	10,90	8,57	9,73	9,74
Жамбыл	11,47	8,61	8,93	9,54	10,32
Жетісу	10,99	8,98	8,67	10,91	11,26
Қарағанды	10,51	9,19	9,32	10,05	8,14
Қостанай	11,71	12,51	12,18	12,94	10,75
Қызылорда	12,97	13,41	11,53	12,61	11,39
Маңғыстау	11,21	9,39	10,72	9,78	10,92
Павлодар	8,14	7,05	8,23	9,10	9,25
СҚО	11,64	10,47	12,33	12,76	11,52
Түркістан	11,67	9,10	9,71	10,86	11,08
Ұлытау	11,19	12,27	11,49	11,56	9,96



	2019	2020	2021	2022	2023
ШҚО	11,03	9,23	8,62	10,02	9,52
Астана қ.	7,76	6,23	8,70	7,26	7,55
Алматы қ.	9,42	8,86	12,22	6,45	7,75
Шымкент қ.	11,58	9,46	10,95	9,58	10,41

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанда 184,7 мың бала дүниеге келді, олардың 57,7%-ы немесе 95,4 мыңы – ұл бала, 48,3%-ы немесе 89,2 мыңы – қыз бала. Қалалық жерлерде 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 110,1 мың бала туылды, бұл жалпы туылғандардың 59,6%-ын құрады, ал 40,4%-ы немесе 74,6 мың бала қалалық жерлерде дүниеге келді⁷³.

2020 және 2021 жылдары бейби-бум байқалды, сол кезеңде барлығы 873,3 мың бала туылды. Алайда, ковидтен кейінгі кезеңде туылғандар санының төмендеуі басталды. 2023 жылы, өткен жылмен салыстырғанда, туылғандар саны 3,8%-ға төмендеп, 388,4 мың адамды құрады. Бұл төмендеу барлық өңірлерде байқалды. Туылғандар санының азаюы Шығыс Қазақстан облысында (8,1%) және Павлодар облысында (7,7%) болды. 2022 жылы Шығыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстарында туылғандар санының күрт төмендеуі, өткен жылдармен салыстырғанда, әкімшілік-аумақтық өзгерістермен байланысты болды, себебі осы облыстардан Абай, Жетісу және Ұлытау облыстары бөлініп шықты (2.2.5-кесте).


2.2.5-кесте. Өңірлер бойынша тірі туылған балалар санының динамикасы, адам

	2019	2020	2021	2022	2023	2024 ж. 6 айы
Қазақстан Республикасы	402 310	426 824	446 491	403 893	388 428	184 673
Абай	-	-	-	10 833	9 930	4 767
Ақмола	12 265	12 506	12 856	11 561	10 901	5 138
Ақтөбе	20 493	21 287	22 153	19 302	19 206	9 097
Алматы	50 502	54 355	55 186	34 979	33 607	16 168
Атырау	16 980	18 002	18 428	17 161	16 548	7 629
БҚО	13 130	13 670	14 241	12 536	12 010	5 739
Жамбыл	27 041	29 171	30 475	26 723	25 872	12 184
Жетісу	-	-	-	14 111	13 325	6 307
Қарағанды	23 034	23 423	23 987	16 812	16 343	7 733
Қостанай	11 448	11 671	11 174	10 355	9 670	4 615
Қызылорда	19 347	21 780	23 682	20 769	20 010	9 410
Маңғыстау	20 459	21 734	23 349	21 581	20 780	9 816
Павлодар	11 558	11 771	11 667	10 655	9 838	4 540
СҚО	6 872	6 879	6 489	5 879	5 554	2 571
Түркістан	55 738	61 258	65 059	58 214	55 775	26 499
Ұлытау	-	-	-	4 586	4 416	2 092
ШҚО	21 854	22 514	23 061	9 483	8 718	4 286
Астана қ.	28 736	29 565	31 395	30 302	29 415	14 381
Алматы қ.	34 308	35 526	37 922	36 110	35 488	17 190
Шымкент қ.	28 545	31 712	35 367	31 941	31 022	14 511

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда туылған нәрестелер санының төмендеуіне қарамастан, әлі де болса дәстүрлі ұрпақ жалғастыру түрі – кеңейтілген ұдайы өсу әлі де сақталған. 2023 жылы туудың жиынтық коэффициенті (ТЖК) репродуктивті жастағы 1 әйелге шаққанда (15-49 жастағы) туылған балалар саны 3-ті құрады. Қалалық жерлерде ТЖК ауылдық жерлерге қарағанда төмен (3,6-ға қарсы 2,6). Дегенмен бұл көрсеткіш халықтың ұдайы өсуін жалғастыруды қамтамасыз ету деңгейінен (әр әйелге шаққанда 2,1 туу) жоғары болып қала береді. Бес жыл кезеңінде ТЖК өсуі 2020-2021 жылдары байқалды, бұл 80-жылдары дүниеге келген әйелдердің үшінші және одан көп бала тууының артуымен байланысты болды. Сонымен қатар бірінші және екінші баланың саны мен олардың үлесі өткен жылдармен салыстырғанда төмендеуде. Қазақстанның үш өңірінде ТЖК ұдайы өсу деңгейінен төмен, яғни оларда ұдайы өсудің шектелуі байқалады: Солтүстік Қазақстан облысы (1,8), Қостанай облысы (1,9), Алматы қаласы (2,0). Шығыс Қазақстан облысы халықтың ұдайы өсуінің қарапайым деңгейінде тұр (2,1). Осы кезеңде ТЖК көрсеткіші 21,7-ден 19,5-ке дейін төмендеді (2.2.4-сурет).


⁷³ ҚР СЖРА ҰСБ дерегі: «2024 жылғы қаңтар-маусымдағы Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы» статистикалық жинағы / URL: www.stat.gov.kz.



2.2.4-сурет. Туудың жиынтық коэффициенті

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2019-2023 жылдар кезеңінде әйелдің туу кезіндегі орташа жасы 28,9-дан 29,7-ге, қалада – 29,2 жастан 30,1 жасқа, ауылдық жерде – 28,5 жастан 29,2 жасқа өсті. Қала тұрғындары арасында көрсеткіштің өсуі 0,9 жасты құраса, ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш 0,7 жасты құрады, ал жалпы халық арасында 0,8 жасқа артты.



2.2.5-сурет. Алғаш рет босанудағы орташа жас

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2021 жылғы ХС нәтижелері бойынша бала тууды жоспарлайтын әйелдердің саны анықталды. Барлығы 4,5 млн репродуктивті жастағы әйелдердің ішінде 1 024 911 әйел (22,6%) бала тууды жоспарлайтынын мәлімдеді, олардың көпшілігі бір-екі бала тууды қалайды. Олардың ішінде: 36 367 797 әйел 1 бала, 290 848 әйел 2 бала, 178 651 әйел 3 бала, 126 153 әйел 4 бала, 61 462 әйел 5 және одан да көп бала тууысы келеді. Баланы жоспарлайтын әйелдердің ең көп үлесі Алматы қаласында (13,5%), Алматы облысында (ескі әкімшілік шекаралар бойынша – 9,8%) және Астана қаласында (8,8%) тіркелген. Балалы болуға ең аз тілек білдіргендер қатарында Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары – 2,4% болды (2.2.6-кесте).

2.2.6-кесте. Өңірлер бойынша балалы болуды жоспарлаған әйелдер саны, адам

	Балалы болуды жоспарлаған әйелдер саны	оның ішінде:				
		1 бала	2 бала	3 бала	4 бала	5 немесе одан да көп бала
Қазақстан Республикасы	1 024 911	367 797	290 848	178 651	126 153	61 462
Ақмола	35 680	13 174	10 697	5 849	4 053	1 907
Ақтөбе	43 340	15 866	12 253	7 157	5 423	2 641
Алматы	100 945	37 969	28 796	16 904	12 081	5 195
Атырау	35 681	13 387	10 038	6 230	4 249	1 777
БҚО	31 923	11 648	9 514	5 197	3 674	1 890
Жамбыл	66 478	23 049	18 370	11 715	8 853	4 491



	Балалы болуды жоспарлаған әйелдер саны	оның ішінде:				
		1 бала	2 бала	3 бала	4 бала	5 немесе одан да көп бала
Қарағанды	75 764	27 300	21 643	13 744	8 959	4 118
Қостанай	40 348	14 803	11 479	6 809	4 764	2 493
Қызылорда	45 426	15 567	12 379	8 081	6 125	3 274
Маңғыстау	33 513	12 223	9 720	5 465	4 064	2 041
Павлодар	37 357	13 700	11 190	6 135	4 172	2 160
СҚО	24 744	9 093	7 493	4 015	2 763	1 380
Түркістан	87 464	32 356	25 188	14 366	11 049	4 505
ШҚО	68 525	25 032	19 650	12 371	7 857	3 615
Нұр-Сұлтан (Астана) қ.	89 789	30 928	24 539	16 679	11 557	6 086
Алматы қ.	138 150	47 930	38 733	25 372	17 140	8 975
Шымкент қ.	69 784	23 772	19 166	12 562	9 370	4 914

Дереккөз: ҚР ХС 2021 жылғы қорытындылары. «Неке және отбасы» статистикалық жинағы

Жас топтары бойынша 15–24 жас аралығында балалардың дүниеге келуін жоспарлау көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен, ал үлкен жас топтарында бұл көрсеткіш жоғары. Баланың дүниеге келуін жоспарлап отырғандардың ең үлкен үлесі (33,4%) 35–39 жас аралығындағы адамдарға тиесілі, олар – 1982–1986 жылдары дүниеге келген ұрпақ. Ең төменгі үлес (7,1%) 45–49 жас аралығындағы топқа тән⁷⁴.

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 24,3%-ы 1–2 бала, 9,1%-ы үш бала, ал 10,5%-ы төрт және одан да көп бала жоспарлайтыны анықталды. Сауалнамаға қатысқандардың 3,9%-ы мүлдем бала сүйгісі келмейтінін білдірді (қалада – 4,5%, ауылда – 3%). Қалада да, ауылда да сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі қазіргі балаларынан басқа балалы болуды жоспарламайды. Барлық жас топтарында, жас ұлғайған сайын балалы болуға деген құштарлық төмендейді. Репродуктивті жастағы жас (18–28 жас) респонденттердің 4,2%-ы бала сүйгісі келмейтінін, ал балалары барлардың 7,3%-ы болашақта бала жоспарламайтынын көрсетті. Бір бала жоспарлайтындар – 11,6%, екі бала – 31,2%, үш бала – 21,4%, ал төрт және одан да көп бала жоспарлайтындар – 23,1% (2.2.7-кесте).

2.2.7-кесте. «Нақты өмірлік жағдайларыңызды ескере отырып, болашақта балалы болуды жоспарлайсыз ба?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

	Барлығы	Қала	Ауыл
Бір	11,3	12,1	10,1
Екі	13,0	12,6	13,7
Үш	9,1	8,9	9,4
Төрт немесе одан да көп	10,5	9,1	12,9
Болашақта қазіргі балаларымнан басқа балалы болғым келмейді.	51,3	52,4	49,5
Балалы болғым келмейді	3,9	4,5	3,0
Жауап беру қиын	0,9	0,5	1,5

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

2021 жылғы ХС қорытындылары мен ҚҚДИ жүргізген әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері Қазақстанда әйелдердің репродуктивті көзқарастары бала санының азаюына әсер ететіндігін көрсетті. Баланы дүниеге әкелудің орташа жасының жылдан жылға артуы және 25 жастан кіші репродуктивті жастағы әйелдер санының аз болуы алдағы жылдары туу көрсеткішінің күрт төмендеу қаупін арттырады.

Сапалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей жасы кіші респонденттер бала туу мен оны жоспарлау мәселелеріне саналы түрде қарайды. Ал жасы үлкен респонденттер бұл мәселеге азырақ мән беріп, көбінесе «ешқандай факторларды ескерген жоқпыз, жай ғана шешім қабылдадық» деп айтты (33 жастағы ер адам, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы). Алайда бала туу мен оны жоспарлаудағы маңызды факторлардың бірі – материалдық жағдай.

⁷⁴ 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары: «Неке және отбасы» Статистикалық жинағы / URL: <https://stat.gov.kz/national/2021/>.

«Біз бұл мәселеге өте байыппен қараймыз. Бұл әркім дайын бола бермейтін жауапкершілік. Бұны әр адам әртүрлі жаста түсінеді. Менің ойымша, жоспарлаудағы ең маңыздысы – баланың дүниеге келуі үшін отбасында қажетті жағдай жасау. Бұл – тұрғын үй, қаржылық жағдай, қаржылық қор болуы керек. Бала дүниеге келгенде ата-анасы оны асырауға жеткілікті мүмкіндігі болуы үшін ешқандай қиындықтар болмауы тиіс. Балаға қажетті заттарды сатып алуда еш мәселе туындамауы керек. Менің ойымша, бала жоспарлаудағы негізгі факторлар – ата-ананың денсаулығы. Біз жұбайымызбен толық медициналық тексеруден өттік, клиникаға барып, барлық қажетті анализдерді тапсырдық. Бұл – ата-ана болуға денсаулығымыздың мүмкіндік беретініне көз жеткізу үшін қажет болды. Қазіргі заманда адамдардың көпшілігі түрлі ауруларға шалдығады. Бақытымызға орай, біз мұндай мәселелерден аманбыз, денсаулығымыз жақсы. Сондықтан бала жоспарлаудағы ең басты нәрсе – ата-ананың денсаулығы деп ойлаймын. Ата-анасының дені сау, демек бәрі жақсы болады, бәрі жасалады да, олардың отбасы жақын арада толығады». (Әйел, 26 жаста, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы)

«Біз баланың өмірге келуін міндетті түрде жоспарлаймыз. Себебі, баланың өмірге келуін жоспарламау кесірінен адамдарда көптеген материалдық, психологиялық жағынан қиындықтар болып жатыр. Сондықтан, осының бәрін ескере отырып, біз алдын-ала жоспарлаймыз. Материалдық, психологиялық жағдайымыз, яғни ол моральдық жағдайымыздың шамасы жетсе, онда балаларды жоспарлап дүниеге әкелуін ойластырамыз. Мен өзім он сегіз жасымда ана болдым. Баланы өмірге әкелгенде ең бірінші баспана болуы қажет. Мен оған ана болуға, күйеуім әке болуға моральдық тұрғыдан дайын болуымызды және материалдық жағдайымызды ескермін». (Әйел, 21 жаста, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы)

Сұхбатқа қатысқандардың басым көпшілігі некеге тұруға дайындалу керектігін атап өтеді. Мұны респонденттер жасына, әлеуметтік мәртебесіне және тұратын өңіріне қарамастан атап өтеді. «Неке құруға дайындық» қаржылық сауаттылық мәселелері, қарым-қатынас психологиясы, міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу мәселелері сияқты ұғымдарды қамтиды. Сондай-ақ респонденттер некеге тұрмас бұрын болашақ жарының ата-анасы, отбасы, жұмысы мен табысы туралы білу қажет екенін айтады. Некені тіркеуден бұрын алдымен «некесіз бірге тұру» керектігі айтылды. Мұндай пікірдің халық арасында таралуы да елімізде некесіз бірге тұрудың кең таралуының бір себебі болуы мүмкін.

«Бәлкім, «оқыту курстары» секілді дайындық қажет шығар, бұл отбасын құрудың, отбасылық өмірдің алдында, әсіресе жастар үшін маңызды. Ол жерде бір-бірін қалай тыңдау, қалай сөйлесу және келісу керектігін үйретуге болады, үндемей жүре бермеу керектігін түсіндіру керек. Егер бір нәрсе ұнамаса, ол туралы айту қажет. Өз пікіріңді естірту үшін бұл өте маңызды. Ата-аналар бұны айтуы мүмкін, бірақ біз ата-анамызды тыңдай бермейміз ғой. Мұндай кеңестерді курстарда айтып, жанжал кезінде ортақ шешімге қалай келу керектігін, отбасын сақтау үшін не істеу керектігін үйретсе жақсы болар еді. Отбасылық бюджетті қалай жоспарлау, жұмсау керектігін де түсіндірген дұрыс. Балалар туралы да айту керек. Кім неге жауапты екенін анықтау маңызды: біреу тәрбиелейді, ал біреу киіндіреді, қамтамасыз етеді». (45 жастағы әйел, Павлодар облысы, Павлодар қаласы)

«Некеге тұру үшін әрине дайындық керек, ол үлкен бір жауапкершілік деп ойлаймын. Негізі ескеретін некеге тұрарда, жалпы ең бірінші оның міндетті түрде руы, жұмысы әрине өте маңызды, отбасы құрамы, ата-анасы, тектілігіне де қараған дұрыс деп ойлаймын. Алдын-ала дайындалу керек міндетті түрде». (Әйел, 32 жаста, Қостанай облысы, Қостанай)

«Әрине, алдымен ойлану керек, бірге өмір сүріп көру керек, бір-біріне үйренісіп, ұнай ма, ұнамай ма, қажет пе, қажет емес пе, қалаймын ба, қаламаймын ба – бәрін қарастыру керек. Қыз-жігіт болып жүргенде бәрі жақсы, бәрі керемет, ал үйленгеннен кейін адамның басқа қыры ашылады. Мұнсыз болмайды. Ондай болмайды ғой: танысты да, ертеңіне үйленді. Дайындық дегеніміз – өмірдің осы кезеңі, «гүл беру, сезім білдіру» кезеңі, бір-бірін тану уақыты. Менің ойымша, үйленер алдында кем дегенде 3 жыл азаматтық некеде өмір сүру керек, сонда ғана бәрін түсінуге болады. Бәрін білу қажет: қайда болды, кіммен болды, немен айналысты. Шынымды айтсам, мұндай сұраққа қалай жауап беру керектігін де білмеймін. Қандай отбасында өмір сүреді, кіммен тұрады, бұрын тұрмыста болды ма немесе үйленген бе, балалары бар ма – осылардың бәрі маңызды. Қазіргі заманда адамдар немен айналысып жүргенін кім білсін, бұл өте маңызды мәселе». (Ер адам, 37 жаста, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.)

Сарапшылар сұхбаты да қазір жастар мен жас отбасылардың отбасын жоспарлау және бала туу мәселесіне жауапкершілікпен қарайтынын көрсетті. Босанғанға дейін медициналық тексеруден өтетін жас жұбайлар санының артып отырғанын да атап өтті.

Сарапшылардың пікірінше Қазақстанда ана денсаулығына, олардың тамақтануына, күйзеліске және экологиялық жағдайға байланысты аутизмге шалдыққан және физикалық және психологиялық дамуындағы басқа ауытқулар бар балалардың саны артып келеді.

«Қазір экологиялық жағдайлар да, аутистікпен ауыратын балалар да көп, әртүрлі ауытқулар өте көп. Аналардың денсаулығы жейтін тамағымызға байланысты, стресске байланысты, өмір сүрудің өзінде



бәсекелестік көп. Қазір төртінші баладан кейін баланы тоғыз ай көтеру аналар үшін өте ауыр, оны өзінің келіндерімнен байқаймын мысал үшін. Сол көтеріп жүру көп қиындықпенен келеді. Бұрынғыдай оңай емес, бұрын бәрі таза болған, жалаң аяқ жүрсеңіз соның өзі ем болған, ыстық ваннаға барудың қажеті жоқ, ыстық терапияға барудың қажеті жоқ. Бұрын күннен энергия алып денсаулығын жақсартатын болса, қазір қорғанбайынша күннің сәулесі зиянды болып тұр ғой. Әрине бұрынғыдай емес, өзгерістер бар, құрылым да өзгеріп жатыр, репродуктивті жағынан өзгеріс бар, төмендеп жатыр». (Әйел, ұстаз, Астана қ.)

Сарапшылардың көпшілігі мемлекеттің қолдауынсыз елде туу көрсеткіші төмендейді деген пікірде.

Бала туу процесіне бала сүюді қалау немесе қаламаумен қатар, бала сүюге физикалық қабілеттілік (бедеулік) және жыныстық жолмен берілетін аурулармен, түсік жасату және контрацепцияны қолдану мәселелерімен байланысты ерлер мен әйелдердің денсаулығының деңгейі де әсер етеді. Осыған байланысты ерлердің репродуктивті денсаулығының деңгейін және ерлер денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты ескеру қажет.

ҚҚДИ жүргізген әлеуметтанулық сауалнама дерегі бойынша респонденттердің 51,5%-ы ерлер денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне қанағаттанатынын, ал 29%-ы қанағаттанбайтынын атап өтті. Абсолютті тиімділік деп 18,2% респондент көрсетсе, ал 8,1%-ы бұл саясатты мүлдем тиімсіз деп бағалаған.

Соңғы 5 жылда Қазақстанда әйелдер мен ерлер арасында бедеулік жағдайларының саны артты. 2023 жылы 2019 жылмен салыстырғанда диспансерлік есепте тұрған бедеулік диагнозы қойылған әйелдер мен ерлер саны 3 есе көбейіп, сәйкесінше 28 541 және 108 адамды құрады (2019 жылы – 9 959 әйел). Бедеулік диагнозы қойылған әйелдер саны ерлерге қарағанда 265 есе көп. 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығында бедеулік диагнозымен диспансерлік есепте тұрған ерлер саны 102 адамға дейін азайғанымен, әйелдер санының өсуі байқалады. Әсіресе әйелдер арасында бұл диагнозбен диспансерлік есепке тұрғандардың күрт өсуі COVID-19 пандемиясы аяқталғаннан кейін тіркелді (2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 56%-ға артты). Бұл өсімге халықтың үштен бір бөлігі жүктілікті жоспарлау және медициналық тексерістен өту қажеттілігі туралы білмейтіні, ал халықтың жартысынан көбі соңғы 5 жылда репродуктивті денсаулықты қорғау қызметтерін пайдаланбағаны себеп болуда. Сонымен қатар бедеулік диагнозы қойылған адамдар санының артуы 2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен іске қосылған «Аңсаған сәби» бағдарламасымен байланысты болуы мүмкін. Бұл бағдарлама бойынша экстракорпоральды ұрықтандыру квотасын алу үшін ресми диагноз қойылып, диспансерлік есепке тұру қажет. Алайда 2021 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты диагностика мен медициналық қызметтерге қолжетімділік шектеулі болды. 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысы бойынша бедеулік диагнозы қойылған әйелдердің 14,3%-ы Алматы қаласының, 8,9%-ы Астана қаласының және 8,5%-ы Жамбыл облысының тұрғындары.

2.2.8-кесте. Жынысы бойынша өңірлерде «бедеулік» диагнозымен диспансерлік есепте тұрғандар саны, адам

	2019		2020		2021		2022		2023		2024 ж. 6 айы	
	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер
Қазақстан Республикасы	9 959	36	11 169	54	16 949	119	25 377	111	28 541	108	29 122	102
Абай	347	1	374	2	435	3	725	2	804	2	874	2
Ақмола	515	1	530	1	851	1	1 081	1	1 308	1	1 295	1
Ақтөбе	596	-	576	-	997	1	1 512	1	1 434	1	1 460	1
Алматы	506	3	558	3	825	2	1 335	2	1 564	2	1 733	2
Атырау	623	-	697	-	899	2	1 322	2	1 348	2	1 268	2
ШҚО	248	1	255	1	437	1	806	1	914	1	931	1
Жамбыл	1 478	7	1 698	23	2 106	40	2 424	40	2 458	40	2 462	39
Жетісу	247	4	280	4	401	4	650	4	740	4	752	-
БҚО	342	4	330	4	377	4	629	4	768	3	820	3
Қарағанды	280	3	328	3	482	3	963	2	1 156	1	1 287	1
Қостанай	561	-	533	-	798	1	917	1	911	1	915	1
Қызылорда	571	-	602	1	820	2	1 328	2	1 619	2	1 655	2
Маңғыстау	287	-	450	-	711	13	864	13	1 069	13	1 117	13
Павлодар	289	1	408	-	691	-	966	-	1 279	-	1 234	-
СҚО	158	-	172	-	286	-	577	-	780	-	749	-

	2019		2020		2021		2022		2023		2024 ж. 6 айы	
	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер	Әйел	Ер
Түркістан	445	2	581	3	1 039	4	1 709	4	2 102	4	2 124	3
Ұлытау	69	-	42	2	117	2	192	2	221	2	233	2
Астана қ.	786	-	861	-	1 100	-	2 148	-	2 513	-	2 604	-
Алматы қ.	1 333	1	1 576	-	3 047	30	4 148	27	4 163	27	4 158	27
Шымкент қ.	278	8	318	7	530	6	1 081	3	1 390	2	1 451	2

Дереккөз: ҚР ДМ.

Отбасын жоспарлау және халықтың репродуктивті денсаулығы мәселелерінде жасанды түсік жасату деңгейі маңызды рөл атқарады. 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда аборттар санының (кіші-түсік жасатуды қоса алғанда) 0,5%-ға өсуі байқалды. Бұл өсім өздігінен болған түсіктер мен медициналық көрсеткіштер бойынша жасалған аборттардың көбеюімен байланысты. Сонымен қатар 2023 жылы аборттан кейінгі асқынулардың 266 жағдайы тіркелді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 21 жағдайға көп. Асқынулар негізінен жатырдың тесіліп жарылуы (перфорация), инфекциялар және басқа да себептерден туындаған. Аборттан кейінгі қан кету жағдайларының саны 2022 жылғы 190-нан 2023 жылы 179-ға дейін азайғаны байқалады. Егер 2022 жылы аборттан кейін өлім жағдайлары тіркелмеген болса, 2023 жылы Алматы қаласында бір әйелдің аборттан кейін қайтыс болуы тіркелген. Жасөспірімдер арасындағы жасанды түсік жасатудың төмендеуі байқалуда. 2023 жылы 18 жасқа дейінгі әйелдер арасында 399 аборт жасалып, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 13 жағдайға, ал 2019 жылмен салыстырғанда 81 жағдайға аз⁷⁵.

2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда әйелдерді контрацептивтермен қамту 7%-ға азайып, 1,4 млн әйелді құрады. Бұл төмендеу контрацепцияның барлық түрлеріне қатысты: ішкі спиральды қолдану 5,7%-ға азайды, гормоналды әдістер – 8,8%-ға, барьерлік әдістер (презервативтерді қоса алғанда) – 10,8%-ға төмендеді. Контрацептивтерді қолданудың азаюының негізгі себептерінің бірі – олардың қолжетімділігінің төмендеуі болуы мүмкін. Өңірлер бөлінісінде контрацептивтерді қолданатын әйелдер санының өсуі байқалды: Жетісу облысында – 12,6%, Алматы қаласында – 12,2%, Шымкент қаласында – 10,6%, Маңғыстау облысында – 6,1%, Ұлытау облысында – 3,8%, Солтүстік Қазақстан облысында – 0,6 %, Қызылорда облысында – 0,2%. (2.2.9-кесте).

2.2.9-кесте. Жыл соңында контрацептивтерді пайдаланатын бақылаудағы әйелдер саны (әйелдерді контрацепциямен қамту)

	Жыл аяғында контрацептивтерді пайдаланатын бақылаудағы әйелдер саны											
	Барлығы		оның ішінде									
			ЖІС		гормоналды		спермицидтер		тосқауылдық		оның ішінде презервативтер	
	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023
Қазақстан Республикасы	1 522 114	1 414 979	791 529	746 445	202 650	184 842	36 255	34 021	491 680	449 671	407 826	363 785
Абай	60 543	36 458	28 451	18 539	3 544	1 714	193	115	28 355	16 090	24 166	13 571
Ақмола	43 087	47 201	18 134	20 112	5 949	6 472	1 677	2 180	17 327	18 437	16 327	16 475
Ақтөбе	82 628	76 549	52 698	50 019	9 231	12 115	977	435	19 722	13 980	12 838	11 030
Алматы	122 125	88 427	61 571	49 651	14 039	10 071	301	124	46 214	28 581	37 183	21 048
Атырау	20 197	15 569	14 283	12 638	1 963	727	900	561	3 051	1 643	2 510	1 267
БҚО	84 411	83 350	46 681	43 168	12 326	12 669	1 364	1 319	24 040	26 194	15 984	18 066
Жамбыл	124 300	96 527	88 654	72 079	11 827	5 913	2 413	1 534	21 406	17 001	14 928	13 101
Жетісу	77 031	86 711	50 911	55 019	4 098	4 895	456	1 948	21 566	24 849	14 617	14 358
Қарағанды	164 493	146 487	78 426	70 847	28 269	22 393	8 176	7 122	49 622	46 125	48 877	45 412
Қостанай	80 278	79 392	26 582	27 487	19 590	20 114	2 716	2 513	31 390	29 278	30 511	28 303

⁷⁵ 2023 жылғы ҚР халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі: Статистикалық жинақ. – Астана, 2024. / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/documents/details/681761?lang=ru>.



	Жыл аяғында контрацептивтерді пайдаланатын бақылаудағы әйелдер саны											
	Барлығы		оның ішінде									
			ЖІС		гормоналды		спермицидтер		тосқауылдық		оның ішінде презервативтер	
	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023
Қызылорда	65 747	65 847	43 228	44 861	2 034	1 638	226	215	20 259	19 133	13 952	12 010
Маңғыстау	11 650	12 364	8 895	9 333	903	1 184	20	16	1 832	1 831	1 180	1 131
Павлодар	80 881	71 130	33 448	31 526	16 602	16 578	4 051	3 876	26 780	19 150	24 699	18 012
СҚО	59 205	59 540	26 435	27 248	9 246	8 608	2 045	1 981	21 479	21 703	21 479	21 703
Түркістан	107 890	96 376	81 238	73 048	5 985	3 975	1 780	1 478	18 887	17 875	15 935	14 499
Ұлытау	16 142	16 756	11 939	12 434	1 958	1 951	271	273	1 974	2 098	1 974	2 098
ШҚО	62 865	57 959	23 313	22 596	7 927	7 577	2 336	2 150	29 289	25 636	27 366	22 948
Астана қ.	86 731	86 418	26 000	27 736	5 631	5 901	2 650	2 591	52 450	50 190	40 596	38 911
Алматы қ.	113 806	127 655	29 798	34 029	37 150	36 413	3 505	3 418	43 353	53 795	33 791	38 928
Шымкент қ.	58 104	64 263	40 844	44 075	4 378	3 934	198	172	12 684	16 082	8 913	10 914

Дереккөз: КР ДМ.

Контрацепцияны, әсіресе презервативтерді қолданудың төмендеуіне қарамастан, 2023 жылы негізінен жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен аурудың төмендеуі байқалды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен ауырғандар саны 19 185 адамды құрады. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 475 адамға немесе 7%-ға аз. Ауыру коэффициенті 2022 жылы әр 1000 адамға шаққанда 105,2 болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 96,4-ке дейін төмендеді. Аурудың төмендеуі барлық өңірлерде тіркелді, алайда Түркістан, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында керісінше өсім байқалды: Түркістан облысында – 91%-ға, Атырау облысында – 34,5%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында – 1,3%-ға артқан (2.2.10-кесте).


2.2.10-кесте. Көбінесе жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың таралу динамикасы

	БАРЛЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАР									
	абсолютті көрсеткіш					1000 адамға шаққанда				
	2019	2020	2021	2022	2023	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	21313	12840	19348	20 660	19 185	115,1	68,9	101,8	105,2	96,4
Абай	-	-	-	-	567	-	-	-	-	93,1
Ақмола	1507	373	537	580	503	204,3	50,6	73,1	73,7	63,8
Ақтөбе	905	1279	1287	701	683	103,3	145,1	143,0	76,0	73,1
Алматы	3063	1293	1701	1 191	1 004	149,6	62,9	81,3	54,4	66,1
Атырау	372	237	583	586	789	58,2	36,7	88,0	85,3	112,9
БҚО	410	342	444	366	272	62,6	52,1	66,9	53,4	39,4
Жамбыл	914	258	730	445	267	81,0	22,8	63,8	36,7	21,9
Жетісу	-	-	-	-	325	-	-	-	-	46,5
Қарағанды	1040	622	830	1 448	1 390	75,5	45,2	60,4	106,8	122,5
Қостанай	542	364	803	1 054	849	62,3	41,9	93,2	126,4	102,2
Қызылорда	1301	871	909	983	563	16,8	108,4	110,7	118,7	67,2
Маңғыстау	907	276	529	416	361	13,7	39,5	72,4	55,0	46,5
Павлодар	1367	885	977	723	375	181,5	117,6	130,4	95,7	49,7
СҚО	812	610	654	714	723	147,2	111,2	121,0	133,1	135,9
Түркістан	979	610	913	1 216	2 322	48,9	30,2	44,3	57,8	109,0
Ұлытау	-	-	-	-	57	-	-	-	-	25,8

	БАРЛЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАР									
	абсолютті көрсеткіш					1000 адамға шаққанда				
	2019	2020	2021	2022	2023	2019	2020	2021	2022	2023
ШҚО	2277	1240	2240	1 781	1 104	165,7	90,5	164,7	132,6	151,5
Астана қ.	1343	862	2012	2 193	1 741	121,3	75,9	166,0	165,5	125,0
Алматы қ.	1412	2488	1797	2 945	2 063	74,9	129,8	89,8	138,2	94,0
Шымкент қ.	2162	494	2402	3 318	3 227	211,4	47,7	219,7	281,9	267,3

Дереккөз: ҚР ДМ

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері некеде тұрмайтын және балалары жоқ ер адамдардың бала асырап алу мәселесіне халықтың көзқарасын анықтауға мүмкіндік берді. Респонденттердің 45,3%-ы некеде тұрмаған ерлердің бала асырап алуына қарсы, 32,4%-ы бейтарап, 20,6%-ы отбасылық жағдай бала асырап алуға кедергі болмауы керек деп санайтыны, 1,2%-ы жауап беруге қиналғаны анықталды. Қалған респонденттер «Ер адамдар бала асырап алғысы келеді дегенді естіген емеспін», «Бәрі жағдайға байланысты», «Алдымен психологтың тексеруінен өту керек» деген пікірде болды (2.2.6-сурет).



2.2.6-сурет. «Некеде тұрмаған және баласы жоқ ерлердің бала асырап алуына қалай қарайсыз?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж

Нәтижелер ерлерге қатысты гендерлік көзқарастың болуын көрсетуі мүмкін. Жартысына жуығы осы тәжірибеге теріс пікір білдірді, бұл бір жағынан қалыптасқан стереотиптерді, екінші жағынан әкенің/өгей әкенің балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсетуі (туған балаларына, сондай-ақ асырап алғандарға) сияқты елде жиі кездесетін қайғылы жағдайлардың болуымен байланысты.

Сонымен қатар респонденттердің 32,4%-ы бұл мәселеге бейтарап көзқараста, бұл нақты қалыптасқан пікірі жоқ немесе ер адамның асырап алу мүмкіндігіне отбасылық жағдайды шешуші фактор деп санамайтын халық тобының болуын көрсетуі мүмкін. Дегенмен респонденттердің тек 20,6%-ы отбасылық жағдай бала асырап алуға кедергі болмауы керек деген пікірді нақты қолдайды, бұл қоғамда жынысы мен отбасы жағдайына қарамастан бала асырап алуда тең құқықты қолдайтын консенсус әлі қалыптаспағанын көрсетеді.

Теріс жауаптардың жоғары пайызы оң жауаптардың аз санымен бірге бұл тақырыптың даулы болып қала беретінін және заңнама мен әлеуметтік институттар деңгейінде одан әрі зерделеу мен талқылауды қажет ететінін көрсетеді.

Жүктілікті жоспарлау және қазақстандықтардың репродуктивті денсаулығына қатысты келесі үрдістерді байқауға болады:

1. Жүктілікті жоспарлау.

- Жүктілікті жоспарлаудың және осы саладағы хабардарлықтың төмен деңгейі, әйелдердің контрацептивтерді пайдалануының төмендеуі.
- 2019 жылдан 2023 жылға дейін әйелдерде бедеулік диагнозы үш есеге артты.
- Ерлердің репродуктивті денсаулығына қатысты мәселелер аз талқылануда.
- Балалы болуды жоспарлап отырған әйелдердің 1/3 бөлігін 35-39 жас аралығындағылар құрайды, бұл «кеш ана болу» құбылысының кең тарағанын көрсетеді.
- Репродуктивті жастағы әйелдердің тек 1/4 бөлігі ғана балалы болуды жоспарлауда.



2. Ана мен бала өлімі.

- Ана өлімінің төмендеуі үрдісі байқалады.
- Жыныстық жолмен берілетін инфекциялармен аурудың азаюы.
- 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің, әсіресе Солтүстік Қазақстан облысында, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында өсуі.

3. Туу көрсеткіштері.

- Туу деңгейінің төмендеуі және аз балалы болу үрдісі байқалуда, ол қазіргі жыныс-жасы құрылымының ерекшеліктеріне (20 жасқа дейінгі белсенді репродуктивті жастағы халық санының аз болуы) және халықтың құндылық бағдарларының өзгеруі және басқа да себептерге байланысты.
- СҚО, ШҚО, Қостанай, Павлодар облыстарында туу көрсеткіші халықтың қарапайым ұдайы өсу деңгейінен аспайды.
- «Бала туудың егделенуі» үрдісі сақталады, яғни алғашқы босанудың орта жасының ұлғаюы.

4. Ана мен бала денсаулығын сақтау саясаты.

- Респонденттердің 57,5%-ы, әсіресе ауылдық жерлерде саясатты тиімді деп санайды.

Туу деңгейінің төмендеуі бір жағынан, жыныс-жас құрылымы ерекшеліктеріне байланысты – белсенді репродуктивті жастағы халықтың, яғни 90-жылдардың соңында туған ұрпақ санының аздығы. Екінші жағынан, репродуктивті ұстанымдардың өзгеруі, яғни әйелдердің баланы аз тууға (1–2 бала) ұмтылуы. Бұл үрдісті осы ұлттық баяндама аясында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер мен 2021 жылғы халық санағының нәтижелері растайды. Халық санағының деректері бойынша бала тууды жоспарлап жүрген әйелдердің үштен бірі – 35–39 жас аралығындағы әйелдер. Репродуктивті жастағы барлық әйелдердің тек төрттен бірі ғана, балалары болса да, оның санына қарамастан, бала тууды жоспарлайды.

Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі ана мен бала денсаулығын және ерлердің репродуктивті денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясатқа көңілі толатынын атап өтуге болады. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы ресми некеде тұрмаған ер адамдардың бала асырап алуына қарсы. Үштен бірі бұл мәселеге бейтарап қарайды, ал 20,6%-ы отбасылық жағдай ата-ана болуға кедергі болмауы керек деп санайды.

Соңғы жылдары Қазақстанда отбасын құруға деген көзқарас рационализацияланып, жастардың көбі отбасын құруға емес, білім алуға, мансап жасауға және өзін-өзі дамытуға басымдық береді. Бұл үрдіс алғашқы некеге тұрудың орташа жасын арттырып, алғашқы баланың туу жасының өсуіне алып келеді (кейбір өңірлерде ТЖК халықтың ұдайы өсу деңгейінен төмен). Осылайша кейінгі балалардың туу ықтималдығы азайып, жалпы туу деңгейі төмендеуде. Бұдан басқа некенің альтернативті түрі – бірге тұру (азаматтық неке), қонақ некелер танымал бола бастады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың некеге тұру мәселесі – әлі де өткір тақырып болып отыр.

Халық денсаулығы, хабардар болу, жоспарлау және әлеуметтік саясат тоғысатын репродуктивті денсаулық мәселесі өзекті болып қала береді.


Жалпы талдау Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық құрылымындағы өзгерістерді көрсетті, мұнда дәстүрлі отбасы құндылықтары бірте-бірте жеке басымдыққа жол беріп жатыр.

Сондай-ақ қалалар мен ауылдық жерлерде некеге тұру санының айырмашылығы бар. Бұл мәселе ауылдық жерлерде некеге тұру көрсеткішінің артуына емес, қалаларда некеге тұру санының азаюына байланысты соңғы жылдары біршама төмендеді. Жынысы жағынан әйелдер ерлерге қарағанда ерте тұрмысқа шығады. Сонымен қатар жас ұлғайған сайын ерлердің де, әйелдердің де некеге тұру саны азаяды.

2.3. Қазақстандықтардың некеге тұру және ажырасу көрсеткіштері талдауы

ҚКДИ жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері Қазақстан қоғамында неке құруға деген көзқарастың рационалды бола бастағанын көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі некеге тұруға дайындықтың маңызды екенін атап өтті. «Дайындық» ұғымына өзінің қабілетін іске асыра білу, қаржылық сауаттылық пен қарым-қатынастағы психологияны түсіну енетін өмірлік тәжірибе, даналықты жатқызады.

Дәлел ретінде: қазақстандықтар үшінші онжылдықтың алғашқы жартысын көбінесе білім алуға, мансап жасауға, саяхаттауға арнайды. Отбасын құру процесі кейінге қалдырылып, жеке қажеттіліктерге басымдық беріледі. Бұл үрдіс алғашқы неке құрудың орташа жасын арттырады (2.3.1-сурет).



2.3.1-сурет. Алғаш рет некеге тұрудың орташа жасы

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2000 жылдан 2023 жылға дейінгі аралықтағы ауыл мен қала бойынша некеге тұру көрсеткіштерін талдау (2.3.1-кесте) қала мен ауыл арасындағы некеге тұру айырмашылығының ұлғаюын көрсетеді. Бұл үрдіс ауылдан қалаға ішкі көші-қонның артуымен, соның ішінде неке жасындағы топтардың көші-қонымен түсіндіріледі. Мысалы, 2000 жылы қала мен ауыл арасындағы некеге тұру санының айырмашылығы 14% болса, 2007 жылы – 18%, 2014 жылы – 32%, ал 2021 жылы бұл көрсеткіш 42%-ға жеткен. Соңғы екі жылда айырмашылық азайып, 2014 жылғы деңгейге жетті.

2000-2007 жылдар аралығында қала мен ауылдағы некелесу саны өсті. 2008 жылы көрсеткіштерде төмендеу байқалды. 2008 жылдан кейін қаладағы неке саны 2013 жылы өзінің шыңына жетіп, ауылдағы неке саны 2011 жылы жоғары болды. Қаладағы неке саны толқынды түрде көбейіп, азайып отырса, ауылдағы неке саны тұрақты түрде төмендеуде. Өткен жыл ерекше болды, өйткені қаладағы неке саны соңғы 18 жылдағы ең төменгі көрсеткішке жетті. Бұл көрсеткіштер COVID-19 пандемиясына байланысты болған некелердің кейінге қалдырылуымен түсіндіріледі. 2020 жылы неке санының күрт төмендеуі және 2021 жылы дәл сондай күрт өсуі осыған байланысты.

2.3.1-кесте. 2000-2023 жж. елдімекен түрлері бойынша некелесу саны және коэффициенті

Жыл	Қаладағы неке саны, мың	Ауылдағы неке саны, мың	Қаладағы некеге тұру коэффициенті	Ауылдағы некеге тұру коэффициенті
2000	52	38,9	6,2	6
2001	54,4	38,5	6,5	6
2002	58,5	40,5	6,9	6,3
2003	66,8	43,6	7,9	6,8
2004	69,5	45,2	8,1	7
2005	77,1	46	8,9	7,1
2006	85,6	51,6	9,8	7,1
2007	85,8	60,6	10,5	8,3
2008	82,5	53	9,9	7,2
2009	85,5	55,3	9,8	7,5
2010	88,1	58,4	9,9	7,9
2011	97,3	63,2	10,8	8,4
2012	102,9	61,8	11,2	8,1
2013	107,5	61	11,5	7,9
2014	105,2	54,2	10,9	7,1
2015	98,9	49,8	10	6,6
2016	94,7	47	9,3	6,2



Жыл	Қаладағы неке саны, мың	Ауылдағы неке саны, мың	Қаладағы некеге тұру коэффициенті	Ауылдағы некеге тұру коэффициенті
2017	97,3	44,5	9,3	5,9
2018	96	41,8	9,1	5,5
2019	98,2	41,3	9,1	5,4
2020	88,8	40,1	8	5,2
2021	99,4	40,8	8,8	5,3
2022	85,3	43	7,1	5,7
2023	80	40,8	6,5	5,4

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Алайда 2022 және 2023 жылдары қала мен ауыл арасындағы некеге тұру саны айырмашылығының қысқаруы ауылдағы некелесу көрсеткіштерінің өсуімен емес, керісінше қалада тіркелген некелер санының төмендеуімен түсіндіріледі.

Бастапқыда 2000 жылдан 2007 жылға дейін қала мен ауылдағы некелесу көрсеткіштерінің өсуі байқалды. 2007 жылы қалада коэффициент 10,5, ал ауылда 8,3 болды, бұл 2000 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 69% және 38%-ға жоғары. Бұл өсім 1980 жылдары туылған халықтың некелесуі мен репродуктивті жасқа жетуімен байланысты болды.

Ауылда некелесу көрсеткішінің төмендеуі 2013 жылдан бастап байқалуда, тек 2022 жылы бұл көрсеткіш 5,7-ге жетті, ал қалада 2013 жылы керісінше ең жоғары көрсеткіш тіркеліп, 11,5-ке жетті. Бірақ 2014 жылдан бастап, ауыл сияқты, қалада да көрсеткіш төмендеуде, тек 2021 жылы ол 8,8-ге жетті. 2023 жылғы деректер бойынша қалада тіркелген некелер саны 1000 адамға шаққанда 6,5-ті құрайды. Бұл соңғы 20 жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Ал ауылда 2023 жылы бұл көрсеткіш қаладан да төмен болып, 5,4-ті құрады. Соңғы алты жыл бойы ауылда некеге тұру көрсеткіші 5,5 пен 5,2 аралығында тұрақты болып тұрғанын атап өтуге болады.

Соңғы 10 жылда некелесу көрсеткішінің жалпы төмендеуі, негізінен некеге тұруға белсенді түрде кірісетін халықтың негізгі бөлігінің – 20-29 жас аралығындағы жастардың санының азаюымен байланысты. Бұл жастардың тууы 1990-жылдардағы туудың күрт төмендеуі кезеңіне сәйкес келеді.

Сонымен қатар некелесу көрсеткішінің төмендеуі қазіргі кездегі баламалы неке үрдістерімен де байланысты болуы мүмкін – бұл ортақ балалары болған жағдайда да ресми тіркеусіз бірге тұру. Әдетте, серіктестер бір-біріне үйлесімділігін тексергісі келеді және ресми одақ құруға жеткілікті түрде ынталы емес.

Тағы бір себеп – некеге тұру жасының жоғарылауы, бұл әлеуметтік өзгерістермен және экономиканың дамуымен тікелей байланысты. Көптеген жастар білім алуға, мансап жасауға, өзінің қабілетін іске асыруға басымдық береді.

2000-2023 жылдар аралығында елдімекен түрлері бойынша ажырасу саны мен коэффициенті талдауы, некеге тұру мен ажырасу көрсеткіштері саны некелесу коэффициенті мен ажырасу коэффициенті арасында тікелей пропорционалдық байланыс жоқ екенін көрсетті (2.3.2-кесте). Некелесу саны артқан сайын, ажырасулардың саны да көбейетіні түсінікті. Алайда ажырасулардың себептері, олардың динамикасы, ең алдымен экономикалық жағдайлармен байланысты қалада да, ауылда да өзгеріп отырады.

2.3.2-кесте. 2000-2023 жж. елдімекен түрі бойынша ажырасу саны және коэффициенті

Жыл	Қаладағы ажырасулар саны, мың	Ауылдағы ажырасулар саны, мың	Қаладағы ажырасу коэффициенті	Ауылдағы ажырасу коэффициенті
2000	22,7	4,6	2,71	0,72
2001	24,2	5,3	2,88	0,83
2002	25,5	5,6	3,03	0,88
2003	26,4	5,2	3,12	0,82
2004	26,2	5,2	3,07	0,81
2005	26,9	5,4	3,12	0,83
2006	29,5	6,3	3,37	0,96
2007	28	8	3,42	1,11
2008	27,6	8,3	3,32	1,14
2009	30	9,3	3,45	1,27
2010	31	10,5	3,49	1,42
2011	33,8	11,1	3,73	1,47

Жыл	Қаладағы ажырасулар саны, мың	Ауылдағы ажырасулар саны, мың	Қаладағы ажырасу коэффициенті	Ауылдағы ажырасу коэффициенті
2012	36,2	12,3	3,94	1,62
2013	38,4	13,1	4,1	1,71
2014	39,4	13,2	4,09	1,73
2015	39,8	13,4	4,01	1,77
2016	38,7	13,3	3,8	1,74
2017	40,8	13,8	3,92	1,81
2018	41,1	13,7	3,88	1,78
2019	44	15,7	4,07	2,05
2020	34,4	13,6	3,12	1,76
2021	34,8	13,4	3,09	1,73
2022	33,2	11,3	2,75	1,5
2023	29,4	10,8	2,38	1,43

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Мүмкін, бұл үрдіс әрі қарай да жалғаса беруі мүмкін. Некеге тұрған жұптар отбасы құру мәселесіне саналы түрде және жауапкершілікпен қарайды. Егер 2019 жылы қалада ажырасулар саны 44 081, ауылда 15 715 болған болса, бұл соңғы 23 жылы құраған ең жоғары көрсеткіш болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш тиісінше 22% және 14%-ға төмендеді. 2023 жылға қарай ажырасулар саны одан әрі азайып, қалада 29 389, ауылда 10 838 жағдайды құрады. Ажырасу коэффициенті қалада өзінің рекордты минималды көрсеткішіне жетіп, 2,38-ге дейін төмендеді, ал ауылда бұл коэффициент 1,43 болды.

Алайда бұл көрініс үнемі байқалған жоқ. 2000–2019 жылдар аралығындағы демографиялық өзгерістер қала мен ауылдағы ажырасулардың тұрақты түрде өсуімен сипатталды. Осы кезеңде жалпы ажырасулар саны екі есеге артып, 2000 жылы 27 391 жағдайдан 2019 жылы 59 796-ға дейін жетті. 2.3.2-суретте көрсетілгендей, қаладағы ажырасу коэффициенті 2000 жылы бір жарым есеге –2,71, ал 2019 жылы 4,07-ге дейін өскен. Ал ауылда бұл өсім тіпті үш есе көп болды – 2000 жылы 0,72-ден 2019 жылы 2,05-ке дейін артқан.

2023 жылғы некеге тұрудың жас шамасына байланысты деректерге сәйкес әйелдер көбінесе 20–24 жас аралығында (39,1%), ерлер – 25–29 жас аралығында (30,52%) некеге тұрады. Жалпы 20–29 жас аралығында некеге тұрған әйелдер мен ерлердің саны жартысынан көбін құрайды. Әлі де ерте неке құру тәжірибесі, әсіресе әйелдер арасында сақталып отыр. 18–19 жас аралығында некеге тұрған әйелдердің үлесі 13,6%-ды құрайды, бұл ерлердің осы жастағы үлесінен (2,2%) 6 есе көп.

Осылайша некені бұзудың орташа статистикалық мінез-құлық үлгісі мынадай: ерлі-зайыптылар, ер адамның жасы 25–29, ал әйелдің жасы 20–24 болғанда неке құрған, бірнеше жыл бірге тұрып, екеуінің де жасы 30–34 болғанда ажырасқан.

Жасы ұлғайған сайын ерлер мен әйелдер арасындағы некелердің үлесі азаяды. Осылайша әйелдер арасында 30 жасқа дейін тұрмысқа шығатындардың үлесі (71,1%) басым. Ал ерлердің көпшілігі 20-34 жас аралығында үйленеді (77,4%).

Бұл үрдістің себебі, ерлердің оқуын аяқтаған соң, мансап жасауға көңіл бөлуге ұмтылуында болуы мүмкін. Әлеуметтік нормалар мен болжамдар олар отбасын құрмас бұрын қаржылық тұрақтылық пен қамтамасыз етілу қажеттілігін сезінуге мәжбүрлейді. Сонымен қатар ерлердің некелесу уақытын және жағдайларын таңдауда көбірек еркіндігі бар.

30-39 жас аралығындағы басқа жас тобы қаржылық мәселелермен, қарыздармен, балаларды тәрбиелеумен және басқа да шығындармен жиі кездеседі. Әдетте, осы жаста көптеген жұптар ата-ана бола бастайды. Балаларға деген жауапкершілік пен стресс қарым-қатынастардағы жинақталған мәселелерді ашып көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар 30-39 жасқа келгенде, көптеген адамдар өз мақсаттары мен басымдықтарын қайта қарастырады, неке мен отбасы қарым-қатынасына деген көзқарастар өзгереді. Адам өзінің бақытын және жеке дамуын қамтамасыз ететін жұбайының қаншалықты маңызды екенін түсіне бастайды. Осы уақытта әрбір ерлі-зайыпты мансап жетістіктері мен жеке мақсаттарды дәстүрлі құндылықтардан жоғары қойып, осы уақытта неке басымдық болмай қалуы мүмкін.


25-29 жас аралығындағы әйелдер арасындағы ажырасулардың үлесі ерлерге қарағанда жоғары (12,1% және 18,1%), бұл өте қисынды, себебі осы кезеңде көбінесе 18-24 жас аралығында некеге тұрған адамдар ажырасу туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар ерлер арасындағы ажырасулардың үлесі үнемі әйелдерге қарағанда жоғары болады.

2023 жылғы мәліметтер бойынша некеге тұрудың ең жоғары коэффициенті Астана қаласында – 7,46, Ұлытау облысында – 6,76, Алматы облысында – 6,64, Қарағанды облысында – 6,62 және Маңғыстау облысында – 6,45 тіркелді.



2023 жылы ең жоғары ажырасу деңгейі Қарағанды облысында – 3,06, Қостанай облысында – 2,80, Павлодар облысында – 2,82, Солтүстік Қазақстан облысында – 2,77 және Шығыс Қазақстан облысында – 3,14 байқалды. Ең төменгі ажырасу деңгейі Түркістан облысында – 0,89 тіркелді, бұл республикалық орташа деңгейден екі есе төмен (2,02). Оңтүстік және батыс өңірлерінде, дәстүрлерді сақтау және отбасы құндылықтарын қорғау әрқашан басымдықта болғандықтан, ажырасу коэффициенті де төмен. Бұл өңірлерде көрсеткіштер 1000 адамға шаққанда мынадай: Шымкент қаласы – 1,33, Атырау облысы – 1,57, Жамбыл облысы – 1,61, Маңғыстау облысы – 1,72, Қызылорда облысы – 1,75 және Жетісу облысы – 1,89.

Өңірлер бойынша некеге тұру ұзақтығы бойынша (2.3.2-сурет) 2023 жылы ажырасудың ең жоғары деңгейі некеде 5 жылға дейін болған ерлі-зайыптылар арасында байқалды. Бұл көрсеткіш әсіресе Қызылорда – 45,3%, Түркістан – 46,8%, Маңғыстау – 45,3% және Ақтөбе облыстарында – 47,4% республикалық көрсеткіштен асып түсті. Бұл өңірлердегі ерлі-зайыптылардың ажырасу көрсеткішінің жоғары болуына ерте жаста (24 жасқа дейін) тіркелген неке себеп болуы мүмкін. Белгіленген некедегі еңбек өтілі (5 жылға дейін) шегінде ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелді – сәйкесінше 38,4% және 39,9%.



2.3.2-сурет. 2023 жылғы өңірлерде некеге тұру ұзақтығы бойынша ажырасу көрсеткіші

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Жалпы 2023 жылы республикада да, еліміздің өңірлерінде де кері пропорционалды қатынас байқалды: некеге тұру ұзақтығының ұлғаюымен ажырасу үлесі азайды.

Бұрын атап өтілгендей, 2023 жылы ажырасудың ең көп саны некеде тұрғандарына 5 жылдан аз болған ерлі-зайыптылар арасында тіркелген. Ажырасулардың осы санатын толығырақ талдау төменде берілген.

2023 жылы некеде тұрғанына 5 жылдан аз ерлі-зайыптылар арасындағы жалпыреспубликалық ажырасу көрсеткіші 42,1%-ды құраса, қалалар мен ауылдарда бұл көрсеткіш шамамен бірдей – сәйкесінше 42,6% және 41,9%-ды құрады.

Көрсеткіштер бойынша ауылдық және қалалық жерлерде (6%-дан астам) айтарлықтай алшақтық Маңғыстау (ауылда – 49,8% және қалада – 39,2%) және Түркістан облыстарында (ауылда – 48,9% және қалада – 42,5%) байқалады.


Ауылдық жерлерде ажырасудың ең көп саны Жетісу облысында (43,6%), Ақтөбе (46,2%), Қостанай (43,4%), Қызылорда (48,3%), Маңғыстау (49,8%), Түркістан (48,9%) және Ұлытау облыстарында (47,4%) тіркелген.

Бір ерекшелігі, ауылдық жерлерде ажырасудың республикалық орташа деңгейінен асып түсетін сегіз аймақтың үшеуі (барлығы төрт) Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан.

Ажырасу деңгейі қалалық жерлерде республикалық орташа көрсеткіштен жоғары Астана қаласында (42,5%), Ақмола облысында (43,1%), Жамбыл облысында (43,3%), Жетісу облысында (43,8%), Қызылорда облысында (43,5%), Павлодар облысында (44,2%), Түркістан облысында (42,5%), Ұлытау облысында (44,4%). Ең жоғары деңгей Ақтөбе облысында – (47,6%) тіркелген.

Қалалар бойынша ажырасу деңгейі республикалық деңгейден жоғары болатын өңірлердің басым бөлігі Оңтүстік Қазақстанда орналасқан – тоғыз өңірдің төртеуі (барлығы алтау).

Келесі кезеңде Қазақстан өңірлеріндегі ажырасу деңгейінің бөлінісін 2022 жыл бойынша жынысы мен білім деңгейі бойынша қарастырамыз (2.3.3-сурет).



2.3.3-сурет. 2022 жылғы Қазақстан Республикасындағы жынысы мен білім деңгейі бойынша ажырасу деңгейі

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Жоғары білімі бар әйелдер арасындағы ажырасу үлесі барлық ажырасулардың 53,9%-ын құрайды. Бұл орта білімі бар әйелдер арасындағы бірдей көрсеткіштен екі есе көп. Мұндай заңдылық еліміздің әр өңірінде байқалады.

Жоғары және орта білімі бар әйелдер арасындағы ажырасудағы ең үлкен алшақтық Ақтөбе (37,4%), Атырау (37,3%), Қызылорда облыстары (37,1%) және Астана (49,6%), Алматы (45,4%) қалаларында; ең азы Алматы облысында (3,8%), Жетісу облысында (5,6%) және Түркістан облысында (0,1%) тіркелді.

2022 жылы білім деңгейі әртүрлі ерлер арасындағы ажырасу көрсеткіші әйелдер арасында байқалғандай күрт ерекшеленбейді. Республика бойынша жоғары білімі бар ерлер арасындағы ажырасу көрсеткіші 32%-ды, жалпы орта білімі бар 29,1%-ды құрайды.

Мәселен, еліміздің алты өңірінде жоғары білімі бар ерлер арасындағы ажырасу көрсеткіші жалпы орта білімі бар ерлерге қарағанда шынымен де жоғары, бірақ 8,5%-дан аспайды: Ақтөбе – көрсеткіштер бойынша айырмашылық 8,4%, Атырау – 8%, Қызылорда – 7,9%, Маңғыстау облысы – 3,9%, Ұлытау облысы – 1,5% және Шымкент қаласы – 8,5%. Астана және Алматы қалаларында айырмашылық, керісінше, үлкен және сәйкесінше 30,2% және 28,8% құрайды.

Астана мен Алматы қалаларында ажырасу деңгейі жоғары білімді тұрғындар арасында орта білімділерге қарағанда жоғары. Мұның бір себебі әлеуметтік нормалардың өзгеруі болуы мүмкін. Заманауи мегаполистер жағдайында ерлі-зайыптылардың үйлесімсіздігі жағдайында ажырасуды түсіну қолайлы нұсқа ретінде дамыды. Жоғары білімі бар адамдар өз мүмкіндіктерін белсенді түрде зерттеп, өзін-өзі жүзеге асыруға өзінің қабілетін іске асыруға ұмтылады және олардың қарым-қатынасы бақыт әкелмейтінін мойындаудан қорықпайды.

Еліміздің 12 өңірінде керісінше заңдылық байқалды: жоғары білімі бар ерлер арасындағы ажырасу деңгейі орта білімді ер адамдар арасындағы бірдей көрсеткіштен төмен болды: Абай (25,3%-ы ажырасқан жоғары білімі бар ер адамдар және 32%-ы жалпы орта білімді ер адамдар), Ақмола (23% және 27,9%), Алматы (26,3% және 29,4%), Батыс Қазақстан (24,9% және 38,4%), Жамбыл (26,4% және 38,1%), Жетісу (27,8% және 37,5%), Қарағанды (25,5% және 30,3%), Қостанай (24,9% және 25,7%), Павлодар (24,9% және 25%), Солтүстік Қазақстан (24% және 26,6%) облыстары. Түркістан облысында көрсеткіштер бойынша айырмашылық әлдеқайда көп – 24,9% және 43,8%.

Жалпы, елімізде соңғы жылдары ажырасудың жалпы көрсеткіші 2019 жылы 3,23-тен 2023 жылы 2,02-ге дейін төмендеген. Сонымен бірге әлеуметтік нормалар мен стереотиптердің өзгеруі ажырасудың әлеуметтік



тыйым ретінде қабылданбауына ықпал ететінін атап өткен жөн. Бұл сандық өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар неке қатынастарына саналы көзқарастың артуы және қоғамдағы отбасы өмірінің мәселелерін белсендірек талқылау сияқты ажырасу процесінің сапалық аспектілерін түсіндіруі мүмкін.

Қазақстанда соңғы жылдары некеге тұру көрсеткішінің төмендеуіне қарамастан, неке сапасында оң үрдістер байқалады. Заманауи жұптар некеге дайындалудың маңыздылығын түсініп, отбасын құруға аса жауапкершілікпен қарайды. Орташа некеге тұру жасының ұлғаюы жастардың отбасын құруға дейін білім алуға, мансап жолында өсуге және жеке өзінің қабілетін іске асыруға деген ұмтылысын көрсетеді. Бұл ерлі-зайыптылыққа ақыл тоқтатып, саналы көзқарастың қалыптасқанын көрсетеді.

III ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НЕКЕ-ОТБАСЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

■ Жаһандық үдерістер өмірдің барлық салаларына әсер етіп, шынайы өмірдің жаңа қырын қалыптастырады. Бір кездері шындық болып көрінген құбылыстарды қайта қарауға және қайта бағалауға әкеледі, бірқатар институттарда тектоникалық ығысулар тудырады. Соның бірі – отбасы және неке институты. Егер бұрын неке мен бала сөзсіз және шартсыз игілік болып көрінсе, бүгінде отбасы құбылыс ретінде айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Отбасыға қатысты көзқарас және онымен байланысты құндылықтар өзгеруде.

Отбасы мен неке туралы дәстүрлі ұғым әлеуметтік, экономикалық, мәдени және технологиялық өзгерістерге әкелетін жаһандық процестердің әсерінен өзгеріске ұшырайды. Ұжымдық тәртіптің отбасы құндылықтары жеке құндылықтармен ауыстырылады, отбасылық өмірді ұйымдастыру формалары өзгереді және ұлғаяды.

Сонымен қатар жаңа үрдістердің отбасы институтына әсерімен бұрынғы факторлар ықпал етуін жалғастыруда. Отбасы институтын қоса санағанда дәстүрлі түсініктер мен ұстанымдар әлі де басым. Дәстүр мен жаңашылдық тоғысқан өтпелі кезең осылай пайда болады.

Тарау үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде отбасы құндылықтары жас тобы және этникалық топ бөлігінде талданады. Екінші бөлімде медиа мен цифрлық технологиялардың неке-отбасы қатынастарына тигізетін әсері, медиатұтынудың заманауи тәжірибесі отбасылық құндылықтарды қабылдауда қалай өзгертетіні зерттелген. Үшінші бөлімде, аддиктивті бұзылыстардың неке-отбасы қатынастарына әсері талданады.

3.1. Неке-отбасы қарым-қатынастарын және отбасыішілік рөлдік құрылымды құндылық ретінде қабылдауы

Отбасы құндылықтары – бұл отбасы ішіндегі қатынастарды қалыптастыруға ықпал ететін негізгі принциптер мен сенімдер, отбасы ішіндегі мінез-құлық пен өзара әрекеттесуді қалыптастырады және әлеуметтік-экономикалық, этникалық, діни контекстілерге байланысты қоғамның жалпы қабылданған, қалыптасқан құндылықтарынан өзгеше болуы мүмкін.

Осыған байланысты респонденттерге «Сіз үшін ең маңызды отбасы құндылықтары қандай?» деген сұрақ қойылды. Сұраққа берілген жауаптардың нұсқалары отбасы құру үшін маңызды отбасы құндылықтарының әртүрлі аспектілерін қамтиды (3.1.1-сурет).

«Бір-біріне қамқорлық жасау, өзара сыйластық, қолдау» құндылығы 61 жастан асқан адамдардың 65,1%-ы, 29 бен 45 жас аралығындағы респонденттердің 64,5%-ы, 18 бен 28 жас аралығындағы сауалнамаға қатысқандардың 61,8%-ы және 46 мен 60 жас аралығындағы орта жастағы респонденттердің 59,1%-ы үшін некеде маңызды шарт болып табылады. Жауап бергендердің жартысынан көбі осы құндылықты ең маңызды деп санайды.

Нәтиже күтілгендей алынды. Қамқорлық, құрмет және қолдау отбасы ішіндегі мықты және сау қарым-қатынастардың негізін қалайды. Аталған құндылықтар отбасы мүшелеріне өзін сүйікті және маңызды сезінуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде берік қарым-қатынастың дамуына ықпал етеді және отбасында эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.



3.1.1-сурет. «Сіз үшін ең маңызды отбасы құндылықтары қандай?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Екінші маңызды отбасы құндылығы – махаббат. Махаббат – көптеген отбасы қарым-қатынастарының негізі. Бұл бір-бірін сөзсіз қолдау мен қабылдауды білдіреді және отбасы мүшелерінің арасында қауіпсіздік сезімін тудырады. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы оны маңызды отбасы құндылығы ретінде көрсетті. Респонденттердің барлық санаттары үшін (жасы, жынысы және этникалық тиесілігі бойынша) көрсеткіштер 42-49% аралығында.

Қазақстандықтар үшін тағы бір маңызды отбасы құндылығы – балалар. Сауалнамаға қатысқандардың барлық санаттары үшін бұл жауап нұсқасының көрсеткіштері 18-ден 28 жасқа дейінгі жас буын өкілдерін қоспағанда, 38%-дан 42%-ға дейін тіркелді. Ал жастар арасында бұл көрсеткіш 29,6%-ды құрады.

Тереңдетілген сұхбат барысында отбасы құндылықтары және олардың маңыздылығы туралы сұрақ кейбір респонденттер арасында түсінбеушілік тудырды. Мысалы, олардың бірі: «Сабыр мен тыныштық» деп жауап берді. Ал «Неліктен дәл осы құндылықтар?» деген сұраққа ол: «Бәрі өз орнында, бәріміз табыс табамыз. Балаларға ата-әжесі қарайды, балалар оқиды». Сұхбат бергендер жалпы отбасы құндылықтарының ішінде денсаулықты, сүйіспеншілікті, өзара сыйластықты, ізгі ниетті, бір-біріне қолдау көрсетуді, әділеттілікті және өз отбасының тарихына қызығушылықты оятуды атап өтті.

Ұсынылған талдау негізінде қазіргі заманғы отбасылардың негізінен отбасы және отбасыишілік қатынастарға тікелей қатысты құндылықтарға бағытталған деп болжауға болады. Дегенмен ұрпақтар сабақтастығын сақтау, туған-туыстармен және жақындармен қарым-қатынас сияқты құндылықтар қазіргі отбасылар үшін өзекті емес, яғни Қазақстан отбасылары нуклеаризацияланып, даралануда.


Қазақстан отбасыларының құндылық бағдарларының динамикасын салыстыру барысында 2022 және 2024 жылдары «Қазақстан отбасылары» ұлттық баяндамасы аясындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері тұрақтылық көрсетті – барлық жауап нұсқалары бойынша айырмашылық 5%-дан аспайды. Ең танымал құндылық: «Бір-біріне қамқорлық, өзара құрмет, қолдау» (-10,1%).

Қазақстан отбасыларының дәстүрінде ұрпақтар сабақтастығы, туған-туыстармен, жақындарымен қарым-қатынас әрқашан отбасы құндылықтары мен дәстүрлерін сақтауда басты рөл атқарған. Туыстарымен және жақындарымен қарым-қатынас жасау арқылы аға ұрпақтан жас ұрпаққа білім мен тәжірибені, тарих пен мәдени дәстүрлерді беру процесі жүреді. Отбасындағы үлкендердің кішіге (балалар мен немерелерге) насихатталатын әңгімелері мен сабақтары отбасы мүшелерінің өз түп-тамырын білуіне және өздерінің жеке тұлғалық сәйкестігін қалыптастыруына ықпал етуі тиіс.

Жас топтары бойынша ерекшеліктерге назар аударсақ, отбасының ең танымал түсінігінде өзгеріс байқалады – егер бастапқыда (18-28 жас және 29-45 жас аралығында) отбасы қазақстандықтар үшін бақыт пен махаббат дегенді білдірсе, онда ересек жаста (46 жас және одан жоғарылар) отбасын ұрпақ жалғастыру деп түсінеді (3.1.2-сурет). Басқаша айтқанда жас ұлғайған сайын есейіп, өмірлік тәжірибе жинақтап, отбасын құрып, ата-ана атанған қазақстандықтардың отбасы туралы ойы идеалистік көзқарастан прагматикалық көзқарасқа ауысуда.

Сонымен қатар ең кіші жастан ең үлкен жасқа дейін екі түсінік бойынша біртіндеп төмендеу байқалады:


1. Бақыт пен махаббат. Бұл санатта көршілес жас топтары арасындағы ең үлкен айырмашылық байқалады – «18-28 жас» және «29-45 жас» топтары арасында шамамен 10% құлдырау бар.
2. Жауапкершілік пен міндеттемелер.



3.1.2-сурет. «Сіз үшін «отбасы» нені білдіреді?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Жынысы бойынша корреляцияны талдағанда ер адамдар үшін неке ең алдымен инстинктивті, ал әйелдер үшін сезімдік құбылыс екені анықталды (3.1.3-сурет). Сауалнамаға қатысқан ерлердің пікірінше неке негізінен ұрпақ жалғастыру үшін қажет. Ал әйелдер үшін некеде ең маңыздысы бақыт пен махаббат.




3.1.3-сурет. «Сіз үшін «отбасы» нені білдіреді?» сұрағы жауаптарының жыныс бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



Этникалық тиесілігі бойынша айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Ерекше жағдай – орыс отбасылары үшін бақыт пен махаббат түсінігі. Бұл категория жауаптардың жартысынан көбін жинаған жалғыз санат. Салыстырмалы түрде басқа ұлттар арасында бұл таңдау 40%-ды құрайды.

Қалған жағдайларда этникалық бөліністер арасындағы ең үлкен айырмашылық 6%-дан аспайды. Бұл ұқсастық Қазақстан қоғамында отбасы туралы біртұтас түсініктің қалыптасқанын білдіруі мүмкін (3.1.4-сурет).




3.1.4-сурет. «Сіз үшін «отбасы» нені білдіреді?» сұрағы жауаптарының этникалық тиесілігі бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж

Отбасын шағын әлеуметтік топ ретінде түсіну оның тиімді жұмыс істеуін отбасы ішіндегі коммуникация мәселелерін шешуге, күйеу мен әйел арасындағы құқықтар мен міндеттерді бөлуге, жауапкершілік дәрежесін анықтауға, сондай-ақ отбасы мүшелері арасында көшбасшылық пен билікті орнатуға байланысты.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстан отбасыларының көшбасшысы ер адам екенін анықтады (3.1.5-сурет). Бір қызығы, «Маңызды шешімдер бірлесіп шешіледі» категориясы жас санаттарының біріншісінен екіншісіне кезең-кезеңімен өсіп келеді.

Ең үлкен айырмашылық 18-28 жас аралығындағы топтан 12,7%-ға төмендегенде және сол жас топтары арасындағы әкенің рөлі 11,2%-ға өсетін кезде байқалады. Бұл қазақстандықтардың көбінесе 18-28 жас аралығында үйленіп, туған отбасыларынан кетіп, отбасының басшысы – әкесі болған өз отбасын құрып, отбасының осындай басшылық ету үлгісін қайта жаңғыртуымен түсіндіріледі.




3.1.5-сурет. «Сіздің ойыңызша, Сіздің отбасыңыздың басшысы кім?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Отбасында балалардың бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру олардың жеке тұлға болып қалыптасуы мен тәрбиесінде басты рөл атқарады. Тек отбасында ғана жас ұрпақтың құндылық бағдарлары қалыптасады, бұл үдерісте ата-ана жетекші рөл атқарады.

Осы зерттеу барысында респонденттерге: «Сіз балаларыңыздың бойына ең алдымен қандай құндылықтарды үйретесіз?» деген сұрақ қойылды (3.1.6-сурет).

Ата-аналар басымдық беретін құндылықтардың тізіміне еңбекқорлық, әділділік және үлкендерді сыйлау кіреді.




3.1.6-сурет. «Сіз балаларыңыздың бойына ең алдымен қандай құндылықтарды үйретесіз?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Зерттеу нәтижелері бойынша «Еңбекқорлық» нұсқасын таңдаған респонденттер келесідей бөлінді: 61 жастан асқан аға буын өкілдері – 51 %, 29-45 жас – 38,3 %, 46-60 жас – 32,4 %, ал 18-28 жастағылар – 26,8 %.

Этникалық тиесілігі (3.1.7-сурет) және жыныс бөлінісі бойынша көрсеткіштер іс жүзінде сәйкес келеді және 38%-дан 41,9%-ға дейінгі аралықта өзгереді. Алынған нәтижеге сүйене отырып, респонденттердің балаларды еңбекқорлық пен мақсатқа ұмтылу құндылықтарына баулу олардың өзін-өзі дамытуы мен өмірде табысқа жетуі үшін маңызды екенін түсінетінін байқауға болады. Еңбекқорлықты балалардың бойына сіңіру, мақсат қоюға және қиындықтарға қарамастан сол мақсаттарға жетуге үйретеді.



3.1.7-сурет. «Сіз балаларыңыздың бойына ең алдымен қандай құндылықтарды үйретесіз?» сұрағы жауаптарының этникалық тиесілігі бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Екі жылдың динамикасын талдау барысында құндылықтарды тәрбиелеуде тұрақтылық анықталды. «Өзін-өзі сыйлау» (-7,6%) және «Өзін-өзі дамыту» (+6,6%) құндылықтары бойынша өзгерістер байқалды, ал қалған жауаптардың өсуі немесе төмендеуі 5%-дан аспайды.

Сол кезеңдегі жас топтары бойынша динамика талдауы келесі құбылыстарды көрсетті:

1. 18-28 жас – «Еңбекқорлық» (+13,4 %) және «Өзін-өзі дамыту» (+10,1%; 2022 жылы – небәрі 2%, бес есе өсу) құндылықтарының айтарлықтай өсуі байқалады. Мұндай динамика жеке тұлғалық құндылықтардың өсуін жанама түрде дәлелдей алады.

2. 29-45 жас – «Өзін-өзі сыйлау» құндылығының төмендеуі (-8,6%) және «Еңбекқорлық» құндылығының тұрақты басымдығы (2022 жылы 36,8%, 2024 жылы 38,3%) байқалады.

3. 46-60 жас – бұл топта да «Өзін-өзі сыйлау» құндылығының айтарлықтай төмендеуі (-15%) және «Еңбекқорлық» құндылығының одан әрі нығаюы (2022 жылы 41,3%, 2024 жылы 44,9%) байқалады.

4. 61 жаста және одан асқандар – бұл жас тобында «Өзін-өзі сыйлау» құндылығының айтарлықтай төмендеуі (-12,9%), «Өзін-өзі дамыту» құндылығының өсуі (+5,6%) және «Еңбекқорлық» құндылығының айқын көш-басшылығы (+9,5%, 2024 жылы 51%) тіркелді.

Балаларда құндылықтарды тәрбиелеу туралы барлық жас топтары арасындағы консенсус – өзін-өзі дамыту мен еңбекқорлықты бірінші кезекте үйрету қажеттілігі. Бұл қазақстандықтардың пікірінше өзінің қабілетін іске асыру мен өмірдегі табысқа жету үшін жеке тұлғалық өсу және қажырлы еңбек негізгі шарттар екенін көрсетеді.

Жалпы балалардың бойында өзін-өзі және өзгелерді сыйлау, соның ішінде үлкендерді құрметтеуді үйрету, дені сау тұлғааралық қарым-қатынастардың негізін қалыптастыруға көмектеседі. Бұл құндылықтар иерархиясында үлкендерді құрметтеу бірінші орында тұр. Ең жоғары көрсеткіштер 46-60 жас (34,1%) және 61 жастан асқан (33,5%) респонденттер арасында байқалды. Жыныстық және этникалық өзгешеліктер бойынша көрсеткіштер ұқсас: сәйкесінше 25% және 28%. Жоғарыда аталған барлық құндылықтар бойынша 18-28 жас аралығындағы респонденттердің жауаптарында елеулі айырмашылықтар анықталғанын атап өтуге болады.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, жасына, жынысына немесе этникалық тиесілігіне қарамастан еңбекқорлық, әділдік және үлкендерді құрметтеу ата-аналар балаларында тәрбиелеуге тырысатын негізгі құндылықтар.

Егер респонденттердің өздеріне тән құндылықтары туралы айтатын болсақ, олардың көпшілігі үшін ең маңыздысы – бір-біріне қамқорлық жасау, өзара құрмет пен қолдау (62,7%), махаббат (43,2%) және балалар (38,7%). Сонымен қатар адамдардың некеге тұруының ең көп таралған себептерінің бірі – махаббат. Сонымен қатар кең таралған себептерге неке-отбасын құру және балаларды тәрбиелеу мүмкіндігі, сондай-ақ отбасы өмірінің әлеуметтік және құқықтық негізі ретінде қарастырылуы жатады.

Неке қиюдың себептері арасында экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу мүмкіндігі де маңызды фактор болуы мүмкін. Себебі неке мүлікті бірлесіп иелену арқылы экономикалық артықшылықтарды қамтамасыз ете алады. Кейбір адамдар үшін неке өзара қолдау, сенім және ынтымақтастыққа негізделген ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынастарды құру мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар некеге тұрудың тағы бір себебі – әлеуметтік күтулерге сай болу, әлеуметтік мәртебені жақсарту, сондай-ақ қауіпсіздік пен тұрақтылық сезімі. Бұл себептер бір-бірімен қиылысып, бірін-бірі толықтыра отырып, некеге тұруға деген күрделі уәждеме қалыптастырады.

Жүргізілген тереңдетілген сұхбат нәтижелерінің талдауы көрсеткендей сұхбатқа қатысқандардың барлығы отбасын құруды жоспарлаған, сондықтан үйлену немесе тұрмысқа шығу шешімі саналы түрде қабылданған. Қатысушылардың басым бөлігі некеге дайындалу қажеттілігін түсінеді, бірақ оны әрқайсысы өз түсінігі негізінде іске асырады. Кейбіреулер үшін бұл болашақ жұбайының денсаулығы туралы ақпарат алу болса, ал басқалары үшін қарым-қатынас дағдыларын меңгеру, бір-бірін тану және серіктесі туралы барынша көп ақпарат алу. Кейбір қатысушылар ресми некеге дейін азаматтық некеде тұру қажеттігін көрсетті. Сонымен қатар, некеге дайындықтың қажеті жоқ деп есептейтіндер де болды. Мысалы:

«Егер дайындық болса, қызық болмайды. Олар өз қиындықтарын өздері жеңуі керек. Ал егер бәрі алдын ала ойластырылса, онда ажырасу орын алады». (Әйел, 35 жаста, СҚО, Петропавл қаласы)

Жынысына, жасына немесе этникалық тиесілігіне қарамастан жаппай сауалнамаға қатысушылар махаббатты некеге тұрудың негізгі себебі ретінде атады. Осы айтылғандарды ескере отырып, «егер некеге тұрудың себебі махаббат болса, ажырасудың себебі неде?» заңды сұрақ туындайды.

«Сіздің ойыңызша, ажырасудың негізгі себептері неде?» деген сұраққа жауап бере отырып мамандар қазіргі әлемде ажырасудың көптеген себептері бар екенін және олар әртүрлі екенін атап өтті. Көрсетілген себептердің тізімінде қаржылық қиындықтардан басқа серіктестердің біреуінің тәуелділігі (құмар ойындарға, ішімдікке, т.с.с.), бір-бірінің айтқанына көнбеуі, эгоизм, ата-аналардың араласуы және бедеулік секілді факторлармен қатар құндылықтар арасындағы айырмашылықтар да жиі аталады. Сарапшылардың пікірінше, бір отбасының ішінде құндылықтардың қайшылығы шиеленістерге, жанжалдарға және соңында ажырасуға алып келеді. Көптеген құндылықтардың ұқсастығына қарамастан триггер тек бір ғана сәйкессіздік болуы мүмкін – ол неке туралы түсінік, балаларды тәрбиелеу, жұмыс, дін немесе қаржы мәселелері.

«Ажырасудың негізгі себебі – қазіргі жастарымыздың бір-біріне жол бергісі келмеуі. Бұл бірінші кезекте. Әрине, өйткені әр адам бұл отбасына өз «менімен», өз эгосымен, өз мақтанышымен, өз дәстүрлерімен, өмірлік тәжірибесімен келеді. Әрине, мұнда ата-аналардың да ықпалы зор». (Мінез-құлық маманы, Астана қаласы)

«...егер отбасында күйеуі ішімдік ішсе немесе есірткі қолданса, қаржылық қиындықтары болса, құмар ойындарға әуестенсе. Осындай жағдайларда ажырасулар өте көп. Бірақ, сонымен қатар қазіргі уақытта ажырасудың әртүрлі түрлері бар. Неге? Күйеуі үлкен бастық емес, немесе оның бірнеше пәтері жоқ деген себептер де кездеседі. Әрине, экология да әсер етеді, бедеулік те...». (Қоғамдық қор директоры, Астана қаласы)

Зерттеу аясында тереңдетілген сұхбатқа қатысушылардың ажырасуға деген көзқарасын анықтау әрекеті жасалды. Сұхбатқа қатысушылардың барлығы ажырасу отбасының барлық мүшелеріне, әсіресе балаларға теріс әсер етеді деген пікірді бірдей қолдады. Олардың ойынша, біз некені сақтап қалуға тырысуымыз керек. Сұхбаттасушылар тарапынан бұл мәселені реттеуге мемлекет араласуы керек деген ұсыныстар да айтылды.

«...бір жағынан БАҚ-тан оқығаным бар, иә, Қазақстанда ажырасу пайызы өте жоғары. Әлем бойынша алғашқы ондыққа кіріп тұрмыз. Бұл өте күрделі мәселе. Аталмыш мәселені басқа деңгейде көтеру керек сияқты. Әрине, үкімет бұл мәселеге көбірек назар аударуы қажет, мысалы, отбасы кеңестерін ұйымдастыру сияқты». (Ер адам, 37 жаста, Абай облысы, Семей қаласы)

Сонымен қатар тереңдетілген сұхбат қатысушылары отбасы ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алса, некені сақтаудың қажеті жоқ екенін атап өтті.


«Жақында заң шықты. Енді зорлық-зомбылық үшін соттайды. Арыз жазуға болады. Меніңше, бұл дұрыс. Ең бастысы – қол жұмсау, зорлық-зомбылық болмауы керек». (Әйел, 37 жаста, Абай облысы, Семей қаласы)



«Менің ойымша, егер отбасында зорлық-зомбылық болса, онда некені сақтаудың қажеті жоқ». (Ер адам, 38 жаста, Абай облысы, Семей қаласы)

Қазақстанда ажырасу процесі «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексімен реттелетінін атап өткен жөн. Заңнамаға сәйкес, ажырасу тәртібі ерлі-зайыптылардың ортақ кәмелетке толмаған балаларының болуына және олардың келісіміне байланысты сот арқылы немесе тіркеу органдары арқылы жүзеге асырылады. Ажырасу істерін қарау барысында кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Балалардың тұрғылықты жерін және ата-анасымен қарым-қатынас тәртібін анықтау кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сот арқылы іске асырылады.

Ажырасуға деген көзқарасты анықтау мақсатында респонденттерге мынадай сұрақ қойылды: «Сіздің ойыңызша, отбасында кәмелетке толмаған балалар (бала) болса, ажырасудың себебін негіздеу немесе дәлелдеу қажет пе?» Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, барлық жас топтарындағы респонденттердің үштен бірі ажырасудың себебін негіздеу немесе дәлелдеу қажет емес деп санайды: 18-ден 28 жасқа дейін – 35,1%; 29-дан 45 жасқа дейін – 32,3%; 46-дан 60 жасқа дейін – 30,9%; 61 жастан жоғары – 30,2%. Ажырасудың себебін негіздеу қажеттігімен толық келісетіндер барлық жас топтарында шамамен төрттен бірін (22–23,6%) құрайды. Жартылай келісетіндер («Иә, егер жағдайлар талап етсе» деген жауапты таңдағандар) респонденттердің төрттен бірінен астамын құрайды: 46-дан 60 жасқа дейін – 29,3%; 61 жастан жоғары – 28,6%; 29-дан 45 жасқа дейін – 28,7%; 18-ден 28 жасқа дейін – 26,6%.



■ 18-ден 28 жасқа дейін ■ 29-дан 45 жасқа дейін ■ 46-дан 60 жасқа дейін ■ 61 жас және одан жоғары

3.1.8-сурет. «Отбасында кәмелетке толмаған балалар (бала) болса, ажырасу себебін негіздеу немесе дәлелдеу қажет пе?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Алынған деректерге сәйкес, этникалық тиесілік тұрғысынан респонденттердің көпшілігі жас топтарындағыдай ажырасу және оның себебі әр адамның жеке ісі болып қалуы керек деп санайды. Мұндай пікірді: орыс этникалық топ өкілдерінің 36,9%-ы, басқа этникалық топ өкілдерінің 34,6%-ы қолдайды. Бұл көрсеткіш қазақ респонденттерінде біршама төмен (30,7%).


Ажырасу себебін негіздеудің қажеттілігімен толық келісетіндер: әйелдердің 25,1%-ы және ерлердің 19,9%-ы. Этникалық тұрғыдан алғанда бұл көрсеткіш басқа этникалық топ өкілдері арасында жоғарырақ (29,8%), ал орыс этникалық топ өкілдері арасында – 24,7%, қазақ этникалық топта – 21,2%. Сонымен қатар қазақтардың көпшілігі (30,9%) ажырасу себебін тек белгілі бір жағдайлар талап еткенде ғана дәлелдеу қажет деп санайды. Бұл пікірді қолдайтындардың үлесі орыс этникалық топ өкілдері арасында – 22,4%, ал басқа этникалық өкілдері арасында – 21,4%.

Жалпы, ажырасу себептерін негіздеу қажет деп санайтындардың үлесі басым. Мұны «Иә, бұл міндетті шарт болуы тиіс» және «Иә, егер жағдай талап етсе» деген жауаптардың нәтижелері көрсетіп отыр. Бұл пікірді респонденттердің жартысынан көбі қолдайды.

Ажырасудың себебін негіздеудің немесе дәлелдеудің қажеттілігі туралы алдыңғы сұраққа респонденттердің үштен бірінен астамы теріс жауап бергендіктен келесі сұрақ қойылды: «Отбасында кәмелетке толмаған балалар (бала) болса, дәлелді себептерсіз некені бұзатын адамдар үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге қалай қарайсыз?». Нәтижесі – барлық респонденттердің шамамен үштен бірі мұндай бастаманы қолдайды (3.1.9-сурет). Жас тобы ұлғайған сайын, бұл ұсынысты қолдайтындардың үлесі арта түседі: 18–28 жас – 28,4%, 29–45 жас – 28,1%, 46–60 жас – 32,1%, 61 жастан жоғары – 36,9%.

Керісінше пікірді таңдаған респонденттердің үлесі екі есе аз. Жас топтары бойынша: «Қандай жағдай болмасын, ажырасу үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге үзілді-кесілді қарсымын, өйткені бұл жеке бас бо-


стандығына нұқсан келтіруі мүмкін» деген жауапты: 18–28 жас аралығында – 12,9%-ы, 29–45 жас аралығында – 14,3%-ы, 46–60 жас аралығында – 14,5%-ы, 61 жастан жоғары – 11,5 %-ы таңдады.



3.1.9-сурет. «Отбасында кәмелетке толмаған балалар (бала) болса, дәлелді себептерсіз некені бұзатын адамдар үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге қалай қарайсыз?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Аталмыш сұраққа ерлер (30,9%) де, әйелдер де (30,9%) оң жауап берді (3.1.10-сурет). «Қандай жағдай болмасын, ажырасу үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге үзілді-кесілді қарсымын, өйткені бұл жеке бас бостандығына нұқсан келтіруі мүмкін» деген жауапты таңдаған респонденттер арасында әйелдерге қарағанда ер адамдар көп таңдады және сәйкесінше 14% және 13,1% құрайды.



3.1.10-сурет. «Отбасында кәмелетке толмаған балалар (бала) болса, дәлелді себептерсіз некені бұзатын адамдар үшін әкімшілік жауапкершілікті енгізуге қалай қарайсыз?» сұрағы жауаптарының жыныс бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Респонденттердің көпшілігі «Менің ойымша, ата-аналар негізсіз ажырасуға жауапты болуы керек, әсіресе балалар өсіп жатқан жағдайда» деген жауап нұсқасын таңдағандар, яғни некеде балалар (бала) болған жағдайда жауапкершілік қолданылуы мүмкін деп болжайды. Жас топтарының ішінде сауалнамаға қатысқан респонденттердің үштен бірінен астамы бұл пікірді қолдаған. Олардың ішінде: 18-28 жас аралығындағылардың 33,7%-ы, 29-45 жас аралығындағылардың 34,8%-ы, 46-60 жас аралығындағылардың 33,9%-ы және 61 жас және одан асқандардың 33,6%-ы. Жыныстық тиесілік тұрғысынан алғанда, бұл жауапты әйелдер (36%) ерлерге қарағанда (31,8 %) көбірек таңдаған. Ата-ана болу жағдайында жауапкершілікке қатысты қойылған сұраққа оң жауап бергендердің едәуір бөлігін басқа этникалық топ өкілдері құрады – 43,5%. Ал қазақтар мен орыстардың осыған ұқсас жауап бергендерінің үлесі төменірек – тиесінше 32,7% және 35,1%.

Сауалнамаға қатысқандардың аз, бірақ әлі де елеулі бөлігі нақты пікір білдіре алмай, бейтарап жауап берген. Мұндай жауапты көбірек таңдағандар – 18-28 жас аралығындағы жастар (22,4 %) және 29-45 жас ара-



лығындағы респонденттер (21,5%). Этникалық тиесілік тұрғысынан алғанда қазақтардың үлкен үлесі (21,4%) бұл сұраққа бейтарап жауап берген, ал орыстар мен басқа этникалық топ өкілдерінің үлесі тиісінше 15,6%-ды және 14 %-ды құрады. Сонымен қатар ерлердің үлесі (21,6%) әйелдерге қарағанда (18,1%) жоғары болды.

Қорытындылай келе отбасы құндылықтары тұрақты және үйлесімді отбасы ішіндегі қарым-қатынастарды құруда маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн.

Талдау қазақстандықтар үшін ең маңызды отбасылық құндылықтар – бір-біріне қамқорлық, махаббат, қолдау, құрмет, сенім және түсіністік екенін көрсетті. Олардың пікірінше, бұл құндылықтар үйлесімді және тұрақты отбасы ішіндегі қарым-қатынастарға ықпал етеді. Балаларға сіңірілетін құндылықтарға қатысты ең танымалдары – еңбекқорлық, әділдік және үлкендерді сыйлау.

Сондай-ақ отбасы туралы түсініктің жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеретіні анықталды. Жастар (18-28 жас) бақыт пен махаббатқа көбірек мән берсе, аға буын өкілдері (46 жастан жоғары) ұрпақ жалғастыруды басымдық ретінде қарастырады.

Ажырасу себептері арасында қаржылық қиындықтар, балаларды тәрбиелеу мәселелеріндегі келіспеушіліктер, зиянды әдеттер және ата-аналардың араласуы жиі аталады. Респонденттердің басым бөлігі ажырасуды жағымсыз құбылыс деп санайды, әсіресе оның балаларға кері әсерін ерекше атап өтеді.

3.2. Медиатұтынудың заманауи практикасы контекстіндегі неке-отбасы қарым-қатынастары

Бұқаралық ақпарат құралдары соңғы кездері айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Жаңа цифрлық медианың пайда болуы медиа кеңістігінің бұрын елестету қиын болған шектерге дейін кеңеюіне әкелді. Нәтижесінде қоғам өмірінің барлық салаларында, соның ішінде неке-отбасы қатынастарында елеулі өзгерістерге әкелді. Қоғамдық пікірталастарда жаңа медианың жағымсыз әсерлері туралы айту әдетке айналған (көбінесе интернет туралы – мысалы, К. Жұмабекова және т.б., 2024 қараңыз⁷⁶), оң әсерлері жайлы айтарлықтай азырақ айтылады.

Осылайша, медианың маңызды ықпалдарының бірі – әртүрлі зорлық-зомбылық түрлерінің азаюына жанама әсері назардан тыс қалады. Америка-канадалық психолог Стивен Пинкер өзінің «The Best of Us» (Пинкер, 2021) кітабында қазіргі қоғамда зорлық-зомбылықтың азаю себептерінің бірі ретінде адамдардың бір-біріне көзқарасын кеңейтетін медианың рөлін атап өтеді. Соңғы онжылдықтарда медиакеңістіктің айтарлықтай кеңеюі бұл әсерді бірнеше себептер бойынша күшейтеді:

Біріншіден, медиакеңістіктің айтарлықтай кеңеюі оның әртараптануына әкеледі. Дәстүрлі медиа әлемінде отбасы қарым-қатынастары саласындағы тақырыптар назардан тыс қалуы мүмкін. Дегенмен, жаңа медиа құралдарының айтарлықтай өсуі олардың кейбіреулері осы тақырыптарға арнайы мамандана бастады, сөйтіп, маманданған платформалардың пайда болуына әкелді.

Екіншіден, медиа саласының кеңеюі отбасы өмірінің жеке тұстары мен жабықтығын айтарлықтай төмендетеді.

Үшіншіден, ақпараттық контент жасаушылар санының айтарлықтай артуы байқалады, бұл қарапайым адамдардың күнделікті өміріне қатысты тақырыптардың медиада ұсынылуының артуына ықпал етеді.

Төртіншіден, жаңа цифрлық медианың дәстүрлі аналогтарымен салыстырғанда айтарлықтай көбірек кері байланысы бар. Нәтижесінде адамдар ақпаратты пассивті түрде тұтынып қана қоймай, ақпараттық контентті жасаушылармен ғана емес, жалпы қоғаммен де белсенді әрекеттеседі.

Осылайша, жаңа цифрлық медиа қоғам өмірінің барлық салаларына еніп, сонымен бірге әрбір адамның ақпараттық контентті өндіруге қатысу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Әрине, отбасы мен отбасы өмірі әлеуметтік өмірдің маңызды құрамдас бөлігі ретінде бұл процестерден тыс болуы мүмкін емес. Нәтижесінде қазіргі заманғы отбасы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Бір жағынан, ол дербестігін жоғалтқаннан, теріс (дәстүрлі отбасы өмірінің дағдарысы ретінде) қабылдануы мүмкін. Екінші жағынан, дербестіктің жоғалуы отбасы ішіндегі түрлі теріс тәжірибелер мен әрекеттердің (мысалы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көрінісі) ықтималдығын азайтады.

Сипатталған өзгерістерді бағалау үшін ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі талдауына жүгіну қажет⁷⁷. Алдымен, қазақстандықтардың отбасы және отбасы қарым-қатынастары туралы ақпаратты қайдан алатынын анықтау керек. Сауалнама нәтижелері басты ақпарат көзі интернет (әлеуметтік желілер мен жаңалық сайттары) болып табылатынын респонденттердің 54,3%-ы көрсеткен. Теледидар танымалдылығы жағынан екінші ақпарат көзі, оны респонденттердің 47,8%-ы пайдаланады. Бұл екі негізгі ақпарат ресурстары бірін-бірі жоққа шығармайтынын атап өткен жөн. Бір ресурсты пайдалану екіншісін пайдалануды азайтатынын көрсететін статистикалық маңызды нәтижелер жоқ.

⁷⁶ Zhumabekova K., Kegembayeva Zh., Otarbayeva A., Yelubayeva A., Abizhanov S. Ensuring children's online safety in Kazakhstan: balancing protection from harm with rights to information access. Security and human rights monitor. URL: <https://www.shrmonitor.org/assets/uploads/2024/03/Zhumabekova-et-al.pdf>.

⁷⁷ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Интернеттің жоғары танымалдылығы қазақстандықтар арасында нақты цифрлық медиа қаншалықты танымал және қандай әлеуметтік желілер және/немесе әлеуметтік медиа ең танымал болды деген сұрақты тудырады.

Респонденттердің жауаптарына сәйкес Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желі – Instagram. Респонденттердің 60%-ға жуығы (59,4%) ақпарат алу үшін осы әлеуметтік желіні пайдаланатынын айтты. Танымалдығы бойынша екінші орында Whatsapp мессенджері. Бұл әлеуметтік желіні респонденттердің жартысынан сәл астамы (51%) пайдаланады. Танымалдығы бойынша үшінші орында YouTube бейнехостингі. 30%-дан сәл астамы бұл желіні ақпараттық арна ретінде пайдаланатынын көрсетті. Танымалдығы бойынша YouTube-пен тең – оның тікелей бәсекелесі TikTok. Респонденттердің 30,8%-ы осы медиа түрін қолданатынын айтқан.

Қазақстандағы танымалдығы ең аз әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қатарында: Одноклассники, Twitter және Mail.ru. Одноклассники сайты респонденттердің 3,4%-ы пайдаланады. Респонденттердің үш пайыздан азы (2,3%) Twitter-ді пайдаланады. Mail.ru әлеуметтік желісін респонденттердің 1,5%-ы пайдаланады. ВКонтакте әлеуметтік желісі танымалдығы бойынша ең төмен (3.2.1-сурет).



3.2.1-сурет. «Қандай әлеуметтік желілер мен мессенджерлерден ақпаратты жиі аласыз?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Жаңа медианы зерттеушілер көбінесе әлеуметтік-демографиялық индикаторлар бөлігінде медиатұтынушыларын зерттеуге ерекше көңіл бөледі. Ең алдымен, әртүрлі жас топтары арасындағы айырмашылықтарды атап өткен жөн (көбінесе егде жастағы топтар дәстүрлі медианы қолданады деп болжанады).

Жалпы, ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі нәтижелері бойынша⁷⁸, жаңа цифрлық медианы екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа Instagram, TikTok және Telegram кіреді. Бұл әлеуметтік желілерді көбірек пайдаланатындар – ең жас топ өкілдері. Жаңа медианың екінші тобы – Facebook, Whatsapp және Youtube – пайдаланушылардың жас топтары бойынша біркелкі таралуымен сипатталады.

⁷⁸ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



Instagram әлеуметтік желісі:

- ең жас респонденттердің (18-28 жас аралығындағы) ең танымал ақпарат көзі, осы әлеуметтік желідегі медиаконтентті тұтынуды жастардың 77,4%-ы қалайды;
- 29-45 жас тобындағы пайдаланушылардың үлесі – 71,4%;
- 46-60 жас аралығындағы респонденттердің шамамен 50%-ы да жаңалықтар медиасы ретінде Instagram-ды таңдайды;
- егде жастағы топта тек әрбір төртінші респондент – Instagram қолданушысы;
- қолданушылардың көбі әйелдер – 64,1%.

TikTok әлеуметтік медиасы:

- ең алдымен жастар арасында танымал (18-28 жас тобындағы респонденттердің 49,1%-ы оны жаңалықтарды алатын медиа ретінде көрсеткен);
- жоғары жастағы топтар арасында TikTok танымалдылығын айтарлықтай жоғалтады (адам неғұрлым есейген сайын, ол бұл әлеуметтік желіні ақпарат көзі ретінде азырақ көрсетеді).

Whatsapp мессенджері:

- 18-ден 60 жасқа дейінгі адамдар оны бірдей пайдаланады, барлық үш жас тобында 50%-дан сәл астам;
- 61 жас және одан жоғары жас тобында сәл артта қалу байқалады (осы жастағы адамдардың 43%-ы Whatsapp-ты ақпарат көзі ретінде пайдаланады);
- жас респонденттер Whatsapp пайдалануда біршама белсендірек – 18-28 жас аралығындағы респонденттердің 52,8%-ы.


YouTube бейнехостингі

- 29 жастан 60 жасқа дейінгі адамдар арасында ең танымал (осы жас тобындағы 30%-дан сәл астамы бейнехостингті көреді);
- 61 және одан жоғары жастағылардың 30%-ы осы әлеуметтік желіні пайдаланады;
- жас адамдардың шамамен 27-28%-ы YouTube-ті пайдаланады.

Неліктен кейбір әлеуметтік желілер жастар арасында айтарлықтай танымалдыққа ие болып жатқаны туралы сұраққа қарапайым жауап беру қиын, ал басқалары әртүрлі жас топтары өкілдерінің біркелкі назар аударуымен сипатталады. Мысалы, қандай да бір жаңа цифрлық медиа жастар арасында танымал деп айтуға болмайды. Тізімге әлеуметтік желі (Instagram – белгілі бір дәрежеде Facebook аналогы деп атауға болады), әлеуметтік медиа (TikTok – Youtube-тің екінші тобындағы аналогы) және мессенджер (Telegram – Whatsapp аналогы) бар. Дегенмен, бір ерекшелік байқалады: жастар арасында танымал медиа, әдетте, олардың тікелей аналогтарымен салыстырғанда жаңарақ болып келеді (Instagram Facebook-ке қарағанда «жасырақ», TikTok YouTube-қа қарағанда «жасырақ», Telegram WhatsApp-қа қарағанда «жасырақ»).

Ең аз танымал әлеуметтік желілер – Mail.ru және Twitter (3.2.2-суретте көрсетілмеген). Респонденттердің арасында бұл мессенджерлерді қолданбайтындар өте төмен көрсеткіште.

Негізгі дәстүрлі БАҚ – теледидар. Сонымен қатар жас ұлғайған сайын теледидардың танымалдылығы артады. Теледидар жастар арасында танымал емес, ең жас топтың шамамен 5%-ы, орта жастағы топтың 10%-ы және жоғары жастағы топтың (46 жастан 60 жасқа дейін) 20%-ы ғана көреді. Аға буын өкілдері 61 жас және одан жоғары жастағылар арасында ақпарат көзі ретінде теледидарды артық көреді, 40%-дан астамы жаңалықтарды теледидардан алады (3.2.2-сурет).




3.2.2-сурет. «Сіз қандай әлеуметтік желілер мен мессенджерлерден жиі ақпарат аласыз?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Қазақстанда медиаконтентті тұтынуда ең танымал тіл – қазақ және орыс тілдері. Ағылшын тілін маңызды балама ретінде қарастыруға болмайды. Нәтижелер медиасаласында орыстілді ақпараттық-жаңалықтар контентін тұтыну шамалы басым екенін көрсетеді. Осылайша, 55%-дан сәл астамы (56,4%) медиаконтентті тұтыну кезінде орыс тілін таңдайтынын айтты. Бұл ретте респонденттердің 38,1%-ы медиаарналарында ақпарат алу үшін қазақ тілін таңдаған.

Сауалнама деректері қостілділер үлесінің аз екенін көрсетті. Осылайша, респонденттердің тек 2,2%-ы қазақ және орыс тілдеріндегі контентті бір уақытта тұтынады. Бұл нәтижені күтілмеген деуге болады (қос тілділер тобы көбірек болады деп болжанған). Басқа тілдердің ішінде респонденттер өзбек (0,7%), ағылшын (0,6%), ұйғыр (0,2%) тілдерін көрсетті (3.2.3-сурет).



3.2.3-сурет. «Медиаконтентті қай тілде жиі қолданасыз?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



Респонденттердің сөйлейтін тілі қала/ауыл бөлігінде ерекшеленеді деген пікір кеңінен таралған. Жалпыға ортақ стереотип мынадай: қала тұрғындары көбінесе орыс тіліндегі ақпараттық контентті тұтынады, ал ауыл халқы қазақ тілінде. Осы себепті медиатұтыну тілі тұрғылықты жердің түріне қалай қатысты екенін, танымал стереотип расталған немесе расталмағанын қарастырған жөн. 3.2.4-суретте респонденттердің қала/ауыл бөлінісі бойынша БАҚ-ты қай тілде тұтынуды қалайтыны көрсетілген.

Қай тілде қолдануды қалайтынына орай бөлу нәтижесі күтілгендей болды. Қала тұрғындары арасында медиаконтентті орыс тілінде тұтынуды қалайтындардың үлесі жоғарырақ. Орыс тілді медианы пайдаланушылардың орналасу орнына қарай таралуы айқын түрде қала тұрғындарына қарай ығысқан. Орыс тілді медиа тұтынушыларының 74,4%-ы қалада тұрады, ал тек 25,6%-ы ауыл тұрғындары. Қазақ тіліне қатысты жағдай өзгеше:



қала мен ауыл арасындағы мұндай айқын айырмашылық жоқ. Қазақ тілді БАҚ-ты тұтынушылардың көпшілігі де қалада тұрады (54,7%). Алайда жауаптардың таралуы біршама теңдестірілген (орыс тіліне қарағанда қала мен ауыл арасындағы айырмашылық соншалықты үлкен емес).

Сондай-ақ қала тұрғындары арасында қазақ және орыс тілдерінде контентті бірдей тұтынуды қалайтын көстiлділердің үлесі жоғарырақ.



3.2.4-сурет. «Медиаконтентті қай тілде жиі қолданасыз?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Бұл бөлімнің негізгі идеясы – Қазақстан отбасына медиасаласының ықпалын анықтау. Осы мақсатта бұл мәселеге қатысты қазақстандықтардың пікірін ескеру қажет. Әлеуметтанулық сауалнама аясында респонденттерге «БАҚ Сіздің отбасыңыздағы қарым-қатынастарға қалай әсер етеді?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа жауаптардың таралуы келесіні көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі БАҚ неке-отбасы қатынастарына «мүлдем әсер етпейді» деп жауап берді. Респонденттердің 20%-ға жуығы (19,3%) БАҚ отбасындағы пікірталастар мен талқылаулар тудыратынын айтты. Респонденттердің тағы 11,9%-ы «Қақтығыстар мен дауларға қарағанда пікірталастар мен талқылаулар жиі туындайды» деп жауап берді. Жалпы алғанда, БАҚ-тың пікірталастар мен талқылаулар туғызуы ықтимал екенін көрсеткендердің жалпы үлесі – 31,2%, бұл сауалнамаға қатысқандардың үштен біріне жуығын құрайды.

БАҚ отбасында «Қақтығыстар мен даулар тудырады» деген жауапты белгілегендерге келетін болсақ, олардың үлесі салыстырмалы түрде аз. Респонденттердің 5,2%-ы БАҚ отбасындағы қақтығыстар мен дауларға көбірек ықпал ететінін көрсетсе, респонденттердің 3,2%-ы аз да болса, ықпал етеді деп жауап берді. Жалпы қазіргі БАҚ-тың кері әсерін көрсеткендердің үлесі 8,4%-ды құрайды.

Қорытындылай келе, бұқаралық ақпарат құралдары отбасындағы қарым-қатынасқа ешқандай әсер етпейтініне көпшіліктің сенімді екенін атап өтуге болады. Шамамен үштен бірі медиа пікірталастар мен талқылаулар туғызуы ықтимал деп санайды. Алайда қатысушылардың 8,4%-ы БАҚ олардың отбасындағы жағдайға теріс әсер етіп, жанжал туғызатынын көрсетті.

Ықпал етуді бағалау мен теледидар арасында статистикалық байланыс жоқ. Теледидар көрермендерінің БАҚ-тың отбасы қарым-қатынасына әсерін бағалау кездейсоқ бөлінген. Facebook пен мемлекеттік органдардың ресми сайттарын белсенді пайдаланатын респонденттер БАҚ отбасында пікірталастар мен талқылаулар туғызатынын жиі атап өтті. Бұл ретте респонденттер БАҚ тудыратын қақтығыстарды азырақ көрсетеді (3.2.5-сурет).



3.2.5-сурет. «БАҚ Сіздің отбасыңыздағы қарым-қатынастарға қалай әсер етеді?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Корреляциялық талдау келесі тармақтарға назар аударуға мүмкіндік береді. БАҚ-тың отбасына ықпалын бағалау барлық әлеуметтік-демографиялық параметрлермен, соның ішінде жыныс пен жасқа сәйкес келмейді. Респонденттердің білімі жауаптардағы кейбір айырмашылықтармен байланысты (хи-квадрат = 29,8, маңыздылық 0,02), бірақ бұл айырмашылықтардан маңызды қорытынды жасауға болмайды. Сонымен қатар, Спирменнің реттік корреляциясы статистикалық маңызды нәтиже бермейді, яғни білім деңгейі әртүрлі респонденттердің жауаптарындағы жүйелі айырмашылықтарды көрсету мүмкін емес.


Нәтижелер бұрын-соңды некеде болмаған адамдар, сондай-ақ ажырасқан және жесір қалған адамдар БАҚ-тың отбасына қандай да бір ықпалын жоққа шығаруы мүмкін екенін көрсетеді. Ерлі-зайыптылар әсер етудің әртүрлі нысандарын жиі хабардар етеді (хи-квадрат = 63,2, маңыздылық 0,001). Отбасы жағдайынан тыс БАҚ-тың отбасына ықпалын бағалаумен статистикалық байланысы бар жалғыз әлеуметтік-демографиялық фактор – этникалық тиесілік. Сондықтан бұл сұраққа жауаптарды этникалық топ тұрғысынан қарастырған жөн. Осы мәселе бойынша жауаптарды бөлу төменде берілген:

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі бұқаралық ақпарат құралдары олардың отбасындағы қарым-қатынасқа әсер етпейтініне сенімді. Көрсетілген үш этностың барлығында да көпшілігі (үш топта да 50%-дан астам) БАҚ олардың отбасына мүлдем әсер етпейді деп есептейді. Мұндай көзқарас орыс ұлты өкілдері арасында жиі кездеседі, 65%-дан астамы олардың туыстарымен қарым-қатынасында БАҚ ешқандай рөл атқармайтынына сенімді.

Екінші үлкен топ бұқаралық ақпарат құралдары олардың отбасында қақтығыстар мен даулар тудырады деп жауап берді. Сондай-ақ бұл бөліністе барлық үш этностың жауаптарының біркелкілігі байқалады. Респонденттердің 16%-дан 20%-ға дейіні олардың отбасында БАҚ қақтығыстар мен даулар тудыратынын көрсеткен – шамамен 20% қазақтар, 18% орыстар және 16% басқа ұлт өкілдері.

Таңдалу жиілігіне қарай үшінші жауап – БАҚ отбасында қақтығыстар мен дауларға қарағанда пікірталастар мен талқылаулар тудырады. Бұл бөлуде қазақтар мен басқа ұлт өкілдерінің 10%-дан сәл астамы және орыстардың 7%-ға жуығы осындай жауап берді.

Жалпы, әрбір жауап нұсқасы бойынша үлестірім біркелкі, дегенмен қатысушылар ішінде ұлты орыстар отбасындағы қарым-қатынасқа БАҚ-тың мүлдем әсер етпейтініне сенімді (3.2.6-сурет).



3.2.6-сурет. «БАҚ Сіздің отбасыңыздағы қарым-қатынасқа қалай әсер етеді?» сұрағы жауаптарының этникалық тиесілігі бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Сонымен бірге зерттеуге қатысқан бірқатар сарапшылар отбасы қарым-қатынасына БАҚ пен әлеуметтік желілердің ықпалы зор екенін алға тартады. Соның ішінде көбінесе отбасы келіспеушіліктеріне әкелетін Instagram платформасының әсері. Әлеуметтік желідегі «сәтті өмірдің» идеалды трансляциясы ерлі-зайыптылар арасында наразылық пен шиеленіс тудыруы мүмкін. Инстаграмда мінсіз өмірді көрген әйелдер күйеулерінің бірдей әл-ауқат деңгейіне жетуін талап ете бастайды, бұл өз кезегінде отбасында шиеленіс пен келіспеушілік тудырады. Бұл жағдай жұбайлардың қысым сезінуіне әкеліп, кейде ажырасумен аяқталуы мүмкін.

«Инстаграм да солай. Біздің қыздар әдемі өмірді жеткілікті көреді. Негізі бұл блогерлер өздерінің жаман өмірлерін көрсетпейді. Олар да адамдар, олардың да көңілдері қалады және т.б., бірақ олар тек жақсы суреттерді көрсетеді. Және олар сол жерде өмірде бақытты өмір сүріп жатырмыз деп ойлайды. Ал содан кейін олар күйеулерін қыса бастайды. Күйеулер бұл ауыртпалықты көтере алмайды». (8-сарапшы, медиатор, Астана қ.)

Осылайша әлеуметтік желілер біздің өмірімізге әкелетін көптеген жағымды аспектілерге қарамастан, ол отбасы қарым-қатынастары үшін жаңа қиындықтар тудырады.

Алайда кейбір сарапшылардың пікірінше, медианың адамдарға оң және теріс әсер етуі көбінесе әрбір отбасындағы білім деңгейіне және өмірлік құндылықтарға байланысты. Ақпаратты сүзгіден өткізіп, оны сыни көзқараспен пайдаланатындар БАҚ пен әлеуметтік желілерден барынша пайда алады. Керісінше, қажетті сыни ойлау дағдылары жоқ адамдар БАҚ ықпалының жағымсыз салдарын жиі сезінеді. Ақпаратты дұрыс бағаламау қауесеттерге, манипуляцияларға және шындық туралы қате түсініктерге әкелуі мүмкін.

«Мысалы, сол гаджет немесе басқа медиа қолдану мәселелері. Сондай-ақ, маған медиасауаттылық термині ұнайды. Ол қазіргі уақытта өте маңызды деп ойлаймын. Яғни, бұл біз ақпаратқа, оны бағалауға және т.б. сын көзбен қарауымыз керек дегенді білдіреді. Яғни, не шын, не жалған екенін, не тұтынуға жақсы, не жаман екенін ажыратуымыз қажет». (2-сарапшы, ЖОО оқытушысы, Астана)

Осы мәселе бойынша тереңдетілген сұхбатқа қатысқан қазақстандықтардың пікірі екіге бөлінді. Қатысушылардың бірқатары БАҚ пен әлеуметтік желілердің отбасы қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етпейтінін алға тартса, басқалары медиа отбасы мүшелерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады, хабардар және мобильді болуға көмектеседі деп есептейді. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде табысты адамдарды бақылай отырып, олар жақсы өмір сүруге, дамуға және жаңа мақсаттарға жетуге ұмтылады.

«...білмей жатқан заттарымызды әлеуметтік желіден іздейміз. Сабағымызға да көмектеседі деп айта аламын. Қазір дейтін әлеуметтік желісіз өмірін елестете алмайды ғой кез келген адам. Бір нәрсе керек болса да, әлеуметтік желіден іздейміз. Бірдеңені қалай жасайтынын білмей жатсақ, таза әлеуметтік желіде бәрі жазылып тұрады деп ойлаймын, жақсы әсер етеді». (11-респондент, әйел, 33 жаста, білімі жоғары, «Қазсушар» РМК, тұрмыста, Атырау облысы)

Дегенмен кейбір респонденттер БАҚ-тың отбасы қарым-қатынасына әсер етуінің жағымсыз жақтарын да атап өтеді. Сұхбатқа қатысушылар көрсеткен мәселелердің бірі – жалған ақпараттың тарауы, бұл қоғамды тұрақсыздандыруға және жалған ақпараттың таралуына әкеледі. Әлеуметтік желіге тәуелділік, әсіресе балалар арасында байқалатыны да алаңдатады. Ата-аналар гаджеттерге көп уақыт жұмсау салдарынан отбасындағы өзара жанды әрекеттестік азайып, отбасының жеке мүшелерінің оқшаулануына әкелетінін атап өтеді. Сондай-ақ экранды ұзақ пайдаланудан туындаған балалардың бұлыңғыр көруі және сөйлеудің кешігуі сияқты денсаулыққа қатысты мәселелер де қарастырылады.

«Әркімнің отбасына, әркімнің жеке басына жүз проценттік әсері бар үлкен проблемалардың бірі деп айтсақ болады. Өйткені бесіктегі баладан бастап еңкейген шал-кемпірлерге дейін осы қазір сотканы қарайды. Сотканың ішінде ең негізгі тараған платформа бұл кезде инстаграм, тикток деген сияқты ақпараттың барлығын жаңалықтың барлығын сөз жинаған адамдар. Қазір ешкім телевизор қарап, жаңалық тыңдамайды, газет оқып, жаңалықты оқымайды. Бұл жерде проблемалардың бірі бұл бізде ақпараттың дұрыс тарамуы, яғни өтірік ақпараттың тарауы және оған халықтың сенуі». (1-респондент, әйел, 40 жаста, қазақ, білімі жоғары, жеке кәсіпкер, үйленген, Абай ауданы)

Осылайша, зерттеу нәтижелері Қазақстандағы отбасы қарым-қатынасына БАҚ пен әлеуметтік желілердің ықпалы көп қырлы екенін көрсетті. Бір жағынан, БАҚ пайдалы ақпараттың, оқу материалдарының және өзін-өзі дамытудың шабыт көзі, екінші жағынан, олар жалған ақпарат көзі бола алады, технологияға тәуелділікті тудыруы мүмкін және отбасы мүшелері арасындағы жеке, жанды өзара әрекеттесуді азайтады.

Көбінесе отбасы контексіндегі интернет пен жаңа цифрлық медиа туралы пікірталас балалар мен жасөспірімдер үшін қауіптер мен сын-қатерлерді тудыратын жаңа медианың мәселелеріне ауысады. ҚҚДИ сауалнамасының нәтижелері⁷⁹ Қазақстан ата-аналарының балаларға қатысты ең өзекті мәселелердің қатарында әлеуметтік желілерге, интернетке (38,8%) және виртуалды ойындарға (35,1%) тәуелділік деп атап өтеді (3.2.7-сурет).



3.2.7-сурет. «Сіздің балаларыңызға қатысты қандай мәселелер сізді алаңдатады?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, осы сұраққа «Иә» деп жауап бергендер санынан, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

⁷⁹ «Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі: 2024 ж. / Іріктеме - 2 400 респондент.



Дегенмен, заманауи ақпараттық технологиялар әлеуетті қауіптер туғызып қана қоймайды, сонымен қатар бақылаудың жаңа әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты сауалнама аясында респонденттерге «Сіз балаларыңыздың телефондарын, компьютерлерін тексересіз бе?» деген сұраққа жауап беру ұсынылды. Респонденттердің жауаптары келесідей бөлінді:


Респонденттердің көпшілігі (57,8%) бұл сұраққа жауап бермеген. Жауап бергендердің тағы 1,1%-ы жауап беруге қиналған. Осылайша жауап бермеген респонденттердің жалпы үлесі 58,9%-ды құрайды. Бұл сұраққа жауап берген респонденттердің көпшілігі «Иә, зиянды контенттен қорғау және орналасқан жерді бақылау үшін» олардың құрылғыларын бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі бағдарламаларды қолдану туралы айтты (сұраққа жауап берген респонденттердің жалпы санынан 18,2%-ы немесе осы сұраққа жауап бергендердің 43%-ы). Респонденттердің жалпы санының 6,2%-ы немесе осы сұраққа жауап бергендердің 14,8%-ы баланың орналасқан жерін бақылау үшін арнайы құрылғыларды пайдалануды көрсеткен. Ата-аналардың шағын тобы (респонденттердің жалпы санының 4,3%-ы немесе осы сұраққа жауап бергендердің 10,3%-ы) бұл сұрақтың жауабын жеке кеңістікке басып кіру деп есептеп, мұндай әрекеттерді дұрыс емес деп мәлімдейді. Респонденттердің жалпы санының тағы 4,2%-ы немесе осы сұраққа жауап бергендердің 10%-ы мұндай әрекеттерді уақыты болмағандықтан жасамайтынын атап өтті (3.2.8-сурет).



3.2.8-сурет. «Сіз балаларыңыздың телефондарын, компьютерлерін тексересіз бе?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Корреляциялық талдау аналар мен әкелердің жауаптарындағы жүйелі айырмашылықтарды көрсетеді. Әйелдер балалардың құрылғыларын бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі бағдарламаларды балаларын зиянды контенттен қорғау үшін қолданатындары жайында күтілгеннен артық атап өтті. Ал әкелері баланың қайда екенін бақылау қажеттілігіне қатысты қолданатынын күтілгеннен көп таңдады. Әкелердің көбі уақыттары жоқтығын жиі белгілеген. «Жоқ, бұл жеке кеңістікке басып кіру» деген нұсқадағы нақты жауаптар кездейсоқ таралуға ұқсас болды. Басқаша айтқанда, бұл жауапты таңдауда аналар мен әкелердің арасында ешқандай айырмашылықтар жоқ (3.2.9-сурет).



3.2.9-сурет. «Сіз балаларыңыздың телефондарын, компьютерлерін тексересіз бе?» сұрағы жауаптарының жыныс бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Сонымен қатар, бақылау құралдарын қолдану экономикалық (материалдық) жағдаймен байланысты. Нәтижелер көрсеткендей, әл-ауқат деңгейі артқан сайын бұл бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану мүмкіндігі артады. Керісінше, аз қамтылған респонденттер бұл құрылғыларды жиі пайдаланбайды, ол ең алдымен уақыттың болмауына байланысты (хи-квадрат 0,000 мәнімен 49,1) 80 (3.2.1-кесте).

3.2.1-кесте. Бақылау құрылғыларын қолдану мен респонденттердің әл-ауқаты арасындағы корреляциялық талдау, %


Сіз балаларыңыздың телефондарын, компьютерлерін тексересіз бе?		Сатып алу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?	Ешнәрсенен бас тартпаймын, бәріне ақша жетеді	Ұзақ мерзімді тауарлардың көпшілігін (тоназытқыш, теледидар және т. б.) сатып алу қиын емес	Тек қажетті өнімдер мен киімдерді сатып алуға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақша жеткілікті, жинақтауға қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға жеткілікті, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге қалмайды	Азық-түлік сатып алуға да ақша жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді
Иә, оны зиянды контенттен қорғау және орналасқан жерді бақылау үшін	Нақты жиіліктер	62	140	279	43	7	
	Күтілетін жиіліктер	59,7	134,9	278,5	44,5	13,4	
Иә, орналасқан жерін бақылау үшін	Нақты жиіліктер	30	60	79	12	4	
	Күтілетін жиіліктер	20,8	47	97	15,5	4,7	
Иә, бірақ өте сирек	Нақты жиіліктер	21	53	140	20	5	
	Күтілетін жиіліктер	26,9	60,7	125,3	20	6	
Жоқ, бұл жеке кеңістікке басып кіру	Нақты жиіліктер	12	29	69	13	2	
	Күтілетін жиіліктер	14	31,8	65,6	10,5	3,2	
Жоқ, уақытым жоқ бұндайға	Нақты жиіліктер	9	25	61	11	11	
	Күтілетін жиіліктер	13,1	29,7	61,4	9,8	3	
Жауап беру қиын	Нақты жиіліктер	4	5	16	4	2	
	Күтілетін жиіліктер	3,5	7,9	16,3	2,6	0,8	

Мұндай құрылғылар туралы хабардар болумен қатар, оларды қолдану ауқымын бағалау да маңызды. Нәтижелер салыстырмалы түрде төмен таралу деңгейін көрсетеді. Осылайша сауалнамаға қатысқандардың көпшілігінде мұндай құрылғыларды пайдалану тәжірибесі болмаған; Респонденттердің көп бөлігі бұл сұрақты жауапсыз қалдырды (15,1%).

Респонденттердің екінші маңызды тобы, 31,9%, мұндай құрылғылар туралы естігендерін, бірақ оларды ешқашан пайдаланбағандарын айтты. Сауалнамаға қатысушылардың тек 15,2%-ы осындай құрылғыларды пайдаланушылар. Осылайша, қадағалау және бақылау технологияларының ену дәрежесі айтарлықтай төмен, бұл моральдық тыйым салудан гөрі халықтың техникалық сауаттылығының төмендігін көрсетеді (алдыңғы сұраққа жауап бергенде, сауалнамаға қатысқандардың аз ғана бөлігі сұрақты моральдық деңгейде түсінді).

Жалпы, кем дегенде бақылау құрылғылары туралы естігендердің жалпы үлесі 47,1%-ды құрайды. Мұндай құралдар туралы ештеңе білмейтін немесе сұраққа жауап беруден бас тартқандардың жалпы үлесі респонденттердің 52,8%-ын құрады (3.2.10-сурет).

⁸⁰ Хи-квадрат – бұл гипотезаларды тексеру әдісі. Екі жалпы хи-квадрат сынағы бір немесе бірнеше санаттағы бақыланатын жиіліктердің күтілетін жиіліктерге сәйкес келетіндігін тексеруді қамтиды.



3.2.10-сурет. «Балалардың құрылғыларын бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі бағдарламалар туралы білесіз бе?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %


Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Нәтижелер қайтадан жыныстар арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Ерлер әйелдерге қарағанда мұндай құрылғыларды пайдалануды азырақ айтқан (хи-квадрат 0,000 мәнде 23-ке тең). Әйелдер, керісінше, мұндай құрылғыларды күтілгеннен гөрі 12% жиі қолданған. Біздің ойымызша, бақылау құралдарын қолданудағы жыныстар арасындағы жүйелі айырмашылықтар, ең алдымен, отбасында бала тәрбиелеу қызметін кім атқаратынын көрсетеді.

Жауаптардағы тағы бір маңызды айырмашылық жасына байланысты. Мұнда жас топтары арасындағы айырмашылық гендерлік жағдайға қарағанда әлдеқайда айқын. Мәселен егде жастағы топтардың өкілдері мұндай құрылғылар туралы бұрын-соңды естімегендерін күткеннен әлдеқайда жиі атап өтті. Мысалы, 61 және одан жоғары жас тобындағы респонденттер мұндай мүмкіндіктер туралы білмейтінін күтілгеннен гөрі 1,5 есе жиі белгілесе, мұндай құрылғыларды білетінін және қолданатынын 46-60 жас тобындағылар күтілгеннен гөрі 8% жиірек; 29-45 жас тобындағылар күтілгеннен гөрі 67% жиі атап өтті.

Тағы бір маңызды аспект тұратын жермен байланысты. Қала мен ауыл арасындағы технологиялық теңсіздік туралы кең таралған стереотипті ескере отырып, бұл мәселе қала/ауыл елдімекен түрі тұрғысынан қарастырылды. Нәтижелер қала мен ауыл арасында жүйелі айырмашылықтар бар екенін көрсетеді (хи-квадрат 18,4, маңыздылығы 0,001).

Қала және ауыл тұрғындары арасында пайыздық бөлу әр сұрақ бойынша шамамен тең болды. Бұл сұраққа жауап бермегендердің арасында ауыл тұрғындары қалалықтарға қарағанда (ауыл тұрғындарының 18,8%-ы мен қалалықтардың 13%-ы) көбірек. Ауыл тұрғындары жалпы алғанда 24%-ға жиі жауап бермеген. Бұл ауыл мен қала тұрғындары арасындағы ең айқын айырмашылық. Қалған жауап нұсқалары бойынша қала тұрғындарының басымдылығы байқалады. Мысалы, қала тұрғындары құрылғы туралы білетінін, оны қолданатынын күтілгеннен гөрі жиірек атап өткен. Дегенмен қала тұрғындарының өзі «осындай құрылғылар туралы ешқашан естімедім» деп те жиі жауап берген. Жауап беруден бас тарту және «жауап бере алмаймын» нұсқаларын мәнді жауаптар ретінде анықтау қиын болғандықтан, оларды талдаудан алып тастап және алып тастағаннан кейін ауыл және қала өңірлері арасында жүйелі айырмашылықтардың бар-жоғын тексеру маңызды. Нәтижелер осы нұсқаларды алып тастағаннан кейін жүйелі айырмашылықтардың жоқтығын көрсетеді (3.2.11-сурет).



3.2.11-сурет. «Балалардың құрылғыларын бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі бағдарламалар туралы білесіз бе?» сұрағы жауаптарының елдімекен түрі бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Осы тарау аясында медиатұтыну тәжірибесіне және олардың неке-отбасы қарым-қатынастары ықпалына талдау жасалды. Соңғы екі онжылдықта медиакеңістік жаһандық өзгерістерге ұшырады: медианың жаңа тобы (әлеуметтік желілер) пайда болды, медиатұтыну тәжірибесі және т.б. айтарлықтай өзгерді. Мұның бәрі неке-отбасы қатынастарына елеулі әсер етуі мүмкін.

Зерттеу барысында интернет пен жаңа цифрлық медиа біртіндеп негізгі ақпарат көзі ретінде қалыптасып келе жатқаны байқалды. Дәстүрлі түрде негізгі ақпарат көзі болып табылатын теледидар өзінің танымалдылығын біртіндеп жоғалтуда.

Нәтижелер көрсеткендей, теледидар отбасы қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етпейді. Ресми мемлекеттік органдардың веб-сайттары мен кейбір әлеуметтік желілер (ең алдымен Facebook) отбасыларда пікірталастар мен талқылаулар тудырады. Ал қақтығыстар мен даулар тудыруы күтілгеннен аз.

Жалпы, интернетті және әлеуметтік желіні пайдалану адамдарды қазіргі отбасылардың алдында тұрған бірқатар мәселелерді шешуінде біршама хабардар етіп әрі қызығушылық танытады. Атап айтқанда олардың ішінде: (1) балалы отбасыларды қолдау шаралары, тегін қызмет көрсету туралы ақпараттың болмауы; (2) инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы ата-аналарға көшеде арбаларды пайдалануды қолайсыз етеді және т.б.; (3) жұмысына немесе жұмыс кестесінің тығыздығына байланысты баланы тәрбиелеуге уақытының болмауы; (4) балалардың қауіпсіздігіне аулалардағы көліктерден қауіп төнуі.

Егер біз тереңірек қарап, мәселені нақты әлеуметтік желілер контекстінде қарастыратын болсақ, онда ең танымал әлеуметтік желі ретінде ең алдымен Instagram-ға назар аудару керек. Instagram респонденттердің келесі мәселелер бойынша хабардар болуын арттырады: (1) балалардың қауіпсіздігіне аулалардағы көліктерден қауіп төнуі; (2) баланың гаджеттерге, әлеуметтік желілерге және интернетке кіріптарлыққа шалдығуы; (3) балалы отбасыларды қолдау шаралары және тегін қызметтер туралы ақпараттың болмауы. Оның үстіне, бұл байланыстар жалпы интернет-пайдаланушыларына қарағанда айқынырақ.

Көбінесе отбасы контекстіндегі интернет пен жаңа цифрлық медиа туралы пікірталас жаңа медиа тудыратын балалар мен жасөспірімдер үшін қауіптер мен сын-қатерлерді талқылауға ауысады. Дегенмен, заманауи ақпараттық технологиялар әлеуетті қауіптер туғызып қана қоймайды, сонымен қатар бақылаудың жаңа әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Нәтижелер ата-аналар арасында хабардарлықтың өте төмен деңгейін және бақылау құрылғыларын пайдалану дағдыларының дамымағанын көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі бұл сұраққа жауап бере алмады. Жауап беруден бас тартқандардың жалпы үлесі 60%-ға жуықтады. Бұл сұраққа жауап берген респонденттердің көпшілігі балалардың құрылғыларын бақылауға мүмкіндік беретін әртүрлі бағдарламаларды оларды зиянды контенттен қорғау үшін қолданатынын айтты (жалпы респонденттердің 18,2%-ы немесе осы сұраққа жауап бергендердің 43%-ы). Осылайша, бақылау және қадағалау технологияларының ену дәрежесі айтарлықтай төмен, бұл моральдық тыйым салудан гөрі халықтың техникалық сауаттылығының төмендігін көрсетеді (алдыңғы сұраққа жауап бергенде, сауалнамаға қатысқандардың аз ғана бөлігі сұрақты моральдық деңгейге түсінген болатын).

3.3. Неке-отбасы қатынастары және аддиктивті бұзылыстар

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселе – аддиктивті бұзылыстар, әртүрлі салаларға, соның ішінде отбасы өміріне елеулі әсер етеді. Мұндай бұзылыстар табиғаты бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Қысқаша айтқанда, аддиктивті бұзылыстар – бұл белгілі бір заттарға немесе әрекеттерге (белгілі бір қызмет түрлеріне) патологиялық тәуелділікке тән психикалық аурулар тобы. Бұл тәуелділік уақыт өте келе толыққанды тәуелділікке айналады. Мұндай бұзылыстар денсаулыққа, психикалық жағдайға және әлеуметтік өмірге ауыр зардаптар әкелуі мүмкін. Ең жиі кездесетін мысалдар – есірткі және алкогольге тәуелділік, құмар ойындарға тәуелділік (казино, букмекерлік кеңселер және т.б.). Интернет пен технологияларға тәуелділік, тамаққа, шоппингке, дене сипаттамаларына патологиялық қызығушылық (мысалы, анорексияға әкелетін шамадан тыс арықтыққа ұмтылу) сияқты тәуелділіктер сирек аталады.

Әрине, аддикция тек тәуелділік одан зардап шегетін жеке тұлғаға ғана емес, сонымен қатар ол адамның отбасы мүшелеріне де жағымсыз әсер етеді. Жағымсыз әсерлердің ішінде ең алдымен мыналарды атап өту керек: эмоционалдық және экономикалық қиындықтар, денсаулық проблемалары, сенім дағдарысы және оқшаулану (отбасы ішіндегі әлеуметтік байланыстардың бұзылуы). Алдымен, анықталған аспектілердің әрқайсысын қысқаша қарастырайық.

■ Эмоционалды күйзеліс: отбасы мүшелері аддиктивті тәуелділіктегі адамның мінез-құлқына байланысты стресті, алаңдаушылықты және депрессияны сезінуі мүмкін. Бұдан жанжалдар, түсініспеушіліктер туындайды.

■ Экономикалық проблемалар: есірткіге, алкогольге немесе құмар ойындарға арналған шығындар отбасы бюджетін ысырап етуі мүмкін, бұл өз кезегінде қаржылық қиындықтарды тудырады.

■ Сенімді жоғалту: тәуелділік көбінесе алдау және жасырумен бірге жүреді, бұл отбасы мүшелерінің арасындағы сенімді бұзады.

■ Оқшаулану: аддиктивті бұзылыстары бар адамдар отбасынан шығып, басқа нашақорлармен бірге уақыт өткізуі мүмкін, бұл бүкіл отбасының әлеуметтік байланыстарына әсер етеді.



■ Денсаулық: отбасының барлық мүшелерінің физикалық және психикалық денсаулығы күйзеліске және эмоционалдық қысымға байланысты зардап шегуі мүмкін⁸¹.

«Халықтың өмір сүру сапасы» сауалнамасының нәтижелері бойынша⁸² 2023 жылдың наурыз айында жүргізілген респонденттердің субъективті бағалауына сәйкес үй шаруашылығының әл-ауқатының төмен және орташадан төмен деңгейінің себептерінің бірі – отбасы мүшелерінің маскүнемдік, нашақорлық және басқа да құқық бұзушылық түрлері сияқты тәуелділік бұзылыстарының болуы. Бұл факт отбасылардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты контексіндегі тәуелділік бұзылыстары мәселесінің маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді (3.3.1-кесте).

3.3.1-кесте. Үй шаруашылықтарының табыс деңгейінің төмен және орташадан төмен болу себептері, %, елдімекен түрлері бойынша

Себептер	Қала	Ауыл
Қандай да бір ақылы жұмыстың болмауы	0,6	1,5
Тұрғылықты жері бойынша тұрақты ақылы жұмыс таба алмау	0,4	1,5
Біліктіліктің және/немесе жұмыс тәжірибесінің жеткіліксіз деңгейі	0,6	0,7
Төмен жалақы	93,0	91,7
Төмен зейнетақы	1,4	1,3
Төмен әлеуметтік төлемдер	1,0	0,8
Несиелер мен қарыздарды, соның ішінде ипотеканы төлеуге байланысты артық борыштық жүктеменің болуы	0,8	1,0
Лайықты жұмысқа орналасу үшін білім деңгейінің жеткіліксіздігі	0,6	0,4
Отбасында әлеуметтік адекватсыз отбасы мүшелерінің болуы (маскүнемдік, нашақорлық және т.б.) және/немесе үй шаруашылығында мүгедектердің болуы.	0,2	0,1
Денсаулығы нашар отбасы мүшесінің болуы	1,0	0,6
Төтенше жағдайлар, табиғи апаттар (егін, өрт, су тасқыны, жақындарынан айырылу және т.б.)	0,0	0,0
Ұрлық, тонау, мал ұрлығы және т.б. себептерден мүлікті жоғалту	0,0	0,1
Мектепке дейінгі мекемеге бармайтын мектепке дейінгі жастағы баланы (балаларды) қадағалау және/немесе күту қажеттілігі	0,3	0,1
Басқа себеп	0,1	0,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Іріктеме – 11 956 үй шаруашылығы

Сонымен қатар, ҚҚДИ жүргізген жаппай әлеуметтанулық сауалнама шеңберінде тәуелділік бұзылыстары мәселелеріне арналған сұрақтардың арнайы блогы⁸³, бұл мәселенің неке-отбасы қатынастарына әсерін анықтауға мүмкіндік берді.

Бұл блоктың бірінші сұрағы мынадай болды: «Сізге таныс отбасылар арасында (туыстарыңыз, достарыңыз, көршілеріңіз) жаман әдеттері (тәуелділіктер) (маскүнемдік, нашақорлық, лудомания және т.б.) бар адамдар туралы білесіз бе?». Бұл мәселе бойынша келесідей көрініс байқалады:

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (75,9%) өздері білетін отбасыларда алкоголизм, нашақорлық, құмар ойындар – түрлі жаман әдеттер мен тәуелділіктерді кездестіргенін атап өтті. Дегенмен респонденттердің төрттен бір бөлігі (24,1%) мұндай отбасылар мен жағдайлар туралы білетіндерін айтты.

Қандай әлеуметтік-демографиялық факторлар таныс отбасылардағы зиянды әдеттер (тәуелділік) туралы хабардар болуға ықпал етеді?

Ең алдымен тұрғылықты жері бойынша айырмашылықтарға назар аударған жөн. Бөлулер ауыл тұрғындарына қарағанда қала тұрғындарының зиянды әдеттерден көбірек хабардар екенін көрсетеді (хи-квадрат 0,0001 кезінде 24,8). Қала тұрғындарының 27%-ы, ауыл тұрғындарының 18,9%-ы ғана мұндай отбасылар туралы білемін деп жауап берді. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының 81,1%-ы мұндай жағдайларды бұрынсоңды кездестіргенін айтты және қала тұрғындарының 73%-ы дәл осылай жауап берді (3.3.1-сурет).

Тағы бір маңызды фактор – жыныс. Нәтижелер сондай-ақ жыныстар арасындағы жүйелі айырмашылықтарды көрсетеді, қарым-қатынас алдыңғы жағдайға қарағанда әлдеқайда әлсіз, бірақ соған қарамастан, ол статистикалық тұрғыдан да маңызды (хи-квадрат 4,32 0,04 мәнмен). Ерлердің тек 22%-ы өздері білетін отбасылардағы тәуелділік жағдайлары жайында білетінін атап өтті. Осыған ұқсас жауапты ұсынған әйелдердің үлесі біршама жоғары – 26%-ды құрады.


⁸¹ Mardani, M., Alipour, F., Rafiey, H. et al. (2023) Challenges in addiction-affected families: a systematic review of qualitative studies. BMC Psychiatry 23(439).

⁸² ҚР СЖРА ҰСБ: «Қазақстан Республикасындағы халықтың өмір сүру сапасы» сауалнамасының нәтижелері».

⁸³ «Қазақстан отбасылары» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Жынысы мен тұрғылықты жерінен басқа, таныс отбасылардағы жаман әдеттерді білу этникалық тегі (қазақтар мұндай отбасын білу туралы азырақ айтатын – хи-квадрат 0,0001 мәнмен 14,5), экономикалық жағдай сияқты факторлармен байланысты (бұл жағдайда байланыс анағұрлым ретсіз, бірақ жалпы халықтың аз ауқатты топтары өздеріне таныс отбасыларда жаман әдеттер (тәуелділік) туралы білетінін күткеннен де жиі атап өтті – хи-квадрат 14,4 мәні 0,006).

Әлеуметтік-демографиялық факторлармен қатар бірқатар басқа өзгерістер де маңызды. Мысалы, отбасын құру кезінде экономикалық факторлардың маңыздылығын атап өткен респонденттер таныс отбасылардағы жаман әдеттерді білуді жиі көрсетті. Жағымсыз әдеттердің болуы отбасына қалай әсер ететінін көрген жағымсыз тәжірибелері бар адамдар экономикалық қиындықтарға көбірек назар аударады деп болжауға болады. Әрі қарай, респонденттердің әртүрлі тәуелділіктердің экономикалық және қаржылық салдарына жиі назар аударатынын байқауға болады.



3.3.1-сурет. «Сізге таныс отбасылар арасында (туыстарыңыз, достарыңыз, көршілеріңіз) жаман әдеттері (тәуелділіктер) (маскүнемдік, нашақорлық, лудомания және т. б.) бар адамдар туралы білесіз бе?» сұрағы жауаптарының елдімекен түрі бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей жаман әдеттер (тәуелділік) отбасы қарым-қатынастарының дамуына кері әсерін тигізеді. Ең алдымен, аддикция отбасында эмоционалды күйзеліс туғызады. Осылайша «Сіз білетін отбасылардың тәуелділіктері отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына қалай әсер етті?» деген сұраққа берілген жауаптар отбасындағы эмоционалдық шиеленістің күшеюіне байланысты екенін көрсетеді.

Респонденттердің төрттен бір бөлігі (23,2%) жаман әдеттер шиеленіс пен жанжалдың көзі болып табылады деп жауап берді. 20%-дан сәл астамы (22,4%) тәуелділік ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты нашарлататынын көрсетті. Шамамен әрбір бесінші респондент (18,1%) тәуелділік әдеттері отбасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың өсуіне әкелетінін атап өтті. 16,2%-ы жаман әдеттер отбасындағы қарым-қатынасты бұзатынын көрсетті. Респонденттердің 8%-ы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың нашарлағанын көрсетті. 6,6%-ы жаман әдеттерге байланысты сенімнің төмендегенін айтты. Респонденттердің 1,4%-ы зиянды әдеттер жоғарыда аталғандардың барлығына әкелетінін көрсетті (3.3.2-сурет).



3.3.2-сурет. «Сіз білетін отбасылардың тәуелділіктері отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына қалай әсер етті?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



Бұл мәселе гендерлік бөліністе қарастырылған. Төменде келтірілген бөліністер келесі көрініске ие.

«Отбасының тәуелділіктері және жаман әдеттері ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты нашарлатты» деген жауапты ер адамдар жиі таңдаған (24,8%). Әйелдер де бұл жауапты жиі таңдаған, 20,6% әйел осылай деп жауап берген (әр бесінші әйел). Алайда әйелдер жиі «зиянды әдеттер шиеленіс пен қақтығыстарды күшейтеді» деген жауапты таңдаған, 24% әйел осы нұсқаны таңдаған (төрттен бірі). Бұл жауапты ер адамдар да жиі таңдаған, олардың 22,3%-ы осылай деп көрсеткен. Әйелдер мен ерлер жауаптарындағы ең үлкен айырмашылық «аддиктивті әдеттер агрессия мен зорлық-зомбылықты тудырады» деген пікірде байқалады. Бұл нұсқаны әйелдер ерлерге қарағанда жиі таңдаған: әйелдердің 21,1%-ы осы жауапты таңдаса, ер адамдардың тек 14,7%-ы осылай деп көрсеткен.

Жалпы әйелдер тәуелділіктердің агрессия, зорлық-зомбылық және шиеленіс пен қақтығыстарды туындататынын жиі көрсетеді, ал ер адамдар қарым-қатынастың жалпы нашарлауын көбірек атап өтті (3.3.3-сурет).



3.3.3-сурет. «Сіз білетін отбасылардың тәуелділіктері отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына қалай әсер етті?» сұрағы жауаптарының жыныс бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Дегенмен тағы бір айта кететін жайт: жаман әдеттерге тәуелділіктің салдары туралы сұрақтың тұжырымы өзгерген кезде респонденттер әртүрлі жауаптар береді. Осылайша «Отбасы мүшелерінің бірі зиянды әдеттерге тәуелді отбасыларда не болуда немесе не болды?» деген сұраққа жауап бере отырып, респонденттер ең алдымен экономикалық қиындықтарға назар аударды. Атап айтқанда, респонденттердің 46,7%-ы тәуелділіктің қаржылық қиындықтарға әкелетінін атап өтті. Осылайша бұл жағдайда жағымсыз әсерлердің ішінде экономикалық проблемалар басым болды. Сауалнамаға қатысушылардың 33,1%-ы отбасындағы агрессия немесе зорлық-зомбылыққа тәуелділік әдеттер деп санайды. Жауаптар көрсеткендей, респонденттер атаған проблемалар иерархиясында эмоционалдық зорлық-зомбылық материалдық/қаржылық қиындықтардан төмен тұрады. Респонденттердің 31,3%-ы мұндай жағдайда сенім деңгейі төмендейді деп есептеген. Бұл отбасына әсер ететін зиянды әдеттердің (тәуелділік) негізгі жағымсыз салдары (3.3.4-сурет).



3.3.4-сурет. «Отбасы мүшелерінің бірі зиянды әдеттерге тәуелді болған отбасында не болды немесе не болып жатыр?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Корреляциялық талдау «Қаржылық қиындықтар» жауап нұсқасын таңдаудың жаман әдеттердің салдары мен жыныс арасындағы байланысты көрсетеді. Ерлер мен әйелдер үшін ең жиі таңдалған жауап нұсқасы отбасы мүшелерінің бірінің тәуелділігі қаржылық қиындықтарға әкелді деген мәлімдеме болды. Ерлердің 44,5%-ы, әйелдердің 48,4%-ы осылай жауап берді. Әйелдер ерлерге қарағанда экономикалық проблемалардың бар екенін көрсетуге бейім болды (хи-квадрат 4,4, 0,04 маңызды) (3.3.5-сурет).

Білім деңгейіне қарайтын болсақ, ерлі-зайыптылардың біреуінің жаман әдеттері (тәуелділік) салдарының бірі ретінде отбасының қаржылық қиындықтарын орта арнаулы білімі бар респонденттер (хи-квадрат 11,1 мәнімен 0,03) атап көрсетті. Орыс этникалық тобының өкілдері жаман әдеттердің салдары ретінде қаржылық қиындықтар туралы күтілгеннен де жиі белгілеген (хи-квадрат 16,5, 0,0001 мәні).

Зиянды әдеттердің салдары ретіндегі ажырасуды ауыл тұрғындарынан гөрі қала тұрғындары (хи-квадрат 19,4 0,00001 мәнімен), ерлер әйелдерге қарағанда (0,013 мәнімен 6,1), ауқаттылығы төмен топ өкілдері ауқатты адамдарға қарағанда (0,0004 мәнімен 20,7) жиірек хабарлайды.

Агрессия/зорлық-зомбылық бірқатар әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштермен де байланысты. Атап айтқанда ауқатты респонденттер өздерінің отбасы мүшелерінің бірінің жаман әдеттерінің салдары ретінде агрессия немесе зорлық-зомбылық туралы көбірек хабарлаған (хи-квадрат 11,5, 0,02 мәні). Егер алдыңғы нұсқалар жағдайында (қаржылық қиындықтар және ажырасу) аз ауқатты әлеуметтік топтармен байланыс болса, онда агрессия немесе зорлық-зомбылық керісінше, халықтың неғұрлым ауқатты топтарымен статистикалық байланысты көрсетеді.

Зиянды әдеттер (тәуелділік) ең алдымен экономикалық проблемаларды тудырады және кедей топтары жағдайында отбасының бұзылуына ықпал етеді деп болжауға болады, бірақ ауқатты отбасылар үшін бірінші кезекте отбасы мүшелерінің агрессивті мінез-құлқын ынталандыратын проблемалар тудырады.

Сондай-ақ жаман әдеттердің салдары өзара байланысты (әр респондент бірнеше жауап ұсына алатынын ескеру маңызды). Осылайша респонденттің зиянды әдеттердің (тәуелділіктің) салдары ретінде қаржылық қиындықтар мен ажырасуды бір мезгілде көрсету ықтималдығы айтарлықтай жоғары (хи-квадрат 0,00000 мәнімен 266). Сонымен қатар қаржылық қиындықтар және агрессия немесе зорлық-зомбылық (259,6 0,00000 мәнімен) арасында анық байланыс бар.



3.3.5-сурет. «Отбасы мүшелерінің бірі зиянды әдеттерге тәуелді болған отбасында не болды немесе не болып жатыр?» сұрағы жауаптарының жыныс бойынша бөлінуі, %


Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Сондай-ақ зиянды әдеттерге тәуелділіктің өздері білетін отбасылардағы қаржылық жағдайға тигізетін ауыр әсерін бағалау респонденттерден жеке сұралды. Жауаптарды бөлу келесідей:

«Сіз білетін отбасылардағы тәуелділіктердің қаржылық жағдайға әсері қандай болды?» деген сұраққа жауаптар құрылымы келесідей көрінеді:

Көпшілігі, 66,1%-ы, тәуелді әдеттер берешектің, несиелердің және қарыздардың өсуіне әкелді деп мәлімдейді. 40%-ға жуығы (37,1%) өздері білетін отбасылардағы жаман әдеттердің салдарынан емделуге кететін шығындар өскенін айтады. 26,8%-ы мұндай әдеттер өздері білетін отбасылардағы дүние-мүлкінен айырылып қалған жағдайларға әкелгенін айтады. 24,2%-ы мұндай адамдар ломбард қызметін пайдаланатынын айтты. Жеке заттарды сату тәжірибесін сауалнамаға қатысқандардың 15,4%-ы айтқан, 0,3%-ы жоғарыда аталғандардың барлығын көрсетті.

Негізінен мұндай жағдайға тап болған адамдар экономикалық зардаптарды, отбасына келтірілген экономикалық залалды көрсетеді (3.3.6-сурет).



3.3.6-сурет. «Сіз білетін отбасылардағы тәуелділіктердің қаржылық жағдайға әсері қандай болды?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Қала мен ауыл тұрғындары арасында жауаптардың бөлінуі біркелкі.

Алайда ауыл тұрғындары экономикалық салдарларды көбірек көрсетсе, ауыл тұрғындарының 70%-ы тәуелділік берешектің, несиелердің, қарыздардың өсуіне әкелетінін атап өтті, ал қала тұрғындарының 64,5%-ы осы нұсқаны таңдады;

Сондай-ақ ауылдық респонденттердің 40%-дан сәл астамы тәуелділік емделуге кететін шығынды тудырғанын атап өтті, ал қала тұрғындарының 34,9%-ы осы нұсқаны таңдады.

Қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда ломбардтарға баруға тәуелділік себеп болғанын жиі көрсетеді (3.3.7-сурет).



3.3.7-сурет. «Сіз білетін отбасылардағы тәуелділіктердің қаржылық жағдайға әсері қандай болды?» сұрағы жауаптарының елдімекен түрі бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Зиянды әдеттердің (тәуелділіктің) бүлдіруші әсері анық, бірақ олармен қалай күресуге болады? Сауалнама нәтижелері респонденттер қолданатын (немесе олар білетін отбасыларда қолдануды жариялайтын) осы проблемаларды шешуге арналған әртүрлі тәжірибелердің жеткілікті кең арсеналын көрсетеді. Осылайша «Жаман әдеттермен күресу үшін осы отбасыларда қандай шаралар қарастырылды?» деген сұраққа жауаптар келесідей бөлінеді:

Респонденттердің 40%-дан сәл астамы (42,5%) туыстары мен достарының көмегіне жүгіну осы отбасылардағы жаман әдеттермен күресу үшін қабылданған шара деп санайды.

40%-ға жуығы (39,6%) мұндай жағдайда тәуелділік әдеттері бар адам өз бетінше шешім табуға тырысады деп жауап берді. Респонденттердің 23,7%-ы өздері білетін отбасы жағдайында тәуелділікпен күресу шараларының бірі психолог немесе терапевтке бару екенін көрсетті. Шамамен 20%-ы (әрбір бесінші) олардың жағдайында тәуелділікпен күресу үшін ешқандай шаралар қабылданбағанын айтты (3.3.8-сурет).



3.3.8-сурет. «Жаман әдеттермен күресу үшін осы отбасыларда қандай шаралар қарастырылды?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



Зиянды әдеттермен күресте қолдау шаралары туралы сұраққа берілген жауаптардың респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларымен байланысына назар аудару маңызды. Қала/ауыл тұрғысынан жауаптардың құрылымы келесідей бөлінеді:

– ауыл тұрғындары қала тұрғындарына қарағанда достары мен туыстарының көмегіне көбірек үміт артады (ауыл тұрғындарының 49,3%-ы осыны көрсетсе, қала тұрғындарының 39,8%-ы осылай деп жауап берген);

– қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда өздігінен шешім іздеуге сәл көбірек бейім, қала тұрғындарының 40,2%-ы бұл нұсқаны таңдаса, ауыл тұрғындарының 38%-ы осылай деп жауап берген;

– қала және ауыл тұрғындарының тең бөлігі осындай жағдайларда адамдардың оңалту орталығына жүгінетінін айтқан – қала тұрғындарының 23,6%-ы және ауыл тұрғындарының 23,4%-ы осы нұсқаны таңдаған;

– осындай жағдайларда психологтың көмегіне жүгінетін ауыл тұрғындарының үлесі сәл жоғары, ауыл тұрғындарының 25,9%-ы адамдардың психологқа жүгінгенін көрсетсе, қала тұрғындарының 22,8%-ы психологтың көмегін таңдаған;

– тәуелділікпен күресте ешқандай шара қолданылмаған жағдайларда қала және ауыл тұрғындары бірдей жауап берген – ауыл тұрғындарының да, қала тұрғындарының да 18,5%-ы адамдар ешқандай шара қолданбағанын көрсеткен (3.3.9-сурет).

Басқа факторлар туралы айтқанда, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық жағдайды атап өту қажет. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан аз қамтылған топтар зиянды әдеттермен (тәуелділікпен) күресте достары мен туыстарының қолдауын іздеуді ең тиімді шара ретінде жиі көрсеткен (хи-квадрат 16,6, маңыздылық деңгейі 0,002).

Әрине, әртүрлі күрес шаралары өзара байланысты (осы сұрақтың әдістемелік ерекшелігі респонденттердің бірнеше жауап нұсқасын таңдай алуында). Зерттеу нәтижелері «Психологқа немесе терапевтке жүгіну», «Оңалту орталығына жүгіну» және «Достардан немесе туыстардан қолдауды іздеу» сияқты шаралар арасында тығыз байланыс бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, респонденттер кейде бір-біріне қайшы келетін жауаптарды қатар таңдаған: мысалы, «Достардан немесе туыстардан қолдауды іздеу» және «Өздігінен шешім іздеу». Бұл, бәлкім, қазақстандықтардың достары мен таныстарының көмегін тәуелсіз шешім ретінде қарастыратынын білдіреді. Тәуелсіздік, ең алдымен, формальды әлеуметтік ұйымдарға (психологтардың көмегі немесе оңалту орталықтарына жүгіну) жүгінбеуде жатыр. Шынында да, нәтижелер көрсеткендей, «Өздігінен шешім іздеу» – «Психологқа немесе терапевтке жүгіну» немесе «Өздігінен шешім іздеу» – «Оңалту орталығына жүгіну» жұптары «Өзі шешуге тырысу» – «Достардан немесе туыстардан қолдауды іздеу» жұбымен салыстырғанда әлдеқайда сирек кездеседі.

Ер адамдар тәуелсіз шешім қабылдауға ұмтылады деген сияқты кейбір стереотиптердің сәйкессіздігін атап өту керек. Зерттеу нәтижелері мүлдем керісінше жағдайды көрсетеді: әйелдер «Өздігінен шешім іздеу» нұсқасын күтілгеннен жиі таңдаған (хи-квадрат 4,6, мәнімен 0,03).



3.3.9-сурет. «Жаман әдеттермен күресу үшін осы отбасыларда қандай шаралар қарастырылды?» сұрағы жауаптарының елдімекен түрі бойынша бөлінуі, %


Келесі сұрақ ұқсас жағдайдағы маманның көмегіне қатысты болды. «Мамандардың (психологтар, терапевттер және т.б.) көмегі мүшелердің бірі жаман әдеттерден зардап шегетін отбасындағы жағдайды жақсартуға алады деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары:

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі мамандардың көмегі аталған жағдайға немесе оны белгілі бір дәрежеде жақсартуға ықпал ететініне сенімді. Респонденттердің шамамен төрттен бір бөлігі (24,9%) мамандардың көмегі сөзсіз көмектесетініне сенімді. Респонденттердің 42,6%-ы көмектің белгілі бір дәрежеде пайдалы болуы мүмкін екенін көрсетті.

Респонденттердің шамамен 20%-ы (17,6%) мамандардың көмегіне сенбейді. Сондай-ақ респонденттердің 14,8%-ы мүлде сенімсіз.

Жалпы сұрақ бойынша бөлу мамандардың көмегіне адамдардың көбірек сенетінін көрсетеді. Бұл сұраққа оң жауап бергендердің үлесі 67,5%-ын құраса, мамандардың көмегіне сенімсіздердің үлесі 30%-дан сәл артық (32,4%).

Корреляциялық талдау тәуелділігі бар отбасылар туралы білу мен мамандардың рөлін бағалау арасындағы белгілі бір байланысты көрсетеді. Отбасында аддикциямен кездесу тәжірибесі радикалды бағалауды күшейтеді. Мәселен, отбасында (ең болмағанда) бір мүшесінде тәуелділік бар екенін білетін респонденттер мамандардың көмегін бағалау туралы сұраққа күтілгеннен жиі «Иә, сөзсіз» немесе «Жоқ, сенбеймін» деген жауаптарды таңдаған. (3.3.10-сурет).




3.3.10-сурет. «Мамандардың (психологтар, терапевттер және т.б.) көмегі мүшелердің бірі жаман әдеттерден зардап шегетін отбасындағы жағдайды жақсартуға алады деп ойлайсыз ба?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Бұл сұрақ жас ерекшелігі тұрғысынан қарастырылғанда келесідей көрініс береді:

Жастар мамандардың көмегіне сеніммен қарап, оптимистік көзқарас танытады, ал егде жастағы адамдар ешбір маманның көмегіне сенбейтінін көрсетеді (3.3.11-сурет).



3.3.11-сурет. «Мамандардың (психологтар, терапевттер және т. б.) көмегі мүшелердің бірі жаман әдеттерден зардап шегетін отбасындағы жағдайды жақсартуға алады деп ойлайсыз ба?» сұрағы жауаптарының жас топтары бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.



Зерттеу нәтижелері келесі қорытындыны жасауға мүмкіндік береді. Қазақстандықтардың көпшілігінің тәжірибесі жоқ және маскүнемдік, нашақорлық, ойынқұмарлық және басқа да тәуелділіктердің отбасына әкелетін проблемалары мен салдары туралы білмейді. Алайда мұндай жоятын әсермен күресуге тура келгендердің үлесі, өкінішке орай, айтарлықтай көп. Респонденттердің төрттен бір бөлігі отбасы мүшелері тәуелділіктен зардап шегетін отбасылармен таныс екенін көрсетті.

Қазақстандықтар тәуелділіктің отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына әсері туралы айтқанда, ең алдымен, эмоционалдық шиеленіске назар аударады. Респонденттердің 23,2%-ы зиянды әдеттердің салдарынан отбасында шиеленіс пен қақтығыстар пайда болғанын айтады. Ал 22,4%-ы тәуелділіктің ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа кері әсер еткенін атап өткен.

«Отбасы мүшелерінің бірі жаман әдеттерге тәуелді отбасыларда не болуда немесе не болды?» деген сұраққа жауап бере отырып, респонденттер ең алдымен экономикалық мәселелерді атап өтті. Атап айтқанда, 46,7% респонденттер тәуелділіктердің қаржылық қиындықтарға әкелгенін айтты. Респонденттер көрсеткен мәселелер иерархиясында эмоционалдық зорлық-зомбылық материалдық/қаржылық қиындықтардан айтарлықтай төмен тұр. Бұл тезисті егжей-тегжейлі аша отырып, 66,1% респондент тәуелділіктің қарыздардың, несиелердің және берешектердің көбеюіне әкелгенін мәлімдеді. Сондай-ақ 37,1%-ы зиянды әдеттердің салдарынан таныс отбасыларда емделуге жұмсалатын шығындардың өскенін атап өтті.

Зиянды әдеттермен күреске назар аудара отырып, респонденттер отбасының тәуелділіктермен күрестегі рөліне жиі тоқталғанын атап өткен жөн. Респонденттердің 42,5%-ы зиянды әдеттермен күресу үшін ең алдымен туыстар мен достардың қолдауын іздеу маңызды екенін көрсеткен.

Алайда респонденттердің мамандардың көмегіне сенімсіздігі белгілі бір алаңдаушылық тудырады. Зерттеу нәтижелері бойынша мамандардың пайдасына күмәнданушылардың жалпы үлесі респонденттердің үштен біріне жуық (32,4%) болды. Сонымен қатар отбасында аддикциямен кездесу тәжірибесі мамандардың көмегіне деген сенімді де, күмәнді де арттырады.

Мұндай жағдайда отбасының бір мүшесі тәуелділіктен зардап шегетін отбасыларға қолдау көрсету шараларына назар аудару қажет. Қолдаудың қазіргі жүйесі қаншалықты тиімді? Респонденттердің жауаптары бұл мәселеде қайшылықты нәтиже береді. Себебі тәуелділік бар отбасылар туралы білу мамандардың тиімділігіне берілетін бағалаудың поляризациясын арттырады (дегенмен шындығында мұндай білім мамандардың оң бағасының өсуімен сәйкес келуі керек).

IV ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

■ Бұл тарау Қазақстан отбасыларының қаржылық және әлеуметтік жағдайын, оның ішінде негізгі табыс көздері, халықтың әртүрлі топтары арасында олардың бөлінуін, сондай-ақ отбасылардың өмір сүру сапасы мен тұрақтылығына экономикалық факторлардың әсерін талдауға арналған. Ресми статистика және әлеуметтанулық зерттеулер негізінде отбасы құрылымы мен отбасы жағдайына байланысты айырмашылықтарды ескере отырып, табыс, несиелік жүктеме, жинақ және қаржылық сауаттылық туралы мәліметтер келтірілген. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспарының негізгі бағыттарын қоса алғанда, өмір сүру сапасы мен тең мүмкіндіктерді арттыруға бағытталған заманауи әлеуметтік саясат шараларына ерекше назар аударылады. Бала тууына байланысты жәрдемақы, көпбалалы аналарды қолдау және тұрғын үй бастамалары отбасыларға көмек көрсету бағдарламалары, сондай-ақ отбасының тұрақтылығы мен әл-ауқатына әлеуметтік факторлардың, оның ішінде отбасы құндылықтарының өзгеруі мен әйелдерге теңдік берудің әсері қарастырылған.

4.1. Қазақстан отбасыларының материалдық жағдайы

Отбасының экономикалық жағдайы оның мүшелерінің өмір сүру сапасын тікелей анықтайды және көбінесе отбасындағы қарым-қатынас пен оның тұрақтылығына әсер етеді. Азаматтардың өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету және Қазақстан отбасыларының ұрпақ өрбітіп, табысты дамуына мүмкіндік беретін сапалы жағдайларды жасау ісінде мемлекеттің рөлі сөзсіз өте маңызды. Сонымен қатар азаматтардың өз отбасыларының материалдық қамтамасыз етілуіне қатысты ұстанымдары мен күш-жігері де маңызды рөл атқарады. Бұл білім алу, қайта мамандану, жұмысқа орналасу, денсаулықты сақтау, қаражат жинау және қаржылық сауаттылықты арттыру сияқты мәселелерде олардың белсенді әрекеттерін талап етеді. Осыған байланысты бұл бөлімде Қазақстан отбасыларының экономикалық жағдайы екі қырынан қарастырылады: біріншіден, ол ресми статистикада қалай көрініс тапқаны, екіншіден қазақстандықтардың өз пікірлерінде, яғни әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері негізінде қалай бағаланатыны талданады.

Бірақ алдымен Қазақстан отбасыларының экономикалық жағдайына әсер етуі мүмкін экономикалық факторларға сарапшылардың пікіріне назар аударайық. *«...әріне, барлық мәселені тек экономикалық факторларға тіреп қоюға болмайды. Өмір сүру деңгейі мен сапасына өте тәуелді отбасылар бар. Көп жағдайда ажырасудың себебі экономикалық қиындықтар болуы мүмкін. Бірақ басқа да мысалдар бар: табысы төмен, бірақ берік отбасылық байланыстары бар отбасылар кездеседі. Бұл, ең алдымен, отбасының қалай құрылғанына және қарым-қатынастың қалай ұйымдастырылғанына байланысты». (4-сарапшы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті, Қарағанды қ.).*

Экономикалық факторлар келесідей бөлінеді:

– жалпыэкономикалық және елдік: *«экономикалық дағдарыстар, жұмыссыздық, инфляция – мұның бәрі отбасындағы күйзелістерге әсер етеді». (2-сарапшы, оқытушы, Астана қ.);*

– елдегі жалпы өмір сүру деңгейінің артуы, тұрғындардың айтарлықтай бөлігінің материалдық әл-ауқатының жақсаруы: *«егер біздің ата-аналарымызбен салыстыратын болсақ, олар Советтік кеңестің құлағанын көрді». (2-сарапшы, оқытушы, Астана қ.); «адамдар бұрынғыдан нашар өмір сүріп жатыр деп ойламаймын. Мысалы, мейрамханалар мен кафелерге кірсеңіз, олар әрдайым толы. Көптеген адамдардың қосымша пәтерлері бар. Бұл адамдардың ақшасы бар екенін көрсетеді. Сондықтан, керісінше, адамдардың өмір сүру деңгейі жақсарған сияқты». (6-сарапшы, психолог, Астана қ.);*

– әйелдер мен ерлер арасындағы жұмысқа орналасу мүмкіндігін және экономиканың жеке секторларындағы табыс деңгейін теңдестіру: *«әйел ерлермен тең дәрежеде жақсы табыс таба алады», «әйел ерлермен тең дәрежеде мемлекеттің экономикалық өміріне белсенді қатысады, оның еңбек етуге және жұмысқа орналасуға көбірек мүмкіндіктері бар». (2-сарапшы, оқытушы Астана қ.);*

– халықтың әртүрлі санаттары үшін жұмыспен қамту салаларын кеңейту: *«жұмыспен қамтудың әртүрлі формаларын пайдалану керек, яғни міндетті түрде мемлекеттік қызметке, университетке немесе басқа бір жерге бару шарт емес. Мысалы, кәсіпкерлікпен айналысуға болады: әйелі кірпік жабыстырады, хатшы болып жұмыс істейді, әкімші қызметін атқарады, пәтерлерді жалға береді және тағы басқалар. Мұндайды жас отбасылардан жиі көреміз». (5-сарапшы, әлеуметтанушы Астана қ.);*

– жоғары туу көрсеткіші және оның ел экономикасына ұзақ мерзімді әсері: *«қазір адамдар бала тууды қуана-қуана қабылдайды, меніңше, демографиялық мәселелер жақын арада бізге халықтың ұдайы өсуі тұрғысынан қауіп төндірмейді. Бірақ басқа мәселе бар: мемлекет осы ұрпақтардың экономикалық әл-ауқатын қамтама-*



сыз етуге жауапты, ештеңе құлдырамауы үшін, жаппай жұмыссыздыққа ұшырамау үшін. Қазірдің өзінде еңбек нарығын дамыту, қандай білім беру керектігі туралы мәселе туындап отыр». (5-сарапшы, әлеуметтанушы Астана қ.);

– ерлі-зайыптылардың (халықтың айтарлықтай бөлігі) төмен табыстары: «өмір сүру деңгейі, отбасында экономикалық тұрақтылық болуы. Бұл ерлі-зайыптылардың баспанаға ие болуын қамтамасыз ету және бұл ең алдымен сапаға әсер етеді; Жалпы, бұл отбасының қаржылық жағдайы тұрақсыз болса, ажырасу ықтималдығын арттырады», «материалдық бөлігі өте күшті әсер етеді, өйткені қарыз көп». (2-сарапшы, мұғалім, Астана қ.);

– ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің жұмысының жоқтығы мәселесі: «біреуі жұмыс істемесе де, бұл отбасы үшін қиындыққа соғады, ал екеуі де жұмыс істемесе, бұл отбасы үшін одан сайын қиын болады». (2-сарапшы, мұғалім, Астана қ.);

– урбанизация процестері, ішкі көші-қон, «урбанизация, яғни қазір бізде көп адам қалаға көшкен кезде осындай үлкен үрдіс бар». (2-сарапшы, мұғалім, Астана қ.);

– отбасылардың жекелеген санаттарындағы кедейшіліктің сақталу деңгейі, «кедейлік – бұл экономикалық тұрғыда нашар өмір сүру факторы. Әркім өзі қалағандай керемет өмір сүре бермейді. Көпбалалы отбасылар, бұл балалы болудың факторы. Туа біткен аурулары бар балалар санының артуы». (5-сарапшы, әлеуметтанушы, Астана қ.).

Статистикалық талдауға келетін болсақ, Қазақстандағы табыс деңгейіндегі гендерлік айырмашылықтарды талдау міндетін ескермей, ҚР СЖРА ҰСБ ұсынған бөлуге сәйкес өмір сүру көздері мен кіріс деңгейі бойынша зерттеу үшін орташа көрсеткіштер (екі жыныста) есептелді (4.1.1 және 4.1.4-кестелердегі бірінші бағандарды қараңыз). Бұл жағдайда мәтіндегі орташа көрсеткіш шартты үй шаруашылығына/отбасына теңестіріледі.

ҚР СЖРА ҰСБ дерегі (4.1.1-кесте) көрсеткендей, үй шаруашылықтарының басым бөлігінің күнкөріс көзі жалдамалы жұмыстан түскен табыс – еңбекақы (57,2%), ерлердің жалдамалы жұмыстан түскен табысы әйелдерге қарағанда айтарлықтай жоғары (тиісінше 62,2% және 52,2%). Бұл қызмет түрінен түсетін табыстың ең төменгі көрсеткіші ешқашан некеде тұрмағандар тобында және жесір/тұл арасында, ал некеде тұруы бойынша ерекшеленетін барлық басқа топтарда табыстың негізгі бөлігі жалақыдан түседі.

Қазақстанда мұндай күнкөріс қаражаты көздерінің көрсеткіштері (4.1.1-кесте) салыстырмалы түрде жоғары: зейнетақы – 13,4% (жесірлер мен тұлдар тобындағы ең жоғары көрсеткіштер – 57,7% және 49,3%); туған-туысқандардан немесе жақындардан (солардың асырауында) басқа материалдық көмек – 8,3% (ешқашан некеде тұрмағандар тобында жоғары көрсеткіштер); өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс – 8% (ажырасқан, заңды және азаматтық некеде тұратындар арасында көрсеткіштер жоғары).

Күнкөріс қаражатының көздері түріндегі мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың әртүрлі түрлері, соның ішінде шәкіртақы (0,8%), мүгедектік бойынша жәрдемақы (0,2%), жүктілік және туу бойынша жәрдемақы, бала күтімі бойынша жәрдемақы (0,3%) және басқа да көмектердің жалпы түрлерін (1,0%) айта келе, жиынтығында оны ерлер мен әйелдердің 2,3%-ы ғана алған (4.1.1-кесте). Бұл топты өздері жеке табыс алатындар санымен салыстыруға болады (2,2%).

4.1.1-кесте. Күнкөріс қаражатының көздері және неке жағдайы бойынша халық саны, %, ерлер мен әйелдер⁸⁴

Күнкөріс қаражатының көздері	Барлығы		Ешқашан некеде тұрмаған		Тіркелген некеде тұрады		Тіркелмеген некеде тұрады		Тұлдар/жесірлер		Ресми ажырасқандар		Ажырасқандар			
	Жынысы	Екі жыныста	Күйеуі	Әйелі	Күйеуі	Әйелі	Күйеуі	Әйелі	Күйеуі	Әйелі	Күйеуі	Әйелі	Күйеуі	Әйелі		
жалдамалы жұмысшы (жалақы)		57,2	62,2	52,2	46,4	35,1	69,3	60,9	74,2	69,3	36,3	26,8	74,7	65,0	72,3	61,2
өзін-өзі жұмыспен қамту		8,0	8,8	7,2	6,8	5,1	9,7	8,2	10,8	9,5	5,2	3,9	10,2	8,4	11,1	8,8
зейнетақы		13,4	8,8	17,9	6,4	19,3	9,8	14,1	0,1	0,3	49,3	57,7	4,5	9,1	4,3	10,0
шәкіртақы		0,8	0,8	0,8	2,4	2,7	0,1	0,1	0,1	0,6	0,0	0,0	0,0	0,1	0,3	0,2

⁸⁴ Неке және отбасы/Брак и семья. 2023 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары: Жинақ екі тілде. – Астана, 2023ж. – 102–104бб.

Күнкеріс қаражатының көздері	Барлығы		ешқашан некеде тұрмаған		тіркелген некеде тұрады		тіркелмеген некеде тұрады		тұлдар/ жесірлер		ресми ажырасқандар		ажырасқандар			
	жынысы	екі жыныста	күйеуі	әйелі	күйеуі	әйелі	күйеуі	әйелі	күйеуі	әйелі	күйеуі	әйелі	күйеуі	әйелі		
мүгедектігі бойынша төлем	0,2	0,2	0,2	0,2	0,3	0,3	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,2	0,3	0,3	0,5	0,3
жүктілік және босану бойынша жәрдемақы	0,3	-	0,3	-	0,1	-	0,5	-	0,8	-	0,0	-	0,1	-	-	-
жүктілік және босану, бала күтімі бойынша жәрдемақы	1,0	0,8	1,2	1,3	1,5	0,6	1,1	0,7	1,2	0,4	0,8	0,5	1,3	0,5	1,9	
жеке ауласынан (жеке жайының жанындағы, саяжай учаскесінен) түсетін табыстар	2,2	2,5	1,9	2,1	1,4	2,7	2,2	3,5	2,2	2,3	1,5	2,3	1,9	2,8	1,8	
меншіктен түсетін табыс (тұрғын үйді және басқа жылжымайтын мүлікті жалға беру, құнды қағаздар, дивиденділер, пайыздар және тағы басқа)	0,8	0,6	0,9	1,0	1,2	0,4	0,8	0,5	0,8	0,3	0,7	0,4	0,9	0,5	0,8	
туған-туысқандардан немесе жақындардан (солардың асырауында) басқа материалдық көмек	8,3	7,8	8,8	16,6	16,8	3,9	6,0	5,3	7,9	3,4	4,3	3,6	6,4	3,7	8,4	
басқа	8,0	7,5	8,6	16,6	16,5	3,5	5,9	4,9	7,3	2,6	4,2	3,4	6,5	3,9	6,6	

*Екі жыныс үшін де индикатор ерлер мен әйелдердің орташа «жалпы» көрсеткіші болып табылады – Қазақстан Республикасының ҚР СЖРА ҰСБ дерегі негізінде есептелген

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Халықтың жұмыспен қамтылу және неке жағдайы бойынша бөлінген ҚР СЖРА ҰСБ дерегі (4.1.2-кесте) жұмыспен қамтылған халық құрылымында үш негізгі топ бар екенін көрсетеді: жалдамалы жұмысшылар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар және еңбек қызметінің басқа түрлері өкілдері. Қазақстандықтардың басым бөлігі (83%) жалдамалы жұмысшылар. Адамның некеде тұру жағдайы бұл көрсеткішке әсер етпейді: барлық санаттарда – ешқашан үйленбеген, некеге тұрмаған, ажырасқан және жесір/тұл арасында да – жалдамалы жұмысшылар басым.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (16,4%) көбінесе ешқашан некеде тұрмағандар (17,4%) және жесірлер/тұлдар (18,1%) топтарында ұсынылған (4.1.2-кесте).



4.1.2-кесте. Жұмыспен қамту және неке жағдайы бойынша жұмыспен қамтылған халық, %, екі жыныс өкілдері де⁸⁵

Некедегі жағдайы бойынша	Жұмыс жағдайы	жалдамалы жұмыскерлер	өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер	оның ішінде жұмыспен қамтылғандар				еңбек қызметінің басқа түрлері
				жұмыс берушілер	жеке негізде	жеке қосалқы шаруашылықта (жеке аулада) жартылай тұтыну, айырбастау (сату) үшін ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен	өндірістік кооператив мүшелері	
Барлығы	83,0	16,4	12,8	58,6	22,2	2,3	4,1	0,6
ешқашан некеде тұрмаған	82,0	17,4	11,7	57,8	23,2	2,2	5,1	0,6
тіркелген некеде тұрады	83,3	16,1	13,3	58,8	21,8	2,3	3,8	0,6
тіркелмеген некеде тұрады	82,9	16,6	11,7	59,4	22,3	2,3	4,3	0,6
тұлдар/жесірлер	81,1	18,1	12,3	53,4	28,4	1,7	4,1	0,8
ресми ажырасқандар	84,4	15,0	13,9	61,2	18,7	2,3	3,9	0,6
ажырасқандар	82,4	16,8	15,7	58,5	18,1	3,6	4,0	0,8

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Осылайша жұмыспен қамтылған халықтың басым көпшілігі жалдамалы жұмыскерлер. Сонымен бірге экономикалық қызмет түрлері мен неке жағдайы бойынша жұмыспен қамтылған халық талдауы халықтың көбіне көтерме және бөлшек саудада жұмыспен қамтылғанын көрсетеді; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу (18,2%), өнеркәсіп (13,1%), білім (9,3%), құрылыс (8,2%), қызметтердің басқа түрлерін көрсету (7,7%), көлік және қоймаға жинау (6,5%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер (5,9%) (4.1.3-кесте).

Бір айтарлығы, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету, сондай-ақ білім беру саласында тіркелмеген некеде тұрғандардың, жесірлер/тұлдар мен ажырасқандардың үлесі некеде тұрмайтын немесе ресми тіркелгендерге қарағанда жоғары. Қарама-қарсы бөлініс экономикалық қызметтің мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ көлік және жинақтау шаруашылығы сияқты түрлерінде байқалады – мұнда жұмыспен қамтылғандар арасында некеге тұрмаған және ресми тіркелген адамдардың үлесі жоғары.

4.1.3-кесте. Экономикалық қызмет түрлері және отбасы жағдайы бойынша жұмыспен қамтылған халық, %, екі жыныс өкілдері де⁸⁶

Экономикалық қызмет түрлері	барлығы	ешқашан некеде тұрмаған	тіркелген некеде тұрады	тіркелмеген некеде тұрады	тұлдар/жесірлер	ресми ажырасқандар	ажырасқандар
ауыл, орман және балық шаруашылығы	4,1	3,9	4,1	4,0	4,3	3,8	4,1
өнеркәсіп	13,1	12,3	13,5	12,5	10,9	12,9	12,0
құрылыс	8,2	8,2	8,4	7,5	6,4	7,5	7,9
көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	18,2	19,7	17,5	18,2	19,8	19,2	13,4
көлік және жинақтау	6,5	6,3	6,8	5,9	5,3	5,7	5,2

⁸⁵ Неке және отбасы/Брак и семья. 2023 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары: Жинақ екі тілде. – Астана, 2023.- 746б.

⁸⁶ Неке және отбасы/Брак и семья. 2023 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары: Жинақ екі тілде. – Астана, 2023.- 87–88бб.

Экономикалық қызмет түрлері	барлығы	ешқашан некеде тұрмаған	тіркелген некеде тұрады	тіркелмеген некеде тұрады	тұлдар/жесірлер	ресми ажырасқандар	ажырасқандар
тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	3,1	3,8	2,9	3,0	3,4	3,1	3,5
ақпарат және байланыс	3,4	3,7	3,4	3,3	2,8	3,4	3,7
қаржы және сақтандыру қызметі	2,7	2,6	2,8	2,9	2,6	2,8	2,3
жылжымайтын мүлікпен операциялар	3,6	3,9	3,5	3,5	3,9	3,8	2,9
кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	3,5	3,7	3,5	3,5	3,5	3,5	3,1
әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	4,1	4,3	4,0	3,9	4,0	4,0	3,5
мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	4,6	4,4	4,7	4,8	3,3	3,7	5,7
білім беру	9,3	8,0	9,3	10,9	11,3	10,0	14,3
денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызметтер	5,9	5,3	5,9	6,4	7,5	6,5	8,1
өнер, ойын-сауық және демалыс	2,1	2,3	2,0	2,1	2,1	2,1	2,7
көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	7,7	7,5	7,7	7,5	8,9	7,9	7,6

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4.1.4-кестеден көріп отырғанымыздай екі жыныстағы қазақстандықтардың (біздің болжамымыз бойынша үй шаруашылықтары) 7,8%-ның табысы жоқ. Бұл ретте орташа табысы 50 001–100 000 теңге (23,7%) және 100 001–150 000 теңге (21%) – барлығы 44,7% болатын үй шаруашылықтарының топтары ең көп ұсынылған.

Табысы 10 000 теңгеге дейін және 10 001 – 50 000 теңгеге дейінгі топтардың үлесі ең төмен, тиісінше 3,6% және 14,4% (барлығы 18%). Табысы жоғарырақ топтар (150 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін) барлығы 27,5% құрайды. Соңында ең жоғары табысы бар топ (300 000 теңге және одан жоғары) 2%-дан сәл жоғары.

4.1.4-кесте. Табыс деңгейі және неке -жағдайы бойынша халық саны, %, ерлер мен әйелдер⁸⁷

неке жағдайы бойынша	барлығы	ешқашан некеде тұрмаған		тіркелген некеде тұрады		тіркелмеген некеде тұрады		жесір/тул		ресми ажырасқандар		ажырасқандар			
		ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер		
табыс жоқ	7,8	7,4	8,2	22,0	20,9	1,4	3,7	2,1	5,3	1,2	2,5	1,2	4,1	1,5	3,9
10 000 дейін	3,6	2,5	4,7	4,6	5,4	1,6	4,5	2,4	5,7	1,2	3,0	1,4	5,0	1,7	5,5
10 001–50 000	14,4	12,5	16,3	16,9	15,6	10,7	17,5	13,6	22,5	6,3	7,3	11,3	15,1	16,6	19,3
50 001–100 000	23,7	20,5	26,8	15,7	24,1	22,7	26,6	17,2	18,4	41,4	46,9	18,5	23,3	22,5	23,8
100 001–150 000	21,0	22,2	19,7	15,8	15,4	24,9	20,8	24,2	19,8	24,4	23,8	25,5	22,2	22,9	24,8
150 001–200 000	11,6	13,7	9,5	9,5	6,9	15,5	10,8	16,4	11,4	9,0	5,9	16,4	12,0	14,9	9,1
200 001–250 000	9,7	11,1	8,3	8,7	6,9	11,9	8,7	12,5	9,1	10,2	7,2	14,2	9,9	8,1	6,6
250 001–300 000	6,2	7,3	5,1	5,6	3,9	7,9	5,7	8,4	6,0	5,2	2,8	9,4	6,5	6,6	3,8

⁸⁷ Неке және отбасы/Брак и семья. 2023 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары: Жинақ екі тілде. – Астана, 2023.- 112–11387–8866,



неке жағдайы бойынша	барлығы		ешқашан некеде тұрмаған		тіркелген некеде тұрады		тіркелмеген некеде тұрады		жесір/тұл		ресми ажырасқандар		ажырасқандар		
	теңге	екі жыныс та	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	
300 001–500 000	1,6	2,1	1,1	1,1	0,8	2,7	1,3	2,4	1,4	0,9	0,6	1,8	1,6	3,2	2,8
500 001–1 000 000	0,4	0,5	0,2	0,1	0,1	0,6	0,2	0,5	0,2	0,1	0,1	0,2	0,3	1,9	0,6
1 000 000 астам	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0	0,2	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0	0,1	0,1	0,2	-

Екі жыныс үшін де индикатор ерлер мен әйелдердің орташа «жалпы» көрсеткіші болып табылады – Қазақстан Республикасының ҚР СЖРА ҰСБ деректері негізінде есептелген

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

ҚДДИ әлеуметтанулық зерттеуі нәтижелері бойынша⁸⁸ респонденттердің жартысын (50,3%) Қазақстандағы ең кең тараған орта топ ретінде жіктеуге болады, яғни бұл респонденттердің айына алатын ақшасы қажетті өнімдер мен киім-кешек сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге жетеді, ал үнемдеу мүмкін емес. Респонденттердің үштен бірі өздерін табысы жоғары топтарға жатқызды: 22,4%-ы ұзақ пайдаланатын тауарлардың көпшілігін (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) сатып алу қиындық туғызбайды; 12,6%-ы табысы тұтыну кезінде ешнәрседен тартынбауға мүмкіндік беретін ең ауқатты топ ретінде жіктелуі мүмкін. Әрбір тоғызыншы респонденттің табысы төмен: бұл топтағы 9%-дың азық-түлікке ақшасы бар, бірақ коммуналдық төлемдерді төлеуге жетпейді, тағы 2,4%-ның азық-түлік сатып алуға ақшасы жетпейді (4.1.1-сурет).



4.1.1-сурет. «Сатып алу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚДДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Алынған әлеуметтанулық нәтижелерді ҚР СЖРА ҰСБ деректеріне қосатын болсақ, келесі шартты үлестіруді жасауға болады:

- табысы ең төмен топ: статистика бойынша 18% (10 000 теңгеге дейін және 10 001–50 000 теңге) және әлеуметтік сауалнама бойынша 11,4 % («ақша тек азық-түлік сатып алуға жеткілікті» және «азық-түлік сатып алуға да ақша жетпейді» деген жауап нұсқаларын таңдағандар). Дегенмен, осыған байланысты салыстырмалы түрде үлкен топқа (статистикада) «табыс жоқ» - 7,8% назар аудару қажет. Логикалық тұрғыдан алғанда, табысы жоқ адамдарды табысы төмен топқа жатқызу керек, бұл оның көлемін 25,8%-ға дейін арттырады;

- «Ортаңғы қабат» тобы: статистика бойынша 44,7% (50 001 – 150 000 теңге) және әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша 50,3 % (тек қажетті азық-түлік пен киімдерді сатып алуға, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақша жеткілікті, жинақтауға қалмайды);


⁸⁸ «Қазақстан отбасылары» ҚДДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

– орташадан жоғары табысы бар топ: статистика бойынша 27,5% (150001-ден 300000 теңгеге дейін) және әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша 22,4% (ұзақ мерзімді тауарлардың көпшілігін (тоңазытқыш, теледидар және т. б.) сатып алу қиын емес);

– ең жоғары табысы бар топ: статистикада 2,1% (300 000 теңге және одан жоғары) және әлеуметтанулық зерттеу бойынша 12,6% (біз ештеңеден бас тартпаймыз).

Сауалнамаға қатысушылардың 50%-ы несиелері бар екенін, ал қалған жартысының несиелері жоқ екенін айтты. Респонденттердің 52,4%-ының тауарды бөліп төлеу тәжірибесі бар. Қарыз алудың көлемдері мен нысандары респонденттердің қалада немесе ауылдық жерде тұруына байланысты емес екенін атап өткен жөн: сауалнама нәтижелері бойынша қала мен ауылдағы респонденттердің жартысында бөліп төлеулері (тиісінше 54% және 49,6%) және несиелері (тиісінше 50,1% және 49,9%) бар.

Бұл ретте несие алған немесе бөліп төлеу жоспары бар тұлғалардың қазіргі уақытта осы қаржы құралдарының 1-2 (78%) және 5-тен астамы бойынша белсенді міндеттемелері бар (4.1.2-сурет).




4.1.2-сурет. «Сізде қазір қанша несие/бөліп төлеу бар?» сұрағы жауаптарының несие/бөліп төлеу барлардың бөлігінде бөлінуі, %, N=1574

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Әртүрлі нысанда несие алғандардың әрбір бесіншісі(19,7%) төлемді кешіктірген, ал осы топтың 50%-ы несиелерін қайтаруда қаржылық қиындықтарға тап болғанын айтты. Отбасының цифрлық картасына сәйкес отбасылардың 16,9%-ының бір мүшесінде мерзімі өткен несие берешегі болса, ал 4,8%-ы екі немесе одан да көп отбасы мүшелерінің несие бойынша мерзімі өткен берешегі бар.

Қазақстандықтар көбіне не үшін несие алады? (4.1.3-сурет). Бірінші кезекте (50,6%) үйді жабдықтау (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б. сатып алу). Қажеттілік бойынша екінші орында (39,5%) электроника (смартфондар, ноутбук, планшеттер және т.б.). Қаражатты қарызға алудың басқа салыстырмалы маңызды тобы жөндеу жұмыстары (24,5%), автокөлік сатып алу (22,4%), азық-түлік (12,7%) және киім мен аяқ киім (12,2%) шығыстар болып есептеледі.



4.1.3-сурет. «Несиені немесе бөліп төлеуді қандай мақсатпен алдыңыз?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %, 3 жауаптан көп емес, N=1574

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.




Қазақстандықтардың білім беру қызметтерін алу (5,9%) және саяхаттар/демалыс (5,2%) сияқты бағыттар бойынша несие алуға сұранысының салыстырмалы түрде төмен және шамалы екендігі назар аударатын жайт. Сондай-ақ тойлар мен мерекелерді өткізу үшін несие немесе бөліп төлеу арқылы қаражат алғандардың үлесі небәрі 2,9%-ы болды. Дегенмен мерекелер мен салтанатты шараларды өткізуге ақша жұмсаудың орындылығы туралы сұраққа жауаптар көрсеткендей, сауалнамаға қатысушылардың ең төмені қандай жағдай болмасын тойды және басқа да мерекелерді атап өту маңызды, несие алуға болады деп санайтындар – 8,9%. Басқа респонденттердің пікірінше осындай себептерге несие алудан бас тартқан дұрыс (41,9%) және сән-салтанатты той маңызды, бірақ мұны өз қаржылық мүмкіндіктер шегінде (37%) жасаған дұрыс (4.1.4-сурет) деп санайды.



4.1.4-сурет. «Сіздің ойыңызша, той мен мерекелерге қаражат жұмсау қаншалықты орынды?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, сауалнама алынғандардың жалпы санынан %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.


Респонденттердің 73,7%-ы өздерінің кірістері мен шығыстарын бір дәрежеде қадағалайды, яғни үйдегі есебін жүргізеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі өздерінің жеке қаражаттарының есебін белгілі бір дәрежеде жүргізетінін көрсетеді. Мәселен 34,9%-ы барлық кірістер мен шығыстарды үнемі есепке алады, ал 38,8%-ы жалпы қанша ақша бар екенін біле отырып, болжалды есеп жүргізеді. Алайда респонденттердің 17,1%-ы есеп жүргізбейтінін және қанша ақшасы барын және қанша жұмсағанын білмейтінін мойындаса, 6,9%-ы мұндай есепті пайдасыз деп санайды. Тек 0,2%-ы зайыбы/жұбайы есеп жүргізетінін көрсетсе, 2%-ы жауап беруге қиналғаны назар аудартады. Басқа нұсқалар, мысалы, есеп жүргізуді үйрету немесе бала анасымен бірге тұратын жағдайлар іс жүзінде ескерілмейді (0%) (4.1.5-сурет)



4.1.5-сурет. «Сіз жеке қаражатыңыздың есебін жүргізесіз бе?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 42,2%-ының кәмелетке толмаған балалары бар. Балалы болу үйдегі есепті жүргізуге әсер ете ме? Деректерді талдау бұл айнымалының (балалы болу) белгілі бір маңызы бар екенін көрсетті: кәмелетке толмаған балалары бар респонденттер тобында кірістер мен шығыстардың есебін белгілі бір жүйелілікпен жүргізетіндердің үлесі бүкіл халыққа қарағанда жоғары (78,7% және 70%). Алайда балалары жоқ респонденттерде есептің болмауы жиі кездеседі: 18,7%-ы қанша ақшасы барын және қанша жұмсағанын білмейді, ал ата-аналар арасында бұл көрсеткіш 15%-ды құрайды. Сонымен қатар баласы жоқтардың 8,5%-ы, ал оған қарсы ата-аналардың 4,7%-ы есеп жүргізу пайдасыз деп санайды (4.1.6-сурет).




4.1.6-сурет. «Сіз жеке қаражатыңыздың есебін жүргізесіз бе?» сұрағы жауаптарының кәмелетке толмаған балалардың болуына қарай бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Үй есебін көбіне сауалнамаға қатысушылардың ең ауқатты және табысы жоғары топтарының өкілдері жүргізеді (38,9% және 45,6%). Болжалды есепті жүргізетіндердің ең көп үлесі (42,5%) ұзақ пайдаланатын тауарларды сатып алу қиындық тудырмайтын респонденттерде байқалады. Тек қажетті өнімге ғана ақша жетеді дейтін респонденттердің 32,4%-ы барлық кірістер мен шығыстарды есепке алады, алайда жобалап есеп жүргізетіндердің үлесі де жоғары (41,2%).


Сатып алу қабілеті төмен топтарда (ақша тек азық-түлік сатып алуға жеткілікті және азық-түлік сатып алуға да ақша жетпейді) есеп жүргізбейтін және оны орынсыз деп санайтын респонденттердің үлесі айтарлықтай жоғары: тиісінше 10,4% және 16,7% (4.1.7-сурет).



4.1.7-сурет. «Сіз жеке қаражатыңызды қадағалайсыз ба?» сұрағы жауаптарының респонденттердің сатып алу қабілеті бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.


Ерлі-зайыптылардың материалдық қамтамасыз ету факторы отбасы мен оның мүшелерінің өмір сүру деңгейіне ғана емес, сонымен бірге отбасының тұрақтылығына да әсер ете ала ма? Сауалнама бұл мәселе бойынша қалыптасқан қоғамдық пікірдің жоқтығын көрсетті. Респонденттердің үштен бірінен астамы (36,4%) серіктесінің табыс деңгейі отбасыішілік қарым-қатынастарға қатты, өте қатты әсер ететінін атап өткеніне қарамастан, респонденттердің бірдей үлесі (33,2%) керісінше, яғни материалдық фактор (кіріс) ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа аз немесе мүлдем әсер етпейді деп санайды. «Бірқалыпты» жауап нұсқасын таңдағандардың бұл сұрақ бойынша нақты көзқарасы жоқ екенін көрсетеді (29,8%) (4.1.8-сурет).



4.1.8-сурет. «Серіктестің табыс деңгейі Сіздің қарым-қатынасыңызға қаншалықты қатты әсер етеді?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Балалы болу айнаымалысына келетін болсақ, табыс деңгейінің ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа әсерін бағалау кезінде бұл көрсеткіштердің арасында тығыз байланыс анықталды. Мәселен кәмелетке толмаған балалары барлардың 40,8%-ы табыс деңгейі отбасыішілік қарым-қатынасқа әсер ететінін айтты (балалары жоқтар арасында әсер ету көрсеткіші – 33,4%), ал, керісінше кәмелетке толмаған балалары жоқ респонденттер/мүлде балалары жоқ, көбінесе серіктестің табыс деңгейі ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа аз немесе мүлдем әсер етпейтінін атап өтті (36,7% қарсы 28,2%) (4.1.9-сурет).



4.1.9-сурет. «Серіктестің табыс деңгейі Сіздің қарым-қатынасыңызға қаншалықты қатты әсер етеді?» сұрағы жауаптарының кәмелетке толмаған балалардың болуына қарай бөлінуі, %


Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Респонденттердің сатып алу қабілетінің отбасыішілік қарым-қатынасқа әсері туралы сұраққа алынған жауаптар талдауы бұл көрсеткіштер арасында тығыз тәуелділік бар екенін көрсетті. Респонденттердің сатып алу қабілеті неғұрлым төмен болса, олар табыс деңгейі ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа соғұрлым әсер ететінін жиі айтады: осылайша ең төменгі кіріс тобында респонденттердің 51,4%-ы «өте қатты» және «қатты» нұсқаларын таңдады. Табысы орташа және жоғары топтарда «онша емес» және «әсер етпейді» жауап нұсқалары біршама жиі таңдалды.

Сатып алу қабілеті жоғары топта, барлығына ақша жеткілікті болса, серіктестің табыс деңгейі респонденттердің 29,3%-ы өте қатты немесе қатты әсер етеді.

Қажетті өнімді сатып алуға ақша жеткілікті немесе коммуналдық төлемдерді төлеуде қиындықтар туындайтын топта серіктес табысының маңыздылығы артады: сәйкесінше 49,1% және 51,4% оның ықпалын қатты немесе өте қатты деп санайды.

Сатып алу қабілеті жоғары топтарда серіктес табысының әсері азаяды, мұнда 32,2% табыс қарым-қатынасқа аз немесе мүлдем әсер етпейді дейді. Тіпті азық-түлікке де ақша жетпейтін ең осал топта бұл үлес 22,2%-ға дейін төмендеп, қарым-қатынастардың әл-ауқаты үшін қаржылық қолдаудың маңыздылығын көрсетеді (4.1.10-сурет).



4.1.10-сурет. «Сіздің серіктесіңіздің табыс деңгейі сіздің қарым-қатынасыңызға қаншалықты әсер етеді?» сұрағы жауаптарының респонденттердің сатып алу қабілеті бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Отбасыішілік қатынастарға қаржылық-экономикалық жағдайлардың әсер ету сипатын келесі сұраққа жауаптардың нәтижелері арқылы көрсетуге болады. Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адамға (20,5%) қаржылық қиындықтар отбасындағы азғантай шиеленіс тудырады. Тағы 16,4%-ы табыс мәселесінен туындауы мүмкін кішігірім отбасындағы келіспеушіліктер туралы айтты. Әрбір оныншы респондент (9,5%) қаржылық қиындықтар отбасындағы жанжалдарға әкелуі мүмкін екенін айтты (4.1.11-сурет).



4.1.11-сурет. «Сіздің отбасыңыздағы қарым-қатынасқа қаржылық қиындықтар қалай әсер етеді?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, сұралғандардың жалпы санынан %


Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Отбасында кәмелетке толмаған балалардың болуы немесе болмауы материалдық қиындықтар жағдайында отбасыішілік қатынастардың жағдайы тұрғысынан маңызды жағдай болады. Балалары жоқ немесе балалары кәмелетке толған отбасыларда қаржылық қиындықтар көбінесе ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа әсер етпейді (баласыз отбасылардағы 36,7%-ға қарсы 51,4%). Кәмелетке толмаған балалары бар отбасылар қаржылық қиындықтарға көбірек ұшырайды, ал мұндай қиындықтар ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер мен жанжалдарға әкелуі мүмкін – ақша проблемаларының жағымсыз салдарының жиынтық көрсеткіші 55,3%-ды құрайды.

Баласы жоқ отбасыларда қаржыға байланысты жанжалдар сирек туындайды: респонденттердің тек 10%-ы ғана қиындықтар елеулі жанжалдарға әкелетінін атап өтті, ал балалары бар отбасыларда бұл үлес 9,2%-ды құрайды.



Сонымен қатар балалары жоқ отбасылар аз шиеленісті (26,8% қарсы 16%) және келіспеушіліктерді (18,5% қарсы 14,8%) жиі айтты, бұл стрестік жағдайларға төзімділіктің аздығын көрсетуі мүмкін. Екі топтағы респонденттердің аз ғана бөлігі қаржылық қиындықтар олардың қарым-қатынасын нығайтады деп санайды (5,9% балаларсыз және 4,3% балалармен), бұл мұндай қабылдаудың сирек екенін көрсетеді (4.1.12-сурет).



4.1.12-сурет. «Сіздің отбасыңыздағы қаржылық қиындықтар қарым-қатынасқа қалай әсер етеді?» сұрағы жауаптарының кәмелетке толмаған балалардың болуы бөлігінде бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.


Тұтынушылық қабілеті деңгейі де отбасында туындайтын шиеленістердің маңызды факторы болып табылады. Осылайша егер тұтынушы әлеуеті төмен/шамалы болса, бұл отбасыишілік қарым-қатынастардағы қақтығысты күшейтеді (жанжалдың ең жоғары деңгейі ең төменгі табыс тобында тіркелді – 27,8%, тек 36,1%-ы қиындықтар олардың қарым-қатынасына әсер етпейтінін айтады). Керісінше, орташа және жоғары тұтынушылық әлеуеті жанжал және басқа да жағымсыз көріністердің ықтималдығын төмендетеді: бұл топтардағы 46–50%-ы қаржылық қиындықтар отбасы қатынастарына әсер етпейтінін атап өтті.

Сонымен барлығына (немесе барлығына дерлік) ақша жеткілікті ең ауқатты топтарда қаржылық мәселелердің әсері аз: тек 11,3%-ы маңызды қақтығыстарды атап өтті, ал 48%-ы қаржылық қиындықтар қарым-қатынасқа ешқандай әсер етпейді деп санайды.

Табысы ең төмен, тіпті азық-түлікке де ақша жетпейтін топ жанжалдарға ең осал: мұнда респонденттердің 27,8%-ы күрделі жанжалдарға тап болса, тек 36,1%-ы қиындықтар олардың қарым-қатынастарына әсер етпейтінін айтады.

Назар аударатын жайт, орташа топтарда (негізгі өнімдерге немесе негізгі шығындарға ғана ақша жеткілікті) орташа шиеленіс байқалады: респонденттердің 21%-дан 24,2%-ға дейінгісі қаржылық қиындықтар қарым-қатынасқа аз әсер ететінін атап өтті.

Қаржылық қиындықтарды күшейту факторы ретінде қабылдау барлық топтарда, әсіресе аз ауқатты адамдар арасында өте сирек кездеседі, мұнда тек 2,8%-ы қаржылық қиындықтарды өзара түсіністіктің жақсаруымен байланыстырады (4.1.13-сурет).



4.1.13-сурет. «Қаржылық қиындықтар сіздің отбасыңыздағы қарым-қатынасқа қалай әсер етеді?» сұрағы жауаптарының респонденттердің сатып алу қабілеті бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады:

– ҚР СЖРА ҰСБ дерегі бойынша үй шаруашылықтарының 57,2%-ының күнкөріс көзі – жалдамалы жұмыстан түскен табыс – еңбекақы. Ең негізгі күнкөріс құралдарының үштігіне зейнетақы (13,4%), туыстарының немесе жақындарының (қамқорлығындағы) басқа да материалдық көмегі (8,3%); өзін-өзі жұмыспен қамту табысы (8%) жатады. Күнкөріс көздері түріндегі мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың түрлері, соның ішінде шәкіртақы (0,8%), мүгедектік бойынша жәрдемақы (0,2%), жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы, бала күтімі бойынша жәрдемақы (0,3%) және басқа да қолдау түрлерін (1,0%) жиынтығында ерлер мен әйелдердің 2,3%-ы ғана алады.

– Халықтың жұмыспен қамтылу құрылымында жұмыспен қамтылған халықтың жағдайы бойынша жалданатын жұмысшылар – 83%, ал некеге тұру көрсеткіші бойынша бірдей барлық санаттарда – ешқашан некеге тұрмаған, некеде тұратын, ажырасқан және жесір/тұл қалғандар басым. Жұмыспен қамтылған халық арасында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (16,4%) және еңбек қызметінің басқа түрлерінің өкілдері (0,6%) айтарлықтай аз.

– Статистикалық мәліметтерге сүйенсек қазақстандықтардың 7,8%-ның табысы жоқ. Бұл ретте халық құрылымында ең көп ұсынылған топтар орташа табысы 50 001–100 000 теңге (23,7%) және 100 001–150 000 теңге (21%) болатын үй шаруашылықтары болып табылады. 10 000 теңгеге дейінгі және 10 001–50 000 теңгеге дейінгі табысы ең төмен топтардың үлесі тиісінше 3,6% және 14,4% құрайды. Көбірек кіріс топтары халықтың төрттен бір бөлігін құрайды: 150 001 теңгеден 200 000 теңгеге дейін (11,6%), 200 001 теңгеден 250 000 теңгеге дейін (9,7%), 250 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін (6,2%) және топ ең жоғары табыс (300 000 теңге және одан жоғары) 2%-дан сәл асады.

– Өз кезегінде әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша 50,3%-ын орташа топқа жатқызуға болады, яғни бұл топ өкілдері айына қажетті өнімдер мен киім-кешек сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге жеткілікті ақша алады, бірақ ақша үнемдеуге мүмкіндігі жоқ. 22,4%-на ірі тұрмыстық техниканы (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) сатып алу қиындық туғызбайды; 12,6%-ы табысы тұтыну кезінде ештеңеден бас тартпауға мүмкіндік беретін ең ауқатты топ ретінде жіктелуі мүмкін. 9%-ның азық-түлікке ақшасы бар, бірақ коммуналдық төлемдерді төлеуге жетпейді, тағы 2,4%-ның азық-түлік алуға ақшасы жетпейді.

– Респонденттердің 50%-ының несиеі бар болса, 52,4%-ы тауарды бөліп алған. Сонымен қатар несие алған немесе бөліп төлеу жоспары бар тұлғалардың қазіргі уақытта осы қаржы құралдарының 1-2 (78%) және 5-тен астамы бойынша белсенді міндеттемелері бар. Сауалнамаға қатысқандардың 19,7%-ы төлемді кешіктірсе, қарызы барлардың 50%-ы несиелерін төлеуде қаржылық қиындықтарға тап болғанын айтты.

– Көбінесе сауалнамаға қатысушылар үйді жасақтау, тұрмыстық техника, жиһаз сатып алу үшін (50,6%); электроникаға, смартфондарға, ноутбуктерге, планшеттерге (39,5%); жөндеу жұмыстарына (24,5%), автокөлік сатып алуға (22,4%), азық-түлікке (12,7%) және киім-кешек, аяқ киім сатып алуға (12,2%) қарыз алады.

– Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 2,9%-ы ғана тойлар мен салтанатты іс-шаралар өткізу үшін несие немесе бөліп төлеу алған. Салтанатты іс-шаралар мен тойларға қаражат жұмсаудың орындылығы туралы сұраққа жауаптар респонденттердің басым бөлігі салтанатты іс-шараларға шамадан тыс қаражат жұмсауды дұрыс емес деп санайтынын көрсетеді. Осылайша сауалнамаға қатысушылардың тек 8,9%-ы тойларды бәрібір атап өту қажет деп санайды. Басқа сұралғандардың пікірінше осы себептерге байланысты несиеден аулақ болған дұрыс (41,9%), тағы 37%-ы сән-алтанатпен той өткізу маңызды, бірақ оны қаржылық мүмкіндіктер шегінде жасаған дұрыс деп санайды.

– Респонденттердің 73,7%-ы өздерінің кірістері мен шығыстарын сол немесе басқа дәрежеде қадағалайды, яғни үйдегі есеп жүргізу әдістерін пайдаланады. Кәметке толмаған балалары бар отбасыларда кірістер мен шығыстарды есепке алуды қолдану маңыздырақ, сонымен қатар сауалнамаға қатысушылардың орташа және жоғары табыс топтары үй есебін жиі жүргізеді.

– Қоғамда жұбайының қамтамасыз етілу деңгейі (материалдық фактор) отбасының тұрақтылығына әсер етеді деген ортақ пікір жоқ. Респонденттердің 36,4%-ы серіктестің табыс деңгейі отбасыишілік қарым-қатынастарға күшті немесе өте күшті әсер етуі мүмкін екенін атап өтсе, респонденттердің 33,2%-ы ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа материалдық фактордың (кірістің) әсері шамалы немесе мүлдем жоқ деп есептейді. Тағы 29,8%-ы табыс факторының отбасыишілік қатынастарға ықпалын қалыпты деп бағалайды.

– Респонденттердің 20,5%-ының пікірінше қаржылық қиындықтар отбасындағы шиеленістің туындауына ықпалы аз. Бұл ретте респонденттердің 16,4%-ы табыс мәселесінен туындауы мүмкін шағын отбасы келіспеушіліктері туралы айтқан. Сауалнамаға қатысушылардың 9,5%-ының пікірінше қаржылық қиындықтар отбасында жанжал тудыруы мүмкін.

Кәметке толмаған балалары бар отбасыларда ақша мәселесі ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер мен жанжалдарға жиі әкелуі мүмкін – 55,3%-ы теріс жауап нұсқаларын таңдады. Отбасының тұтынушылық әлеуетінің деңгейі де әсер етеді: егер ол төмен болса, онда бұл отбасыишілік қарым-қатынастардағы жанжалды арттырады, ал орташа және жоғары тұтынушылық әлеует жанжал және басқа да жағымсыз көріністердің ықтималдығын азайтады.



4.2. Қазақстан отбасыларының әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік саясат – экономикалық реформалардың құрамдас бөлігі, олардың тиімділігі мен өзектілігінің критерийі. Білім берудің, денсаулық сақтаудың және әл-ауқаттың жоғары деңгейін қамтамасыз ету – ел өмірінің басты міндеті. Мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктері халыққа көрсетілетін әлеуметтік төлемдер мен қызметтердің сапалық және сандық құрамдастарын анықтайды. Әлеуметтік бағдарламаларды кешенді түрде жүзеге асыру қоғамда қолайлы ахуалды қамтамасыз етеді 89. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты Қазақстан отбасыларының мәртебесін, әлеуметтік жағдайын жақсартуға, оның мүшелерінің тең мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ҚР ЕХӘҚМ 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспарының 5 стратегиялық бағыты жүзеге асырылуда ⁹⁰. Ол нені білдіреді?

– әлеуметтік қызметтер көрсетуді өтінім нысанынан әлеуметтік қызметтерді көрсетудің проактивті форматына негізделген цифрландыру арқылы сәйкестендіру нысанына трансформациялау;

– атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) күшейтуді көздейтін проактивті мақсаттылық және тәуекелдердің алдын алу, ол атаулы белсенді шараларды және туындайтын әлеуметтік тәуекелдердің салдарын жою бойынша атаулы көмекті қамтиды. Дәл осы жерде «Отбасының цифрлық картасы» үлкен рөл атқарады, оның көмегімен әлеуметтік қолдауды қажет ететін адамдардың мақсатты тобы анықталады;

– цифрлық карта және жұмыспен қамту, яғни азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, оның түпкілікті нәтижесі бір жыл ішінде 1 млн жуық адамды, соның ішінде жастарды, жұмыссыз азаматтарды және мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді;

– дәстүрлі форматтарды ауыстыру үшін икемді жұмыспен қамту, осыған сәйкес жұмыстың дәстүрлі форматынан заңмен бекітілген икемді жұмыспен қамту нысандарын дамытуға көшуді көздейтін еңбек қатынастарын дамыту жоспарлануда;

– нәтижелі және формалды жұмыспен қамтуды ынталандыру бойынша ынталандырушы сақтандыру жүйесі, онда мынадай факторлар ескерілетін болады: мемлекет, жұмыс берушілер және қызметкерлер жүйесіне қатысу; қатысу өтілі мен әлеуметтік төлемдер мөлшері арасындағы өзара байланысты күшейту ⁹¹.

Әрине, бұл салалардың барлығы отбасын әлеуметтік қолдауға тікелей қатысты деп айтуға болмайды, өйткені әлеуметтік саясаттың қолдану аясы кеңірек. Дегенмен қазіргі заманғы әлеуметтік саясат аясында Қазақстан отбасының әлеуметтік жағдайына қатысты салаларда мазмұнды бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып жатқанын атап өтуге болады. Олар – «Бақытты отбасы» және сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй бағдарламалары, мұқтаж жандарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету, әйелдерді қолдаудың әртүрлі нысандары: бала тууға және 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақылар; жүктілік және босануға байланысты төлемдер, 1,5 жасқа дейін бала күтімі бойынша төлемдер, көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақылар және т.б. Олар бұл бағдарламалар туралы естіп қана қойған жоқ, сонымен қатар сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 3%-ынан 27%-ына дейін оларға қатысқан. Сонымен қатар зерттеу халықтың сол немесе басқа әлеуметтік қолдауды алу мүмкіндіктері туралы хабардар болуының жеткіліксіз жоғары деңгейін анықтағанын да атап өткен жөн (мысалы, әрбір төртінші сауалнамаға қатысушы «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасы туралы ештеңе білмейді).

Сарапшылық сауалнама нәтижелерін пайдаланатын болсақ, сарапшылар ортасында күшті әлеуметтік саясат жүргізілген, жоғары әлеуметтік кепілдіктер болған кеңестік кезеңнің жағдайымен бүгінгі күнді салыстыру әлі де бар екенін айта аламыз және бұл салыстыру қазіргі Қазақстанның пайдасына емес:

«Әрине, әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсері өте күшті...Көптеген жастар, айталық, институттар мен университеттерді бітірген, жоғары білімі бар, бұл дипломдарды іс жүзінде пайдаланбайды. Неліктен? Өйткені мұндай жұмысты табу мүмкін емес, бізде мұндай кең мүмкіндік жоқ: мамандар қажет зауыттар, мысалы, зауыттар және тағы басқалар болар еді...Кеңес Одағы сияқты болмаса да, ең болмағанда дамыған мемлекеттерде отбасын құрған кезде әркімге баспана алуда немесе сатып алуда қандай да бір жеңілдіктер бар, міндетті түрде бала туғанда жеңілдіктер бар, мысалы, еңбек заңнамасындағы кейбір жеңілдіктер». (1-сарапшы, білім қорының басшысы, Астана қ.)

Алайда Қазақстан дамудың капиталистік жолын таңдағандықтан, кеңестік/социалистік стандарттарды қайталау мүмкін емес болғандықтан, бұл салыстырудың орынсыз екені анық.

Қазіргі уақытта отбасындағы жағдайға әсер ететін әлеуметтік факторлардың ішінде сарапшылар мыналарды атады:

отбасы түрлері мен отбасы құндылықтарының өзгеруі, «отбасының жаңа түрлері, бұл азаматтық неке», «адамның отбасына, отбасы институтына, әсіресе жастардың жалпы көзқарасының өзгеруі» (2-сарапшы, мұғалім, Астана қ.);

⁸⁹ Калиева М. Социальные аспекты развития Казахстана. 22.04.2021ж. / URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/32583>

⁹⁰ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы: Министрдің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 547 бұйрығы. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39799419&pos=7;-60#pos=7;-60

⁹¹ Маншина Л. Социальные реформы Токаева: что сделано, что в планах / URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/socialnye-reformy-tokaeva-chto-sdelano-chto-v-planah>

– мемлекеттік әлеуметтік саясат, «мемлекеттік саясат та әсер ететін шығар. Заңнама, кейбір бағдарламалар, отбасын қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, аналық капитал, жәрдемақы және т.б.» (2-сарапшы, педагог, Астана қ.); «Либералды елдерде көп нәрсе беріледі, бұл сала жеке, жеке сала. Біздің елімізде бұл рөлді мемлекет өз мойнына алып отыр, мемлекеттің ықпалы, отбасына қатысты мемлекеттік саясат та отбасының өзгеруіне әсер ететін фактор бола алады» (4-сарапшы, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті, Қарағанды қ.); «Қазір «Жол тап» бағдарламасы бар, онда кез келген азамат өз мамандығын өзгертіп, оны сәндіге ауыстыра алады, яғни енді жаңа сәнді мобилограф, таргетолог мамандығын ала алады» (8-сарапшы, медиатор, Астана қ.);

– гендерлік теңдікті және әйелдердің эмансипациясын ілгерілету, «әйелдер экономикалық салаға белсенді қатысады, олар қазір белсенді және ерлермен тең негізде, бұл әлеуметтік факторларға да қатысты болуы мүмкін» (2-сарапшы, мұғалім, Астана қ.); «әйелдердің эмансипациясы ең алдымен әйелдер белсенділігінің негізгі факторларының бірі болып табылады» (5-сарапшы, әлеуметтанушы, Астана қ.);

– ерлі-зайыптылардың діни бейімділіктері, «күйеуінің дінге қызығуы, ал дінде деструктивті ағымдардың болуы және т.б., осыған байланысты ажырасқан құрбыларым бар» (2-сарапшы, мұғалім, Астана қ.);

– ерлі-зайыптылардың білім деңгейіндегі айырмашылықтар, «әйелдер көбірек білім ала бастады, әйелдер саны көп», «білім деңгейі де әсер етуі мүмкін, әйелдер ер адамнан шындыққа жанаспайтын нәрсені талап ете бастайды. Яғни, біз өз мүмкіндігімізбен өмір сүрмейміз, біз үлкен нәрсені қалаймыз» (2-сарапшы, мұғалім, Астана қ.);

– әлеуметтік ауытқулардың таралуы, «алкогольді, есірткіні пайдалану, бұл қазір құмар ойындар, құмар ойындарға тәуелділік. Бұл да отбасына үлкен жағымсыз нәтиже беретін әлеуметтік жағдайы» (7-сарапшы, қоғам қайраткері, Астана қ.).

Ресми деректерге сүйенетін болсақ, Қазақстанда балалы отбасыларға түрлі жеңілдіктер енгізілген, ал төлемді есептеу айлық есептік көрсеткішке (АЕК) қатысты жүргізілуде. Мәселен, 2024 жылы бала тууына байланысты отбасыларға берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы 1, 2, 3 балаға 140 296 теңгені, төртінші және одан көп балаға 232 596 теңгені құрады. Сонымен қатар бала күтімі бойынша жәрдемақы бала 1,5 жасқа толғанға дейін отбасындағы баланың санына қарай, сондай-ақ көпбалалы отбасыларға және марапатталған аналарға төленеді (4.2.1-кесте).


4.2.1-кесте. Балалы отбасыларға төленетін жәрдемақы мөлшері

	Жәрдемақы атауы	өлшем бірлігі	еселігі	2024 ж. жәрдемақы мөлшері
1.	Отбасыларға баланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы			
1.1.	бірінші, екінші, үшінші баланың тууына берілетін	АЕК	38	140 296
1.2.	төртінші және одан да көп балаға	АЕК	63	232 596
2.	Бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы			
2.1.	бірінші балаға	АЕК	5,76	21 266
2.2.	екінші балаға	АЕК	6,81	25 143
2.3.	үшінші балаға	АЕК	7,85	28 982
2.4.	төртінші және одан да көп балаға	АЕК	8,9	32 859
3.	мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы	ЕТҚД	1,61	69 886
4.	Марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы			
4.1.	«Алтын алқа», I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен, «Батыр ана» атағымен марапатталған	АЕК (2023 жылғы 1 шілдеден бастап)	7,4	27 321
4.2.	«Күміс алқа» алқаларымен марапатталған	АЕК	6,4	23 629
5.	көпбалалы отбасыларға жәрдемақы			
5.1.	төрт балаға	МРП	16,03	59 183
5.2.	бес балаға	МРП	20,04	73 988
5.3.	алты балаға	МРП	24,05	88 793
5.4.	жеті балаға	МРП	28,06	103 598
5.5.	сегіз немесе одан да көп балаға	МРП	әр балаға 4 АЕК-тен	әр балаға 14 768 теңгеден



Сонымен қатар респонденттердің басым көпшілігі (90%-дан астамы) мемлекеттің қолдауын сезінгеніне қарамастан, сауалнама барысында респонденттердің 5-7%-ы отбасындағы балаларға, қарттарға, ауыр науқастарға қарапайым өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етудегі қиындықтар немесе балаларды мектепке дайындау мүмкіндігінің болмағанын, кішкентай балаларды, қарттарды, науқастарды, мүгедектерді күтетін адамның жоқтығына байланысты жағдайларға тап болғандарын айтты.

Осыған байланысты атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) сияқты көрсеткіштің маңыздылығын қарастыру орынды сияқты⁹². 2019 жылдан 01.11.2024 жылға дейінгі статистикалық көрсеткіштер динамикасын талдау Қазақстанда АӘК алушылардың саны айтарлықтай (5,5 есе) – 2 177 176 адамнан 403 014 адамға дейін азайғанын көрсетеді. Мәліметтерді өңірлік бөліністе талдау кейбір өңірлерде алушылар санының төмендеуі бұдан да маңыздырақ болғанын көрсетеді: мысалы, Қарағанды облысында 9,6 есеге (2019 жылғы 61 644-тен 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 6 404-ке дейін), Түркістан облысында 6,6 есеге (624 305-тен 92 370 адамға), Шымкентте және Жамбыл облысында 7 есе (тиісінше 258 804-тен 44 342 адамға және 193 968-ден 30 698 адамға) (4.2.1-сурет). 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап халыққа АӘК-тің жаңа тетіктері енгізілгенін ескеру қажет. Сонымен қатар ҚР ЕХӘҚМ 2023 жылы АӘК алған 60 341 отбасы кедейшіліктен шыққанын, яғни бұл отбасылардың барлығы биыл АӘК алуға өтініш бермегенін атап өтті. Ал 2020 және 2021 жылдары мемлекеттік қолдау шараларының негізінде АӘК алған 99 220 отбасы кедейшіліктен шықты.



4.2.1-сурет. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны (мың адам)

Дереккөз: ҚР ЕХӘҚМ

ҚР ЕХӘҚМ өкілдері атап өткендей «кейбір азаматтарымыз әлеуметтік көмекті заңсыз алуға әрекеттенген. Мысалы, нақты жалақыны жасыру, жалған ажырасулар жасау. Басқа елдердің тәжірибесі бұл үрдіс тек біздің елге ғана тән емес екенін көрсетті»⁹³. Яғни, біз АӘК-ке мұқтаж адамдар санын негізсіз «көбейтіп жібергені» туралы айтып отырмыз, оған азаматтардың өздерінің әлеуметтік көмектің осы түрін пайдалану ниетіндегі белсенділігі әсер етуі мүмкін.

4.2.2-кестеде көрсетілгендей, 2024 жылдың 10 айында 76 043 отбасы АӘК алды, оның жартысына жуығы – 37 789 – көпбалалы отбасылар, оларда 178 971 бала тұрады.

⁹² Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек – ҚР Әлеуметтік кодексі 120-бабының 4-тармағына сәйкес жан басына шаққандағы орташа кірісі облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен аспайтын адамға немесе отбасыға шартсыз немесе шартты ақшалай нысандағы төлем.

Шартсыз ақшалай көмек – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі табысы аз адамдарға (отбасыларға) ай сайынғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі.

Шартты ақшалай көмек – өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі бар жалғызділікті және жалғыз тұратын аз қамтылған еңбекке қабілетті адамдарға, сондай-ақ аз қамтылған отбасыларға, оның ішінде бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға ай сайынғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу және қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысу / URL: https://egov.kz/cms/ru/articles/social_help

⁹³ АӘК алушылардың саны неге азайды – ҚР Еңбек министрлігінің жауабы. 02.04.2024 ж. URL: <https://www.inform.kz/ru/pochemu-sokratilos-kolichestvo-poluchateley-asp-otvet-mintruda-rk-5413d0>

4.2.2-кесте. АӘК алушылар құрылымы (2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша)

Отбасымен	Ондағы адам саны		Оның ішінде көпбалалылар		Соның ішінде										
	адам	әйелдер	отбасылар	адам	балалар	18 жасқа дейінгі балалар	соның ішінде мүгедектігі бар балалар	барлық топтағы мүгедектер	зейнеткерлер	студенттер, тыңдаушылар, курсанттар, күндізгі бөлімдегі магистранттар	басқа	еңбекке қабілетті	оның ішінде		
													жұмыссыз	өтініш берген кезде жұмысының болуы	балаларды, мүгедектігі бар балаларды, 1 және 2 топтағы мүгедектерді, қарттарды күтумен айналысатын адамдар
76 043	403 014	216 856	37 789	252 591	178 971	238538	2 327	2 468	941	15 325	3 247	112 231	5609	57 133	49 489

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2021 жылдан бастап 2024 жылдың қарашасына дейінгі кезеңде АӘК алатын отбасылардың жалпы саны 3 есеге (198 418-ден 76 043-ке дейін) азайды және абсолютті санның бағдарламадағы жалпы адам санында да, әйелдерде де қысқаруы байқалды. АӘК алатын көпбалалы отбасылардың саны 2 есеге, оның ішінде осы отбасылардағы балалар саны (2021 жылғы 356 125-тен 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 178 971-ге дейін) азайды. Яғни, соңғы бірнеше жылда АӘК бағдарламасына қатысушылар санының азаюы барлық талданған санаттар бойынша: жалпы отбасылардан көпбалалы отбасыларға, әйелдерден балаларға дейін (4.2.3-кесте) болды.

4.2.3-кесте. АӘК алушылар құрылымы (2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша)

алушылар	отбасылар	оладың ішінде саны:		олардың ішінде көпбалалы отбасылар:		
		адам	әйелдер	отбасылар	адам	балалар
2021ж.	198 418	990 539	515 209	76 756	505 107	356 125
2022 ж.	141 529	728 687	387 180	61 798	406 220	281 493
2023 ж.	114 086	598 441	318 974	54 077	357 879	250 649
01.11. 2024 ж.	76 043	403 014	216 856	37 789	252 591	178 971


Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

АӘК алушылар санының күрт қысқару себептерінің бірі әлеуметтік қолдаудың осы түрінен бас тартқан халықтың сол бөлігінің табыс деңгейінің артуы болды деп болжауға болады. Бұл болжамды растау немесе жоққа шығару үшін күнкөріс деңгейі сияқты көрсеткішті қарастырайық (Анықтама үшін: кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейімен өзара қатынаста болады және ол шамамен 70%-ды құрайды. Оның мөлшері әр өңірде тоқсан сайын жаңартылып, БАҚ-та жарияланады. 2024 жылға арналған ел бюджетінде ЕТҚД 43 407 теңгеге тең болды⁹⁴.

Кедей халықтың үлесі (табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен) әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді (2,4% – тіпті азық-түлік сатып алуға ақшасы жоқ; 4.1.1-суретті қараңыз) және статистика бойынша табыс деңгейінде табысы төмен халықтың үлесі айтарлықтай жоғары (7,8% – табысы жоқ, 3,6% – табысы 10 000 теңгеден аз; 4.1.1-кестені қараңыз). Сондай-ақ еліміздегі Отбасының цифрлық картасына сәйкес отбасылардың 5,7%-ның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ын құрайтынын атап өту керек⁹⁵.

⁹⁴ Қазақстанда 2024 жылға арналған атаулы әлеуметтік көмек. 22.01.2024 ж. / URL: <https://www.nur.kz/nurfin/pension/1792197-asp-v-kazhstane-adresnaa-socialnaa-potos/>

⁹⁵ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі ұсынды, тамыз, 2024 ж.




4.2.2-сурет. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, %

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Осылайша статистикалық деректер талдауы бір жағынан, салыстырмалы түрде аз, бірақ сонымен бірге саны жағынан тұрақты, өте төмен табысы бар қазақстандықтар тобының болуын көрсетеді, ал екінші жағынан, мемлекет азаматтардың осы санатының өкілдеріне АӘК сияқты құралды пайдалана отырып, әлеуметтік қолдау мәселелерінде тәсілдерді өзгертуге талпынып жатқанын байқаймыз.

Бірақ бұл жағдайда біз халықтың және отбасылардың аз ғана бөлігі туралы айтып отырмыз. Мемлекет көмегіне аз да болса тәуелді басқа қазақстандықтар өздерін қалай сезінеді? Әлеуметтанулық зерттеу көрсеткендей Қазақстан қоғамында отбасын құру кезіндегі экономикалық факторлардың маңыздылығына қатысты әлеуметтік көзқарастар қалыптасқан: 66,7%-ы оларды маңызды және өте маңызды, тағы 19,6%-ы орташа маңызды (4.2.3-сурет) деп атады.



4.2.3-сурет. «Экономикалық факторлар отбасын құру кезінде маңызды деп санайсыз ба?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, сұралған респонденттердің жалпы санынан %.


Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Назар аударатын жайт, отбасын құру мәселесінде экономикалық фактордың жоғары маңыздылығын аз қамтылған топтағы респонденттер жиі көрсеткен (жауаптардың 30%-дан астамы «өте маңызды» болды), ал табысы жоғары топтарда басқа топтарға қарағанда, олар сипатталған жағдайларда материалдық фактордың маңызды еместігі туралы жиі айтты.

«Ақша бәріне жететін» ең ауқатты топтардың 24,3%-ы экономикалық факторларды «өте маңызды», ал тағы 36,9%-ы «маңызды» деп санайды. Бұл топта экономикалық тұрақтылық отбасы құрылымының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қабылданады.

Тек қажетті азық-түлікті сатып алуға ақшасы барлардың арасында әлі де респонденттердің 60%-дан астамы экономикалық факторларды маңызды (24,5%-ы – өте маңызды, 43,3%-ы – маңызды) деп санайды. Бұл қаржылық тұрақсыздық жағдайында отбасының экономикалық аспектілеріне көңіл бөлудің саналы түрде болатынын көрсетеді.


Ақшасы азық-түлік сатып алуға ғана жететін табысы аз топтарда экономикалық факторлардың маңыздылығы артады: 33,1%-ы және 36,1%-ы оларды отбасын құруда «өте маңызды» деп санайды, бұл шектеулі ресурстар жағдайында қаржылық мәселелерге көбірек назар аудару орын алатынын дәлелдейді (4.2.4-сурет).



4.2.4-сурет. «Экономикалық факторлар отбасын құру кезінде маңызды деп санайсыз ба?» сұрағы жауаптарының респонденттердің сатып алу қабілеті бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Қалада отбасын құру үшін экономикалық фактордың маңыздылығы ауылдық жерлерге қарағанда анағұрлым жиі таңдалғанын атап өтуге болады: тиісінше 72,3% және 56,7% («өте маңызды» және «маңызды» жауаптарының қосындысы негізінде) (4.2.5-сурет).



4.2.5-сурет. «Экономикалық факторлар отбасын құру кезінде маңызды деп санайсыз ба?» сұрағы жауаптарының елдімекен түрі бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Сонымен қазақстандықтар өмір сүретін әлеуметтік ортаға байланысты олардың белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктерге қатысты идеялары мен талаптары қалыптасады деген қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, баспана мәселесі қалай көрінетінін егжей-тегжейлі қарастырайық, егер біз бұқаралық ақпарат құралдарына үстірт талдау жасасақ, бұл 96 өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі білім берудің, медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігі мәселелерімен қатар, әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы және т.б. болады.

Жалпы зерттеу өте нашар тұрғын үй жағдайын анықтаған жоқ. Респонденттердің 77,4%-ы жеке пәтері немесе үйі бар екенін айтты. 11,6%-ы жалдамалы баспанада тұрады. Респонденттердің 5,8%-ы туыстарымен (күйеуі немесе әйелі) тұрады. Бұл ретте Отбасының цифрлық картасын алатын болсақ, оның деректері бойынша отбасылардың 43,9%-ының баспанасы жоқ екенін атап өтуге болады (4.2.6-сурет).

⁹⁶ Давыдова О. Квартирный вопрос: итоги и ожидания. 18.02.2020 / URL: <https://litter.kz/kvartirnyj-vopros-itogi-i-ozhidaniya/>;
Радионов В. Квартирный вопрос. Кому доступно жилье в Казахстане? 20.05.2021 / URL: <https://respublika.kz.media/archives/45216>;
«Цены очень высокие». Токаев поручил решить квартирный вопрос в Алматы. 16.11.2022 / URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tsenyi-ochen-vyisokie-tokaev-poruchil-reshit-kvartirnyj-483223/; Как в 2024 году встать в очередь на жилье от государства? 05.08.2024 / URL: <https://www.kn.kz/article/8763>





4.2.6-сурет. «Сіздің отбасыңыз қайда тұрады?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, сұралғандардың жалпы санынан %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Алайда сауалнамаға қатысқан респонденттердің үштен бірінен астамы (38,6%) жаңа немесе басқа баспанаға мұқтаж екенін айтты. Сонымен қатар ауыл тұрғындарына қарағанда қала тұрғындарының тұрғын үйге мұқтаждығы жоғары (тиісінше 42,9% және 31%). Ал респонденттердің балаларының саны бойынша деректер талдауы кәметке толмаған балалары бар отбасылардың жартысы (50,2%) жаңа немесе басқа баспанаға мұқтаж екенін көрсетті, ал балалары жоқ немесе кәметке толған балалары бар отбасылардың тұрғын үйге деген қажеттілігі айтарлықтай аз (30,1%).

Жоғарыда сипатталған басқа салалардағы сияқты, қазақстандықтардың тұрғын үйге деген қажеттіліктерін бағалау кезінде тұтынушы әлеуетінің деңгейі өте маңызды. Респонденттердің табыс деңгейі және сәйкесінше тұтыну деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олар жаңа немесе басқа тұрғын үйге мұқтаж емес деп жиі айтады, яғни бұл топта тұрғын үй мәселесі өзінің толық шешімін табады деп айта аламыз. Және, керісінше, табысы төмен респондент топтарында жаңа/басқа тұрғын үйге мұқтаждардың үлесі жоғары: топтардағы үлестің коммуналдық төлемдерді төлеуге ақшасы жоқ және тіпті тамаққа да ақша жетпейді деп көрсеткендері – тиісінше 43,1% және 50% (4.2.7-сурет).



4.2.7-сурет. «Сізге жаңа немесе басқа баспана қажет пе?» сұрағы жауаптарының респонденттердің сатып алу қабілеті бойынша бөлінуі, %

Дереккөз: ҚКДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.


Сауалнама респонденттердің 38,6%-ының жаңа немесе басқа баспанаға мұқтаж болуының екі негізгі себебін анықтады: 34,3%-ы олардың отбасылары тар, тығыз жағдайда өмір сүретінін, сондықтан көбірек орын қажет ететінін, тағы 32,7%-ы тұратын ауданына байланысты өмір сүру сапасын жақсырақ әлеуметтік инфрақұрылымды, қызметтерді алу мүмкіндігін және жалпы тұрғылықты жердегі жағдайды ескере отырып жақсартқысы келетінін айтты. Сауалнамаға қатысушылардың тағы 14,3%-ы ата-анадан немесе басқа туысқандардан еркін болу қажеттілігіне байланысты баспана алуды қалайды (4.2.8-сурет).



4.2.8-сурет. «Жаңа тұрғын үй алудағы негізгі қажеттілік не?» сұрағы жауаптарының бөлінуі, жаңа/басқа тұрғын үйге мұқтаждардың %, N=1158

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Кәмелетке толмаған балалары бар отбасылар мен балалары/ересек балалары жоқ отбасылар тұрғысынан жаңа тұрғын үй қажеттілігі себептерін түсіндіруде айырмашылықтар бар. Бірінші топтағы отбасыларда тұрғын үй кеңістігін кеңейту қажеттілігі (40,6%) маңызды жағдай болса, екінші топта респонденттердің өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылысы (34,9%) маңызды фактор болып табылады. Бір қызығы, дәл осы топтағы балалардың жасына байланысты (ересек балалар) бесінші (19%) бөлігінде ата-анадан еркін болу қажеттілігі жоғары (4.2.9-сурет).



4.2.9-сурет. «Жаңа тұрғын үй алудағы негізгі қажеттілік не?» сұрағы жауаптарының кәмелетке толмаған балалардың болуы бөлігінде бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша (қала/ауыл) деректер талдауы көрсеткендей, қала тұрғындарының арасында жаңа немесе әртүрлі тұрғын үйге қажеттілік ең алдымен өмір сүру жағдайларының тарлығынан туындайды (35% – көбірек кеңістік қажет), ал ауыл тұрғындары үшін өмір сүру сапасын жақсарту маңызды (34,5%), бұл тек өмір сүру жағдайларына ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоршаған ортаның жайлылығын (әлеуметтік инфрақұрылым, тұрмыстық және басқа да қызметтер жүйесі) жақсартуды білдіреді, яғни, біз тұрғылықты жерін өзгерту, қолайлы жағдай жасалған (қалаға) көшу туралы сөз қозғалады. Осыған байла-



нысты жұмысқа немесе оқуға жақын болу үшін тұрмыстық жағдайын жақсартқысы келетіндердің үлесі ауылдық жерлерде де байқалады (қалада 4,7%-ға қарсы 8%). Бұл ретте ата-анадан немесе басқа туысқандардан еркін болу қажеттілігіне ұмтылу ауылдық және қалалық респонденттердің арасында тең дәрежеде байқалады (13,1% және 14,8%) (4.2.10-сурет).



4.2.10-сурет. «Жаңа тұрғын үй алудағы негізгі қажеттілік не?» сұрағы жауаптарының елдімекен бөлігінде бөлінуі, %

Дереккөз: ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеуі, 2024 ж.

Отбасылардың әлеуметтік жағдайын қабылдау және олардың әлеуметтік жеңілдіктерге ұмтылуы экономикалық факторлармен және әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Бірақ бұл факторлардың маңыздылығындағы айырмашылықтар тұрғылықты жері мен табыс деңгейіне байланысты байқалады. Әлеуметтанулық сауалнама отбасылардың әлеуметтік жағдайын бағалауға, соған сүйене отырып, олардың белгілі бір әлеуметтік төлемдерге талаптарын қоюға олар өмір сүретін әлеуметтік орта әсер ететінін көрсетті. Қазіргі уақытта қоғамда отбасын құру кезіндегі экономикалық факторлардың маңыздылығына қатысты әлеуметтік көзқарастар қалыптасқан: 66,7%-ы маңызды және өте маңызды, тағы 19,6%-ы орташа маңызды деп атады. Яғни, әлеуметтік жағдай отбасының экономикалық жағдайына тікелей байланысты. Сонымен қатар экономикалық факторлардың маңыздылығы қала тұрғындары мен аз қамтылған топ өкілдері үшін жоғары. Сауалнама нәтижелері бойынша тұрғын үй жағдайы айтарлықтай жақсы: респонденттердің 77,4%-ы жеке пәтері немесе үйі бар екенін айтты, 11,6%-ы жалдамалы баспанада тұрады, 5,8%-ы туыстарымен (күйеуі немесе әйелі) тұрады. Алайда басқа дереккөздер (Орталық тұрғын үй комитеті) тұрғын үймен қамтамасыз ету жағдайы нашар екенін көрсетеді: 43,9%-ының тұрғын үйі жоқ.

Сауалнама нәтижелері бойынша сұралғандардың 38,6%-ы жаңа немесе басқа баспанаға мұқтаж. Көбінесе бұл ауыл тұрғындарына (31%) қарағанда қала тұрғындары (42,9%). Көбінесе бұл кәмелетке толмаған балалары бар респонденттер (50,2%). Ал табысы төмен респонденттер топтарында жаңа/басқа баспанаға мұқтаждардың үлесі 50%-ға жетуі мүмкін.

Адамдардың баспанаға мұқтаж болуының негізгі себептері: оларға көбірек кеңістік қажет (34,3%) және тұрғылықты жеріне байланысты өмір сүру сапасын жақсартқысы келеді, яғни әлеуметтік инфрақұрылымның жақсаруы, қызмет алу мүмкіндігі және жалпы тұрғылықты жері бойынша жағдай (32,7%). Кәмелетке толмаған балалары бар респонденттер мен қала тұрғындары тар, тығыз өмір сүру жағдайларын жиі атап көрсетті, ал ауыл тұрғындары жайлы өмір сүруді қалайды.

Халықтың несиелену ауыртпалығы зерттеу барысында анықталған өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі болып қала береді. Респонденттердің айтарлықтай бөлігі несие міндеттемелердің бар екенін көрсетті. Қарыз себептеріне қаржылық сауаттылықтың болмауы, табыстың төмендігі және отбасыишілік қатынастарға айтарлықтай әсер ететін жинақтау мүмкіндіктерінің шектеулілігі жатады.

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері халықтың қолданыстағы әлеуметтік бағдарламалар мен мемлекет ұсынатын қызметтері туралы хабардарлығының төмендігін көрсетеді. Әлеуметтік жүйені жаңғыртуға бағытталған күш-жігерге қарамастан, хабардар етудегі елеулі олқылықтар бұл бағдарламалардың тиімділігін төмендетуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының отбасы саясаты отбасыларды, оның ішінде балалы отбасыларды қолдауға, гендерлік теңдікті дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға, әйелдер мен ерлердің репродуктивті денсаулығын нығайтуға, туу деңгейін арттыруға бағытталған. Бұл мәселелер жеке заң құжаттарымен және ұлттық бағдарламалармен реттеледі және іске асырылады.

Қазақстан Республикасындағы отбасы саясаты: заңнаманы, мемлекеттік шараларды талдау және отбасы саясаты саласындағы проблемаларды, жетістіктерді талдау

● ҚР заңнамасы қоғамдағы трансформация процестеріне байланысты өзгеруде. Осылайша 2022 жылы некеге тұруға ниет білдіргендердің айлық мерзімі ұзақ деп есептеліп, бірқатар қолайсыздықтар тудырғандықтан, мерзім 15 күнтізбелік күнге дейін қысқартылды. Бұл ретте некені тіркеу мерзімін бір күнге дейін қысқартуға болады (растайтын құжаттармен дәлелді себептер болған жағдайда).

● Сондай-ақ Қазақстанда 2024 жылғы 15 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтарын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, оған қолданыстағы нормативті-құқықтық актіге 70 түзету енгізілді, олардың ішінде кейбіреулері тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін қарастырады. Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелеріне сәйкес қазақстандықтардың айтарлықтай бөлігі мемлекет пен қоғамның тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудегі күш-жігерінің ілгерілеуіне әлі де айтарлықтай күмәнмен қарайды. Респонденттердің 29,2%-ы жағдай жақсарды («айтарлықтай жақсарды» және «жақсарған сияқты» жауаптарының жиынтығы) және 25,7%-ы жағдай нашарлады («нашарлаған сияқты» және «айтарлықтай нашарлады» жауаптарының жиынтығы) деп есептесе, 36,4%-ы ештеңе өзгермегенін айтты.

● Мұндай деректер қоғамды тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасын жеңу бойынша күш-жігердің жемістілігіне сендіру үшін қабылданған шаралар әлі жеткіліксіз екенін көрсетеді. Осыған байланысты, халықаралық тәжірибе үлгісіне сүйене отырып, барлық жастағы ер адамдармен жұмыс істеу негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бастамаларды қарастыру ұсынылады.

● Дағдарыс жағдайында мемлекеттік қолдауға келетін болсақ, азаматтар тиісті шаралар туралы жеткілікті хабардар емес. Сондай-ақ азаматтар «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасы және сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру бағдарламасы сияқты отбасыларға көмектесуге бағытталған тұрғын үй саясатының шаралары туралы жеткілікті хабардар емес. Сонымен қатар отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде хабардар болу жеткіліксіз. Керісінше, бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы, жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы, бала 1,5 жасқа дейінгі күтімі бойынша әлеуметтік жәрдемақы, көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы, жүктілігі және босануы бойынша демалыс, бала 3 жасқа толғанға дейін жалақысы сақталмайтын демалыс сияқты қолдау түрлерімен таныс.

● Қиындыққа тап болған респонденттердің көпшілігі (тұрмыстық зорлық-зомбылық; балалардың, қарттардың, ауыр науқас отбасы мүшелерінің тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ете алмау; балаларды мектепке апармау; кішкентай балаларға, қарттарға, науқастарға, мүгедектігі бар адамдарға қамқорлық жасайтын ешкім жоқ отбасында) туыстары мен достарына жүгінген (42%) немесе ешқайда жүгінбеген (32%). Көмек сұрғандардың 19%-ы жергілікті атқарушы органдарға, 8%-ы жеке ұйымдарға жүгінген. Мұндай нәтижелер отбасындағы дағдарыстық жағдайдың көп жағдайда мемлекет пен қоғамның назарынан тыс қалатынын көрсетеді.

● Көмек сұрамаудың негізгі себебі респонденттердің өтініштің тиімділігіне және көмек алу мүмкіндігіне сенімінің төмендігі (36%). Көптеген респонденттер оларға қандай да бір көмек қолжетімді екенін білмеген (28%). Респонденттердің 11%-ы бюрократиялық қиындықтарға тап болғысы келмегендіктен және растайтын құжаттарды ұсынбағаны үшін көмекке жүгінуді тоқтатқан.

● Азаматтардың институционалдық жүйе туралы хабардар болу деңгейін және сенім деңгейін арттыру үшін азаматтарға арналған отбасы саясаты туралы ақпараттың негізгі көздерін (негізінен, жаңалықтар сайттары, интернет) басшылыққа алу қажет. Сондықтан отбасы саясаты саласындағы ақпараттық жұмысты осы ақпарат көздеріне, мысалы, әлеуметтік желілерге мемлекеттің отбасы саясаты саласындағы күш-жігерін баяндайтын бейнероликтерді мақсатты түрде дайындауға бағыттау өзекті болып отыр.

● Сонымен қатар, ҚР ЕХӘҚМ мәліметінше, елімізде 46 дағдарыс орталығы бар екенін атап өткен жөн. Алайда Абай және Жетісу облыстарында, Алматы, Атырау, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында бір ғана дағдарыс орталығы жұмыс істейді, бұл облыстардың шалғай аудандары тұрғындарының оларға қол жеткізуін қиындатады. Осыған байланысты аталған елді мекендерде дағдарыс орталықтарының санын көбейту қажет. Соңғы 25 жылдағы статистикалық деректер көрсеткендей, өмір сүру ұзақтығының біртіндеп артуы отбасы саясатында аға ұрпақтың қажеттіліктерін ескеруді талап етеді.



Өмір сүру ұзақтығының артуы салдарының бірі аға ұрпақтың еңбек нарығында ұзағырақ болуы болуы мүмкін. Отбасылар үшін бұл ата-әжелерінен балаларды тәрбиелеуге көмектің қысқаруын және балаларды ерте және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің түрлеріне, сондай-ақ мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен қызметтің қосымша түрлеріне қажеттіліктің одан әрі артуын білдіреді (мектепте, клубтарда, үйірмелерде және т.б. ұзақ болу).

- Қазақстанда балалары бар еңбекке жарамды жастағы әйелдер еңбек нарығында қалуға талпынуда. Экономикадағы өзгерістер баланың дүниеге келуіне байланысты білікті мамандардың еңбек нарығынан кетпеуін талап етеді. Сондықтан отбасылардың баланы ерте оқыту және тәрбиелеу сапасына зиян келтірмеу үшін жұмыс істеу және балаларға қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

- Шет елдердің тәжірибесін талдай отырып, отбасылық және гендерлік саясаттағы әлемдік үрдістерді ескеріп, әйелдердің еңбек нарығына белсенді қатысуын, отбасын қолдау мәселесін қарастыру ұсынылады. Қос тапсырманы ата-аналардың икемді жұмыс кестесіне қол жеткізуі арқылы іске асыруға болады; бала күтімі бойынша жәрдемақы төленетін әке демалысы (отбасы мүшелері арасындағы отбасы міндеттері жүктемесін икемді түрде қайта бөлуге көмектеседі); «ұзартылған күн», онда балалар мектептен кейін қалып, сүйікті ісімен айналыса алады немесе үй тапсырмасын орындайды; ұзақ мерзімді күтімді қажет ететін отбасы мүшелері оны мемлекеттік ұйымдардан үйде күтіммен үйлестіре алады (әйелдерді еңбек нарығында ұстауға көмектеседі, оларды отбасының қарт мүшелеріне немесе мүгедектігі бар адамдарға күтім жасаумен байланысты үй жұмыстарынан ішінара босатады); балаларды кең ауқымда қамтитын қолжетімді балабақшалар мен бөбекжайлар.

- Норвегияның тәжірибесін атап өткен жөн сияқты, олар балалы отбасыларға қолма-қол ақша төлеу үлгісінен тегін немесе кеңінен қолжетімді қызметтер көрсету үлгісіне (балабақшалар мен бөбекжайлар сияқты) біртіндеп көшіп келеді. Осылайша 2022 жылдың 1 тамызынан бастап елімізде ата-анаға қолма-қол ақша төлеу балабақшаға келгенде тоқтатылады. Бұл өзгеріс мемлекеттік шығындарды 2022 жылы 10 млн долларға және 2023 жылы 15 млн долларға қысқартты. Балабақшалардағы білім сапасы біліктілік талаптарымен қамтамасыз етіледі, оған сәйкес қызметкерлер мен балалардың арақатынасы үш жасқа дейінгі үш балаға бір қызметкер немесе үш жастан асқан алты балаға бір қызметкер болуы тиіс.

- Сондай-ақ икемді жұмыс тәртібі жұмыс берушілерге негізсіз салмақ түсірмейтінін атап өткен жөн. Осы тақырыпта жүргізілген зерттеулердің айтарлықтай саны мұндай отбасыға қатысты кәсіпорынның достық саясаты қызметкердің ұйымға немесе кәсіпорынға адалдығына, жұмысына қанағаттануына, компанияға берілгендігіне оң әсер ететінін және «қызметкерлердің жиі ауысуына» жол бермейтінін көрсетті. Өз кезегінде мұндай нәтижелер жаңа қызметкерлерді табу, жалдау шығындарын азайтады.

Заманауи Қазақстан отбасыларының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

- 2021 жылғы халық санағының нәтижелері Қазақстандағы неке жағдайы мен отбасы құрамының маңызды аспектілерін ашады. Бір қызығы, ерлер (30,4%) мен әйелдердің (25,7%) айтарлықтай бөлігі ешқашан некеге тұрмаған, бұл көрсеткіш ерлер арасында жоғары. Халықтың басым бөлігі тіркелген некеде тұрады (ерлердің 63,1%-ы және әйелдердің 58,9%-ы), бірақ тіркелмеген қарым-қатынастар да жиі кездеседі, әсіресе қалалық жерлерде. Тұлдар жесірлерге қарағанда аз кездеседі, бұл егде жастағы ер адамдар өлімінің жоғары деңгейімен байланысты. Ажырасу мен бірге тұру қалаларда, әсіресе ер адамдар арасында жиі кездеседі.

- Санақаралық кезеңде Қазақстан отбасылары саны өсті, бірақ отбасының орташа саны азайды. 2023 жылға дейін туу көрсеткішінің артуына қарамастан, еліміздегі отбасылардың жартысынан көбінде бір ғана бала болса, көпбалалы отбасылар жалпы санның 10 пайыздан азын құрайды. Көпбалалы отбасылардың ең көп саны Түркістан, Жамбыл облыстары сияқты оңтүстік өңірлерде шоғырланған. Сонымен қатар нуклеарлы отбасылар кеңейтілген үй шаруашылығынан асып түсіп барлық Қазақстан отбасыларының үштен екісінен астамын құрайды.

- Сарапшылардың сұхбатына қарағанда, нуклеарлы отбасылар санының артуына байланысты аға ұрпақтың бала тәрбиесіне араласуы азайған. Сондай-ақ үй шаруашылығындағы дәстүрлі гендерлік рөлдердің бұзылуы байқалады. Балалардың күтіміне күтушілерді жалдау маңызды үрдіске айналууда, ал тұрмыстық мәселелер аутсорсингке, соның ішінде тазалық компаниялары мен басқа да қызметтерді пайдалануды қоса алғанда, көбірек беріледі.

- Санақаралық кезеңде (2009-2021 ж.ж.) жалғызбасты отбасылар саны 50%-ға өсті және нуклеарлы отбасылардың жалпы санының төрттен бірін құрады. Мамандар жалғызбасты отбасылар әлеуметтік қысым мен стигмаға ұшырап, мұндай жағдайда өсіп келе жатқан балаларға кері әсер ететінін баса айтады. Сонымен қатар жалғызбасты отбасылардың құқықтарын қорғауды және мемлекеттік қолдауға қол жеткізуді қамтамасыз ететін заңнамалық база жоқ. Жалғызбасты отбасыларға қатысты мәселелер мемлекеттік отбасы саясатының басым бағыттарының біріне айналуы тиіс.

Отбасын жоспарлау процесін және халықтың репродуктивті мінез-құлқын талдау

- Респонденттердің жауаптары некеге тұру және отбасы қатынастарының дамуына халықтың шартталған ұтымды көзқарастарына байланысты отбасы және неке институтындағы елеулі өзгерістерді көрсетеді. Бұл ретте қазақстандықтар отбасын құрудың басты себебі ретінде негізінен «махаббатты» атап өтеді, сондай-ақ

балалы болу ниетімен қатар көзқарастар мен қызығушылықтардың ортақтығын атап өтеді. Сонымен қатар қалаусыз жүктілік некеге тұру туралы шешімге әсер етуді жалғастыра беретіні алаңдатады.

- 2021 жылғы халық санағы деректеріннің талдауы Қазақстан халқының 6%-ға жуығы бірге өмір сүретінін, ерлерге қарағанда әйелдердің көп екенін көрсетті. Жасөспірімдер арасында тіркелмеген некедегі тұру фактілері орын алып жатқаны алаңдатады.

- Некеге тұру себептері әртүрлі және мәдени, жеке және экономикалық факторларға байланысты. Махаббат серіктестер арасындағы байланысты нығайтуға және отбасын құруға негізгі мотивация ретінде ерекшеленеді, мұны сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі көрсетті. Сондай-ақ себептердің қатарында балалы болуды қалау және көзқарастары мен мүдделері ортақ адаммен одақ құруға деген ұмтылыс бар.

- Тереңдетілген сұхбатқа қатысушылардың пікірлерін саралай келе, олардың көпшілігі отбасын құруға саналы түрде жақындап, некеге дайындалу қажеттігін түсінетіні белгілі болды. Дегенмен дәл қалай дайындалу керектігі туралы пікірлер әртүрлі: серіктестің денсаулығы туралы ақпарат алудан бастап ресми некеге дейін бірге тұру.

- Жүктілік пен босануды жоспарлауға дайындық деңгейі төмен болып қалуда, респонденттердің айтарлықтай бөлігі (30%) медициналық тексерудің маңыздылығын түсінбейді. Сонымен қатар респонденттердің көпшілігі репродуктивті денсаулығына қатысты мәселелердің маңыздылығын мойындайды. Контрацептивтерді қолданудың азаюы, сондай-ақ түсік жасату санының артуы байқалады. Дегенмен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың азаюы байқалады.

- Соңғы екі жылда туу көрсеткішінің төмендеуі аясында әйелдер мен ерлер арасында да бедеулік жағдайларының артуы байқалады. 2023 жылы 2019 жылмен салыстырғанда бедеулік диагнозымен диспансерлік есепте тұрғандар саны үш есеге артты. Бұл өсім экстракорпоралды ұрықтандыруды мемлекеттік қолдауға байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар COVID-19 пандемиясы кезінде негізгі медициналық қызметтерге қолжетімділіктің болмауы халық арасындағы бедеулікпен сырқаттанушылық динамикасына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселе денсаулық сақтаудың уәкілетті органдарынан қосымша зерттеулерді қажет етеді, өйткені бұл туу көрсеткішіне кері әсер етеді, оның төмендеуі жалғасуда.

- Бала туудың төмендеуі халықтың жас және жыныс ерекшеліктерімен де, 90-шы жылдардың соңында туылған шағын ұрпақ белсенді репродуктивті жаста болған кезде де, аз балаға ұмтылатын әйелдердің репродуктивті көзқарастарының өзгеруімен де байланысты (1 – 2 бала). Бұл тұжырымдар әлеуметтанулық зерттеулер деректерімен, сондай-ақ 2021 жылғы халық санағының нәтижелерімен расталады. Санақ бойынша балалы болуды жоспарлап отырған әйелдердің үштен бірі 35-39 жас аралығы тобындағылар. Жалпы репродуктивті жастағы әйелдердің тек төрттен бір бөлігі ғана сауалнама кезінде балалары бар-жоғына қарамастан балалы болғысы келеді.

- Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі ана мен бала денсаулығын, сондай-ақ ерлердің репродуктивті денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясатқа көңілі толады. Респонденттердің жартысына жуығы ресми некеде тұрмаған ер адамдардың бала асырап алуына қарсы. Респонденттердің үштен біріне жуығы бұл мәселеге бейтарап көзқараста, ал 20,6%-ы отбасылық жағдай ата-ана болуға кедергі болмауы керек деп санайды.

- Сарапшылар мен тереңдетілген сұхбаттар тұрғындар да, сарапшылар қауымдастығы да ана мен баланы мемлекеттік қолдауды күшейту қажет деп бірауыздан санайтынын көрсетті. Олай болмаған жағдайда бұл туу көрсеткішінің төмендеуін ескере отырып, елдің демографиялық дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қазақстандықтардың некеге тұру және ажырасу көрсеткіштерін талдау

- 2000-2023 жылдардағы тіркелген некелер туралы мәліметтерді талдағанда, қала мен ауыл арасындағы некеге тұру көрсеткішінің алшақтығы айтарлықтай өскені анықталды. Бұл халықтың ішкі көші-қонының өсуіне, әсіресе белсенді некеге тұратын жас топтарына байланысты. 2023 жылға қарай қалалар мен ауылдардағы некеге тұру көрсеткіші ең төменгі деңгейге жетті. Соңғы он жылдағы некеге тұру көрсеткішінің жалпы төмендеуі 1990 жылдардағы бала туудың төмендеуі кезінде неке жасына жеткен жастардың дүниеге келуімен байланысты. Ресми некелер санының азаюына қазіргі заманғы үрдістер де ықпал етуде, өйткені көбі тіркеусіз бірге тұруды қалайды. Әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық дамуға байланысты неке жасын ұлғайту да өз әсерін тигізуде, жастар білім мен мансапқа көбірек мән беруде. Соңғы жылдары Қазақстанда ажырасудың төмендеу үрдісі байқалды, бұл әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін, мысалы: қаржылық тұрақтылық, некеге саналы түрде және жауапкершілікпен қарау, неке жасының ұлғаюы және т.б. Қазақстанда бірінші некеге тұрудың орташа жасы өсуде: ерлер үшін 27,8 жас, әйелдер үшін – 25,2 жас, (2023 ж.).

- Ажырасулардың ең көп саны 30-34 жас аралығындағылар арасында байқалады. 2023 жылы бірінші некесін бұзған ерлердің орташа жасы 34,8 жасты, ал әйелдердікі 32,8 жасты құрады. 2023 жылы ажырасудың ең жоғары көрсеткіші 5 жылдан аз некеде тұрған жұптар арасында байқалып, 42,1%-ды құрады. Бұл көрсеткіш әсіресе Қызылорда, Түркістан, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында республикалық деңгейден асып түсті.

- Сарапшылардың пікірінше, ажырасудың негізгі себептері: қаржылық қиындықтар, балаларды тәрбиелеудегі келіспеушіліктер және серіктестердің бірінің тәуелділігі. Сұхбатқа қатысушылардың барлығы ажырасу отбасының барлық мүшелеріне, әсіресе балаларға кері әсерін тигізетінімен келісе отырып, олардың көпшілігі отбасында зорлық-зомбылық болмаса, некеде тұруға болады деп есептейді.



- Жоғары білімі бар әйелдер арасында ажырасу жиілеп, 53,9%-ды құрады, бұл жалпы орта білімі бар әйелдер арасындағы бірдей көрсеткіштен екі есе көп. Бұл бақылау елдің барлық өңірлерінде сәйкес келеді, дегенмен көрсеткіштегі айырмашылық әртүрлі. Астана мен Алматы сияқты ірі қалаларда ажырасулар білімді ерлер мен әйелдер арасында жиі кездеседі, бұл әлеуметтік нормалардың өзгеруімен және өзінің қабілетін іске асыруға ұмтылумен байланысты.

- Кәмелетке толмаған балалары болған кезде ажырасудың себептерін негіздеу қажеттілігі туралы мәселе айтарлықтай қызығушылық тудырады. Респонденттердің үштен біріне жуығы ажырасуды ақтаудың қажеті жоқ деп есептейді. Респонденттердің төрттен бірінен астамы негіздеу қажеттілігімен толық келіседі, ал көпшілігі ажырасудың себептері жеке мәселе болып қалуы керек деп санайды.

- Зерттеу нәтижелері талдауы көрсеткендей респонденттердің үштен бірінен астамы дәлелді себептерсіз некені тоқтатқан тұлғаларға әкімшілік жауапкершілікті енгізуді қолдайды және бұл қолдау респонденттердің жасы ұлғайған сайын артады. Сонымен қатар мұндай бастамаға шағын топ қарсы. Сондай-ақ респонденттердің көпшілігі кәмелетке толмаған балалар үшін жауапкершілік ата-аналарға жүктелуі керек деп санайды, мұны респонденттердің үштен бірінен астамы қолдайды. Әйелдер бұл ұстанымды ерлерге қарағанда жиі білдіреді, ал этникалық топтар арасында бұл пікірді қолдаушылардың басым бөлігі басқа ұлт өкілдеріне тиесілі. Кейбір респонденттерге пікір таңдау және бейтарап жауап беру қиынға соғады, әсіресе жастар арасында. Жалпы, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі дәлелді себептерсіз ажырасулар үшін жауапкершілік қажет деп санайды. Бұл отбасындағы міндеттер мен құқықтарды қабылдауға әсер ететін отбасы құндылықтарының маңыздылығын көрсетеді. Бұл құндылықтарды түсіну қолдаушы және үйлесімді отбасы ортасын құруға көмектеседі.

Неке-отбасы қарым-қатынастарының құндылықтары және отбасыишілік рөлдік құрылым

- Отбасы құндылықтарын талдау қазақстандықтар үшін отбасы ең алдымен бақытпен, махаббатпен және ұрпақ жалғастырумен байланысты екенін көрсетеді. Отбасын қабылдаудағы жас ерекшеліктері де байқалады: жастар отбасын ең алдымен бақыт көзі ретінде қарастырса, ал есейген респонденттер ұрпақ жалғастыруға көңіл бөледі. Бұл өмір тәжірибесін жинақтай отырып, неке отбасылық қатынастарды идеалистік тұрғыдан прагматикалық түсінуге көшуді көрсетеді.

- Қазақстандағы отбасы қатынастары талдауы ерлер мен әйелдердің некені қабылдауында айтарлықтай айырмашылықтар анықтады. Ерлер үшін неке ең алдымен ұрпақ жалғастыруға деген инстинктивті тілекпен байланысты болса, әйелдер бақыт пен махаббат сияқты сезімдерге назар аударады. Бақыт пен сүйіспеншілік туралы жиі айтылатын орыстарды қоспағанда, этникалық тиесілігі отбасын түсінуге айтарлықтай әсер етпейді.

- Отбасын шағын әлеуметтік топ ретінде түсіну отбасыишілік тиімді қарым-қатынастың, құқықтар мен міндеттерді бөлудің, көшбасшылықтың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, күйеу отбасының басшысы болып қала береді, әсіресе жас ұлғайған сайын бірлесіп шешім қабылдау үрдісі байқалуда. Зерттеу қазақстандықтардың келесі ең маңызды отбасы құндылықтарын анықтады: «Бір-біріне қамқорлық жасау, өзара сыйластық, қолдау», «Махаббат» және «Балалар». Сонымен қатар «Ұрпақтар сабақтастығы» және «Жақын туыстармен араласу» сияқты дәстүрлі құндылықтар заманауи отбасылар үшін маңызды емес болып көрінеді, бұл алаңдаушылық тудыруы мүмкін. Бұл аспектілер отбасы байланыстарын сақтауда және ұрпақтан ұрпаққа білім мен мәдениетті жеткізуде дәстүрлі түрде шешуші рөл атқарды.

- Зерттеу нәтижесінде отбасында жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіру бала тәрбиесінің маңызды аспектісі екені анықталды. Жасына, жынысына, ұлтына қарамастан еңбекқорлық, адалдық, үлкенді сыйлау – Қазақстан ата-анасының балаларының бойына сіңіруге тырысатын басты құндылықтары. Сонымен қатар қоғам үшін маңызды құндылықтарды ата-аналар тәрбиенің басым бағыты ретінде қарастырмайды.

Медианьтұтынудың заманауи тәжірибелері контекстіндегі неке-отбасы қарым-қатынастары

- Соңғы бірнеше онжылдықта медиакөңістік жаһандық өзгерістерге ұшырады: медианың жаңа тобы – әлеуметтік желілер пайда болды, медианы тұтыну тәжірибесі айтарлықтай өзгерді және т.б. Бұл өзгерістер неке-отбасы қарым-қатынастарына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

- Зерттеу барысында интернет пен жаңа цифрлық медиа бірте-бірте негізгі ақпарат көздеріне айналып келе жатқаны байқалды. Сонымен қатар дәстүрлі түрде негізгі ақпараттық ресурс саналатын теледидар өзінің танымалдылығын біртіндеп жоғалтуда.

- Зерттеу нәтижесі теледидардың қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етпейтінін көрсетті. Сонымен қатар ресми мемлекеттік органдар сайттары мен кейбір әлеуметтік желілер, ең алдымен, Facebook отбасылардағы талқылаулар мен пікірталастарға ықпал етеді. Қақтығыстар күтілгеннен аз болады.

- Жалпы интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалану адамдардың қазіргі заманғы отбасылар алдында тұрған бірқатар мәселелерді шешуге деген санасы мен қызығушылығын арттырды. Бұл мәселелерге мыналар жатады: 1) балалы отбасыларды қолдау шаралары және тегін қызметтер туралы ақпараттың болмауы; 2) көшеде арбаларды пайдалануды қиындататын нашар инфрақұрылым; 3) жұмысқа және жұмыс кестесінің тығыздығына байланысты баланы тәрбиелеуге уақыттың болмауы; 4) балалардың қауіпсіздігіне аулалардағы көліктерден қауіп төнуі.

- Егер біз тереңірек барып, мәселені нақты әлеуметтік желілер контексінде қарастыратын болсақ, онда танымал әлеуметтік желі ретінде ең алдымен Instagram-ға назар аударуымыз керек. Instagram респонденттердің келесі мәселелер бойынша хабардар болуын арттыруға көмектеседі: 1) балалардың қауіпсіздігіне аулалардағы көліктерден қауіп төнуі; 2) балалардың гаджеттерге, әлеуметтік желілерге және интернетке тәуелділігі; 3) балалы отбасыларды қолдау шаралары және тегін қызметтер туралы ақпараттың болмауы. Оның үстіне, бұл байланыстар жалпы интернет пайдаланушыларына қарағанда айқынырақ.

- Отбасы контексіндегі интернет пен жаңа цифрлық медиа туралы талқылаулар көбінесе балалар мен жасөспірімдерге төндіретін қауіптер мен қатерлерге назар аударады. Алайда заманауи ақпараттық технологиялар әлеуетті сын-қатерлер келтіріп қана қоймай, сонымен қатар бақылаудың жаңа мүмкіндіктерін ашды. Зерттеу нәтижелері ата-аналар арасында хабардарлықтың өте төмен деңгейін және бақылау құралдарын пайдалану дағдыларының жеткіліксіз дамығанын көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі бұл сұраққа жауап бере алмады: жауап беруден бас тартқандардың жалпы үлесі 60%-ға жуықтады. Жауап бергендердің көпшілігі балалардың құрылғыларын зиянды контенттен қорғау үшін әртүрлі бағдарламаларды қолдануды атап өтті (респонденттердің жалпы санының 18,2%-ы немесе жауап бергендердің 43%-ы). Осылайша қадағалау және бақылау технологияларын енгізу деңгейі төмен деңгейде қалып отыр, бұл моральдық тыйымдардан гөрі халықтың техникалық сауаттылығының жетімсіздігін көрсетеді (сауалнамаға қатысқандардың аз ғана бөлігі мәселені моральдық тұрғыдан түсіндірген).

Неке-отбасы қарым-қатынастары және аддиктивті бұзылыстар

- Аддикция белгілі бір бұзылулардан зардап шегетін адамға ғана емес, сонымен қатар индивид оның мүшесі болып табылатын отбасына да бірқатар теріс әсер етеді. Жағымсыз әсерлердің ішінде ең алдымен мыналарды атап өту керек: эмоционалдық және экономикалық қиындықтар, денсаулық проблемалары, сенім дағдарысы және оқшаулану (отбасы ішіндегі әлеуметтік байланыстардың бұзылуы).

- Өздері білетін отбасыларда маскүнемдік немесе нашақорлық сияқты жаман әдеттердің бар-жоғы туралы сұраққа респонденттердің көпшілігі мұндай жағдайлармен кездеспегенін атап өтті. Дегенмен сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігі өз орталарында мұндай жағдайлар туралы білетіндерін айтты.

- Зерттеу нәтижелері таныс отбасылардағы зиянды әдеттер туралы хабардар болу бірқатар әлеуметтік-демографиялық факторларға байланысты екенін көрсетті. Біріншіден, ауыл тұрғындарына қарағанда мұндай жағдайларды қала тұрғындары жиі айтады. Қала респонденттерінің шамамен төрттен бір бөлігі мұндай отбасылармен таныс екенін айтты, ал ауыл тұрғындарының басым көпшілігі мұндай проблемалармен кездеспеген. Жынысы да маңызды рөл атқарады: ерлер аддикция жағдайлары туралы әйелдерге қарағанда аз біледі, ал мұндай ақпаратпен таныс ерлердің үлесі әйелдерге қарағанда төмен. Хабардар болу деңгейіне этникалық тиеселігі әсер етеді: қазақтар жаман әдеттері бар отбасылар туралы аз айтады. Соңында экономикалық жағдай хабардарлықпен де байланысты: халықтың ауқатты топтары таныс отбасыларындағы мұндай жағдайларды жиі хабарлауы мүмкін.

- Сауалнама нәтижелері де зиянды әдеттер мен тәуелділіктің отбасы қарым-қатынасының дамуына кері әсерін тигізетінін көрсетеді. Ең алдымен қатысушылар басты салдары ретінде отбасындағы эмоционалды күйзелісті көрсетеді. Респонденттердің төрттен бір бөлігі зиянды әдеттер қақтығыстар мен шиеленістердің көзіне айналатынын айтады. 20%-дан астамы зиянды әдеттер ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты нашарлататынын айтады. Әрбір бесінші респондент отбасында агрессия мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың күшеюін, сондай-ақ қарым-қатынастың бұзылуын көрсетті. Қатысушылардың аз пайызы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың нашарлауын, сондай-ақ отбасына деген сенімнің төмендеуін атап өтті. Сонымен қатар кейбір респонденттер зиянды әдеттер жоғарыда аталған барлық проблемаларды тудыруы мүмкін деп мәлімдейді.

- Аддиктивті бұзылыстардың отбасы қатынастарына әсерін гендерлік бөліністе қарастыру әйелдердің тәуелділік әдеттер мұндай көріністерге әкелетінін жиі мәлімдейтінін, ал ерлердің жалпы қарым-қатынастың нашарлауына назар аударатынын көрсетті. Осылайша әйелдер тәуелділікті жанжал мен агрессиямен байланыстырады, ал ерлер қарым-қатынастың жалпы нашарлауына назар аударады.

- Зиянды әдеттерге тәуелділіктің салдарын зерттеу респонденттер көбінесе отбасында туындайтын экономикалық қиындықтарға назар аударатынын көрсетеді. Сұралғандардың жартысына жуығы тәуелділіктің қаржылық проблемаларға әкелетінін көрсетеді, бұл жағымсыз салдардың арасында экономикалық аспектілердің басымдылығын көрсетеді. Респонденттердің үштен бірінен астамы аддиктивті әдеттер агрессия мен зорлық-зомбылыққа әкеледі деп санайды, бірақ бұл тұрғыда эмоционалдық проблемалар материалдық қиындықтардан айтарлықтай төмен. Тәуелділіктің салдары ретіндегі агрессия мен зорлық-зомбылық халықтың ауқатты топтары өкілдеріне көбірек тән, бұл тәуелділік көбінесе ажырасуға және қаржылық қиындықтарға әкелетін аз ауқатты топтарға қарама-қарсы. Бұл бақуатты отбасыларда жаман әдеттер тек экономикалық қиындықтарды ғана емес, сонымен қатар қақтығыстарды да тудыратынын көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар қаржылық қиындықтар, ажырасу және агрессия арасында жоғары корреляция бар, бұл осы факторлардың өзара байланысты екенін көрсетеді. Тәуелділіктің қаржылық жағдайына әсері туралы сұраққа респонденттердің жауаптары аддиктивті әдеттер қарыздың өсуіне және денсаулыққа кететін шығындарға әкеледі деп есептейтінін көрсетеді. Ауыл тұрғындары экономикалық салдарға көбірек тоқталса, қала тұрғындары ломбард қызметін жиі атап өтеді.



● Зиянды әдеттердің жоятын әсері айқын және респонденттер бұл проблемалармен күресудің әртүрлі жолдарын ұсынады. Респонденттердің 40%-дан астамы ең тиімді әдістердің бірі туыстары мен достарының қолдауына жүгіну деп санайды. Респонденттердің 40%-ы дерлік тәуелділігі бар адам мәселені өз бетімен шешуге тырысатынын атап өтті. Тәуелділікпен күресу тәсілі ретінде шамамен төрттен бірі психолог немесе терапевтке жүгінеді, ал шамамен 20%-ы олар білетін отбасылардағы проблемамен күресу үшін ешқандай әрекет жасалмағанын айтады. Мамандардың көмегіне келетін болсақ, респонденттердің көпшілігі жағдайды жақсарту алатынына сенімді. Олардың төрттен бір бөлігі дерлік мамандардың көмегі міндетті түрде көмектесетініне сенеді, ал 40%-дан астамы белгілі бір дәрежеде пайдалы болатынына сенімді. Респонденттердің шамамен 20%-ы маман көмегінің тиімділігіне сенбейді, ал шамамен 15%-ы толық сенімсіздік білдіреді. Жалпы сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі мамандардың көмегіне сенеді, ал оны пайдалы деп санайтындардың үлесі сенімсіздердің үлесінен айтарлықтай асып түседі.

Қазақстан отбасыларының қаржылық және әлеуметтік жағдайы

- Қазақстан үй шаруашылықтарының көпшілігінің негізгі күнкөріс көзі жалдамалы жұмыстан алынған еңбекақы болып табылады. Басқа да маңызды табыс көздеріне зейнетақы, жақын адамдарының материалдық көмегі және өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс жатады. Мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың түрлері үй шаруашылығының жалпы табысының аз ғана бөлігін құрайтынын атап өткен жөн.
- Жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында жалдамалы жұмысшылар басым, бұл санат отбасы жағдайы бойынша барлық топтарда, оның ішінде бұрын-соңды некеге тұрмаған, некеде тұратын, ажырасқан және жесір/тұл қалғандарды қоса көрсетеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен еңбек қызметінің басқа түрлері өкілдерінің саны айтарлықтай аз.
- Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазақстандықтардың 7,8%-ының табысы жоқ. Халық құрылымында табысы орташа үй шаруашылықтары ең көп, ал табысы төмен топтар азырақ үлесті құрайды. Халықтың ішінде ауқатты топтар маңызды орын алады, бірақ ең аз үлес ең жоғары табыс санатына жатады.
- Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің жартысынан көбі орта тапқа жатады, яғни олардың табысы негізгі қажеттіліктерді өтеуге мүмкіндік береді, бірақ жинақтауға мүмкіндік бермейді. Респонденттердің жалпы санының бестен бір бөлігінен сәл астамы ірі тұрмыстық техниканы сатып алуда қиындық көрмейді, ал басқалары (респонденттердің жалпы санының оннан бірінен азы) шектеулі шығындарға ие және азық-түлік сияқты негізгі қажеттіліктерді ғана өтей алады. Респонденттердің 12,6%-ы ең ауқаттылар болып табылады, олардың табысы тұтынуға өзін шектемеуге мүмкіндік береді.
- Сауалнама респонденттердің жартысы несиелері бар немесе тауарларды бөліп төлеу пайдаланатынын көрсетті. Мұндай қаржы құралдарына жүгінгендердің көпшілігінің (78%) олардың бірнешеуіне белсенді міндеттемелері бар. Сонымен қатар сауалнамаға қатысқан респонденттердің бестен бір бөлігі дерлік төлемдерді кешіктіріп отыр, ал қарызы барлардың жартысы несиелерін төлеуде қаржылық қиындықтар туралы хабарлайды.
- Көбінесе сауалнамаға қатысушылар үйді жарақтауға және тұрмыстық техника немесе жиһаз сатып алуға ақша алады. Сондай-ақ респонденттердің айтарлықтай бөлігі смартфондар мен ноутбуктерді қоса алғанда, электроника сатып алу үшін несие пайдаланады. Респонденттердің төрттен бірінен сәл азы жөндеу жұмыстарына және автокөлік сатып алуға несие алуға өтініш береді. Несие қаражатын азық-түлік, киім-кешек және аяқ киім сатып алу үшін пайдалану сирек кездеседі.
- Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің шағын бөлігі (2,9%) салтанатты іс-шаралар үшін несие немесе бөліп төлеу алған. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі мерекеге шектен тыс шығынға қарсы. Аз ғана бөлігі мұндай оқиғаларды кез келген жағдайда тойлаған дұрыс деп санайды. Сұралғандардың 41,9%-ы осы іс-шараларға несие алудан бас тартқанды жөн санайды, ал респонденттердің айтарлықтай бөлігі көл-көсір салтанат маңызды, бірақ қаржылық мүмкіндіктерге сәйкес болуы керек деп санайды.
- Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі өз кірістері мен шығыстарының есебін үйдегі есеп әдістерін қолдана отырып жүргізеді (73,7%). Бұл құбылыс кәметке толмаған балалары бар отбасыларда, сондай-ақ орта және жоғары табыс топтарының өкілдері арасында жиі кездеседі.
- Материалдық факторлардың отбасы тұрақтылығына әсерін талқылағанда респонденттер әртүрлі пікірлерін білдірді. Кейбір қатысушылар серіктестің табыс деңгейі отбасыишілік қарым-қатынасқа айтарлықтай әсер етеді деп санайды, ал басқа топ материалдық жағы маңызды емес деп санайды. Сондай-ақ әрбір үшінші респондент табыстың отбасы қатынастарына орташа әсер ететінін көрсетті, бұл қоғамдағы осы мәселенің күрделі сипатын көрсетеді.
- Респонденттердің бағалауы бойынша қаржылық қиындықтар белгілі бір дәрежеде отбасындағы ахуалға әсер етеді, бұл әрбір бесінші респонденттің пікірі. Сауалнама қатысқан кейбірі үшін қаржылық мәселелер шағын шиеленіс туғызады, ал басқалары табыс тапшылығынан туындайтын болмашы келіспеушіліктер туралы көрсетті. Шамамен жауап бергендердің оннан бірі қаржылық қиындықтар отбасындағы жанжалдарға әкелуі мүмкін деп санайды.
- Кәметке толмаған балалары бар отбасыларда қаржылық мәселелер көбінесе ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер мен жанжалдарға әкеледі, мұны жауап бергендердің жартысынан көбі атап өтті.

Сондай-ақ отбасының тұтынушылық әлеуеті деңгейі маңызды рөл атқарады: төмен деңгей жанжалдардың ықтималдығын арттырады, ал орташа және жоғары тұтынушылық әлеует қарым-қатынастардағы жағымсыз көріністерді азайтуға көмектеседі.

● Әлеуметтанулық сауалнама отбасылардың әлеуметтік жағдайын бағалау және олардың белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктерге ұмтылуы олардың өмір сүріп жатқан әлеуметтік ортаға тікелей байланысты екені анықталды. Респонденттердің жартысынан көбі отбасын құру кезінде экономикалық факторларды маңызды деп санайды және бұл пікір әсіресе қала тұрғындары мен табысы төмен адамдарға қатысты. Сонымен қатар тұрғын үймен қамтамасыз ету жағдайы айтарлықтай позитивті болып көрінеді: сауалнамаға қатысушылардың оннан сегізіне жуығы жеке баспанаға ие, бірақ басқа дереккөздерден алынған деректер (ОЦК) халықтың едәуір бөлігі үшін тұрғын үйге қолжетімділік мәселесі өзекті болып қала беретінін көрсетеді (43,9 % тұрғын үйі жоқ).

● Сауалнама нәтижелеріне сәйкес жауап бергендердің шамамен үштен бірі, әсіресе, қала тұрғындары мен кәмілетке толмаған балалары барлар арасында жаңа немесе басқа тұрғын үйге мұқтаждықты білдіреді. Ал табысы төмен респонденттер топтарында жаңа басқа баспанаға мұқтаждардың үлесі 50%-ға жетуі мүмкін. Адамдардың баспанаға мұқтаж болуының негізгі себептері үлкен кеңістік қажеттілігінен және өмір сүру сапасын жақсартуға ұмтылумен байланысты. Жауап бергендердің айтарлықтай бөлігі әлеуметтік инфрақұрылым мен өмір сүру жағдайларын жақсарту қажеттілігін көрсетеді. Тұрғын үй алаңының жетіспеушілігі мәселелерін көбінесе кәмілетке толмаған балалары бар респонденттер мен қала тұрғындары көрсетті, ал ауыл тұрғындары жайлы өмір сүру жағдайларына ұмтылады.

● 2021 жылдан бастап 2024 жылғы 1 қарашаға дейін Қазақстандағы атаулы әлеуметтік көмек алушылар құрылымын талдау барлық санаттар бойынша айтарлықтай қысқарғанын көрсетті. Көмек алатын отбасылардың жалпы саны үш есеге қысқарды, олардың арасында әйелдер мен балалар саны азайды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын көпбалалы отбасылардың саны да екі есе қысқарды, бұл соңғы 3,5 жылда төлемге қатысушылардың жалпы азайғанын көрсетеді.

Талдау негізінде қазақстандық отбасы институтындағы негізгі трендтерді анықтауға болады:

● Өз мүмкіндіктері мен құндылық бағдарларын ескере отырып, неке құруды ұтымды жоспарлауға көшу арқылы отбасын құруға саналы көзқарас үрдісі.

- Некеге тұру жасын ұлғайту.
- Отбасының орташа санының біртіндеп қысқаруы.
- Аға ұрпақтың бала тәрбиесіне қатысуының төмендеуі.
- Некеге тұру деңгейінің төмендеуі.
- Ажырасу деңгейінің төмендеуі.
- Жалғызбасты отбасылар санының артуы.
- Отбасылық міндеттерді, рөлдерді және бірлескен шешім қабылдауды тең бөлуге ауысу үрдісі.
- Баланы жоспарлауға саналы көзқарастың басым болуы.
- Репродуктивті денсаулық саласындағы хабардарлықтың жеткіліксіздігі.
- Бедеулік жағдайларының көбеюі.
- Туудың төмендеуі.
- Білімді әйелдер арасында ажырасу көрсеткішінің артуы.
- Дәстүрлі құндылықтар маңыздылығының төмендеуіне байланысты эмоционалдық құндылықтарға көшу.
- Медиакөңістікті белсенді тұтынуға байланысты тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларында отбасылар мен отбасы мүшелерін қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар туралы хабардар болуды арттыру.
- Үй шаруашылығының еңбекақыға және жалдамалы жұмыс күшіне тәуелділігінің артуы.
- Орташа табысы бар отбасылардың басым болуы.
- Халықтың несиеленуінің және мерзімі өткен төлемдері бар борышкерлер үлесінің артуы.
- Тұрғын үйге мұқтаж отбасылардың айтарлықтай үлесінің сақталуы.
- Атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының қысқаруы.

ҰСЫНЫСТАР

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- Туудың жалпы коэффициенті 2,1 және одан төмен өңірлерде халық саны азайған және туу деңгейі төмен өңірлер үшін демографиялық дамудың өңірлік бағдарламаларын/жоспарларын әзірлеуді қарастыру.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің консультативтік қолдауымен:

- Отбасын қолдаудың кейс тәсілін енгізу.

Отбасын қолдау біріктірілген сипатта болуы керек. Әрбір осал отбасы тұтас жағдай ретінде қарастырылуы керек. Отбасынан түрлі қолдау бағдарламаларына жүгіну міндетін алып тастау қажет. Отбасын қолдау жүйесіне кіру нүктесі бірыңғай болуы керек және әрбір отбасының басым қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын анықтауға және тиісті бағдарламалар мен қолжетімді көмек түрлерін анықтауға көмектесетін кейс-менеджер жауапты болуы керек.

- Әлеуметтік қолдау қызметтерінің жұмысын күшейту, оның ішінде: қиыншылыққа тап болған отбасыларға кеңес беру және психологиялық көмек көрсету.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, жергілікті атқарушы органдар:

- Дағдарыс жағдайында көмекке жүгінетін отбасыларға кедергілерді азайту бойынша шараларды әзірлеу және енгізу, атап айтқанда:

- 1) Отбасын қолдау орталықтары, дағдарыс орталықтары туралы ақпаратты әлеуметтік желілерде орналастыру, репортаждар жасау және теледидар мен радиода сұхбаттар жүргізу арқылы азаматтардың отбасында дағдарыс туындаған жағдайда қайда жүгіну керектігі туралы хабардарлығын арттыру. Табыс индикаторы – дағдарыс жағдайында көмек алу мүмкіндігін білетін отбасылардың пайызы (сауалнама негізінде);

- 2) отбасылардың дағдарыс орталығына жүгінуі кезінде бюрократиялық процедуралар санын біртіндеп қысқарту, куәландыратын құжаттарды ұсыну процедураларын жеңілдету. Индикатор – көмек алу үшін куәландыратын құжат санын азайту;

- 3) қарау мерзімдерін қысқартуды қарастыру және отбасын қолдау тиімділігін арттыру. Индикаторлары – өтініш берген сәттен бастап көмекті алғанға дейінгі уақыт кезеңі (мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі деректер негізінде), өтініш берушілердің алынған көмектің шапшаңдығы мен сапасына қанағаттануы (пікірлер мен сауалнамалар негізінде).

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

- «Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы әрбір адамның әл-ауқатына ықпал ету» № 3 Тұрақты даму мақсаты бойынша іс-шаралар шеңберінде жақын арада халықтың репродуктивті денсаулығы мәселелерін зерттеуді қамтамасыз ету.

- Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту шеңберінде 16 жастан 65 жасқа дейінгі ерлер мен 16-49 жас тобындағы әйелдерді бедеулікке скринингтік тексеруді енгізу.

- Жас тұрғындардың репродуктивті жағдайын зерттеу; репродуктивті мәдениетті қолдау және дамыту және жастар арасында қауіпсіз репродуктивті мінез-құлық дағдыларын дамыту бойынша кешенді шараларды қабылдау («Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбындағы Үкімет сағатының қорытындысы бойынша ұсыныс берілді. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру барысы).

- Оқу-ағарту, мәдениет және ақпарат, ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесе отырып, репродуктивті жастағы әйелдерді контрацепция құралдарымен қамту, оның ішінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша шараларды күшейту.

- Ерлі-зайыптылар қиын сәттерде кеңестер мен көмек ала алатын отбасыларға арналған қолжетімді психологиялық қолдау орталықтарын жандандыру. Ажырасу туралы шешім қабылдамас бұрын психологтармен байланысуға қолдау көрсету.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі:

- Бұқаралық ақпарат құралдарында көпбалалы отбасылар туралы мақала жарияланған кезде әлеуметтік желілердегі қолданушылардың/оқырмандардың белсенділігі арта түсетіндіктен (әсіресе теріс бағытта), көпбалалы отбасылардың оң имиджін ашатын және олардың Қазақстан қоғамына кірігуі мәселелерін көрсететін БАҚ-та жарияланымдарды көбейту

- Көпбалалы отбасылардың қоғамның экономикасы мен мәдениетіне қосқан үлесі туралы БАҚ-та жарияланымдар мен материалдарды көбейту мүмкіндігін қамтамасыз ету.

- Оқу-ағарту, денсаулық сақтау, ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірлесіп, ерте некеге тұрудың (бірге тұру) алдын алу және тыйым салу бойынша жұмысты күшейту.

● Отбасы байланыстарын нығайтуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, мысалы, бірлескен сапарлар, тренингтер және қарым-қатынасты нығайту жолдары туралы дәрістер.

● Отбасы мүшелері арасындағы байланысты және әлеуметтік ауызбіршілікті нығайтуға ықпал ететін отбасылық мерекелер мен іс-шараларды ұйымдастыру бойынша бастамаларды қолдау.

● Ұлттық банкпен бірлесе отырып: сауалнамаға қатысқан халықтың жартысының несиесі бар, ал ОЦК мәліметтері бойынша қазақстандықтардың 98%-ында несие бар, яғни ел халқының түгелге жуығы дерлік, яғни өмірдің әртүрлі салаларын несиелендіру қалыпты жағдайға айналды. Сонымен қатар несие мәдениеті бірте-бірте қалыптасып, көптеген Қазақстан отбасылары қарыз алу құралдарын барынша сақтықпен пайдалануға тырысады: 73,7%-ы белгілі бір деңгейде шаруашылық есебін жүргізеді, 78,9%-ы салтанатты іс-шараларды өткізу кезінде ысырапшылдыққа жол бермеуге тырысады. Дегенмен ОЦК деректері бойынша отбасылардың 16,9%-ның бір мүшесінің, 4,8%-да екі немесе одан да көп отбасы мүшелерінің мерзімі өткен несие берешегі бар. Осылайша сауатты қаржылық тәртіпті сақтау және жинақтау тәжірибесін енгізу үшін тұрақты ақпараттық науқанды жүргізу қажет, бұл ретте жасөспірімдерді қамту үшін мақсатты аудиторияны кеңейту қажет.

● ҚР ЦДИАӨМ-мен бірлесіп: некеге тұру курстары мен консультациялар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер базасын құру, ол ажырасуды қарастыратын ерлі-зайыптыларға көмек көрсету мүмкіндіктерін білуге көмектеседі.

● Тыңдаушылармен оң қарым-қатынас орнатуға бағытталған стратегияны әзірлеу:

– ата-ана болуды қолдау, балалардың құқықтарын қорғау, білім беру ресурстарына қолжетімділік және дұрыс тәрбие сияқты отбасы саясатының маңызды аспектілерін көрсететін ақпараттық материалдар;

– отбасы саясаты саласындағы оң үлгілерді, табысты оқиғаларды және бастамаларды тарату үшін Instagram, TikTok және басқа да әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану;

– сарапшылар мен практиктер білімдерімен және тәжірибелерімен бөлісетін, сондай-ақ қоғамды өзекті тақырыптарды талқылауға тарта алатын онлайн науқан, пікірталастар мен вебинарлар ұйымдастыру;

– отбасы саясаты идеяларын кең ауқымды аудиторияға жеткізе алатын және тақырыпты қабылдауды өзгерте алатын танымал блогерлермен және пікір көшбасшыларымен серіктестік.

● Отбасы саясатында жақын болашақта көрінетін отбасы мен балалар дамуының негізгі үрдістерін ескеру, атап айтқанда:

– отбасы құрылымындағы демографиялық өзгерістер;

– балалардың ерте дамуына инвестицияға қажеттіліктің артуы;

– АКТ-ның дамуы және оның отбасы мен балаға әсері, балалар арасында цифрлық тәуелділік қаупінің артуы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

● Отбасы қатынастарын құқықтық реттеуді, оның ішінде отбасының барлық мүшелерінің, әсіресе балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғайтын заңнаманы күшейту, бұл бірге өмір сүру үшін қауіпсіз және сыйлы ортаны құруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі:

● Сауалнама көрсеткендей, отбасында кәмелетке толмаған балалардың болуы немесе болмауы факторы қаржылық мәселелер контекстінде отбасыішілік қарым-қатынастардағы жанжалдардың күшеюі тұрғысынан маңызды жағдай болғандықтан балаларды әлеуметтік қолдаудың әртүрлі нысандарын пайдалануды және кеңейтуді жалғастыру қажет, олардың әлеуетін дамыту үшін тегін немесе ақылы, бірақ жеңілдіктермен, қызметтермен қамтамасыз ету.

● Отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру. Отбасы денсаулығы, қарым-қатынас және жанжалдарды шешу туралы тақырыптарды мектеп және ересектер курстарына қосу тұрақты қарым-қатынастарды құруға көмектеді.

● ҚР ҒЖБМ-мен бірлесіп дұрыс қарым-қатынас негіздері, отбасы құндылықтары және жанжалдарды шешу дағдылары бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігін қарастыру. Бұл мектептер мен ЖОО-дағы жастарға арналған курстар болуы мүмкін.

● ҚР ЦДИАӨМ-мен бірлесіп, халықтың, әсіресе аға буын өкілдерінің цифрлық сауаттылығын арттыру шараларын әзірлеу.

Жергілікті атқарушы органдар:

● Қазақстан Республикасындағы отбасылық-гендерлік саясат саласындағы міндеттерді іске асыруға жеке сектор кәсіпорындарын, сондай-ақ азаматтық қоғам ұйымдарын және басқа серіктестерді тартуды қарастыру.

Отбасы саясатын мемлекет кең ауқымды серіктестермен бірлесіп іске асыруы керек. Отбасылардың қолдау түрлері мен нысандарына қатысты қажеттіліктері мен өтініштері ескерілуі қажет.

Жеке сектор кәсіпорны өз кәсіпорнына ынтымақтас отбасы корпоративті саясатын іске асыра алған жағдайда, отбасыларды қолдауда маңызды рөл атқара алады.

● Қазақстан өңірлерінің бірінде мемлекет пен корпоративті сектордан жұмыс істейтін ата-анасы бар отбасыларды бірлесіп қолдау бойынша пилоттық жобаны жүзеге асыру ұсынылады. Мұндай жобаны іске асыру үшін пилоттық ірі кәсіпорындар осы бастаманы іске асыруға көмек көрсететін еліміздің индустриялық аймақтарының бірі болуы керек. Қарағанды және/немесе Шығыс Қазақстан облысы осындай аймаққа айналуы мүмкін. Болашақта жоба сәтті жүзеге асса, бұл тәжірибе Қазақстан Республикасының басқа аймақтарына да берілуі мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 547 бұйрығы / URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32424862
2. «Отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 256-НҚ бұйрығы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034499>
3. «Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 желтоқсанда № 33763 болып тіркелді / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033763>
4. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы / URL: <https://zakon.uchet.kz/rus/docs /U1600000384>
5. «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2400000611>
6. «Мемлекеттік қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 Қаулысы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000382>
7. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңы / URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000094_
8. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы / URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z0900000214_
9. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518>
10. «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2300000224>
11. «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Кодексі / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>
12. Қазақстан – 2050 Стратегиясы / URL: <https://primeminister.kz/assets/media/strategiya-kazakhstan-2050.pdf>
13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 168-VII ҚР Заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000168#z92>
14. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 226-VII ҚРЗ Заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000226>
15. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII ҚРЗ Заңы / URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000072>
16. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы / URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-spravedlivyy-kazahstan-zakon-i-poryadok-ekonomicheskij-rost-obshchestvennyy-optimizm-285014>
17. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі / URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116>

18. 2023 жылғы ҚР халқының денсаулығы және денсаулық сауқтау ұйымдарының қызметі: Статистикалық жинақ. — Астана, 2024. / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/documents/details/681761?lang=ru>
19. 2023 жылғы некелесу мен ажырасу / URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/na-1000-brakov-prikhodit-sya-333-razvoda-/>
20. 2023 жылдың қорытындысы: отбасылық құндылықтарды нығайту және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу басым бағыт болып қала береді / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/680565?lang=kk>
21. 2023 жылы туу көрсеткіші туралы / URL: <https://stat.gov.kz/ru/news/o-rozhdaemosti-v-2023-godu/>
22. Acquah, D. and O. Thévenon (2020), "Delivering evidencebased services for all vulnerable families", OECD Social, Employment and Migration Working Papers, No. 243, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/1bb808f2-en>
23. Chung, H. (2020). Company-level family policies: who has access to it and what are some of its outcomes? The Palgrave Handbook of Family Policy, 535-573. / URL: https://doi.org/10.1007/978-3-030-54618-2_21
24. Collins English Dictionary / URL: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/wedding-guest>
25. Förster, M. and G. Verbist (2012), "Money or Kindergarten? Distributive Effects of Cash Versus In-Kind Family Transfers for Young Children", OECD Social, Employment and Migration Working Papers, No. 135, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/5k92vxbgpmnt-en>
26. Magda, I., Kielczewska, A., & Brandt, N. (2018). The "family 500+" child allowance and female labour supply in Poland. 2018 OECD Economic Survey of Poland / URL: <https://doi.org/10.1787/1a30745e-en>
27. Mardani, M., Alipour, F., Rafiey, H. et al. (2023) Challenges in addiction-affected families: a systematic review of qualitative studies. BMC Psychiatry 23(439) / URL: <https://doi.org/10.1186/s12888-023-04927-1>
28. Masuda, A. D., Poelmans, S. A., Allen, T. D., Spector, P. E., Lapiere, L. M., Cooper, C. L., ... & Lu, L. (2012). Flexible work arrangements availability and their relationship with work-to-family conflict, job satisfaction, and turnover intentions: A comparison of three country clusters. Applied Psychology, 61(1), 1–29 / URL: <https://doi.org/10.1111/j.1464-0597.2011.00453.x>
29. Moen, P., Kelly, E. L., Fan, W., Lee, S.-R., Almeida, D., Kossek, E. E., & Buxton, O. M. (2016). Does a flexibility/support organizational initiative improve hightech employees' well-being? Evidence from the work, family, and health network. American Sociological Review, 81(1), 134–164 / URL: <https://doi.org/10.1177/0003122415622391>
30. Moen, P., Kelly, E. L., Lee, S.-R., Oakes, J. M., Fan, W., Bray, J. & Buxton, O. (2017). Can a flexibility/support initiative reduce turnover intentions and exits? Results from the work, family, and health network. Social Problems, 64 (1), 53–85 / URL: <https://doi.org/10.1093/socpro/spw033>
31. OECD (2011), The Future of Families to 2030, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/9789264168367-en>
32. OECD (2021), Eliminating Gender-based Violence: Governance and Survivor/Victim-centred Approaches, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/42121347-en>. <https://www.oecd-ilibrary.org/docserver/42121347-en.pdf?expires=1727922874&id=id&accname=guest&checksum=F5D60E-D436A2E902AF8C907CA71E1262>
33. OECD (2022), "A summary view of support for families with very young children in Estonia", in The Economic Case for More Gender Equality in Estonia, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/ccf517d3-en>
34. OECD (2023), Empowering Young Children in the Digital Age, Starting Strong, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/50967622-en>
35. OECD (2023), Exploring Norway's Fertility, Work, and Family Policy Trends, OECD Publishing, Paris / URL: <https://doi.org/10.1787/f0c7bddf-en>
36. Zhumabekova K., Kegembayeva Zh., Otarbayeva A., Yelubayev A., Abizhanov S. Ensuring children's online safety in Kazakhstan: balancing protection from harm with rights to information access. Security and human rights monitor. URL: <https://www.shrmonitor.org/assets/uploads/2024/03/Zhumabekova-et.-al.pdf>
37. АӘК алушылардың саны неге азайды – ҚР Еңбек министрлігінің жауабы. 02.04.2024 ж. URL: <https://www.inform.kz/ru/pochemu-sokratilos-kolichestvo-poluchateley-asp-otvet-mintruda-rk-5413d0>
38. Аглиуллин Д. Р. Семья как важнейший социальный институт // Экономика и социум. 2016. №11-1 (30). / URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/semya-kak-vazhneyshiy-sotsialnyy-institut-1>
39. Алғашқы рет некеге тұрған ер адамның орташа жасы / URL: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=300>
40. «Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар» ҚҚДИ әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдау есебі: 2024 ж. / URL: <https://ru.kipd.kz/article/analiticheskiy-otchet-po-rezultatam-sotsiologicheskogo-issledovaniya-na-temu-factory-vliayuschie-na-formirovanie-blagopoluchnoy-semi>



41. Mean age of women at birth of first child / URL: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=34>
42. Mean age of men at first marriage / URL: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=300>
43. Всемирная организация здравоохранения. Планирование семьи: контрацепция / URL: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/family-planning-contraception>
44. Давыдова О. Квартирный вопрос: итоги и ожидания. 18.02.2020 / URL: <https://liter.kz/kvartirnyj-vo-pros-itogi-i-ozhidaniya/>
45. Жастар туралы заң күшіне енді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/514123?lang=ru>
46. Как в 2024 году встать в очередь на жильё от государства? 05.08.2024 / URL: <https://www.kn.kz/article/8763>
47. Калиева М. Социальные аспекты развития Казахстана. 22.04.2021ж. / URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/32583>
48. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/166253?lang=ru>
49. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы ұлттық халық санағының қорытындылары – Астана, 2023 / URL: <https://stat.gov.kz/ru/national/2021/>
50. «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндама, ҚҚДИ – Астана, 2023 ж. / URL: <https://kipd.kz/article/natsionalnyy-doklad-o-protivodeystvii-semeyno-bytovomu-nasiliyu-v-respublike-kazakhstan>
51. Қазақстанда 2024 жылға арналған атаулы әлеуметтік көмек. 22.01.2024 ж. / URL: <https://www.nur.kz/nurfin/pension/1792197-asp-v-kazahstane-adresnaa-socialnaa-pomos/>
52. Қазақстандағы БҰҰ-ның Балалар Қорының (ЮНИСЕФ) 2023 жылғы есебі / URL: <https://www.unicef.org/kazakhstan/en/reports/country-office-annual-report-2023-unicef-kazakhstan>
53. «Қазақстандағы жалғызбасты отбасылар» талдау баяндамасы. ҚҚДИ — Астана, 2023 ж. / URL: <https://ru.kipd.kz/article/monoroditelskie-semi-v-kazahstane-analiticheskiy-doklad-2023>
54. «Қазақстандық отбасылар – 2022» ұлттық баяндамасы. ҚҚДИ — Астана, 2022 ж. / URL: <https://kipd.kz/article/kazakhstanskiy-semi-2022-natsionalnyy-doklad>
55. ҚР СЖРА ҰСБ: «Қазақстан Республикасындағы халықтың өмір сүру сапасы» сауалнамасының нәтижелері».
56. ҚР СЖРА ҰСБ дерегі: «2024 жылғы қаңтар-маусымдағы Қазақстан Республикасы халқының табиғи қозғалысы» статистикалық жинағы / URL: www.stat.gov.kz.
57. Маншина Л. Социальные реформы Токаева: что сделано, что в планах / URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/socialnye-reformy-tokaeva-chto-sdelano-chto-v-planah>
58. «Некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу тәртібін өзгерту». Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми сайты / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/press/article/details/128508?lang=kk>
59. «Отбасы институтын нығайту, әйелдердің, балалардың құқықтарын қорғау, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылды нығайтумен айналысатын мемлекеттік органдар қызметінің функционалдық талдауы» ҚҚДИ тадау баяндамасы. ҚҚДИ — Астана, 2023 ж. / URL: <https://kipd.kz/article/funktsionalnyy-analiz-deyatelnosti-gosudarstvennykh-organov-zanimayuschikhsya-ukrepleniem-instituta-semi-zaschity-prav-dgenschin-detey-protivodeystviem-semeyno-bytovomu-nasiliyu>
60. Отбасының цифрлық картасы: технология арқылы қоғамды өзгерту / URL: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/stories/cifrovaya-karta-semi-menyaya-obschestvo-cherez-tehnologii>
61. «Ұлттық қор – балаларға» / URL: <https://kids-info.enpf.kz/>
62. Отбасыларды қолдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы / URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/791697?directionId=1956>
63. Охрана репродуктивного здоровья населения. / URL: <https://ultcom.kz/tpost/b18vrelxo1-ohrana-reproduktivnogo-zdorovya-naseleni>
64. Радионов В. Квартирный вопрос. Кому доступно жилье в Казахстане? 20.05.2021 / URL: <https://respublika.kz.media/archives/45216>
65. Портал egov: Адресная социальная помощь / URL: https://egov.kz/cms/ru/articles/social_help
66. «Цены очень высокие». Токаев поручил решить квартирный вопрос в Алматы. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tsenyi-ochen-vyisokie-tokaev-poruchil-reshit-kvartirnyiy-483223/